

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ**

ГҮЛСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Қ. СЕЙДАНОВ, Д. Т. АЙТБАЕВ, Б. Т. УРАЗОВ

ЎЗБЕК-ҚАЗАҚ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Оқу құралы

5120100-Филология және тілдерді оқыту (Қазақ тілі); 60111500 Ана
тілі және әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті) білім бағытының
студенттеріне арналған

“Ziyo nashr-matbaa” ХК

ГҮЛСТАН-2023

UO‘K: 323.2
КВК: 63.3(5)
S 40

Қ. СЕЙДАНОВ, Д. Т. АЙТБАЕВ, Б. Т. УРАЗОВ, ӨЗБЕК-ҚАЗАҚ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ. - Guliston.: “Ziyo nashr-matbaa” ХК..2023.184-bet.

Бұл қолданбада құрастырушы оқыту әдістемесінің өзекті мәселесі – оқу жүйесін тиімді ұйымдастыруға байланысты білікті әдіскер-ғылымдардың озық іс-тәжірибелерін ортаға салады.

Қолданба жоғары оқу орындарының талапкерлеріне, тілші-әдебиетші мұғалімдеріне арналған.

В данном учебные пособия составитель делится с передовыми работами-опытами знатных методистов-ученых, в которых основным вопросом методики преподавания является гармонично и эффективно организовать учебный процесс.

Учебное пособие предназначено для студентов высших учебных заведений, учителей-лингвистов и литературоведов.

The content and core of the aid is that the authors are sharing and exchanging some philologists and scientists experience, who knows the method for organizing effective and harmonious curriculum. The training aid is for students of higher educational institutions.

Пікір жазғандар: Х.Ч.Нусратова

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті доценті, PhD.

А.Нысанбаева

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

О. Файзуллаева

Гүлстан мемлекеттік университеті доценті, филология ғылымының кандидаты

ISBN 978-9910-733-43-7

© ӨЗБЕК-ҚАЗАҚ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ
© “Ziyo nashr-matbaa” ХК

АҢДАТПА

Бұл еңбек – жоғарғы оқу орындарының филология бөлімдерінің оқытушылары мен талапкерлеріне, магистрант және аспиранттарына, мектеп мұғалімдеріне, жалпы қазақ - өзбек халықтары достығы, әдеби - мәдени байланыстарына қызығатын оқырман жұртшылыққа арналған.

“Біз - бір алып шынардың бұтақтарымыз“, - **И.А.Каримов.**

“...өзбекті қазақтан, қазақты өзбектен ажыратуға болмайды“, -
Н.Ә.Назарбаев.

“...біз тамырлас, әрі тағдырлас халықтармыз“, - **Қасым-Жомарт Тоқаев**

“...халықтарымыздың тарихы мен тағдыры бір-бірімен біте қайнасқан елдеріміздің тарихи тамыры ортақ“, - **Ш. М. Мирзиёев**

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Қазақтар өзбектерді қашан да «өз ағам» деп құрмет тұтса, өзбектер «жолдасың қазақ болса, жау алмайды» деп, ыстық ықыластарын білдірген.

Қазақ және өзбек әдеби байланысын сөз етуден бұрын, біз әдеби байланыс концепциясының мәнін түсіндіруіміз керек. Қандай да бір ұлттың өнері мен әдебиетінің дамуы ол өмір сүріп жатқан мекен мен көрші болған өркениет-терге тікелей байланысты болып келеді. Бір-бірімен байланысқан бұл мәселені әдебиеттану ғылымындағы салыстырмалы әдебиеттану саласы зерттейді. Салыстырмалы әдебиеттану – әдебиеттанудың сөз өнері тарихын, әдеби байланысты, әдеби процесс пен оның заңдылықтарын, көркем әдебиет мәселелерін зерттейтін саласы. Әрбір халықтың сөз өнерінің пайда болуы мен қалыптасуын, даму жолдарын, сондай-ақ өзге халықтар әдебиетімен байланысын, көркем туындының әлем әдебиетіндегі орнын, әдебиет әлеміндегі алмасуларды, аударманы, т.б. мәселелерді өткені мен бүгінгісін салыстыра отырып, кең ауқымда зерттейді. Басқаша айтқанда, салыстырмалы әдебиеттану ұқсастықты, туыстықты және өзара әрекеттесуді талдай отырып, әдеби мәтіндерді бір-бірімен салыстыратын және уақыт пен кеңістікте жақындастыруға бағытталған әдістемелік өнер. Салыстырмалы әдебиеттану – әдебиетте көрініс табатын мәдениетаралық өзара іс-қимыл аспектілерін зерттеу арқылы оның тарихын жарыққа шығаруға бағытталған сала. Аударма, типология, әдеби байланыс, ұлттық құндылықтар мен шетелдік мәдениет-тердің өзара әрекеттестігі салыстырмалы әдебиеттанудың зерттеу нысандары саналады. Осы саладағы маңызды терминдердің бірі – әдеби байланыс. Әдеби байланыс – ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы. Әдеби байланыс нышандары жазушының қалыптасқан әдеби дәстүрлерге табан тіреуінің нәтижесінен, сондай-ақ тамырлас әдебиеттердің арасындағы типологиялық ұқсастықтан туындайды. Бұл әдебиет әлеміндегі рухани өзгерістің, көркем дамудың және әдеби процестің өзіндік ерекшелігі. Әдеби қарым-қатынас, әдетте, әлемдік әдебиет тарихында ерекше орын алатын әдеби процестің маңызды нысаны. Кез келген әдебиет әдеби байланыстар арқылы дамиды, жетіледі және нығаяды. Әдеби байланыс – адамзаттың көне тарихынан жалғасқан, жаһандану үдерісін бастайтын мәдениетаралық қарым-қатынастардың нәтижесі. Қазақ әдебиеті де әлемнің басқа халықтары әдебиетімен байланыс үрдісінің кезеңдерін өткерген және өзіндік ерекшеліктері қалыптасып дамыған ұлттық әдебиет. Қазақ ауыз әдебиетінің алғашқы нұсқалары барлық түрік халықтарына ортақ болып келеді. Бұл жөнінде ғалым М.Мырзахметұлы қазақ елінің басынан өткерген тарихи оқиғалардың барлығының түрік жұрттары үшін ортақ оқиғалар екендігін тілге тиек етіп еді. Қазақ әдебиеті көршілес әрі

туыс түркі халықта-рының мәдениетімен, әдебиетімен тығыз байланыста дамыды. Әсіресе, қазақ және өзбек әдебиетінің өзара байланысы тарихи оқиғалармен тығыз байланыста болды. Ұлы даланы қырық жылдан астам үстемдігіне бағындыр-ған өзбек ханы Әбілқайырданнан еншісін алған қазақ сұлтандары Керей мен Жәнібек Қазақ хандығының іргесін қалады. Шәйбани ұлысы шекпенінен өзбек мемлекеттілігі жалғасса, Қазақ хандығынан бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі тарих сахнасына шықты. Екі туыс елдің осыншалық ұлттық қалыптасу нүктесіне дейінгі тарихы, мәдениеті, дүниетанымы, әдебиеті, яғни барлық болмысы бір болатын.

Тарихи даму эволюциясының түрлі кезеңдерінде қазақ және өзбек түркілерін ажырамастай қалыпта көруге болады. Олардың тығыз қарым-қатынасы ортақ тарихи оқиғалармен, дәстүрлермен ғана емес, діни сенім мен шекараның бірлігі арқылы да байланысып келеді. Екі халықтың бауырластығы олардың ата-бабаларының ортақ жауға жұдырықтай жұмылған шайқастарда төгілген қанымен де беки түсіп еді. Талай ғасыр өтіп, талай заман ауысса да, екі ел арасындағы бауырмалдық пен достық қатынасқа сызат түспеді. Қазақ және өзбек ұлттарының қалыптасуы мен дамуы тарихында көптеген ортақ тұстар байқалады, солардың кейбірлерін келесідей санамалауға болады: біріншіден, бұл ұлттар бір этногенетикалық отбасына тиесілі; екіншіден, экономикалық және әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық, салт-дәстүрлер арасындағы өзара әрекеттесу үдерісі ерте кезеңдерден-ақ жоғары деңгейде көрініс тапты; үшіншіден, олар ортақ бір тілде сөйледі. Сонымен қатар көптеген рутайпалардың өзбектерде, қазақтарда және басқа да түрік халықтарында кездесетініне де назар аударуымыз қажет. Басқаша айтқанда, екі халықты құрайтын этникалық топтардың да ортақтығын көреміз.

Кез келген әдебиет сол ұлттың ғасырлар бойы жинақталған дәстүріне сүйеніп, халықтың тарихымен мәдениетімен, күнделікті өмір салтымен бірге дамитыны даусыз. Ұлттық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуында оның басқа елдер әдебиеттерімен байланыстарының мән-маңызы ерекше. Әдеби байланыстар – әдебиеттердің әлемдік деңгейдегі өсу жолдарына, түрлі ұлт мәдениетінің тарихына, нақты әрбір қаламгер шығармаларына қатысты туындайды.

Жиырмамыншы ғасыр басында жаңадан толыса бастаған қазақ әдебиетінің барынша дамуына оның басқа ұлт әдебиетімен байланыс жасауы игі ықпал етті. Тіпті көркем сөз өнеріміздің жоғары деңгейге жетуіне өзге халық әдебиеттерімен рухани алмасуының, әсер-ықпал көріністерінің орны ерекше. Бұл туралы жазылған ғылыми мақалалар мен монографиялар ойымызды нақтылай түседі. Алайда, бұл еңбектердің дені қазақ әдеби байланыстарын бір ғана аспектіде, яғни қазақ-орыс, қазақ-еуропа контексінде алып қарастырды. Атап айтар болсақ, қазақ-орыс әдеби байланыстарына Ш.Кереева-Қанафиеваның, С.Сейітованың, Ш.Сәтбаеваның, Б.Мамыраевтың еңбектерін, қазақ-қарақалпақ, башқұрт, татар әдеби байланыстарына С.Тойшыбаеваның,

Б.Ысқақовтың зеттеулерін, қазақ-парсы, араб, неміс, ағылшын, француз елдері арасындағы әдеби байланысқа Ө.Күмісбаевтың, А.Түсіпованың, М.Маданованың еңбектері сөзімізді дәлелдей түспек. Ал, оның діні, түбі бір, тілі ұқсас, тағдыры бір-біріне жақын түркі халықтарымен рухани алмасуы жанама түрде ғана сөз етілді.

Белгілі ғалым Ш.Қ.Сәтбаеваның: Қай халықтың болмасын сөз өнері жағынан дамуында әдеби байланыстар сол ұлт әдебиетінің өркен жая өсуіне, оның әлеуметтік ықпалының күшеюіне септігін тигізіп, бірін-бірі құрметтеп, достасуына дәнекер болады. Қай әдебиет болса да өзара байланыссыз, қарым-қатынасыз толық кемеліне келе алмақ емес.

Қазақ халқының сөз өнері жағынан даму тарихында оның өзге халықтармен әдеби байланысы, қарым-қатынасы қалыптасып нығая береді. Бұл дәстүр фольклордан басталып, профессионалдық әдебиетімізбен бірге жасасып келеді,— деген пікірі әдебиеттанудың маңызды саласы әдеби байланыстар мәселесі екенін нақтылай түседі.

Ешбір ұлт әдебиеті жеке күй кешіп, дара дамымайтыны анық. Қай халықтың сөз өнері болсын, ол басқа ұлт әдебиеттерімен тығыз қарым-қатынаста, өзара байланыста өсіп, өркендеме. Тіпті әрбір ұлт әдебиетінің әлем өркениетіне қосар үлес салмағы да осы байланыстар барысында және әдебиеттерді салыстырып, таразылау тұрғысында олардың шығармашылық үндестігі мен сабақтастығы анықталары анық. Бүгінгі күні өркениет өрісіне қадам басқан қазақ елінің руханиятын байытуда сөз өнері шешуші рөл атқарады десек, бұл деңгейден көрінуде оның басқа ұлт әдебиеттерімен байланыстарының орны айрықша екені біршама айтылып та, жазылып та жүр. Алайда, көркем сөз қайраткерлерінің шығармашылықтарын қазақ-өзбек әдеби байланыстары негізінде тұтас алып қарастырған, әрі нақты зерттеу жұмыстарын жүргізген еңбек жоқ деуге де болады. Тарих беттерін парақтасақ, екі ғасыр аралығында Ресей империясы аймағында өмір сүріп, тағдыр талайы сәйкескен, түбі, діні бір, тілдері ұқсас түркі халықтары тарихи-мәдени процеске орай өзара тығыз қарым-қатынастар жасағаны байқалады. Демек, қазақ және өзбек халықтарының әдеби-мәдени өмірін тұтас алып, ол елдердің мәдениет пен әдебиет саласындағы жетістіктерін, өркениет өрісіндегі аяқ алыстарын бағамдап, әрі рухани алмасулар негізінде қарастырмау мүмкін емес. Осы кезең қаламгерлерінің шығармаларына салыстырмалы ғылыми талдау жасап, уақыт талабына сәйкес туындаған, генетикалық, типологиялық үндестіктер мен дәстүр сабақтастығы негізінде жазылған туындылардың тақырыптық, жанрлық ұқсастықтары мен сюжет, идеялық мотив сарындастығын ашып көрсету қажет. Бұл ретте ғалым Ш.Сәтбаеваның айтқан пікірі ойымызды айқындай түседі: Қазақ әдебиетінің бай кең, жан-жақты байланысы — халқымыздың ұлттық мәдениетінің өркендеген, көркемдік дамуының дәреже-деңгейін, рухани серіктестігін байқататын маңызды құбылыстардың бірі. Бұл құбылыстың терең тамырларына, тарихына бойлай отырып, ішкі заңдылықтарын ашу, халықтың әр

кезеңдегі қоғамдық өміріне, әдеби шындығына байланыстыра терең зерттеу – әдебиеттану ғылымының басты міндеті. Осы тұрғыдан келгенде ұлттық әдебиетіміздің тарихында аса бір күделі кезең – XX ғасыр басындағы әдеби процестегі қазақ пен өзбек ұлыстарының түп, дін, тіл негізінде тектес, тамырлас және діни-рухаи алмасуларға ерекше көңіл аударылды. Сонымен, XX ғасырдағы қазақ және өзбек халықтары әдебиетіндегі өзара байланыстар барысы сол кезеңнің әдеби процесін айқын аңғаруға мүмкіндік береді. Өзбек халқымен әдеби, мәдени үрдісті жалғастыруда қазақ ғалымдары да үлкен күш жұмсауда. Олардың негізгі міндеті өзбек әлеуметіне өздерінің шығармаларын ұсыну, олардың шығармаларын қазақ оқырмандарына таныстыру. Басқа ел мәдениетіне үңілу, көркем шығармаларымен алмасу, сөйтіп әдеби байланысты нығайту қашанда өз өзектілігін жойған жоқ. Әдебиеттердің өзара қарым-қатынасы көп қырлылығымен ерекшеленеді. Мысалы, сарындас әдеби ағымдар бір-біріне ықпал етеді, идеялық-эстетикалық бағыт-бағдары ұқсас қаламгерлер өзара үндестік танытып жатады. Бұл жекелеген ұлттық әдебиетте белгілі бір жанрдың қалыптасып, өріс жаюына әрі жаңа және ескі поэтикалық формалардың жетіліп, жамуына игі ықпал жасайды.

Жалпы, әдеби байланыстың негізгі факторы – аударма, яғни әдеби байланыстар аударматану саласының негізінде жүзеге асады. Бір халық пен екінші халықты жақындастыратын да, достастыратын да, туыстастыратын да сол халықтардың әдебиеті мен мәдениеті, өнері. Өздерінің жазуы, сызуы, әдебиеті, мәдениеті, өнері, тарихы арқылы қарым-қатынас жасап, байланысқа түседі. Әдебиет саласында әртүрі жанрдағы шығармалар бір тілден екінші тілге аударылу арқылы мәдениетаралық, әдебиетаралық коммуникация, яғни байланыс орнайды.

Аударма – бір ұлтпен екінші ұлтты, бір халықтың әдебиетімен екінші халықтың әдебиетін, мәдениетін байланыстыратын, жақындастыратын, туыстастыратын, достастыратын және ана тіліміздің сөздік қорын байытып, тіліміздің өткірлігін, икемділігін, үйлесімділігін, бейнелеу қабілетін арттырып, жалпы, дүниетану өрісімізді ұлғайтатын сала. Бірақ аудармаға бұлай бір ауыз сөзбен анықтама беруге болмайды. Оның зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті, ауқымы өте кең. Зерттеушілер аударманы аударма өнер, аударма әдебиет, аударма туынды, аударма жұмыс деп алып, осыған байланысты әртүрлі анықтамалар береді.

Кейбір зерттеушілер аударма – бір тілде ауызша айтылған ой-пікірді, болмаса жазылған мәтінді тыңдаушыға, оқушыға екінші тілде, яғни оның ана тілінде түсінікті етіп жазу, аударма өнер – ұшан-теңіз өмір ағысының бүкіл процесін ұштастыруға себепші болып отырған елеулі күштердің, идеология майданындағы зор құралдардың бірі, халықтар достығының дәнекері десе, екінші біреулер аударма – сан қырлы, күрделі де қиын, жұмбақ та астарлы әрі шығармашылық, әрі психологиялық үдеріс, көп қырлы құбылыс.

Әлем халықтарының қандай да бір мәдени, ғылыми, саяси, экономикалық байланыстарында, қарым-қатынастарында аударманың тигізетін ықпалы зор. Ел мен елдің бірін-бірі тануына, одан әрі мәдени байланыстарының дамуына ұласқан аударма – қасиетті де қадірлі өнер деп анықтама берген. Осындай анықтамалардан аударма тек әдеби, мәдени коммуникацияның ғана емес, саяси, экономикалық, әлеуметтік байланыстардың да негізгі факторы екенін аңғарамыз.

Қазақ әдебиетінде аударма тәжірибесі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап дамыды. Жалпы, қазақ тіліне орыс классиктерінің шығармаларымен қатар әлем әдебиетінің шығармалары аударылды, яғни әлем әдебиетімен аудармашылық байланыс орнады.

Қазақ және өзбек әдебиеті арасындағы аудармашылық байланыс 1930 жылдары басталса, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл байланыс айтарлықтай дамыды. Б.И.Дуанина өзінің Неміс прозасын қазақ тіліне аударудың өзекті мәселелері атты кандидаттық диссертациясында: әдеби байланысты ішкі шығармашылық байланыс және сыртқы шығармашылық байланыс деп екіге бөледі, сыртқы байланысқа шығармашылық байланысты – кездесулер, әңгімелер, жазушылар байланысын жатқызса, ішкі байланыстың негізгі түріне – көркем аударманы жатқызады. Қазақ пен өзбек әдебиетінің арасында жоғарыда аталған байланыстың екі түрі де бар десек, артық айтқандық емес. Екі ел ақын-жазушылары кездесулер ұйымдастырып, сұхбаттар жүргізіп, түрлі жанрда шығармалар да аударған. Мысалы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мустафин, С.Бегалин, Т.Жароков, Т.Молдағалиев, Т.Өтебаев Ғали Орманов, Ғ.Мүсірепов т.б сияқты бір топ ақын-жазушыларымыз өзбек халқының Айбек, Ғ.Ғұлам, А.Қаһһар, Зүлфия, Ұйғын, А.Мұхтар, Ш.Рашидов, Міртемір т.б ақын-жазушыларымен шығармашылық жағынан тығыз байланыста болған.

Қазақ және өзбек әдебиеттерінің арасындағы байланыс екі жақты болған, яғни, қазақ тілінен өзбек тіліне және өзбек тілінен қазақ тіліне ауыз толтырып айтарлықтай шығармалар аударылды. Аударылған шығармалар проза саласын, поэзия, драма, фольклор салаларын толық қамтыды. Әдеби байланыстар және аударматану саласы жөнінде Қ.Сейданов, Ш.Қ.Сәтбаеваның, М.Х.Маданованың, Б.Мамыраевтың, Ә.Тарақтың, Г.Қ.Қазыбектің, Қ.Алпысбаевтың, Ә.Сатыбалдиевтің, С.Талжановтың, Қ.Нұрмахановтың еңбектерін ерекше атауға болады. Бүгінгі таңда әдеби байланыстарды зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл елімізді әдебиет, мәдениет саласы арқылы бүкіл әлемге танытудың бірден бір жолы деп есептеуге болады.

Қазақ-өзбек әдеби байланысы арқылы екі халық бір-бірінің әдебиеті мен мәдениетін таниды. Мұндай байланыс тек қазақ пен өзбек халқының арасында ғана емес, бүкіл дүниежүзі халықтары арасында болу керек деп есептеледі. Тақырыптың өзектілігі де осында жатыр.

Қазақ және өзбек әдеби байланысына арналған ғылыми еңбектер мен мақалалар жеткілікті. Олардың қатарына Ш.Қ.Сәтбаеваның Әдеби байланыстар, М.Х.Маданованың «Актуальные вопросы литературной компаративистики», Мамыраевтың «Казахские литературные связи начала XX века» атты зерттеу еңбектері мен М.Әуезовтың «Әдеби байланыстар туралы», С.Мұқановтың «Туысқан әдебиеттер туралы», Қ.Нұрмахановтың «Кемелденген әдебиет», Қ.Сейдановтың «Өзбек әдебиетінің досы», «Достық жырлары», «Мұхтар Әуезов және өзбек әдебиеті», «Достықтың жыршысы еді», С.Мәуленовтың «Екінші бірі, егіздің сыңары», М.Машақовтың «Әдебиеттер достығы – халықтар достығы», А.Аханбайқызының «Көңіл ұйығын іздеп барған Әбекең!» атты зерттеу-мақалаларын жатқызуға болады. Аты аталған еңбектерде, негізінен, қазақ-және өзбек әдеби байланыстары, халықтар достығы, туысқандығы, қай салада қандай шығармалар аударылды, екі жақты байланыс қай деңгейде дамыды, салыстырмалы әдебиеттану, әдеби байланыстар, аударматану сияқты мәселелерге баса назар аударылған. Сондай-ақ, туысқан халықтар әдебиеттерінің әдеби байланыстары жөнінде Алматы, Ташкент қалаларында түрлі ғылыми-теориялық конференция, симпозиум-дардың өткені мәлім. Қазақ әдебиетінің ақын-жазушылары мен өзбек әдебиетінің ақын-жазушыларының әдеби байланыста, мәдени, достық, туысқандық қарым-қатынаста болуы, екі жақты аудармалар жасалып, біразы кітап болып шығуы, ал кейбіреулері баспасөз беттерінде жариялануы екі халық арасындағы әдеби байланыстардың дамуы мен бағыт-бағдары, жекелеген қаламгерлер шығармашылықтарындағы әсер-ықпал көріністері болып табылады.

Орта Азия халықтарының ішінде Қазақстан мен Өзбекстан мәдениетінің арасындағы сан ғасырларға созылған өзара байланыстардың терең тарихи тамырларын, олардың ортақ заңдылықтарын, табиғатындағы елеулі ерекшеліктерін айқындау, оны бүгінгі күннің қажетіне жарату – дәуір талабынан туындап отырғаны баршаға мәлім. Әдеби байланыстың ертеде пайда болған дәстүрлері уақыт өткен сайын жаңарып, молығып, түрленіп, дамып отырады. Әр кезең өзінің соны түрлерін тудырып жетілдіреді. Қазақ және өзбек халқының әдеби байланыстары сонау көне ғасырлардан бермен қарай жетіліп, даму үстінде келе жатыр. Қазақ және өзбек әдебиеттері өздерінің көп ғасырлық тарихында үнемі бір-бірімен туыстық байланыс жасап, өзара тығыз қарым-қатынаста болып келген. Бұл байланыс пен қарым-қатынас өзінің даму барысында бірнеше кезеңдерден тұрады. Әдеби байланыстың түрлері мен сипаттары екі елдің саяси-экономикалық байланысына әдебиеттердің даму үдерістерінің ішкі заңдылықтарына қарай әр кезеңде әр түрлі болған және үнемі өзгеріп, өсіп, дамып отырған. Қазақ пен өзбек халқының арасындағы туыстық қарым-қатынастың түп тамыры сонау терең тарих түкпірінде, көне ғасырлар қойнауында жатыр. Оған ең алдымен шыққан тегінің бір болуы, сөйлейтін тілдерінің туыстығы, көп ғасырлар бойы көрші-қоңсы отыруы, түркі мемлекеттерінің құрамында өмір сүруі себеп болды.

ҚАЗАҚ, ӨЗБЕК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ

Көне тарих қойнауына тереңірек үңіліп, ой көзін жан-жақты қадай түссек, онда өзбектер мен қазақтардың шығып келу тарихы бір, бір ата-ананың перзенттері болған, түбі бірге туысқан халық екендігін анық аңғара түсеміз. Сондықтан да Өзбекстан Республикасының бірінші президенті И.А.Каримов: *“Біз бір алып шынардың бұтақтарымыз”*— десе, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: *“...қазақты өзбектен, өзбекті қазақтан ажыратуға болмайды”*— дейді.

Шындығында да тарих қойнауына тереңірек үңілсек, қазақ, өзбек халықтарының түбі бірге туысқан халық екендігін жете аңғарумен бірге, олар арасындағы достық қарым-қатынастар мен әдеби-мәдени байланыстардың түп төркіні тым тереңде, тарихы әріде жатқандығын байқау оншалық қиын емес. Сондықтан да белгілі жазушы, академик Сәбит Мұқанов: *“Алдымен, бұл екі халықты туыс жағынан ажыратып алудың өзі де қиын. Қазақ халқына кіретін Қоңырат, Қыпшақ, Қаңлы, Дулат сияқты рулар өзбек халқының құрамында да болып келгені белгілі”* - дейді де, одан әрі: *“Мемлекеттік жағынан алғанда бұл екі халықтың бірнеше рулары, Көк Орда заманынан он жетінші ғасырдың аяғына дейін бірге жасап келгені тарихтан аян”* - дей отырып, онан соң: *“Өзбек - өз ағам”* деген сөз қазақ - қазақ болғалы айтылып келе жатқан сөз. Бұлай деудің тарихи мәні бар. Өзбек пен қазақ белгісіз замандардан бері *“Төскейде малы, төсекте басы қосылған, аралас-құралас жасап жатқан ел”* - дейді де, одан әрі: *“Науаи заманынан басталған әдеби байланыс, кейінгі дәуірлерде әлдеқайда өркендеді”*- деген ойды алға тартады.

Ия бұл - түгелдей шындық. Тіптен, халқымыз арасында таралған кейбір аңыз-әңгімелер мен шежірелерге, тарихи мағлұматтарға жан-жақты жүгінсек, онда ойымыз одан әрі айқындала түспек. Бұл ретте қазақ халқы арасына кең таралған кейбір шежірелерге көңіл бөлсек, шындық беті шынайы ашыла түседі. Онда, түбі бірге туысқан Орта Азия халықтарының шығып келу төркінін былайша өрбітеді. Мәселен: 1994 жылы Жарылқап Бейсен ұлы тарапынан *“Атамұра - Қазақстан”* баспасында жарық көрген *“Қазақ шежіресі”* атты еңбекте, Алаштан - Сейілхан, Жайылхан атты екі ұл дүниеге келгендігін тілге ала отырып, одан әрі Сейілханнан -Сегіз арыс түрікменді таратады. Ал Жайылханнан - Майқы деген бір ұл өмірге келгендігін ескертеді. Майқыдан - Өзбек, Сапиян деген екі ұл туылады. Оның Өзбегінен осы күнгі өзбектерді таратса, ал Сапияннан - Айырқалпақ атты ұл дүниеге келгендігі тілге тиек етіледі.

Ал Айырқалпақтан - Қазақ, Созақ деген екі ұл дүниеге келеді де, оның Қазағынан бүгінгі қазақтарды таратса, Созағынан Қарақалпақтар тарайтындығын ескертеді. Бұлай өрбітуді біз, Қызылорда уәлиатының тұрғыны Ахмет Өмірзақовтың *“Қазақ шежіресі”* атты *“Нұрлы жол”* газетінің 1993 жылға

17-қарашасынан бастап бірнеше (46-60) сандарында басылған қолжазба еңбегінен де анық аңғарамыз.

Міне, көріп отырғандай өзбек пен қазақ халықының шығып келу тегі бір, түбі бірге туысқан халық екендігі өз-өзінен анық байқалып отыр.

Сондықтан да, күні бүгінге дейін қазақтар арасында “Өзбек - өз ағам” деген қанатты сөз жиі-жиі айтылса, өзбектер де: “Жолдасың қазақ болса, жолыңнан адаспайсың” деп, ерекше емірене тілге алады.

Әрине, бұл сөздер тектен-текке, бостан-босқа айтылған қанатты сөздер емес. Ол талай ғасырлардан бері екшіліп, әбден сұрыпталып, бізге дейін жетіп келген тоқсан ойдың тобықтай түйіні деуге болады. Әрі бұл - қазақ, өзбек халықтарының бір-біріне деген ыстық ықыласы мен шынайы силастығының, ерекше құрметі мен ыстық ілтипатының бірден-бір жемісі десек те артық айтқандық емес.

Оның үстіне, қазақ-өзбек халықтары сан ғасырлардан бері аралас-құралас жасап, Сырдың суын тел еміп, тел сусындаған халық екендігі де көне тарихтан аян. Әрі олар бір-бірінен қыз алып, бір-біріне қыз берген құда-құдағи болаған халық екендігін де жақсы білеміз. Бұл - күні бүгінге дейін өзінің шынайы шешімін таба түсуде. Сондықтан да, XX ғасыр өзбек поэзиясы мен драматургиясының дамуына үлкен үлес қосқан, Өзбекстан халық ақыны, Еңбек ері Ұйғын өзінің **“Қазақ туысқаным”** атты өлеңінде:

*Әм досың да, қандасың да жүда біз,
Қыз алысып, қыз беріскен құдамыз.
Қол ұстасып гүл терістік бір қырдан,
Сусындадық бір дария - бір Сырдан.*

деп, шындық бетін шынайы аша түссе, қазақ халқының абыз ақыны Дихан Әбілев өзінің **“Арнау”** атты өлеңінде, өзбек ақынының бұл ойын одан әрі жетілдіре түсіп:

*Дәм - тұзымыз араласпыз әріден,
Дастархандар жайылғанда сәнімен,
Палауың мен бесбармағым сыбайлас,
Кезек жейміз алма, өрік дәніңнен.*

дей келіп, одан әрі екі халықтың тарихи тамырластығының мәнін жан-жақты аша түседі де, өз ойын былайша өрбітеді. Мәселен ақын:

*Төскейде мал, төсекте бас түйіскен,
Дос елдерміз, шын жүректен сүйіскен.
Әзіліміз, қалжыңымыз бір думан,
Кезек жеңіп, кезек жығып күліскен.*

деп, тарихи тамырластықтың шын сырын өте орынды аша түссе, аса талантты ақын Ғафу Қайырбеков өзінің **“Қос жүрек”** атты өлеңінде:

*Алмастырып тақия мен бөрікті,
Қымыз ішіп, бірге қақтық өрікті.
Бір - бірінің жалын сүйіп атымыз,*

дейді.

Ия, сан ғасырлардан бері аулы аралас, қойы қоралас бола жүріп, төсекте басы, төскейде малы түйіскен бұл екі халықтың әдет-ғұрпында, тілі мен салт-дәстүрінде, мәдениеті мен әдебиетінде бір-біріне жақыннан жанаса түсетін ұқсастықтар мен сәйкестіктерді, үндестіктерді мол кездестіреміз. Оны біз - ауыз әдебиеті үлгілері мен ежелгі, ескі әдеби мұралардан, тарихи деректер мен архив құжаттарынан анық байқай аламыз. Бұл орайда “Орхон”, “Енисей” жазба ескерткіштерімен Целенге, Талас бойларынан табылған әдеби мұраларды, сондай-ақ, Махмұт Қашқаридың “Девони - луғат - ат турк”, Юсуф Баласағунидің “Қудатғу білік”, Ахмет Югнакидың “Хиватул хаққайық”, Ахмет Яссауидің “Дивани хикмет”, Абулғазы Бахадур ханның “Шежіре-и түрік”, Бабырдың “Бабырнама” сияқты т.б. жәдігерліктерді еске аламыз.

Ілгеріден-ақ қазақ, өзбек халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерінің шығу тегі, түп төркіні ерте замандарда басталатынын аңғарсақ, қашаннан-ақ қарапайым халықтың, еңбек адамдарының мақсат-мұраттары, тілек армандары бір, өзара мүдделес, тағдырлас болғандығын байқау да оншалық қиын емес.

Міне, сол ортақтастық пен мүдделестікті белгілі ғұлама ғалым Махмұт Қашқаридың “Девони луғат - ат турк” (XI ғасыр туындысы) еңбегі мен Юсуф Баласағунидың “Қудатғу білік” атты еңбектерінен де байқауға болады.

Міне, бұлар да өзбек, қазақ сияқты т.б. түркітекес халықтардың тіліне, ауыз әдебиетіне жақын, тіптен үндес, сарындас келетін деректер аса мол екендігін байқау оншалық қиын емес. Мәселен, оларда көрініс тапқан “*Бейнет түбі - рахат*”, “*Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді*”, “*Айтылған сөз - атылған оқ*”, “*Еңбек ет те, міндет ет*” сияқты т.б. мақал-мәтелдер күні бүгінге дейін екі халық арасында да бірдей айтылады.

Расында да, ежелгі әдеби мұралар мен ауыз әдебиеті үлгілерінде қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, ұйғыр сияқты т.б. түбі бірге туысқан халықтардың тіліне, тарихына, әдет-ғұрпына, тұрмыс-салт, дәстүріне ортақтық сипаты бар дүниелерді молынан кездестіру оншалық қиын емес.

Сондай-ақ, орта ғасырда латын тілінде жазылып, 1303 жылы жарыққа шыққан “Кодекус - Куманикус” (“Қыпшақ тілінің сөздігі”) атты еңбектің 143-148 беттеріндегі “*Отырғаны оба жер, басқаны бақыр шанақ*” - **үзеңгі**, “*Көк лағым көгенде жатып семірді*” - **қарбыз**, “*Жол үстінде иіл қайыс*” - **жылан**, “*Аузын ашсаң, өкпесі көрінеді*” - **есік ашғанда көрінетін үй ортасындағы от**, “*Ерте тұрдым, алып ұрдым*” - **есік** сияқты т.б. жұмбақтардың күні бүгінге дейін екі халық арасында ешқандай өзгеріссіз, молынан қолданылатын ескерсек, онда қазақ, өзбек халықтарының достығы мен туысқандығының, мәдени-әдеби байланыстарының түп төркіні тым тереңде, тарихы әріден басталатындығын анық аңғара түсеміз.

Тіптен, екі халық ауыз әдебиеті үлгілеріне зейінмен үңіле түссек, онда бір-біріне ортақ, сюжеттік желілері бір-бірімен туысып, астасып кеткен, сөйтіп, бір

- бірінің төл тума шығармаларына айналған дүниелерді де молынан кездестіреміз. Мәселен, өзбек, қазақ халықтары арасында айтылып жүрген кейбір аңыз-әңгімелер мен ертегілер, эпостық жырлар мен лиро-эпостық туындылар, сондай-ақ, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары бір-бірімен іштей жымдасып, сарындасып, астасып кеткендігі соншалық, оларды “*Мынау — өзбектікі*”, не болмаса “*Мынау — қазақтыкі*” деу қиын-ақ.

Бұл ретте үндесіп, сарындасып жатқан “*Алтын балық*”, “*Төрт дәруіш*”, “*Сырттандар*”, “*Сүлеймен мен диқаншы*”, “*Самарқан хан*”, “*Жұмбақшыл патша қыз бен Қарақұл*”, “*Қожа Нәсірдің қарыз беріп, қарыз алуы*” сияқты т.б. аңыз-әңгімелер мен бір жөн ертегілерді, сондай-ақ, “*Көз қорқақ, қол батыр*”, “*Ананың көңлі - балада, баланың көңлі - далада*”, “*Не ексең, соны орасың*”, “*Ексең егін, ішесің тегін*”, “*Айран ішкен құтылыпты, шелек жалаған тұтылыпты*”, “*Еңбек ет те, міндет ет*” сияқты т.б. мақал-мәтелдердің ешбір өзгеріссіз, күні бүгінге дейін екі халық арасында бірдей айтылатындығын анық аңғарамыз.

Оның үстіне, Жиренше шешен, Алдар көсе, Қожа Нәсіреддин жайындағы аңыз-әңгімелердің де бір-бірімен іштей жымдасып, сарындасып кеткендігі соншалық, олар да халықтың асқақ арманы, мақсат мұраттары ерекше көрініс тапқандығын да тілге тиек етуге болады.

Сондай-ақ, “*Қозы Көрпеш - Баян сұлу*” жыры мен “*Ләйлі - Мәжнүн*”, “*Тахир - Зұхра*”, “*Фархад - Шірін*”, “*Шірін қыз*”, “*Қыз Жібек*” секілді т.б. лиро-эпостық дастандар мен Қожа Нәсір, Алдар көсе, Жиренше шешен жайындағы аңыз-әңгімелер арасындағы өзара үндестіктер мен сарындастық сипаттарды аңғару да қиын емес.

Сол сияқты, Ескендір жайындағы талай аңыз-әңгімелер мен “*Алпамыс*”, “*Көрұғлы*” сияқты туындылар да екі халық арасында кең өріс алып кеткендігі соншалық, оларды бір халықтың ғана әдеби мұрасы деу шындыққа жанаса бермейтін сияқты.

Әрине, бұлар - қазақ, өзбек халықтарының бір-бірінің әдеби мұраларын тел еміп, тел сусындап отырған түбі бірге туысқан халық екендігін анық аңғарта түседі.

Жасыратыны жоқ, өзбектер мен қазақтар атам замандардан бері аралас-құралас өмір кешіп, үнемі алыс-беріс жасап отырған ең жақын, аға-іні халық екендігін байқата түсетін, бұлардан басқа да мысалдарды молынан кездестіруге әбден болады. Оның үстіне, олар талай “*Тар жол, тайғақ кешулерде*” бірге болып, ішкі-тысқы дұшпандарға бірлесе отырып, қолды - қолға беріп күрескендіктері де кәрі тарихтан аян.

Сондықтан да ХХ ғасырдың белгілі өзбек ақыны Хамит Әлімжан: “*Өзбек пен қазақ халықтары бір-бірімен өте жақын тарихи жағдайларда жасап келген. Тарих бұл халықтардың аралас жасаған замандарын да жақсы біледі*” - дейді де, одан әрі: “*Бұл халықтардың тұрмысы мен әдет-ғұрыптарында ұқсастықтар өте көп. Хандар, бектер, феодалдар мен діндарлар*

зұлымдықтарына қарсы, өз азаттықтары үшін бірлесе күресіп келген” (аударған - Қ.С. “Танланған асарлар“. 3 - том. УДБАН. Т., 1960 йил, 330 - бет) — деген болса, белгілі сөз зергері Ғабит Мүсрепов: “Ата-бабаларымыз “өзбек - өз ағам“ деп бекер айтпаған. Бұл - ғасырлардан бері сүйек-сүйегімізге сіңіп кеткен достық қарым-қатынастарымыздың дәлелі“ (“Қос жұлдыз“. “Ўзбекистон маданияти“, 1963 йил, 15 май) - деген болатын.

Расында да, қазақтар мен өзбектер кейде аралас-құралас жасаса, енді бірде, жаугершілік, басқыншылық салдарынан боса көшіп, кей реттерде бір-бірінен іргелерін аулақ салып отырған тұстары да жиі-жиі болған. Мәселен: қазақ халқы болып құралған рулардың біразы, біздің жыл санауымыздан бұрынғы төртінші ғасырда-ақ Сырдарияның Орта, Жоғарғы бойларын мекендеген болса, ал бірінші ғасырда Ыстық көл маңын, сондай-ақ біздің жыл санауымыздың алғашқы ғасырында Шу, Талас, Қаратау, Сары су маңдарын мекендегендігін де көреміз.

Ал, VІІ-VІІІ ғасырлар да Орталық Азия мен Сібір жерлерінде, Х, ХV ғасырлар да Орта, Төменгі Еділ мен Каспийдің Шығыс, Солтүстік Батыс жағалауларын жайлағандықтарын да көне тарихтан анық байқай аламыз.

Сондай-ақ, парсы-тәжік әдебиетінің классигі Әбілқасым Фирдаусидың «Шаһнамасы»нан ертеке болып, қазақ халқы арасына кең тараған «Рүстем батыр» жайындағы әр түрлі аңыз-әңгімелерді жан-жақты аңғарамыз, әрі шығыс шайырлары, оның ішінде ұлы өзбек ақыны Әлішер Науаи жаңғырта жырлаған «Ләйлі – Мәжнүн», «Фархад – Шырын», «Ескендір», «Баһрам Гур мен Фитина» сияқты т.б. жыр-дастандардың да қазақ ақындары тарапынан жырланғандығын байқау да оншалық қиын емес.

Бірақ, бұл арада бір ескерте кетерлік жәйт, аталмыш жыр-дастандар, немесе қисса-дастандар, кейбір аңыз-әңгімелер қазақ тұрмысымен астастырылып, жымдастырыла бір жөн өзгерістермен таралғандығы да ешкімге сыр емес. Тіптен, кейбіреулері қазақ халқы арасында айтылып жүрген төл тума аңыз-әңгімелердің уақиғаларына, сюжеттік желілеріне байланыстырыла, үндестіріле айтылып, іштей қабыстырыла түскендігін де көреміз. Айтушылардың оларды көбі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, өміріне, тірлік тыныстарына бейімдеп, ылғида өзгертіңкіреп айтып отырған.

Сондықтан да олардың көбі қазақ халқының төл тума аңыз-әңгімелері немесе ғашықтық жырлары, қисса-дастандары болып, әбден сіңіп кетуі, көршілес елдерден ауысып келуі, қазақ халқының түбі бірге туысқан, тағдырлас елдермен әр түрлі мәдени, әрі саяси-экономикалық қарым-қатынастар жасап, ылғида алыс-беріс, ауыс-түйіс жасап отырған халық екендігін анық аңғартады. Ол жайлы ғұлама ғалым, академик Мұхтар Әуезовтың; «Бұлардың ішінде кейбіреулері қазақтың бұрыннан айтылып келе жатқан халықтың әңгімелерінің оқиғаларына қызық түрде қабысып араласады» - дейді де, одан әрі; «Кейбіреулері сол Шығыстық ақындардың өздерінің өмірлерін аңыз еткен

қазақ әңгімелеріне айналады» - (М.Әезов «Әр жылдар ойлар». ҚМКӘБ. Алматы – 1959 жыл. 259 – бет) деуі, әбден орынды.

Бұл ретте Сұлтан Хұсайын мен оның уәзірі Әлішер Науаи қазақ халқы арасында ертеке болып сiңiп кеткен *«Патша қыз бен Қара құл»* атты ертегiнi атай аламыз. Бұл ертеке өзiнiң сюжеттiк құрылысы жағынан да, айтайын деген ой түйiндеуi жағынан да, қазақ халқының байырғы төл тума *«Аяз би»* ертегiсiне тым жақын. Тiптен, жақыннан жанаса түсетiн ұқсастықтары да аса мол. Ертектiң екеуiнде де, *«шөптiң жаманын»*, *«құстың жаманын»* iздейтiн де, оларды табатын да жәй ғана қарапайым еңбек адамы – байдың немесе патшаның құлы болып саналады.

Сөйтiп ертеке еңбек адамы – жарлылар аса ақылдылығымен көзге түсiп, олар ардақталады. Үстем тап иелерi болған – бай манаптардың, шонжарлардың қарадүрсiндiгi мен опасыздық iс-әрекеттерi, пайым-парасаттарының тым төмендiгi сын астына алынады.

Қазақ халқы арасында кең тараған *«Патша қыз бен Қара құл»* ертегiсiн бiз, ХҮ ғасырда өмiр сүрген Ғират шаһы Құсайын Байқара мен оның уәзірі, белгiлi дарын иесi, өзбек әдебиетiнiң классигi Әлішер Науаидың қазақ ауыз әдебиетiнде кең орын алып, ол ауыздан-ауызға өтiп, қазақ халқы арасында да ерекше қадiр-құрметпен тiлге алынғандығын байқатады.

Оның үстiне, Шығыс шайырлары емiрене жырлаған *«Ескендiр»* жайлы, оның *«Қос мүйiзi»* туралы қазақ халқы арасында да бiр жөн аңыз-әңгiмелер мен ертеке, қисса-дастандар да кездеседi. Мәселен, Ескендiр күндердiң күнiнде шашын алдырғалы шаштаразыға барады. Шаштаразышы шашын алған сәтте, оның қос айдары – мүйiзi бар екендiгiн байқап қалады. Сонда ол, не дерiн бiлмей аңтарылып қалады. Сонда оған Ескедiр; *«Ешкiмге тыс жармайсың. Егер мендегi мүйiздi бiреу-мiреу есiтiп, бiлсе – сенiң басыңды аламын. Ешкiм бiлмеуге тиiс»* - деп, әмiр етедi. Шаштараз ешкiмге айтпауға, өз уәдесiн бередi.

Бiрақ, амал не? Арадан көп күндер, айлар өтедi. Дегенмен де, оның шыдамы тауслып, бiр шыңрау құдыққа барады да, *«Бұл арада ешкiм жоқ. Ешкiм естiмейдi зой»* деген оймен еңкейiп тұрып, *«Ескендiрдiң шаһы бар»* деп, үш рет үн қатады.

Дегенмен, бұл сөздi естiген жел, ызындай соғып, бүкiл әлемге таратады. Нәтижеде, Ескендiрдiң мүйiзi барлығы халық арасына кеңiнен тарап кетедi.

Аңыз-әңгiмеде көтерiлген негiзгi идея, *«Әрбiр адам айтқан сөзiне, берген уәдесiнде болу керек»*. Болмаса, *«Отыз тiстен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды»*. *«Үнемі, өз аузыңа сақ бол»* - деген, ұлы гуманистiк идеяны алға тартады.

Сондай-ақ, реформадан кейiнгi дәуiрлер де, яғни баспасөздердiң шыға бастауына орай, түбi бiрге туысқан елдер арасына кеңiнен тараған Қожа Нәсiреддiн жайындағы аңыз-әңгiмелер де, қазақ халқы арасында кеңiнен тараған болатын.

Бірақ, ол жайлы айтылған аңыз-әңгімелер мен ертектердің сюжеттік желісі, онда көтерілген негізгі мәселелер, оқиғалар нағыз қазақ халқына тән еместігі анық, айқын аңғарылады. Себебі, Қожа Нәсіреддин жайлы айтылған аңыз-әңгімелер мен ертектердің желісінде, негізгі оқиғаларында үнемі базар, оған билік байтушы белгілі әкімдер, қазылар жиі-жиі кездеседі. Әрі олар да Қожа Нәсіреддиннің шәкірттері де тілге алынады. Оның үстіне, Қожа Нәсіреддин ылғида қала тұрғыны ретінде сипатталады.

Сондықтан да Мұхтар Омархан ұлы Әуезов; *«Әңгіме, көбіне, Қожа Нәсірдің шахарда тұратындығын айта отырады. Өзінің кейде шәкірттері де бар болып шығады. Оның барлығына қарағанда, Қожа Нәсір әңгімесін қазақ топырағында туып, тараған әңгіме деп ешкім айта алмайды»* - деп, терең түйіндеу жасай келіп, онан соң; *«Мұны тудырған жағдай отырықшы, қалалы елдердің сауда-кәсіптік жағдайы болады. Сондай ортада туып, содан жайылған. Ол жағына қарағанда, Қожа Нәсір әңгімесі көршілес өзбектен ауысып келген деуге болады»* - (Мұхтар Әуезов. Әр жылдар ойлар. ҚМКӘБ. Алматы – 1959 жыл. 269 – бет) деген ойына толық қосыламыз.

Шынында да, Қожа Нәсіреддин жайындағы аңыз-әңгімелер мен ертегілер, туысқан өзбек, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз, башқұрт, татар сияқты т.б. халықтар арасында де кеңінен таралған.

Ол үнемі қарапайым халық – еңбек адамдары арасында бірге жасап, біте қайнаса түседі де, ылғида үстем тап иелерін сын астына алады. Еңбек адамдарының ауырын жеңілдетіп, олардың көңлін көтеріп, оларға рухани күш-қуат беріп отырады. Мәселен; күні бүгінге дейін қазақ халқы арасында кеңінен тарап, өздерінің төл-тума шығармаларына айланып, әбден сіңіп кеткен *«Қожа Нәсір мен бақша иесі», «Қожа Нәсірдің саудагерді ұтуы», «Мен сараң адам емеспін», «Қожа Нәсір мен оқытушы», «Есек үйде емес!», «Тоғыз теңге болса да берші?», «Қожа Нәсірдің өкпесі»* сияқты т.б. аңыз-әңгімелер мен ертектерді атауға болады.

Міне, бұлардың барлығы өзбек пен қазақ халықтарының мәдени-әдеби байланыстарының түп төркіні тым тереңде, тарихы әрі де жатқандығын анық аңғартумен бірге, ол сонау көне замандардан бері үзілмей жетіліп, өсіп, ілгері дамып, гүлденіп келе жатқан жанды жағдаят екендігін көрсетеді.

Әрі бұл, тағдырлас екі ел мәдениетінің түп негізі, асыл бесігі, негізгі діңгегі – бір екендігін анық аңғарта түседі. Оның үстіне бұл, түбі бірге туысқан қазақ, өзбек халықтарының тағдыры да, мақсат-мұраттары да бер екендігін байқатумен бірге, олардың әдет – ғұрпы, тұрмыс салт – дәстүрі де бір – бірімен іштей үндесе, сарын – дас екендігін де байқатады.

Тіптен, VIII ғасырдың бас кезінде араб басқыншылары Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанға (қазіргі) басып кіргенде, сондай-ақ, 1218 жылдан бастап, екі ғасырға созылған монғол аристократтарының басқыншылығына да, бұл екі халықтың бірлесе отырып күрескендігі де тарихтан аян.

Оның үстіне, 1426-1435 жылдары үстемдік еткен Мұхаммед Шайбани (Әбілхайыр ханның немересі) хандығы тарихта “**Өзбек хандығы**” деп аталғандығы да тарихтан белгілі. Бірақ, бұл хандықтың қол астында қазақтар да аса көп болғандықтан, кейде ол хандық “**Өзбек-қазақ хандығы**” деп те аталып отырған.

Бұл ой түйінді одан әрі толықтыра түсу үшін, сол заманның белгілі тарихшысы Фазулло Рузбеханның “**Мехмонноми Бухора**” атты еңбегіне жүгінсек, бұл орайда біраз шындыққа қаныға түсеміз. Ғалым өз еңбегінде Шайбани қол астындағы халықтар, негізінен, үш түрлі тайпалар одағынан құралғандығын ескерте келіп, онда өзбектер мен қазақтар, маңғыттар, оның ішінде Орта жүз қазақтарының аса көп болғандығын тілге тиек етеді.

Ал, ХҮІІІ ғасырдың басынан Ташкент – жоңғар, қазақ халықтарының соқтығысының орталығы болғандығын да тарихтан жақсы білеміз. Мәселен; 1643 жылы қалмақ басқыншылары қазақ халқына, Есім ұлы Жәңгір хандығы тұсында шабуыл жасайды. Сонда, Жәңгір хан бастаған қалың қол қалмақ басқыншыларын тар асудан өткізбей, үш күн бойы тойтарыс береді. Сол кезде Ташкенттен 20 мың қолмен Жалаңтөс Баһадүр көмекке келіп (Е.Исмаилов.Ақындар.ҚМКӘБ.Алматы – 1956 жыл. 138, 141 – беттер), қалмақтардың бетін қайтарады.

Оның үстіне, 1723 жылы қалмақ басқыншылары қазақ халқына қайта шабуыл жасап, оларды күйзелте түседі. Міне, бұл, қазақ халқы тарихында «**Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама**» дейтін қарғынға тап болады. Сонда әке балаға, бала әкеге қарауға мұршасы болмай, туған-туысқандарынан айрылып, бет-бетімен босып көше бастайды. Ол туралы халқымыз арасында;

Қаратаудың басынан көш келеді,

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Ағайыннан айрылған қиын екен,

Мөлдіреп екі көзден жас келеді.

деген сияқты т.б. өлеңдер халық арасында кеңінен тараған.

Міне, осы боса көшу кезінде, қазақ халқының біразы бүгінгі таңдағы Өзбекстан Республикасына қарасты уәлияттардың әр түрлі елді мекендерне қоныс аударады. Мәселен, осы тұста Орта жүздің біразы Ходжентке қоныс тепсе, Кіші жүздің біразы Хиуа хандығының сол кездегі шекарасы болған, қазіргі таңдағы Қарақалпақстан мен Хорезмге дейін көшіп барып, сол елдерде қоныстанады.

Міне, солардан күні бүгінге дейін, Хорезм мен Хиуада, Қарақалпақстанда отырып, туысқан өзбек, қарақалпақ халықтарымен еңбек, мәдениет майдандарында қолды-қолға беріп, еселі еңбек етіп жүрген қазақтардың бар екендігін, белгілі тілші ғалым, профессор Фаттах Абдуллаев өзінің 1961 жылы бастырып шығарған «Хорезім шебалары» деп аталған ғылыми-зерттеу еңбегінде ерекше атап өткен болатын.

Оның үстіне, 1725 жылы Жоңғар қалмақтары Түркістан мен Ташкентте өз үстемдіктерін жүргізе бастаған кезде, олардың озбырлығы мен шапқыншылығына қарсы қазақтар мен өзбектер қаша ұрсып, бір жөн қарсылықтар көрсетеді. Содан Ұлы жүздің біразы Ходжент пен Самарқанға қоныс аударады. (Е.Исмаилов. Ақындар. ҚМКӘБ. Алматы – 1956 жыл. 141 – бет).

Әрі, сол кездер де бір жөн әлсіреп, қалжырай түскен Ұлы жүздің біразы Ташкент төңірегін де мекендей бастайды. Олардан Сіргелі, Қаңлы, Жалайыр, Ысты, Ошақты сияқты т.б. рулардың біразы Қоқан хандығына бағынуға (М.Ақынжанов. Қазақтың тегі туралы. Алматы – 1957 жыл. 33 – бет) мәжбүр болады.

Міне, бұл пікірлерді толық құптай да, қуаттай отырып, одан әрі көне тарихқа ой көзін жүгіртсек, архив құжаттарына тереңірек назар аударсақ, туысқан өзбек-қазақ халықтарының үнемі бірге жасап, біте қайнаса түскендігін, әдеби-мәдени байланыстарының кейбір кілттері анығырақ ашыла түспек. Мәселен; бүгінгі таңдағы Өзбекстан Республикасы территориясына қазақ халқының көшіп келіп, қоныстана бастау, сонау Шайбани заманасынан бастап, оның бергі жағы Ташкентті билеген қазақ сұлтаны Тәукенің тұсында (1599 – 1613), сондай – ақ, ХҮІІІ ғасырдың бас кезінде, тіптен, кең өріс (Ф.Озодаев. Тошкент тарихидан очерклар. Тошкент – 1960 йил. 142 – бет) кең өріс ала түскендігін байқаймыз.

Ал, статистикалық құжаттарға көз жүгіртсек, Ташкент қаласының өзінде 1870 жылы 420, 1877 жылы жаңа қала жағында 707 қазақ тұрғандығын да анық (ЦИГА Уз ССР. Фонд № 1. дело № 115. лист - 78. Фонд № 36. дело № 1457. лист - 67) аңғарамыз.

Ал, дәл қазіргі таңдағы Ташкент қаласы мен Ташкент облысына қарасты Аққорған, Бостандық, Бөке, Шыназ, Қыбырай, Жаңажол аудандарында қазақтардың туысқан өзбек халқымен бірге жасап, біте қайнаса түскендігін байқау да оншылық қиын емес.

Оның үстіне, бүгінгі күнде де, қазақтардың Бұхара, Науаи, Жызах, Сырдария сияқты облыстар мен Хорезм өңірінде, Қарақалпақстанда, өзбектермен бірге, қолды-қолға беріп, мәдениет-әдебиет, өнер салаларында де еселі еңбек етіп жүргіндерінде анық аңғара аламыз.

Міне, мұндай қазақтар мен өзбектердің сан ғасырлар бойы аралас-құралас, бірге жасап, біте қайнасқандығы, әлеуметтік өмір де, күнделік тұрмыста бірге болуы, олардың мәдени-әдеби байланыстарын жетілдіріп, оның әр түрлі қырларын ашуда, оны кең өріс алдыруда бірден-бір нәрлі тыныс болғандығы да анық.

Сондықтан да, өзбек-қазақ халықтарының дархан дарындары мен ғұлама ғалымдардары бір-бірінің өміріне ой көзін қадап, өзара бір-біріне ыстық ілтипаттар білдіруіне аса мол мүмкіндіктерге қол жеткізіп отырған. Мәселен: Белгілі мемлекет қайраткері, жиһанкез, әрі ақын, тарихшы Бабыр (1438-1530)

өзінің әлемге әйгілі **“Бабырнама”** еңбегінде қазақ халқына, оның бай тарихы мен табиғатына байланысты жылы лебіздер мен тамаша ой, терең пікірлер айтқан.

Бұл ретте оның Отырар, Түркістан, Сайрам сияқты т.б. қазақ халқының елді мекендері мен Сейхун (Сырдария), Арыс өзендерін, жер, су, ел азаматтарын жылы шыраймен тілге алғандығын анық аңғарамыз.

Сондай-ақ, қазақ халқының Жалайыр, Арғын, Қыпшақ сияқты ру т.б. ру аттары мен Жәнібек, Қасым хан, Әдік сұлтан, белгілі ақын, әрі тарихшы Мұхаммет Хайдар Дулати сияқты т.б. қазақ халқының ардақты ұлдары жайлы да қымбатты пікірлер, тамаша ойлар айтқандығын байқау да оншалық қиын емес. Оларды үлкен құрметпен тілге ала келіп, әрбіріне тиісті бағасын да беріп отырған. Мәселен ол: *“Сұлтан Махмұт мырза өлгеннен кейін, Сұлтан Нигар ханум ешкімге айтпастан, ұлын алып Ташкенттегі бауырларына кетіп қалады. Бірнеше жыл өткеннен кейін Шыңғыс ханның үлкен ұлы, Жошының ұрпағы Әдік Сұлтанға береді”* — десе, тағы бір ұлағатты ой түйінінде: *“Әдік Сұлтаннан кейін Нигар Ханумды, қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды”* — деп, терең тұжырым жасайды.

Ал оның **“Нигар ханум”** деп отырғаны тарихтан белгілі Жүніс ханның үлкен қызы. Оның үстіне Бабыр, Қасым хан жайлы да ой толғай келіп: *“Қазақ хандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерлерінде үш мыңға жуық адам бар еді”* — деп, ерекше құрметпен тілге алады.

Шындығында да, Қасым хан (1441-1518) тұсында қазақ хандығы әбден нығайып, ірі хандыққа, іргелі елге айналған болатын. Сондықтан да халқымыз арасында; *“Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы”* деген қанатты сөз күні бүгінге дейін жиі-жиі тілге алынады.

Ал Қасым хан тарихта қазақ хандығының негізін салушылардың бірі, Әз-Жәнібек ханның баласы болса, оның шешесі Жаған бегім, әйгілі Мұхаммед Шайбани ханның інісі Махмұт Сұлтанның қарындасы екендігінде тарихтан жақсы білеміз.

Ал, Махмұт Сұлтан болса, ол Бабырдың туған ағасы. Сондықтан да Бабыр өзінің **“Бабырнама”** еңбегінде: *“...алда-жалда аймақты ала алмаған күнде де, жау қолына түсірмей, арысы ағаларым Алаша хан мен Сұлтан Махмұт ханға паналату еді”* — деп ой түйеді.

Ғұлама ғалым өзінің аталмыш еңбегінде одан әрі ой өрбіте келіп: *“Жүніс ханның шешесі, Темірдің рахымы түскен, Түркістандық қыпшақ бегі Шейх Нұраддиннің я қызы, я немересі”* — дейді де, өзінің сол Жүніс ханның екінші қызы Құтлық Нигар ханумнан туғандығын да тілге алады.

Шынында да тарихқа тереңірек назар аударсақ, Монғолстан ханы Жүніс ханның бәйбішесі Исан Дулат бикеден екі ұл - Сұлтан Махмұд (1443-1508), Сұлтан Ахмед хан (1466 - 1503) мен үш қыз - Мипр Нигар ханым, Құтлық Нигар ханым және Құб Нигар ханым дүниеге келеді. Нәтижеде, Әмір Темірдің үшінші

ұлы Жалал ад-дин Мираншаһтың шөбересі Сұлтан Ахмед мырзаға, Миһр Нигар ханым ұзатылса, Құтлық Нигар ханымға Сұлтан Ахметтің інісі Омар шайых үйленеді.

Міне, осы Омар шайыхтан, атағы әлемге жайылған ірі қолбасы, әрі мемлекет қайраткері, әрі тамаша ақын Мұхаммед Захир ад-дин Бабыр дүниеге келеді.

Тарихқа ерекше мән берген Бабыр өзінің *“Бабырнама”* атты ғұмырнамалық еңбегінде, белгілі қазақ тарихшысы Мұхаммет Хайдар Дулатидың, сол Жүніс ханның екінші қызы Хуб Нигар ханумнан туғандығын да тілге алады.

Нәтижеде, Бабыр мен Мұхаммет Хайдар Дулати апалы-сіңлінің перзенттері болғандықтан, олар туған бөле болып шығады. Мұхаммед Хайдар екі жасқа толғанда, анасы Құб Нигар ханым дүние салады. Ол жәйлі Бабыр өзінің *“Бабырнама”* еңбегінде: *“Менің шешемнің сіңлісі Хұб Нигар ханым жарық дүниеден қоштасыпты. Оны анам екеумізге Оратөбеде естіртті”* - дейді де, одан әрі *“... ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұхсат сұрап, Қашқардағы Сейіт ханға кетті»* дейді де, одан әрі: *«Не нәрсе болса да, өзінің шыққан тегіне тартатын әдеті зой. Мәселен: сап алтын да, күміс те, қорғасында тегіне тартпай ма? Жұрттың айтуынша ол бұрынғыдан көп есейіп, жақсы жолға түскен»* — дейді де, одан соң:

*“Алтын күміс, қорғасын,
Неңдей асыл болмасын,
Тартады ол тегіне”.*

деп ой қозғап, Мұхаммет Хайдар Дулати жайлы тағы да: *“ Өзінің қолы әр нәрсеге шебер. Оның қолынан келмейтін ісі жоқ. Ол әрі жазушы, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар. Он саусағынан өнері тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар еді”* – дейді, бөлесі жайлы жан-жақты ой қозғап.

Міне, осындай Мұхаммед Бабыр Захираддиннің берген мәліметтеріне қарағанда, оның өз әкесі Омар шейх, аты әлемге әйгілі Әмір Темір Көраганидің ұрпағы болса, ал шешесі Шағатай әулетінен шыққан Жүніс ханның бәйбішесі Исан Дулат бикенің екінші қызы - Құтлуқ Нигар ханум болып табылады.

Оның үстіне, бүгінгі таңдағы ізденімпаз өзбек ғалымдары, 1449 жылы Ташкент қаласында Мұхаммед Хұсайын Дулатидің отбасында дүниеге келген, Мұхаммед Хайдар Дулатидің жоқтаушысы болып, оның ескі *“Жиһан-наме”* дастанын Берлин қаласындағы архивтерден тауып алып, ғылым сарабына салуы, кім-кімді болса да қуантса керек.

Ал, Мұхаммед Хұсайын Дулати Омар шайық пен тым жақын қарым-қатынаста болған көрінеді. Содан да болар баласының досы Хайдарға білім беруді ниет етеді. Нәтижеде, Мұхаммед Хайдар Дулати Мұхаммед Бин Бұрхан ад-дин деген адамнан дәріс алып, сауат ашады. Дегенмен, Шайбани зобалаңынан соң, одан әрі оқи алмай қалады. Өйткені, Мұхаммед Шайбани хан

1500 жылы Бұхараны, 1501 жылы Самарқанды, 1503 жылы Ақсикент пен Ташкентті, 1504 жылы Әндіжанды, 1505 жылы Хорезмді, 1507 жылы Герад пен Астрабадты басып алады.

Міне, осындай кезде жаулармен қаша соғысып, жан-жақты арпалысқа түскен Бабыр, көп қиындықтардан соң Қабулға кетуге мәжбүр болады. Оның үстіне, 1508 жылы Мұхаммед Хайдар Дулатидің әкесі Хұсайын Шайбанидің жауыз адамдары қолынан қаза табуы да оны қатты налытады.

Содан, әкеден жастай жетім қалған Мұхаммед Хайдар Дулати алғаш Бұхараға, кейінірек Бадахшанға барып паналайды. Сөйтіп, тоғыз жастағы Мұхаммед Хайдар Дулати 1508 жылдың аяғына таяу Бадахшанға барса, 1509 жылы Қабулда тұрған Бабырға бару мүмкіндігіне ие болады. Бабыр оны ыстық ықласпен қарсы алып, өзінің көмек қолын аямайды.

Сондай-ақ, кезінде қазақ халқына хан болған Сұлтан Ахмет немесе Алаша хан, сол Жүніс ханның екінші әйелі Шаһ бегімнің туған баласы болып келеді. Ал оның Бабырдың туған ағасы екендігін де тарихтан жақсы білеміз.

Ал, Жүніс ханның үлкен ұлы Сұлтан Махмут 1487-1508 жылдар аралығында Ташкентті билеп тұрған шағында, кіші інісі Сұлтан Ахмет қазақ халқын билеп, басшылық жасағандығын да тарихтан анық аңғарамыз.

Сондықтан да қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, қазақ жазба әдебиетінің негізін салған Абай Құнанбаев өзінің *“Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы”* деген мақаласында, Бабырдың *“Бабырнамасына”* еңбегіне тікелей сүйене келіп: *“Белгілі Бабыр патшаның шешесімен бірге туған бауыры болған. Бұлар Шағатай нәслінен Жүніс ханның балалары болған”*— дейді де, одан әрі: *“Үлкені Ташкентте хан болып, кішісі қазақты билеген. Сол қазақты билегеннің аты Ахмет екен. Өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың “Үш жүздің баласы” дейтұғыны сол”*— деп, ой түйіндейді.

Соңыра, Абай одан әрі өз ойын түйіндей келе: *“Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай “Мынау бір алаша болды ғой” депті, “жан алғыш болды” деудің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атанып кетіпті”*— деген ойды да алға тартады.

Міне, бұлардың барлығы қазақтар мен өзбектердің о бастан-ақ бір атананың перзенттері болған, түбі бірге туысқан халық екендігін аңартумен бірге, өзара бір-бірінің тағдырына ылғида көңіл бөліп, үнемі бірін-бірі қолдап-қуаттап отырғандығын да дәлелдей түседі. Әрі бұл, әр түрлі хандықтар тұсында, үстем тап иелерінің зорлық-зомбылықтары кезінде де, ылғида бірге болып *“жарты бидайды жарып, бір бидайды бөліп”* жеп отырған туысқан халық деуімізге де мол мүмкіндіктер береді.

Оның үстіне, екі халықтың аса зейінді де зерделі, биік парасат иелері бір-біріне ылғида мейір көзін қадап, үнемі бір-біріне туысқандық бейілін де жасырмай ашық айтып отырған деуге болады. Сол үшін де Абай Құнанбаев

өзінің “Екінші қара сөзінде” туысқан өзбек халқы жөнінде ой толғай келіп: “...өзбектің екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерлерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ”— дейді де, онан соң: “Өзімен-өзі әуре болып, бірімен-бірі ешбір шаһари жауласпайды”— деп, аса жоғары баға бере келіп, одан әрі: “... ептілік, қырмызылық, сыйпайылық бәрі соларда”— деген болса, Шоқан Уәлиханов Омскідегі Кадет корпусында оқып жүрген шағында-ақ, шығыс халықтарының тіліне, әдебиеті мен мәдениетіне ерекше мән бере келе, өзбек халқының ұлы ақыны, әрі ғұлама ғалымы Әлішер Науаи шығармаларына да көңіл көзін қадаған. Сөйтіп ол, Әлішер Науаи шығармашылығына аса жоғары баға берген. Мәселен: Ол жайлы академик-жазушымыз Сәбит Мұқанов тоқтала келіп: “Өзбек халқының ұлы классигі Әлішер Науаиды Еуропа және Азия елдері ғалымдары арасында Шоқан Уәлиханов бұдан 100 жыл бұрын ерекше құрметпен тілге алған болатын” (“Социалистік Қазақстан”, 1960 жыл. 6 сентябрь) - деген ойды алға тартады.

Міне, бұл - ұлы тұлға, кемел ақын Абайдың, белгілі ғалым, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың туысқан өзбек халқын, оның ұлы ойшылдарын қадір тұтып, айрықша қастерлей түскендігін анық аңғартумен бірге, ерекше тауып айтып, тамаша байлам жасағандығын да көрсетеді. Соңыра Абай тағы да: “...біз әуелден өзбек жұртымен аталас едік”— деп те терең байламдар жасайды.

Әрине, данышпан ақынның терең ойына қосылмауға болмайды. Шынында да, өзбек халқының еңбек сүйгіштігі, әдептілігі, сыпайылығы, қонақ жайлылығы, бауырмашылдығы кім-кімді болса да, өз жетегіне үйіре түсетіндігі анық.

Міне, сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған ұлы Абай Құнанбаев қазақ халқының шығу тегіне көңіл көзін қадай отырып, аса талантты ақын, ірі мемлекет қайраткері, әрі аса талантты публицист-прозашы Бабырдың “**Бабырнама**” еңбегіне сүйеніп, өз ойын одан әрі сабақтай түседі.

Оның үстіне, қазақ әдебиетінің даму тарихына тереңірек үңілер болсақ, онда Шығыс әдебиетінен, оның ішінде классикалық өзбек әдебиетінен үлгі, өнеге алу, әсіресе, Әлішер Науаи шығармаларынан рухани нәр алып, оның ақындық әлеміне ой көзін қадау, тек Абай ғана емес. Әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың бас кезінде жасаған Сыр сүлейлерімен Жетісу өңіріндегі ақындар легі де аса көп рухани нәр алған. Бұл орайда көптеген қазақ ақындарының “**Шаһнама**“, “**Жүсіп - Зылиқа**“, “**Ләйлі - Мәжнүн**“, “**Фархад - Шырын**“, “**Ескендір**“ сияқты т.б. жыр-дастандарды жаңғырта жырлап, қазақ халқының мәдени мұрасына, рухани игілігіне айландырған болатын.

Бұл ретте - Шәді төре Жәңгіров, Қара сақал Ерімбет, Шөраяқтың Омары, Балқы Базар, Кете Жүсіп, Майлы қожа, Молда Мұса, Ақмолда, Әбубәкір Кердер ұлы, Мәулекей, Ақылбек Саббал ұлы, Әріп Тәңірбергенов, Нұржан Наушабаев, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Мәдәлі ақын, Дүр Оңғар, Ораз молда, Мақыш Қалтаев, Жүсіп қожа, Кенже қожа секілді т.б. жыр дүлдүлдерін де тілге аламыз.

Сондықтан да, ғұлама ғалым Мұхтар Омархан ұлы Әуезов: *“XIX ғасыр қазақ әдебиетіндегі Абай, Шангерей, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындарды алсақ, олардың бәрінде де Әлішер газалдарының, дастандарының әсерін аңғарамыз”* (А.Науаи. “Таңдамалы шығармалар“, Алматы - 1948 ж., 16 - бет) деген болатын.

Расында да, XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде жасаған қазақ ақындарының біразы Шығыс шайырларын, оның ішінде өзбек әдебиетінің ұлы тұлғасы Әлішер Науаиды өздеріне ұлағатты ұстазы ретінде танып, өздерінің жыр жолдарында ерекше құрметпен тілге алған болатын.

Мәселен, Оңтүстік өңіріндегі «Қожатоғай» деген елді мекенде жасаған, аса таланты ақын Майлы қожа өзінің *“Толғау”* атты термесінде:

*Өзбектен өткен Науаи,
Тілдің гауһар гүлі еді.
Парсыдан өткен Фердауси,
Заманының дәрі еді.*

десе, тағы бір ойлы да отты өлең жолдарында:

*Фердауси өтті дүниеден,
Тілдің кәусар гүлі боп.
Онан кейін Науаи -
Басқа адаммен тең емес,
Ізі қалды жырының.*

деп, ұлы тұлға Әлішер Науаидың кемеңгерлігін қуана тілге алып, ақын талантына бас иіп, тәнті болады.

Оның үстіне, Сыр сүлейлерінің бірі Кенже қожа Құлмырзаев та өзінің *“Ақындар”* атты жыр толғауында, Шығыс шайырларын ерекше ыстық ілтипатпен тілге ала келіп, Әлішер Науаи талантына бас иіп, айрықша құрметпен көңіл аударады. Мәселен ол:

*Әуелгі шайыр Фердауси,
Артына назым тастаған.
Науаи менен Фзули --
Өзгеден озған пешқадам.*

деп, көптеген ақындардан оқ бойы озық екендігін өзінің өлең жолдарында өте әдемі, әрі аса сәтті жеткізеді.

Сондай-ақ, XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған аса талантты ақын, әрі әнші, композитор Ақан Сері де Шығыс ақындарының көркем туындыларынан, оның ішінде Әлішер Науаи шығармаларынан рухани нәр алып, өзінің *“Сұлу қызға”, “Тағрифың”, “Жамалға”, “Гауһар - жақұт”, “Біздің көңіл қайда?”, “Ақ көйлек”, “Ғашық жарға”* секілді т.б. сүйіспеншілік тапқырыбында өлеңдер жазған.

Ақынның бұл туындылары Әлішер Науаидың “Девони фоний” шығармаларында көтерілген ойлармен сарындасып, сабақтасып жатқандығын байқау оншалық қиын емес.

Шынында да, Шығыс шайырларын айрықша қадір тұтып, оның ішінде Әлішер Науаи шығармалырынан рухани нәр алған қазақ ақындарын көптеп кездестіре аламыз. Соның бірі - Шәді төре Жәңгіров (1855 - 1933) деуге болады.

Ол 1855 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты, Созақ ауданындағы «Қызыл көл» деген елді мекенде дүниеге келген. Оның әкесі Жәңгір, негізінен, төре әулетінен шыққан, аса зейінді де зерделі ақындардың бірі болған. Оның өлеңдерінде, әсіресе қисса-дастандарында парсы, өзбек – кітаби сөздер аса мол кездеседі.

Сондықтан да, XX ғасырдың жемісі болған, сөйтіп, 73 жыл жасап келмеске кеткен Кеңес өкіметі тұсында, көзі ашық, көкірегі ояу, аса сауатты адамдарға, әрі қожалар мен молдаларға, төрерлерге қырғидай тиді. Оларға әбден зәбір-зұлымдық жасағандықтан, күні кешеге дейін, яғни Тәуелсіздік таңы арайлап атқанға дейін, Шәді төре Жәңгіров шығармашылығы да жете зерттеліп, терең үйренілмей, жабулы қазан жабулы күйінде ескерусіз келген болатын.

Ал егер, оның шығармашылық жолына жете назар аударар болсақ, ақынның Шығыс шайырлары жырлаған көптеген қисса - дастандарды өзінше жаңғырта жырлап, оларды қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырған, аса талантты ақын екендігін жан-жақты аңғара түсеміз.

Белгілі ғалым Немат Келімбетовтың берген мәліметіне қарағанда, оның әкесі мал бағып күн көрген, аса момын шаруа адамы болған көрінеді. Оны ауыл адамдары, оның момындығын пайдаланып «**Қоқыш**» деп атап екен.

Ал анасы Мәуті аса талантты әнші, тамаша күйші, сөзге дес бермейтін асқан шешен, сауықшыл, сері әйел болған деседі. Сондықтан да шешесі Шәдіні ылғида той-думандарға, ойын-сауық кештеріне ертіп барып, өнерге деген құштарлығын артыра түсіпті.

Сөйтіп оны он жасқа дейін ауыл молдасына оқытып, өмірге қанаттандыра бастайды да, 1865 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Шаян елді мекеніндегі мешіттің молдасына беріп, білімін одан әрі жетілдіре бастайды.

Онда ол екі жылдай Абдулла Шәріп есімді аса зейінді де зерделі молдадан дәріс тыңдап, араб, парсы тілдерін үйрене бастайды. Әрі Шығыс шайырларының қисса-дастандарын оқып, олардың шығармаларынан рухани нәр ала түседі.

Ұстазы оның аса зеректігі мен зейінділігін жан-жақты байқаған соң, оған Бұхараға барып, сондағы медіреселердің бірінде оқып, білімін жетілдіре түсуге кеңес береді. Дегенмен, жоқшылықтың, кедейшіліктің салдарынан әке-шешесі оны Бұхараға оқуға жібере алмайды. Нәтижеде ол, 1868 жылы Түркістан маңындағы Қарнақ елді мекеніне орналасқан медіресе де оқиды да, жағдайының нашарлығынан, одан әрі оқи алмай, 1869 жылы ата мекені Қызыл көлге қайта келеді.

Міне, осы тұстың өзінде-ақ Шәді төре Жәңгіров Шығыс шайырлары шығармаларын жат алып, ел арасында қисса-дастандарды айта білгендіктен,

оны ауыл адамдары *“Дастанишыл бала”*, кейде *“Қиссашыл Шәді”* деп те тілге алып, ерекше құрметпен қарап, оны дәріптей түседі.

Нәтижеде, баласының зеректігі мен зейінділігін байқаған әке-шешесі 1870 жылы, енді ғана 16 жасқа аяқ басқан Шәдіні, ағайын-туғандарынан біраз қаржы жинап, керуеншілерге ертіп оқуға жібереді. Содан ол, алғаш Ташкентке келіп, сондағы медіресенің бірінде біраз уақыт оқиды да, онан соң Бұхара қаласындағы Көкелташ медіресесіне барып, сонда оқып, ондағы аса сауатты молдалардан тәлім-тәрбие алып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Міне, осы медіреседе оқып жүрген шағында Шығыс әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармаларын көп оқып, олардан рухани нәр ала бастайды. Әсіресе, араб, парсы, шағатай тілдерінде дүниеге келген көркем дүниелерді, қисса-дастандарды бас алмай оқиды. Солардан ылғида үлгі-өнеге алады да. өзі де соларға еліктей отырып, жыр шумақтарын жаза бастайды.

Орайы келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, Шәді төре Жәңгіров Бұхарадағы Көкелташ медіресесін бітірген соң, бірден өз еліне оралмайды. Бірнеше жылдар бойы Қокан, Самарқан, Мары, Хиуа, Жызах, Шахрисабз, Кітап секілді қалалар мен аудандар да болып, туысқан өзбек халқының өмірімен, тірлік-тыныстарымен жан-жақты танысады.

Міне, осы тұста Бұхара қаласындағы белгілі тәжік ақыны Ахмад Дониш шығармаларын оқып, ерекше тәлім алады. Әсіресе, өзбек шайырларынан Убайдулла ұста Зауки, Закиржан Фурқат, Мұқыми, әрі қарақалпақ ақыны - Нұрабдулла шығармаларына ерекше мән беріп, зейін қоя оқып, олардан барынша рухани нәр ала түседі.

Сөйтіп, біраз жыл өзбек, қарақалпақ, тәжік елді мекендерінде болған Шәді төре Жәңгіров, осы тұстың өзінде-ақ, араб, парсы, тәжік тілдерінде жазылған Шығыс шайырлары шығармаларынан көп нәрсе үйреніп, ақындық әлемге еркін ене бастайды.

Шын мәніндегі аса зейінді де зерделі, ерен талантты Шәді төре Жәңгіров, 1933 жылдың 12-қыркүйегінде, бүгінгі Өзбекстан Республикасының, қазіргі Жызах облысындағы Замин ауданына қарасты «Қаратөбе» деген елді мекенінде 78 жасында дүние салады.

Бірақ ол, өз соңына қалдырған *“Хисса Бәрсиса”*, *“Назым чәһар дәруиш”*, *“Хикаят Орқа-Күлше”*, *“Төрт дәуриш”* сияқты т.б. Шығыс ақындарының қисса-дастандары негізінде жазған көркем дастандарымен халқымыз арасында мәңгі жасай бермек.

Расында да, Шәді төре Жәңгіров өзінің *“Қырық уәзір хыссасы”* (1911), *“Хатымтайдың хиқаясы”* (1914), *“Назым уа Шариф”*, *“Хиқоят Харун Рашид”* (1917), *“Искандар Зұлқарнайын”*, *“Назым шеһар дәруиш”*, *“Хикаят Орқа-Күлше”* дастандарын Шығыс шайырларына, оның ішінде Әлішер Науаидың шығармашылығына тән дәстүр бойынша, назирагөйлік әдіспен жазған десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Өйткені ол, аталмыш қисса-дастандардың парсы, тәжік және өзбек тілдерінде жазылған түп нұсқаларын жетік білгендіктен, олардың кейбіреулерін өз шығармасына өнімді пайдалана отырып, негізгі сюжеттік желілерін арналы арқау, өрісті өзек ете білгендігін анық аңғаруға болады. Мәселен, ол өзінің **“Төрт дәруіш”** дастанының **“Кіріспесінде”**, әрі оның соңғы бөлімінде, осы тақырыпта жазылған өзіне дейінгі ақындар тарапынан өмірге келген бірнеше қисса-дастандар бар екендігі, әрі олардың бір-біріне ұқсамайтындығын да тілге алады. Сол Шығыс ақындары жырлаған қиссалардан үйреніп, өзінше жаңа дастан жазып отырғандығын да ескертеді.

Рас, кейбір тарихи мәліметтердің айтуына қарағанда, Шәді төре Жәңгіров тарапынан жырланған **“Төрт дәруіш”** дастанының алғаш рет өмірге келген жұрты Үндістан. Бірақ, бұл қисса-дастанды алғаш кім жазғандығы, кім оны жинап хатқа түсіргендігі де күні бүгінге дейін белгісіз. Кейбір әдебиет зерттеушілерінің айтуына қарағанда, оны ең алғаш жырлаушы, парсы тілінде жазған белгілі үнді халқының әйгілі ақыны Әмір Хисрау Дехлави болған деседі. Дегенмен, оны жан-жақты растай түсетін деректер көзі, күні бүгінге дейін жоққа тән. Қалай дегенде де, **“Төрт дәруіш”** қисса-дастанды көптеген Шығыс ақындары тарапынан қайта-қайта жырланған аса тартымды көркем дүние екендігімен де құнды туынды.

Бұл орайда Шығыстың белгілі ақындарының бірі болған Тахсин, оны ХҮІІІ ғасырда жазған болса, Мир Амани 1802 жылы сол сюжетке негізделе отырып, прозалық шығарма етіп жазу мүмкіндігіне де ие болған.

Сондай-ақ, Хорезмдік белгілі ақын Сиддиқ пен Шахрисабыз қаласының тұрғыны, аса талантты өзбек ақыны Құрбан Хироми да, ХІХ ғасырда **“Төрт дәруіш”** дастанын жазғандығын да жақсы білеміз.

Оның үстіне бұл дастан, сол кездердің өзінде-ақ бірнеше рет жарық көрген де болатын. Сондықтан да, **“Төрт дәруіш”** қисса-дастанның қара сөзбен де, өлең мен де жазылған бірнеше нұсқалары баршылық.

Тіптен, **“Төрт дәруіш”**, **“Орқа - Күлше”** сияқты қисса-дастандар, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, әр түрлі атпен бірнеше тілде көптеген ақындар тарапынан жырланып келген де болатын. Міне, соның бірі-белгілі қазақ ақыны Шәді төре Жәңгіров болды.

Бірақ ақынның **“Төрт дәруіш”**, **“Орқа - Күлше”** атты қисса-дастаны Шығыс шайырлары жырлаған сюжеттік желілерінің дәл өзі емес, оны өзінше бір жөн өңдеңкіреп жырлаған. Сондықтан да, бұл қисса-дастанның өзіндік ерекшеліктері бар көркем шығарма екендігі анық аңғарылады. Мәселен: Шәді төре Жәңгіров жырлаған **“Назым чәһар дәруіш”** қиссасы мен тәжік тілінде өмірге келген **“Чор дарвеш”**, яғни **“Төрт дәруіш”** нұсқасынан да, сондай-ақ, өзбек ақыны Құрбан Хироми тарапынан жырланған дастанның да бір-бірінен бір жөн өзгешеліктері бар екендігі байқалады. Өйткені, әр ақын бір сюжетке құрылған дастан идеяларын өзінше жырлап, оны өзінше шешуді басты ниет еткен.

Сондықтан да Шәді төре Жәңгіров жырлаған *“Төт дәуіріш”, “Орқа - Күлше”* атты дастандардың композициялық құрылысы аса жинақы, әрі көркемдік жағынан да тым шебер жазылған. Бұл екі дастанды да Шығыс ақындары жырлаған сюжеттік желілер негізінде, қазақ тілінде тұңғыш рет өмірге келген құнарлы дастандар деуге болады.

Дегенмен, кейбір оқиға желілерінің үндесіп, сарындаса түсетін тұстары да кездеседі. Ол жайлы ұлы ғалым Мұхтар Омархан ұлы Әуезов: *“Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір Шығыс ақыны қайталап, әңгіме етіп тың дастандар шығаратын дәстүр болған”,* - деген ойды алға тартады.

Шынында да, халықтың ауыр тұрмыс-тіршілігін қызғыштай қорғап, олардың бақытты өмірін арман ете жырлаған, сөйтіп, дәрігерлік саласы жайлы тым қызықты ойлар, пікірлер айтатын бұл дастандар, үнемі жиын-тойларда, бас қосқан келелі кеңестерде, керуен сарайларында, жұртшылық жиылған жерлерде оқылып, оны халық кезінде ұйып тыңдаған тұстары жиі-жиі болған.

Тек, бұларға Кеңестік дәуірде ерекше тиым салынып, оны халықтық мүліктен мақрұм етті. Болмаса, өзбек ақыны Құрбан Хироми тарапынан жазылған өзбек тіліндегі нұсқасында сүйіспеншілік, махаббат машақаты мәселесіне аса мол орын берілген болып, онда Азатбақыт пен Равшанай бейнелері жан-жақты көрініс табады.

Оның үстіне, өзбек ақыны дәуіріштердің ішкі дүниесіне көбірек мән беріп, оны терең аша түседі де, әсіресе, ғашықтардың көңіл-күйлеріне, психологиялық ойлау дүниелерін шебер ашуға ұмтылады. Ал, тәжік тіліндегі *“Төрт дарвеш”* дастанында әр түрлі тақырыптар, әр қилы оқиғалар, көптеген мәселлер көтеріледі.

Солдай екен, Шәді төре Жәңгіров жырлаған *“Төрт дәуіріш”* дастаны баяндау тәсілі жағынан, сюжеттік желісі, композициялық құрылысы жағынан, сол тәжік тіліндегі нұсқаға жақындау келетін жәйттері баршылық. Бірақ, әлеуметтік мәселелерді көтеруі жағынан, гуманистік идеяларды тұжырымдау мәселесі жағынан, өзбек ақыны Құрбан Хироми жырлаған нұсқасымен үндесіп, сарындасып кететін тұстары да аса мол.

Оның үстіне, белгілі тәжік ақыны Ахмет Жәми парсы тілінде жырлаған *“Орқа - Күлше”* дастаны, XIX ғасырдың екінші жартысында Дели, Лахур қалаларында жарық көрген болатын. Ал, өзбек ақыны Абдолла қажы ибн Миркәрім тарапынан прозалық туынды ретінде өмірге келген *“Орқа - Күлше”*, 1908 жылы Ташкент қаласында жарық көреді.

Нәтижеде, Шәді төре Жәңгіров өзінің *“Назым чәһар дәуіріш”, “Хикоят Орқа - Күлше”* дастандарын Шығыс шайырларына тән дәстүрді сақтай отырып, назирагөйлік әдіспен жазу мүмкіндігіне ие болған десек, ол шындыққа жанаса түспек. Өйткені ақын, бұл қисса-дастандардың парсы, тәжік, өзбек тілдерінде жазылған нұсқаларымен таныс болғандығы анық аңғарылады. Тіптен, олардың кейбіреулерінің сюжеттік желілерінен өнімді пайдалана білгендігі де

байқалады. Соның негізінде ол өзінің қоғам, өмір жөніндегі өз көзқарастарын, терең пайымдауларын, ой түйіндерін осы дастаны арқылы өте әдемі жеткізе білген.

Сөйтіп, Шығыс поэзиясының нәрлі бұлақтарынан сусындаған Шәді төре Жәңгіров, өзіне дейін жазылған *“Төрт дәруіш”*, *“Орқа - Күлие”* қисса-дастандарды оқып, үйреніп, олардан көп үлгі, өнеге алған десек, ол артық айтқандық емес, бірден-бір шындық. Сондықтан да ақын:

*Қиссаның баршасы һәм еді мәшһүр,
Бірнеше нұсқаларда айтылып дұр.
Мендағы сонан көріп қисса қылдым,
Тыңдаған зерігер деп қысқа қылдым.*

дейді ақын.

Шәді төре Жәңгіров өзінің *“Төрт дәруіш”* дастанын, әділ патша - Азатбақытты әңгіме етумен бастайды. Ол нағыз халықшыл, барынша әділ патша болғанымен, әбден қартайған шағында перзентсіздігін есіне алып, қатты қайғырып, әбден налиды.

Оның бар байлығы да, ақылгөй-дана уәзірлері де патшаның басына төнген қайғы-қасіреттен ажырата алмай дал болады. Ол күндердің күнінде, түн ауа жалғыз өзі молаға барса, бір-біріне көрген-білгендерін айтып отырған төрт дәруішке көзі түседі. Бірақ Азатбақыт, олардың көзіне түспеуге тырысады. Соңра Азатбақыт оларды өз сарайына шақырып, си-сияпат көрсетіп құрметті қонағы етеді.

Сонда олар итіне алтын итаяқпен ас беріп, екі ағасын бірдей сол иттен қалған сарқытпен асырайтын саудагер жігіт жайлы айтып береді. Содан, Дәуіріштердің әңгімесін есіткен Азатбақыт, аса көп ойланып-толғанып, келе-келе барынша әділетті, адамгершілігі аса мол, ылғида әділдік үшін күресетін патша дәрежесіне көтеріледі.

Соңыра дастанда әділ патша Азатбақтың әйелі босанып, ұл туады да, оның есімін Бақтияр деп қояды. Ол перілердің патшасы болған Мәлік Шаһбаздың жәрдемімен, әлігі дәуіріштердің бәрі де өздерінің асқақ армандарына, тілектеріне жетумен, дастан аяқталады.

Рас, дастанда бас қаһармандар патшалар, байлар, саудагерлер болғанымен, мәселенің мәніне тереңірек үңілсек, нағыз қаһармандар қарапайым еңбек адамдары екендігін анық аңғарамыз. Өткені олар, өздерінің ақыл-парасатымен, тапқырлығымен көзге түседі де, дастанда ел қорғаған батырлар, ақылгөй қариялар, ержүрек әйелдер ылғида дәріптеліп отырды. Мәселен, дастанда төртінші дәуіріш өз әңгімесінде, бір патшаның құлы Мүбәрәктан ақыл-кеңес сұрағандығын былайша дәріптейді. Мәселен ол:

*Мүбәрәк ат қойылған құл бар еді,
Атама ғұмыры өткен қызмет қылып.
Құл еді парасатты, артық дана,
Кей уақытта жолызар едім барып оған.*

дейді.

Оның үстіне, шығармаға арналы арқау, өрісті өзек болған тағы бір мәселе – жастар арасындағы махаббат, сүйіспеншілік. Дастанда уәдеге беріктік, сөзге тұрақтылық мәселесі өте орынды көтерілген. Ғашықтар өздерінің асыл армандарына жету үшін алтын сарайлардан да, байлық пен патшаның тәжі-тағынан да бас тартады. Өзінің сүйгеніне жету жолында қандай қиыншылықтарға тап болса да, оның бәрін жеңе білетін ер жүрек, қайсар да қажырлы болып сыр шертеді.

Аса талантты ақын Шәді төре Жәңгіров өзінің *“Назым чәһра дәуріш”* дастанын Шығыс шайырлары дәстүрі негізінде жырлай отырып, өзінше тамаша қисса-дастан жарата алған десек, ол артық айтқандық емес. Онда кең көрініс тапқан әділдік, жақсылық, уәдеге беріктік, сүйіспеншілік жәйттер өзінің шынайы шешімін таба алған.

Сондай-ақ, ақынның Шығыс шайырлары үлгісінде жазған екінші бір дастаны - *“Орқа-Күлше”* қиссасы. Онда да негізінен махаббат, сүйіспеншілік мәселесі көтеріледі. Дастанда Хамам мен Халал деген әкімдердің достық қарым-қатынастары өзінің өзіндік ерекшеліктерімен жан-жақты көрініс табады. Олар өте жақын дос, силас та сырлас болады. Нәтижеде, бірінің әйелі ұл туса, ал екіншісінің әйелі қыз туса, бір-бірімен құда болуға серттеседі. Күндердің күнінде Хамамның әйелі ұл туады да, оның есімін - Орқа қойса, Халалдың әйелі туған қыздың атын - Күлше қояды.

Сөйтіп олар бесік құда болады. Екеуі бір мектепте оқып тәлім-тәрбие алумен бірге, білім нәрінен сусындайды. Келе-келе олар бірін-бірі жақсы көріп, өзара сүйіспеншілік пайда болады. Күллі жұртшылықты шақырып, үлкен той жасап, оларды бір-біріне некелеп қосады. Оны ақын:

*Екеуін қоспақ болды неке қылып,
Өзінің бар халқына жар шақырып.
Той берді бірнеше күн жұртын жиып...*

дейді.

Дегенмен екі әкімнің достық қарым-қатынасы, сырластық пен сырластығы сипаты көпке созылмайды. Өйткені, көрші елдің Ғұмыр атты әкімі Хамамның еліне бір түнде бастырып кіріп, оның сәулетті сарайын қиратып, мал-мүлкін тонап әкетеді. Сөйтіп Хамам бір күнде-ақ қырма кедейге айналып, берекесі кетеді.

Міне, содан Күлшенің шешесі өз қызын Орқадан ажыратып алу жолдарын қарастыра бастайды. Тіптен Орқа жау қолына түскен, тұтқындағы әйелі - Күлшені өлімнен құтқарып аман алып қалса да, қыздың дүние қоңыз шешесі оның кедейлігін бетіне басып, оған титтей де мән бермейді. Қайта одан мал-мүлік талап етіп, қызын Шам қаласынан келген бір бай сәудегерге бермек болады.

Содан Күлшені айрықша жақсы көретін, Орқа қызды қайта малға матап алмақ болып, нағашысының аулына кетеді. Міне, осы кезде Күлшенің шешесі қызын “өлді” деп айту үшін, бір қойды сойып, бір табытқа салады да, күллі жұртшылық-ты жиып, әбден жылап-сықтап көмеді.

Дегенмен, Күлшенің әкесі Халал алғаш әйелінің екі жасты ажыратуына қарсылық білдіргенімен, айлакер әйелінің сөзінен өте алмайды. Сөйтіп, Күлшені бір түнде саудагерге сатып жібереді, бірақ ол саудагер емес, Күлшені ұнатып жүрген Шам елінің патшасы Мәлік Мұхсин деген адам болады. Ол Күлшенің бірден-бір арманы Орқа екендігін анық сезген соң: “Қой, бұларға тосқауыл болмайын” деген оймен, Күлшеге үйленбейді. Оны өзінің қарындасы ретінде танып, өзі той жасап, екі жасты бір-біріне қосады. Міне, осымен дастан аяқталады.

Шәді төре Жәңгіровтың “*Орқа - Күлше*” дастаны, негізінен, шағатай (ескі өзбек тілі) тілін араластыра жазылған көркем шығарма. Кезінде Шағатай тілі Орта Азияны мекендейтін түркі халықтарының, оның ішінде өзбек халқының сөйлеу тілі болған. Осы тілде өз шығармасын жазған ақынның мына бір жыр жолдарына мән берелік. Мәселен ол:

*Қыз айтты: өлген емес, Күлше тірі,
Бұл халықтың өлді деген бекер тілі.
Көр қазып қой өлігін мазарат қып,
Өзіңді сендірмекке қылған мұны.
Шам шаһы Мәлік Мұхсин мұнда келіп,
Күлшеге ғашық болған жүзін көріп.
Өзінше барша халықты жақын қылды,
Хисапсыз алтын-күміс дүние беріп.
Көп беріп алтын-күміс Алалға һәм
Күлшені Мұхсиншаға бағышталды.
Уәдесін сізге қылған етіп бәрһәм.
Мұхсинге кететінін Күлше біліп,
Хилуатта менің білән бірге тұрып,
Деп айтты: тәнде болса аманат жан,
Мұхсинге һәргез разы болмай дурмән.
Өзімні өлтірмегім сүюклідур,
Бір болып отырғанша аның бірлән.*

дей келе, одан әрі өз ойын сабақтай түсіп:

*Ажалдан, апталардан аман болса,
Артымнан мені іздеп келсінләр тез.
Келмесе бейопалық қылғаны деп,
Осындай ғашықлықтан сөз етер көп.
Егерде сенбесеңіз айтқан сөзге,
Қараңыз бұл мазарды ашып тезден.
Ішінен өліп қалған бір қой шығар,*

*Қабірде ешнәрсе жоқ одан өзге.
Орқа мұны есітіп, көп қуанып,
Мазарды өз қолымен ашты барып.
Ішінен кебінделген бір қой шықты,
Қараса ташқарыға өлікті алып.*

деп, шындық бетін шынайы аша түседі.

Оның үстіне, ақын Шәді төре Жәңгіровтың Орынбор, Қазан қалаларында басылып шыққан еңбектеріне қарағанда, Ташкентте жарық көрген бұл шығармасында да араб, парсы сөздері аса мол қолданылған.

Сондай-ақ, Шәді төре Жәңгіровтың тарихи тақырыпта жазылған **“Тарихнама”** дастаны ерекше көркем дүние екендігін ерекше тілге алған жөн. Бұл дастан Орта Азия мен Қазақстан халықтары тарихында болған елеулі оқиғаларды негізге ала отырып, ел аузындағы аңыз-әңгімелерді, өлең-жырларды арналы арқау, өрісті өзек ете білген.

Бұл дастан өлең құрылысы, мазмұны жағынан алғанда Абулғазы Бахадур ханның **“Шежіре-й түрік”**, Мұхаммад Юсуфтің **“Тарихи Мұқимхани”**, Әмин Бухаридің **“Убайдуллома”**, сондай-ақ Тархад Самарқандидің **“Тарихи Рақимий”**, Мунис Хоразмий мен оның жиені Мухаммад Ризо Агахийдің **“Фирдавс-уа-иқбол”** сияқты тарихи еңбектерімен Шәді төре Жәңгіровтың таныс екендігін анық аңғарта түскендей.

Қорыта айтқанда, міне осындай жас кезінде, Орта Азияның ежелгі мәдени ошақтары болған Түркістан, Бұхара, Самарқан қалаларында оқып білім алған, өзінің сауатын ашқан, аса зерделі де зерек ақын Шәді төре Жәңгіров, араб, парсы, түркі тілін араластыра отырып өлең-жырлар, қисса-дастандар жаза білген ерен талант иесі деуге тұрарлық кемел ақын.

Шынында да ол, Шығыс классиктерінің шығармаларынан рухани нәр алған. Сөйтіп, Шығыс тақырыбына батыл барып, оны өзінің **“Назым чәһар дәруиш”**, **“Хикаят Халифа һарон-ар Рашид”**, **“Хикаят Қамарзаман”**, **“Хикаят Орқа - Күлше”** секілді т.б. көркем туындыларын, Шығыстық сюжетке негіздей отырып жазу мүмкіндігіне ие болады.

Әрі, оның бұл көркем қисса-дастандары Ташкенттегі Ғарифжанов баспаханасында жарық көрген. Нәтижеде, Шәді төре Жәңгіров Шығыс әдебиетінің ұлы тұлғалары - Низами, Әбдірахман Жәми, Лутфи, Әлішер Науаи сияқты т.б. әлем әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан, әйгілі классиктердің поэзиялық туындыларында сыр шерткен гуманистік-ағартушылық идеяларды өз шығармаларында өнімді пайдалана білді.

Сондай-ақ, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде жасаған қазақ ақындарының Біразы, Шығыс классиктеріне, оның ішінде ұлы өзбек ақыны Әлішер Науаи шығармашылығынан көп нәрсе үйреніп, көркем поэзияның көк жиегінде самғай қанат жая түскендігі, өз алдына бір төбе. Соның бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуов десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Ол, 1882 жылы бүгінгі таңдағы Қызылорда қарасты, бұрынғы Қазалы уезі, Қуандария болысы елді мекеніндегі екінші ауылда дүниеге келген. Алғаш Алдашбай, Қожабай деген молдалардан дәріс алып, ескіше хат таныған соң, Өзбекстан Республикасына қарасты Бұқара қаласындағы Мир - Араб, Көкелташ медреселерінде оқып, білімнің бал бұлақтарынан нәр алып, білімін жетілдіре түседі. Нәтижеде, Тұрмағамбет Ізтілеуов араб парсы, ескі түркі-шағатай тілдерін жетік меңгереді.

Сондықтан да аса талантты да кең тынысты, кемел ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовте Шығыс шайырларының, оның ішінде Шығыстың ұлы тұлғалары болған Әл-Фараби, Әбу-Әли ибн-Сина, Беруни, Әлішер Науаи, Бабыр, Ұлықбек сиықты т.б. ғұлама ғалымдар мен ақындардың шығармаларын оқып, олардан рухани нәр алады. Әдебиет әлеміне еркін кіріп келе бастайды да, аса талантты ақын дәрежесіне көтеріледі.

Міне, сол медреседе оқып жүрген шағында тәжік, өзбек әдебиетінің ірі тұлғасы болған Садриддин Айнимен ең жақын дос, силас та сырлас бола жүріп, Шығыстың жыр дүлдүлдерінің шығармаларына көңіл көзін қадайды. Соның нәтижесінде Тұрмағамбет Ізтілеуов, кезінде Қазақстан Республикасының басшысы болған Мирзоян мен Темірбек Жүргеновтің өтінішіне орай, ұлы ақын Фирдаусидің **“Шаһнамасын”** қазақ тіліне аударуға бел байлайды.

Сөйтіп, ол парсы тілінде жазылған **“Шаһнаманы”** XX ғасырдың 30-жылдарының орта шенінде-ақ, оны жолма-жол аудармай, оның сюжеттік желісін сақтай отырып, қайта жаңғырта жырлап, **«Рүстем дастан»** атты жаңа көркем дастанды дүниеге әкеледі.

Ақынның бұл еңбегіне кезінде Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов секілді алып тұлғалар аса жоғары баға берген болатын.

Тіптен, Мұхтар Омархан ұлы Әуезов бұл шығарманы аударма еңбек емес, Тұрмағамбет Ізтілеуовтың өзінше жырлаған, өзінің төл тума шығармасы деген ойды алға тарқан болатын. Сондықтан да бұл шығарма 1961 жылы **“Рүстем - Дастан”** деген атпен, Мұхтар Әуезов “Алғысөзімен” жарық көреді. Соңыра, аталмыш жыр жауһары 2004 жылы **“Шаһнама”** деген атпен қайта басылып шығып, бүгінгі таңда да қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айнала түсуде.

Оның үстіне, Тұрмағамбет Ізтілеуовтың 1972 жылы жарық көрген **“Назым”** атты жыр жинағына көңіл көзін қадасак, онда оның Шығыс шайырларын өзіне ұлағатты ұстаз ретінде танып, солар үлгісінде аса тамаша жыр жолдарын өрнектей түскендігін де анық аңғарамыз.

Қорыта айтқанда, міне мұның барлығы - өзбек, қазақ халықтарының үнемі бір-бірінің асыл мұраларынан рухани нәр алып, олардан үнемі тұшынып отырған, түбі бірге туысқан халық деуімізге аса мол мүмкіндіктер береді.

Әрі, қазақ-өзбек халықтарының ылғида аралас-құралас жасап, үнемі жарты бидайды жарып, бір бидайды бөліп жеген түбі бірге туысқан халық екендігін де

анық аңғарта түсумен бірге, бір-бірінің әдеби-мәдени мұраларын тел еміп, тел сусындап жүргендігін де анық байқатады.

Міне, бұлардың барлығы түбі бірге туысқан өзбек, қазақ халықтарының ынтымақ-бірлігі, өзара бір-біріне деген сүйіспеншілігі ғасырлар өткен сайын кең өріс алып, ол ылғида жаңа-жаңа үн, жаңа арналармен дамып, кемелдене түскен жанды процесс екендігінде анық аңғартады.

Оның үстіне, міне бұлар, екі халықтың әдеби-мәдени байланыстарының да жаңа-жаңа қырларының ашылуы да, жылдар өткен сайын жаңарып, жасара түскендігін аңғаруымызға да мол мүмкіндіктер береді.

НАУАИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Өзбек халқының ХҮ ғасырда жасаған әйгілі ақыны Әлішер Науаи, өз соңына тамаша лирикалық шығармалар, ғажайып ғазелдер мен кемел дастандар қалдырған аса талантты ақын ғана емес, бір жөн прозалық туындылар, ғылыми-зерттеу еңбектер де қалдырған ұлы тұлға, әрі ерен ойдың иесі, мемлекет және қоғам қайраткері.

Оның кең тынысты кемел мұраларын қазақ халқы, оның ішінде көзі ашық, көкірегі ояу қазақ ақындары айрықша бағалап, ерекше қастерлеген. Сондықтан да белгілі сөз зергері, академик Ғабит Мүсірепов: “ ... *Өзбек халқының данышпан ақыны Әлішер Науаидың ғажайып туындыларын оқып, үлгі алмаған ақын кемде-кем. Классикалық әдебиетіміздің шұғылалы шыңы Абайдың да өзіне ұстаз тұтқан, талантына бас иген ақындарының бірі — Науаи еді*”,— деген болатын.

Ия, Әлішер Науаи өз дәуірінде екі үлкен әдеби дәстүрді, яғни түркі мен парсы-тәжік көркем сөз жетістіктерін терең игерген, қос тілді – «*Зұлсанайын*» атанған шын мәніндегі аса дарынды талант иесі.

Оның үстіне ол, ескі өзбек тілінде тұңғыш рет көркем шығарма жазуды бастаушы ғана емес, оны ілгері дамытушы, жаңа биік белеске көтерген жаңашыл ақын бола алды. Сөйтіп ол, өзбек жазба әдебиетінің негізгі қалаушы, өзбек поэзиясының ірі тұлғасы, бастау алатын бал бұлағына айналған кемеңгер ақын дәрежесіне көтеріле алды.

Әкесі Ғиесиддиннен жастай жетім қалған Әлішер Науаи, 15 жасында Герат сұлтаны Құсайын Байқара мен бірге болып, белгілі ағартушы, әрі әкім Әбілқасым Бабырдың (1452-1457) сарайында қызмет атқара бастайды. Кейінірек, 1456 жылы Машхатқа барып, оқуын одан әрі жалғастырады да, онда Фирдауси, Низами, Дехлавий, Сағди, Лутфий, Атоий сияқты т.б. саңлақ ақындардың шығармаларынан рухани нәр алып, әдебиет табалдырығынан еркін аттай бастайды.

Тіптен, Саъдидің (1184-1292) “*Гулстан*”, “*Бостан*” атты еңбектері мен Фариддин Аттордың (1230 жылдар шамасында дүниеден өткен) “*Мантукун-Тайр*” (“*Құс сөзі*”) шығармаларын құмарта оқып, жат алады. Әрі, өз дәуіріндегі

Сайид Хасан Ардашер, Камал Турбатий сияқты аса талантты ақындармен жақыннан танысып достасуы, оның көркем әдебиетке деген ынтықтығын арттыра түседі.

Оның үстіне Әлішер Науаи, 18-19 жасында тәжік халқының аса дарынды ақыны Абдурахман Жәмий (1414-1492) мен танысып, оны өзіне ұлағатты ұстаз тұтынады. Нәтижеде, Әлішер Науаи өз дәуіріндегі белгілі сөз зергерлерінің шығармаларынан рухани нәр алып, әдебиет әлеміне еркін ене бастайды.

Әрі, өзінің сыныптас досы, Ғерат Шаһы Құсайын Байқараның алғаш мөрін сақтаушысы, кейінірек уәзір лауазымын атқара жүріп, сол кездегі үстем тап иелерінің озбырлық іс-әрекеттерін, зорлық-зомбылықтарын, өзара тәжі-таққа таластарын өз көзімен көреді.

Сөйтіп, өз шығармасында әділет пен адамгершілікті, достық пен махаббатты, пәктік пен тазалық сияқты т.б. ұлы гуманистік идеяларды кеңінен жырлай бастайды. Теңдік пен әділдікке, адал еңбекке ерекше мән бере түседі.

Рас, Әлішер Науаи 10 - 12 жасында-ақ шағын-шағын гәзелдер мен лирикалық шығармалар жазып, халық арасында таныла түседі де, келе-келе кең тынысты, кемел шығармалар жаза бастайды. Әсіресе, жас-балаң ақынның шағын лирикалары, сол кездерде әбден кемеліне келген ірі ақын Лутфиге қатты ұнайды.

Нәтижеде ол, әлі қауырсыны қатпаған жас ақынға көмек қолын созып, аса қымбат насихаттар береді. Мәселен: Әлішер Науаидың тұстасы, белгілі тарихшы Хандамирдің берген мәліметіне қарағанда, бір күні Лутфи Әлішер Науаиға: *“Жазған өлеңдеріңнен оқып бер”*— деп, өтінген көрінеді. Сонда Әлішер Науаи өз өлеңдерінен бірнешеуін оқып бергенде, Лутфи оған бұрыла қарап; *“Кәне, енді, мен өзімнің парсы және түркі тілінде жазған 10 - 12 мың өлең жолдарымды, осы бір гәзеліңе ауыстырған болар едім”*— деп, аса жоғары баға берген көрінеді.

Әрине бұл - Лутфидің Әлішер Науаи талантына тәнті қалып, оның ақындық қабілетін анық танығандығының, оның болашағына аса үлкен сеніммен қарап, үлкен үміт артқандығының сәтті жемісі болса керек.

Шындығында да, алғаш поэзия әлеміне шағын лирика, ғазелдерімен кіріп келген Әлішер Науаи, келе-келе тамаша дастандар, кемел прозалық шығармалар жазып, бүкіл Шығыс әдебиеті әлемінде өз шоқтығын даралана танытты.

Расында да, жастайынан-ақ аса зерек, алғыр ойлы болып өмірге келген Әлішер Науаи, алғаш шағын-шағын лирикалық өлеңдер мен тамаша ғазелдер жазып, оқырмандар жүрегіне нәр себе бастайды. Бұл ретте ақынның 1465-1466 жылдары жазған лирикалық шығармалары мен 1470 жылы бастырған *“Көркемдік кемелі”* (*“Бадайи ул - бидоя”*), 1476-1483 жарық көрген *“Бага жетпес байлық”* (*“Новодир - ул - нихоя”*) сияқты т.б. лирикалық өлеңдер жинағын тілге алу мүмкіндігіне ие боламыз.

Әлішер Науаи 1483 жылдан бастап өзінің әйгілі *“Хамсасын”* (бестік) жазуға кіріседі. Сол мақсат негізінде ол *“Жеті кезбе”* (*“Сабъаи - сайер”*),

“Ескендір қорғаны” (“Саъди Искандари”), *“Фарход - Шырын”*, *“Ләйлі - Мәжнүн”* атты бес дастанын жазып, өзінің кемел ақындық дарынын күллі жұртшылыққа кеңінен танытады.

Әрі ол, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жайлы да *“Ғауһарлар тізбегі”* (“Назм - ул Жавохир”) және әулие-әмбиелер, әкімдер туралы *“Әмбиелер мен әкімдер тарихи”* (“Тарихи анбие ва хукамо”), дін, мұсылмандық жөнінде *“Мұсылмандық нұры”* (“Сирож - ул - муслимин”) сияқты т.б. ғылыми-зерттеу еңбектер жазып, әдебиеттану ғылымының дамуына да өз үлесін қосады.

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жәйт, Әмір Темір нәсілінен болған Құсайын Байқара, 1469 жылы Герат сұлтаны болып таққа отырған шағында, Әлішер Науаи Самарқанда болады. Нәтижеде Құсайын Байқара, таққа отырған соң-ақ, жас кезінде бірге оқыған, бірге болған досы - Әлішер Науаиды Гератқа шақыртып, өзімен бірге болуды өтінеді де, мемлекет жұмысына араластыра бастайды.

Сондықтан да, Әлішер Науаи алғаш Герат сұлтаны Құсайын Байқараның мөрін сақтаушы болған болса, соңыра оның уәзірі, кейіншелік Астрабад әкімі болады. Міне, сонда олардың тәжі-тақ үшін болған бақталастықтарын, небір кулық-сұмдықтарын, алаяқтықтар мен опасыздықтарын өз көзімен көріп, олардан жаны шоши бастайды. Үстем тап өкілдерінің озбырлығынан, зәбір-зұлымдығынан азап шегеді. Олардан жирене бастайды. Халықты ынтымақ, бірлікке үндеп, адал еңбекпен абзал ниетке, пәк сезім мен таза махаббатқа, әділдік пен азаматтыққа шақырады.

Сондықтан да ол, өзі тұстас ақындарға, әрі өзінен кейінгі ақындарға үлгі, өнеге болып, көркем сөздің бірден-бір шеберлік мектебіне айналу мүмкіндігіне ие болады. Оны туысқан халық ақындары да, оның ішінде тағдыры да тарихы да бір болған қазақ ақындары да, өздеріне ұлағатты ұстаз ретінде танып шығармаларынан рухани нәр ала түседі.

Сөйтіп, ХҮ ғасырда жасап, өз соңына ғажайып лирикалар мен тамаша ғазелдер, кең тынысты кемел дастандар қалдырған поэзия сұлтаны Әлішер Науаи, қазақ ақындарының да ұлағатты ұстазы, сүйіп оқып, сүйсіне нәр алған кемеңгер шайырларының біріне айналады.

Сондықтан да Шоқан Уәлиханов, өзбек әдебиетінің классигі Әлішер Науаиды Еуропа және Азия ғалымдары арасында бірінші болып, ерекше құрметпен тілге алған болатын. Ол өзінің 1857 жылы Қашқария жайлы жазған очеркінде: *“Қара түнекті халықтың жалғыз сәулесі - Әлішер Науаидың шығармалары болды”* - деген болса, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов: *“Түркітілдес халықтардың көпшілігінің әдебиеті мен мәдениетін өсіруде Науаи мол әсер еткен”*, - деген болатын.

Шындығында да, туысқан өзбек халқының аса данышпан ақыны, ірі мемлекет қайраткері, әрі кемеңгер ғалымы Әлішер Науаи есімі, оның шығармалары қазақ халқы арасына да кең тарағандығы соншалық, ол өз ақынындай қадірленіп, ылғида қастерлене тілге алынады. Мәселен: қазақ

поэзиясының шұғылалы шыңы, данышпан ақыны Абай Құнанбаев, Шығыс шайырларын, оның ішінде Әлішер Науаиды да өзіне ұстаз ретінде танып, оның інжу-маржандарынан рухани нәр алған болатын.

Расында да, Абай поэзиясына көңіл көзін тереңірек қадасақ, онда Шығыс шайырларынан, оның ішінде тілдері түсінікті болған Әлішер Науаи дастандары мен ғазелдерінен көбірек нәр алғандығын байқау оншалық қиын емес. Мәселен: Абайдың *“Йузи раушан”, “Көзі гуһар”, “Қор болды жаным”, “Көзімнің қарасы”, “Ғашықтың тілі - тілсіз тіл”, “Өлең сөздің патшасы - сөз сарасы”* деген сияқты т.б. өлеңдеріне назар аударсақ, онда Әлішер Науаидың ғашықтық, адамгершілік, махаббат тақырыбында жазған туындыларымен іштей үндесіп, қабысып, сарындасып жатқан тұстарын сезіну оншалық қиын емес. Әсіресе, олардың Науаидың *“Чор девон”* атты ғазелдерінде көтерілген ойларымен жымдаса түсетіндігін анық байқауға болады. Мәселен: Абайдың 1858 жылы жазған *“Йузи - раушан, көзі гуһар”, “Көзімнің қарасы”* секілді өлеңдері Әлішер Науаидың *“Хозойин - ул - маоний”*, яғни *“Мағыналар қазынасы”* атты лирикалық өлеңдерімен сарындаса түсетіндігін аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Реті келгенде, тағы бір ескерте кетерлік мәселе, Әлішер Науаи шығармаларын сүйіп оқып, оны қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдыруда Сыр бойының сүлейлері мен Жетісу, Оңтүстік Қазақстан ақындарының орны айрықша десек, ол ағат айтылғандық емес. Бұл орайда Балқы Базар, Кете Жүсіп, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Майлы қожа, Мәдалы молда, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Кенже қожа, Мұсабек Байзақов сияқты т.б. қазақ халық ақындарының есімін қуанышпен тілге аламыз.

Сондай-ақ, Молда Мұса, Ораз молда, Молла Мәнһиди Майликеңти, Мәдәлі молда, Жүсіп қожа, Кенже қожа, Нұралы ақын сияқты т.б. Қаратау өңірі мен Сыр жағалауын мекен еткен ақындарының шығармаларына көңіл көзін қадасақ та, олардан Шығыс Шайырларының, оның ішінде ұлы ақын Әлішер Науаи шығармашылығының әсерлерін байқау оншалық қиын емес.

Не шара!? Күні кешеге дейін, яғни 73 жасап келмеске кеткен Кеңес өкіметі кезінде, ескі парсы-түркі тілінің әсерімен жазылған көптеген қазақ ақындарының шығармаларына мән бермей, көңіл бөлмей оларды қағажу қалдырып келген болатынбыз. Олардың көбі өз шығармаларын жазып шығарғандықтан *“Шайыр”* деп қарап, XX ғасыр Қазан төңкерісіне дейін, күні кешегі тоталитарлық дәуірде оларды діни ұғыммен байланыстыра назар аударып, оларды бір шетке ығыстырып қойдық.

Ал, шынтуайтына келгенде *“Шайыр”* сөзі орыс тіліндегі *“Поэт”* деген сөзбен туысып, іштей астасып жатады емес пе!?. Қазақ ұғымы бойынша *“Шайырға”* тек өз жанынан жазып шығарған, өз өлеңдерін хатқа түсірген ақындарды ғана айтайтын болатын. Ал *“Ақын”* деп, өз өлеңдерін хатқа түсірмей, қолма-қол, табан астында өз жанынан шығарып, домбырамен қосып айтқан ақындарға айтылған сөз болатын. Оның үстіне, халқымыз арасында *“Жыршы”, “Жырау”* деген сөздер де баршылық.

“**Жыршы**”, негізінен, өз жанынан шығарып та айтатын, басқа ақындардың жанынан шығарған қисса-дастандарын жаттап алып айтушыларды айтқан. Ал енді “**Жырау**” деп, “**Жырлашы**“, “**Жырлап жіберші**“ деген сөзден шыққан болып, ол тек қана біреулердің шығарған өлең-термелерін, қисса-дастандарын ғана жат алып, жиылған жұртшылық алдында, қолына домбыра алып айтушыларға айтылған.

Дегенмен мұның бәрі де өнер адамдары, өнер саңлақтары. Ал өзбектер де “**Шайыр**” сөзі күні бүгін қолданылып жүрген қазақ халқының “**Ақын**”, орыс халқының “**Поэт**“ деген сөзінің мағынасын береді.

Бұл ретте күні бүгінге дейін халқымыз арасында оншалық таныс бола бермеген, тәп-тәуір қазақ ақыны болған Молла Манһиди Майликентидің (1868-1924) 1917 жылы тұңғыш рет Ташкентте басылған “**Тухва Жумхурият**” (“Республикаға сый”) атты шығармалар жинағына назар аударсақ, біраз мәселенің мәні ашыла түспек. Мәселен ол өзі жайлы айта келіп: “*Бар еді құдай берген аз шайырлық*” (28-бет) деп, өзін ақын ретінде таныта түседі.

Рас, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде жасаған қазақ ақындары, оның ішінде Жетісу өңірінде жасаған ақындар мен Сыр сүлейлері, қолдарына домбыра алып, халық алдында, жиылған жұртшылық ортасында Шығыс шайырлары тамсана жырлаған “**Ләйлі-Мәжнүн**”, “**Фархад-Шырын**”, “**Тотынама**”, “**Жүсіп-Зылиқа**”, “**Шаһнама**”, “**Рүстем дастан**”, “**Ескендір**”, “**Сал-сал**”, “**Зархум**”, “**Тахир - Зұхра**” секілді т.б. дастандарды кеңінен жырлап, қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдырған.

Әсіресе, Фирдауси, Науаи, Низами, Физули шығармаларынан үлгі-өнеге алып, оларды өздеріне ұлағатты ұстаз ретінде танып, олардың шығармаларын жаңғырта жырлап отырған.

Сөйтіп, Шығыс шайырлары жырлаған дастандар негізінде өздері де дастандар шығарып, толғаулар жазып, тұңғыш рет қазақ әдебиеті тарихында Шығыс тақырыбын жырлау мәселесіне ден қоя бастайды. Шығыстың жыр дүлдүлдерінің есімін ерекше құрметпен тілге алып, олардың шығармаларынан рухани нәр алғандығын жан-жақты аңғарта түседі.

Сондықтан да Майлы қожа Сұлтан қожа ұлы өзінің “**Толғау**” атты өлеңінде:

Өзбектен өткен Науаи,
Тілдің кәусар гүлі еді.
Парсыдан өткен Фердауси,
Заманында дүр еді.

десе, тағы бір ойлы да отты өлең жолдарында;

Фердауси өтті дүниеден,
Тілдің кәусар гүлі боп.
Онан кейін Науаи —
Басқа адаммен тең емес,
Салыстырсаң кем емес,

Ізі қалды жырының. —

деп, ұлы тұлға Әлішер Науаидың ақындық кемеңгерлігін терең танып, оны өзінің өлең жолдарында қуана тілге алып, ақын талантына бас иіп, тәнті болады.

Оның үстіне, Сыр сүлейлерінің бірі Кенже қожа Құлмырзаев та өзінің “*Ақындар*” атты жыр толғауында Шығыс шайырларын ерекше ыстық ілтипатпен тілге ала келіп, Әлішер Науаи мен Физули талантына ерекше құрметпен көңіл аударады. Мәселен ол;

*Әуелгі шайыр Фердауси,
Артына назым тастаған.
Науаи менен Физули —
Өзгеден озған пешқадам.*

деп, олардың ақындық арынын айрықша жоғары бағалайды.

Сөз орайы келгенде тағы бір айта кетерлік жәйт, Әлішер Науаи өзінің ғашықтық, сүйіспеншілік лирикаларында *сұлу қыздардың қасын — садаққа, еріндерін — қызғалдаққа, аузын — оймаққа, кірпігін — жайдың оғына, шашын — сүмбілге, жүрегін — қорамсаққа, тісін — дүрге* балап, жыр жолдарына қосқан болса, Сыр бойының сүлейлері де, оның ішінде, ақын Шәді төре Жәңгіров те Әлішер Науаи ізімен солай жырлағандығын байқау, оншалық қиын емес. Мәселен ол:

*Қасы – жай, шашы – сүмбіл, аузы – ғұнша,
Нәзіктік-түзіктікте, белі – қылыш.
Сымдай тән, нәзік бәдан, шірін забан,
Жүзінің зипалдығы – қызыл гүлше, –*

дейді де, одан әрі:

*Тісі – дүр, аузы – ғұнша, көзі – нәркес,
Жүзі – гүл, шашы – сүмбіл, қиылған қас.
Белі – қыл, лебізі – бұлбұл, мұрны – пісте,
Дүниеде еш адам жоқ бұған ұқсас.*

десе, тағы бір өлең жолдарында:

*Қараса ұйықтап жатыр бір сұлу қыз,
Қасы – ай, кірпігі – оқ, шашы – құндыз.
Жүзінен нұры шығып шұғлаланған,
Ай мысал он төртінші яки жұлдыз.*

деп, Әлішер Науаи жырлағандай тамаша теңеулермен, образды сөздермен өз өлеңдерін өрнектей түседі.

Оның үстіне, Шәді төре Жәңгіров өзбек жазба әдебиетінің негізін салған, тарлан ақын Әлішер Науаидың лирикалық шығармаларынан, ғашықтық жырларынан мол өнеге алып, оны өзіне рухани ұстаз тұтынған десек, ол артық айтқандық бола қоймас деген ойдамыз.

Тіптен, белгілі ақын Әріп Тәңірбергенова те (1856-1924) өзінің 1884 жылы жазған өлең жолдарының бірінде;

Інжуден отыз тісі, ерні – лағыл,

Ақ тамақ, алтын иек мойындары.

деп, қыздың көзін гауһарға, *тісін – інжуге, ернін – лағылға, кірпігін – жаңа туған айға* теңесе, тағы бір өлең жолдарында, бұл ойын одан әрі тереңдете түседі. Мәселен ол;

*Қасың – міт, ернің – әмзә, сәкін – көзің,
Үтірдей бармағыңыз, шәрбат сөзің.
Тәштит пен таһигаңды таба алмадым,
Таныстай кез келесің қайдан өзің.*

деп, аса тамаша терең түйіндеулер жасайды.

Оның үстіне Әріп Тәңірбергенов өзінің 1884 жылы жазған **«Зияда – Шаһмұрат»** аса көлемді қиссасында Зияда қыздың әсем келбетін, сұлу көркін жан-жақты сипаттай келіп, *«Бұраң бел, ерні – ақық, көзі – гауһар»* десе, одан әрі қыз сипатын жандандыра түсіп; *«Хорлының жаннан асқан аршы төсі, алтын иек, інжу басы»* – деп те жыр жолдарына қосады.

Ақынның бұл қисса-дастаны 1890-1912 жылдар аралығында Қазан қаласында төрт рет басылып шығады. Сондай-ақ оның **«Қисса Қожа Ғафан»**, **«Қисса Таһир»**, **«Қисса Баһром»** сияқты қисса-дастандарында да Шығыс ақындарының, оның ішінде Әлішер Науаи шығармаларының игі-ықпалын анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Бұл, әрине, қазақ ақындарының, оның ішінде Сыр сүлейлерінің Әлішер Науаи шығармаларынан рухани нәр алып, оны өздерінің ұлағатты ұстазы ретінде таныған деуге болады. Мәселен; Әріп Тәңірбергенов өз өлең жолдарында Әлішер Науаи дастандарында кең көрініс тапқан қаһармандарының есімінде өз өлең жолдарында жиі-жиі тілге алады. Мәселен ол:

*Бұлардың зар тарқаны Ләйлі – Мәжнүн,
Ізденіп ақырында мансап қонған.
Зияда, Хорлы Ғайын, Фарход – Шырын,
Бұл күнде хабарым бар сондай жолдан.*

деп, Шығыс шайырларының шығармаларынан хабардар екендігінде жасырмай, ашықтан-ашық тілге алады.

Жасыратыны жоқ, кемеңгер ақын Әлішер Науаи өзінің **“Хамсасының”** бірінші дастанын 1483 жылы **“Хайратул-аброр”**, яғни **“Жақсы адамдардың қайраттануы”** шығармасын жазған болса, 1484 жылы **“Фархад – Шырын”**, **“Ләйлі – Мәжнүн”**, **“Сабағый сайер”** (“Жеті кезбе”), 1485 жылы **“Садди Искандарий”** (“Ескендір қорғаны”) сияқты дастандары мен тамаша ғазелдерін жазу мүмкіндігіне ие болған.

Ал, 1488-1500 жылдар аралығында бір жөн ғылыми зерттеу еңбектер мен тарихи шығармалар да жазады. Бұл шығармалары да өзбек әдебиеті мен мәдениетінде ғана емес, әлем әдебиеті деңгейінде ерен орын иелейтін құнды да құнарлы дүниелер. Өйткені, кемеңгер қаламгердің **“Тарихи мулки ажам”**, (“Ажам хандарының тарихы”), **“Холоти Сайид Хасан Ардашер”**, **“Рисолаи муаммо”**, **“Сирож-ул-Мусилимин”** (“Мұсылмандық нұры”), **“Мухокаматул –**

лугатайн” (“Екі тілдің таласы”) *“Мезонул – авзон”* (“Өлең өлшемі”), *“Назм-ул-Жавохир”* (“Тауһарлар тізбегі”) секілді т.б. ғылыми зерттеу еңбектері күні бүгінге дейін өзінің ғылыми мәнін жоғалтқан емес.

Міне, бұлардың бәрі ұлы ақынның кемеңгерлік тұлғасын, ұлылық сипаттарын одан әрі биіктете түсетін соны туындылары десек орынды болады.

Қорыта айтқанда, өмірге 1441 жылдың 9-ақпанында келіп, 1501 жылдың 3-қаңтары күні Герат қаласында 60 жасында дүниеден өткен Әлішер Науаи, қазақ оқырмандарының да сүйіп оқитын ұлы ақындарының бірі болумен бірге, қазақ ақындарының да одан игі нәр алған ұлы тұлғаларының бірегейі деуге болады.

Өйткені оны Сыр сүлейлері мен Жетісу өңірінің жыр дүлдүлдері өздерінің ылғида ұстазы ретінде танып, оның шығармаларынан рухани нәр алумен бірге қазақ жазба әдебиетінің ұлы тұлғалары да Әлішер Науаиды өздеріне ұлағатты ұстаз ретінде танып, оның шығармаларынан нәр ала түскен.

Бірақ, ұлы ақынның шығармалары тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып, қазақ халқының рухани игілігіне айналуы ХХ ғасырдың 40-жылдарының соңына тура келеді деуге болады.

Мәселен, ғұлама ақынның *“Таңдамалы өлеңдер”* жинағы тұңғыш рет *“Әлішер Науаи”* деген атпен 1948 жылы, оның 500 жылдығына орай Алматыда жарық көрген болатын. Онда, ақынның бір жөн ғазелдері мен лирикалық туындылары, кейбір дастандарынан, сондай-ақ *“Фархад – Шырын”* дастанынан үзінділер жарияланған болса, оның *“Алғы сөзін”* академик Мұхтар Омархан ұлы Әуезов жазған болатын.

Соңыра, ұлы ақынның бес дастаннан тұратын *“Хамсасынан”, “Ескендір қорғаны”* атты дастанын, 1980 жылы аса талантты ақын Несіпбек Айытов аудармасын да қазақ оқырмандары үлкен сүйіспеншілік пен қуана қарсы алды.

Оның үстіне, 1968 жылы ұлы ақынның 525 жылдық мерей тойы Қазақстан Республикасы көлемінде кеңінен атап өтілді. Нәтижеде, газет-журналдарда ақын туралы бір жөн мақалалар, шығармаларынан үзінділер аударылып басылып, оның биік тұлғасы, ақындық әлемі жан-жақты ашыла түсіп, ол барынша асқақтай бастады. Тіптен, “Қазақ әдебиеті” газетінің 40-санында арнайы бет беріліп, онда филология ғылымының кандидаттары - Әбіхас Тәжімұратовтың *“Шығыстың жарық жұлдызы”*, Көбей Сейдахановтың *«Әлішердің “Хамсасы”* атты мақалалары мен ғазелдерінен үзінділер аударылып басылған болатын.

Сол сияқты, ақын өлеңдерін қазақ жұртшылығына жеткізуде Әбділдә Тәжібаев, Қалижан Бекхожин, Өтебай Тұрманжанов, Қуандық Шаңғытбаев, Жақан Сыздықов, Ғафу Қайырбеков, Сағи Жиенбаев, Қадыр Мырзалиев, Қайрат Жұмағалиев сияқты т.б. ақындардың еңбегі ерекше екендігін тілге алған жөн.

Әрі кемеңгер ақын жайлы академик Мұхтар Әуезов *“Әлішер Науаи”*, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Исмаилов *«Науаи және қазақ әдебиеті»*, Рахманқұл Бердібаев *«Әлішер Науаи»*, Ысқақ Дүйсенбаев, Сағынғали Сейітов секілді т.б. ғұлама ғалымдардың бір жөн мақалалары мен Өтеген Күмісбаевтің

“Шығыс шайырлары”, осы жолдар иесінің **“Мір Әлішер - асыл сөздің пірі”**, **“Науаи және қазақ әдебиеті”**, **“Асыл сөздің атасы”** сияқты т.б. қазақ ғалымдары тарапынан жазылған бір жөн мақалаларды еске аламыз.

Солай екен, ұлы ақын Әлішер Науаидың тұлғасы, кемеңгерлігі, оның өміршең әдеби мұралары жылдар өткен сайын қазақ халқының да рухани игілігіне, мәдени байлығына айналып, оның ұлылығы, дархандығы айқындала бермек.

Сол үшін де ақынның 500, 525, 530, 540, 550, 560 жылдықтары да қазақ елінде үлкен серпіліспен атап өтілуінің өзі қазақ халқының ұлы кемеңгерге деген сүйіспеншілігі болса, екіншіден бұл туысқан өзбек халқына деген ыстық ықылас пен туысқандық ілтипатының жемісі деуге болады.

Міне бұл - қазақ, өзбек халықтары арасындағы достық байланыс пен туысқандық мейірдің, мызғымас бірліктің өзара арта түсуінде өзінің игі ықпалдарын дамытып, бірден-бір нәрлі тыныс боларында дау жоқ.

НАУАИ ЖӘНЕ АБАЙ

Абай Құнанбаев XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, ұлы тұлғасы. Ол қазақ әдебиеті тарихында қазақ жазба әдебиетінің негізін салумен бірге, сыншыл реализмнің де негізін қалаған кемеңгер ақын.

Оның ұлы ақын, тамаша философ, кемел аудармашы, композитор, ірі қоғам қайраткері болып жетілуінің бірден-бір сыры, академик Омархан ұлы Әуезов берген мәліметіне қарғанда, ол үш мектептің қайнар көзінен, нәрлі бұлағынан сусындап, әлем әдебиеті қазынасына өзінің мол үлесін қоса алды. Біріншіден - ол, туған әдебиетінің бал бұлақтарынан нәр алған болса, екіншіден - Шығыс классиктерінің мол мұраларынан, үшіншіден - орыс және Батыс Еуропа әдебиетінің таңдаулы шығармаларынан сусындағандығын байқаймыз.

Ия, жасыратыны жоқ, күні кешегі, XX ғасырдағы қызыл империяның негізгі тұтқасы болған дәуірде Абай нәр алған мектептер ішінде *“Орыс әдебиетінің ықпалы басымдау, молдау”* болды деген ой түйінді жиі-жиі айтып келген болатынбыз. Шынтуайтына келгенде, оның айрықша нәр алған балбұлақтары - Шығыс әдебиетінде жатқандығын байқау оншалық қиын емес.

Әрине, бұдан біз Абайдың шын мәніндегі ұлы тұлға болып жетілуінде орыс әдебиетінің де бір жөн ықпалы болғандығын түгелдей жоққа шығармақ емеспіз. Бірақ, Абайдың Абай дәрежесіне көтерілуінде Шығыс шайырларының ықпалы басым екіндігі анық аңғарылды. Мәселен, ақынның өз қолымен жазған 45 қара сөздеріне байыппен үңілер болсақ, оған анық қаныға түсеміз. Тіптен, Абай, 1859 жылы 14 жасында жазған өлеңінің өзінде де:

*Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,*

*Хожа Хафиз — бу - ҳаммаси,
Мәдет бер, я шағри фәрияд,—*

деп, Шығыстың ұлы шайырларын айрықша құрметпен тілге алып, олардан шалқар шабыт жолында медет сұрап, оларды ерекше қадір-құрмет тұтқан болса, Абайдың шәкірті болған небере інісі Шәкәрім Құдайбердиев те өзінің 1907 жылы жазған **“Ләйлі - Мәжнүн”** дастанының “Кіріспе”сінде:

*Науаи, Сағди, Шамси, Физули бар,
Сайқали, Қожа Хафиз, Фирдаусилар.
Бәйітші елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздің нұрын жайған солар.*

деп, Абай дәстүрін одан әрі жалғастыра түседі.

Бұл жолдар ақынның Шығыс шайырларының шығармашылығынан жастайынан-ақ мол хабары бар екіндігін анық аңғартумен бірге, оның үлкен зейіні мен пайым-парасатының аса биіктігін де байқатады.

Оның үстіне бұл, Абай өмірінің соңғы сәттеріне дейін кең өріс алған негізгі кредосы болды десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Өйткені ол, ер жетіп есейген шағында да, әбден ақын болып айырықша танылған кезінде де, ылғида Шығыс шайырларына, оның ішінде Физули, Науаи, Низами, Фирдауси, Хожа Хафиз, Бедил, Бабыр еңбектеріне жиі-жиі соғып отырады.

Рас, Абай Құнанбайдың 41 жасында көрген аса талантты, шоқтығы биік перзенті. Ал Құнанбай, негізінен, төрт әйелді болған. Оның үлкен, қыздай алған әйелі - Күнкеден Құдайберді өмірге келсе, екінші әйелі - Ұлжаннан төрт ұл дүниеге келеді. Ол інісі Құтмағамбетке айттырылған қалыңдығы болыпты. Інісі өлгеннен соң Құнанбай оны өз әмеңгері ретінде алады да, одан Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан деген төрт ұл өмірге келеді. Сондықтан да ақын өз өлең жолдарында:

*Атадан алтау, анадан төртеу,
Жетімдік көрер жайым жоқ.*

деген болатын.

Ал, Құнанбайдың үшінші әйелі - Айғыздан Халилолла, Ысмағұл деген перзенттер көрсе, төртінші әйелі - Нұрғанымнан перзент көрмеген.

Міне, осы Құнанбайдың алты баласының ішінде Абай жастайынан-ақ аса зерек, ерекше ұқыпты, алғыр ойлы, тым зейінді болып өседі. Өйткені ол, Семейдегі Ғабдулжапбар, соңыра Ахмет Риза медресесінде небәрі үш-ақ жыл оқып, олардан дәріс алып, өзінің алғыр ойлылығын айрықша таныта бастайды, әрі ол оқуының соңғы кезеңінде ғана орысша дәріс алады.

Міне, Абайдың бар алған білімі, сауат ашқан оқуы осы ғана. Табиғатында аса зерек боп өмірге келген Абай, өмірдің алуан сырларына тереңірек үңіліп, өмірде, қоғамда болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктерге ой көзімен қарайды. Өзінше ізденіп, көп оқып, ойша көп тоқиды.

Сондықтан да туысқан өзбек халқында; **“Өмірден алмаса тәлім, үйрете алмас ешбір мұғалім”** деген қанатты сөз бар.

Сондай-ақ Абай да, қазақ қоғамында болып жатқан күрес-тартыстардың негізгі сырларына тереңірек үңіле отырып, зорлық-зомбылықтарды, әппербақандықтарды, алауыздықты өз көзімен көріп, біліп, оны зерек жүреппен сезінеді. Өмірдегі ұсқынсыз іс-әрекеттерден, жер дауы, жесір дауы, әмеңгерлік мәселерінен қатты налиды.

Абай тек налып қана қоймастан, онымен тікелей күреседі. Феодалдық қоғамның зорлық-зомбылығына тікелей қарсы тұрып, әділеттілік пен адалдықты арман етеді. Халықты солай қарай жұмылдыра түсуге бет бұрады. Бірақ, сауатсыз халық оншалық оның жетегіне ере де қоймайды. Сондықтан да ол; *«Есіл сөзім қор болдау, Тобықтының езіне»* - деп, қатты налиды да.

Міне, сөйтіп, жастайынан- ақ айрықша зейінді, ойлы боп өмірге келген Абай, араб, парсы, ескі өзбек (шағатай тілі) тілінде өмірге келген Шығыс шайырлары еңбектерімен кеңірек танысып, олардан рухани нәр алады.

Әсіресе өзіне Әлішер Науаиды ұлағатты ұстаз ретінде танып, оның шығармаларынан ерекше нәр ала бастайды. Сондықтан да, әсіресе Науаи мен Абай арасындағы әдеби байланыстардың терең сырларын жан-жақты аңғарған ғұлама ғалым, академик Мұхтар Омархан ұлы Әуезов: *“Оған тілдері түсінікті болған соң Низами, Науаи көп әсер етті”* - дей келе, одан әрі: *“... Өзіне ең жақын ұстаз етіп классик Науаи шығармаларынан үлгі іздейді”*—деген ойды алға тартады.

Ия, бұл - түгелдей шындық. Оны біз Әлішер Науаи мен Абайдың кейбір шығармаларын өзара салыстыра назар аударсақ, анық аңғара түсеміз.

Рас, Әлішер Науаи мен Абай екі түрлі дәуіріде, екі түрлі тарихи-әлеуметтік, саяси жағдайда, яғни бірі - Орта ғасыр мәдениетінің әбден гүлденген кезі – XV ғасырда, қолөнершілер ортасында, қалада жасаса, екінші - Абай XIX ғасырдың екінші жартысында, мидай жазық шөлді мекенде, қазақ сахарасында дүниеге келіп, сонда жасады.

Солай бола тұрса да, олардың өмір жолдары мен шығармашылығында өзара ұқсастық пен үндестік, сарындастық сипаттар аса молынан кездеседі. Біріншіден, олардың өмір жолдарындағы ұқсастықтарға назар аударар болсақ, онда өзінің сыныптас досы Құсайын Байқараның тікелей бұйрығымен Әлішер Науаи Астрабад әкімі болғаны сияқты, Абай да он үш-он төрт жасында әкесі Құнанбайдың қолдап-қуаттауымен біраз уақыт болыс болып, ел басқарады, елді билейді.

Екеуі де үстем тап иелерінің озбырлығына, әділетсіздігіне шыдай алмай, оларға тікелей қарсы шығып, ылғида қарапайым халық жағында болады. Өз өлеңдерінде адамдықты, адалдық пен пәктікті, теңдікті биікке көтере жырлап, зорлық-зомбылықты, әппербақандықты, әділетсіздіктерді сын астына алады.

Әрі, Әлішер Науаи сияқты Абай Құнанбаев та ел арасындағы теңсіздік пен әділетсіздікті, зорлық-зомбылықты, қиянатты, әппербақандықты, келеңсіздіктерді өз көзімен көргеннен соң, соңында ел басқару ісінен бас тартады.

Нәтижеде, Әлішер Науаи мен Абай Құнанбаев әділет пен адамгершілікті, пәк сезім мен таза махаббатты, адалдықты, азаматтықты өз шығармаларында дәріптеп, барлық ой түйіндерін ақ қағазға түсіруді басты мақсат етеді. Жауыздыққа, зорлық-зомбылыққа тікелей қарсы шығып, достық пен ынтымақ, бірлікке, теңдікке айрықша мән береді. Жастарды білімге тікелей шарлай отырып, оқып, үйренуге үндейді.

Әрі өмір, қоғам жайлы кең толғана отырып, ақындық, өнер туралы да, оны орындаушылар жөнінде де өз пікірлерін ашық айтып отырады. Жалпы өнерге үлкен баға береді. Екіншіден, Әлішер Науаи өзінің сыныптас досы, құрдасы Құсайын Байқараның ел басқару ісіндегі әділетсіздіктеріне тікелей қарсы шығып, оны ылғида адамгершілікке, адалдыққа, әділетке баулып, үндеп отырса, Абай Құнанбаев та өз әкесінің озбырлығына, зорлық-зомбылығына, әрі сол тұстағы болыс-билердің әділетсіздіктеріне тікелей қарсы шығады. Оларды өз өлең жолдарында тікелей мінеп, сынап, ылғида әділетті, ынсапты болуға үндеп отырады. Оны біз ақынның 1889 жылы жазған *“Болыс болдым мінекей”* (*“Күлембайға”*) өлеңінен анық аңғарамыз. Мәселен ақын:

*Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе- дағы елімді,
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе жүрегім,
Орнықпайды суылдап.*

деп, ұлы ақын өз дәуірінің шындығын шынайы аша түседі.

Сөйтіп, Абай Құнанбаев, қазақ қоғамында белең алған әділетсіздіктен, теңсіздіктен налып, жаңа да жарқын болашақты армандайды. Қазақ жұртшылығында әділетті қоғам орнауын аңсап, армандайды.

Нәтижеде, Абай Құнанбаев та ұлы ақын Әлішер Науаи көтерген адалдық пен адамгершілікті, әділет пен пәктікті, тым таза мөлдір махаббатты барынша дәріптейді.

Бұл орайда белгілі әдебиет сыншысы В.Г.Белинскийдің: *“Ұлы ақындардың басқа ақындарға тигізетін әсері, сол ақын поэзиясының басқа ақын поэзиясында көрінуінде ғана емес, қайта сол ақын бойындағы қуатын кең өріс алдыруында”*,—деген болатын.

Солай екен, Низами, Науаи, Физули шығармаларын үзбей оқып, олардан рухани нәр алған Абай Құнанбаев, өз бойындағы ақындық қуатын, шалқар

шабытын кең өріс алдыра түсіп, қазақ поэзиясының сұлтанына, шұғылалы шыңына айналды.

Дегенмен де, күні бүгінге дейін Әлішер Науаи мен Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы сарындас сипаттар мен үндестік сырларын терең танып, оны жан-жақты ғылыми тұрғыдан үйрене алмай жүрміз. Әрі екі ақын шығармашылық жолдарының ішкі мәндеріне терең үңіле алмай келеміз.

Солай екен, екі ұлы тұлғаның шығармашылық жолдарындағы үндестік, сарындастық сипаттардың мәніне жан-жақты назар аудара отырып, олардың дүние-танымындағы ұқсастық сырларын, қоғамдық өмірге деген көзқарастарын ғылыми тұрғыдан зерттеп, ғылым сарабына салу - бүгінгі әдебиет зерттеушілерінің, философтардың басты мәселесі болуы керек-ақ.

Біз де солардың кейбір жәйіттеріне ғана тоқталып, өз ойымызды ортаға салуды басты мақсат еттік. Мәселен: Ұлы ақын Әлішер Науаидың бейнелеу теориясы *“Ақси - Жуһан”* жайлы болған көзқарасы мен Абай Құнанбаевтың дәл осы мәселе жөніндегі ой түйіндерінде бір жөн ұқсастықтар мен өзіндік ерекшеліктері өз алдына сөз боларлақ - бір төбе, қадау-қадау мәселелер.

Өйткені Әлішер Науаи қоғамдық өмірдегі бес сезім мүшесінің ролін ерекше бағалап хауасқа (*“Харенки захир булбул беи Хауас-Хамса”*) айрықша мән бере қарған болса, Абай өзінің 38-қара сөзінде *“Хауас хамса заһари”* деп үлкен ой түйеді. Өзінің өлең жолдарының бірінде мәселен Абай:

Ақыл хауас барлығын,

Білімейдүр жүрек сезедүр —

деп, көп жағдайда адам жүрегі кейбір нәрселерді, оқыс оқиғаларды алдын ала сезетіндігін ескертеді.

Егер, екі ақынның ой толғаныстарына тереңірек көңіл бөлер болсақ, онда Науаи мен Абай таным мәселесін бір мағынада, яғни адам баласының ішкі, сыртқы сезімдерінің жиынтығы ретінде бағалайтындығын байқау оншалық қиын емес.

Сондықтан да белгілі ғалым, ұлағатты ұстазым Мекемтас Мырзахметов осы мәселе төңірегінде ой жүгірте келіп: *“Дүниетаным туралы мәселеде Хауастың орны өзгеше екендігіне екі ойшыл ерекше мән береді”*- деп, терең байлам жасайды.

Расында да, Әлішер Науаи ақылды, ойлауды - шындықты білудің негізгі мөлшер-өлшемі ретінде анық айтса, Абай Құнанбаев та бұл мәселеге осы тұрғыдан көңіл аударады. Сол үшін де ақын Абай Құнанбаевта:

Ақыл - мизан, өлшеу қыл...

Ақыл сенбей сенбеңіз,

Бір іске кез келсеңіз. —

деп, барлық мәселеге ақыл көзімен ой бөліп, ақыл сенгенде ғана соған сене біліңіз деген ойды алға тартады.

Тағы бір айта кетерлік жәйт, Мұхтар Әуезов берген мәліметіне қарғанда, Абай өзінің үлкен ұлы Ақылбайға кемеңгер ақын Әлішер Науаидың *“Сабъай*

Сайер” (“*Жеті кезбе*”) дастаны негізінде “*Жаррақ*” атты дастан жазуды тапсырумен бірге, өз немерелерінің бірінің есімін Бабыр қоюының өзі оның өзбек әдебиетіне, туысқан өзбек халқының ұлы саңлақтарына деген ыстық ілтипаты мен айырықша құрметінің жемісі деуге болады.

Бірақ, Ақылбай “*Жаррақ*” атты дастанды жазды ма, жоқ әлде жазбады ма, ол жайлы күні бүгінге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында бірде-бір мәлімет жоқ. Оны ғылыми тұрғыдан мұқият зерттеп, ғылым сарабына салу да алдағы абзал міндеттердің бірі.

Ұлы ақын Әлішер Науаи өзінің “*Чар диуан*” атты лирикалық туындысында адам өмірін “*Балалық*”, “*Жігіттік*”, “*Орта жастық*”, “*Кәрілік*” деп төрт кезеңге бөліп, оның әрбір кезеңі жайлы өз ойын жан-жақты білдірсе, Абай Құнанбаев оның тек “*Жігіттік*” кезеңіне ғана айрықша мән беріп, ол жайлы өз ойын ортаға салады.

Оның үстіне, Әлішер Науаидың кейбір ғазелдері мен лирикалық шығармаларында көрініс тапқан ой-түйдектері, көтерген көкейкесті мәселелері Абай Құнанбаев шығармаларында да өз көрінісін тапқан. Оны біз Абайдың “*Йузи раушан*”, “*Көзімнің қарасы*”, “*Адамның кейбір кездері*” секілді т.б. өлеңдерінен байқау мүмкіндігіне ие боламыз. Міне, олар Әлішер Науаидың “*Хазайин-ул-моаний*”, яғни “*Мағыналар қазынасы*” атты еңбегіндегі көңіл-күй лирикасымен үндесіп, сарындасып кетеді. Мәселен Әлішер Науаи өз лирикасында:

*Эй, киприги нечун кузи хунхор,
Жонимни нега қилурсан афгар,
Лаълинг ғамидин кунгилда эрди,
Хор қонки, сиришим этди изхор.*

*Хайхотки, қадринг игиндур,
Жонимда алам, танымда озор.
Юзингни куриб мени рамида,
Ииқ утига булгач гирифтор, —*

десе, Абай Құнанбаев өзінің “*Йузи-раушан, көзі-ғауһар*” өлеңінде:

*Йузи — раушан, көзі - ғауһар,
Лағилдек бет ииқ әхмәр.
Тамғы қардан әм биһтар,
Қашың құдрәт қоли шига,
Өзиң гузәлләра раһбар.
Сәңә ғашық болып кәмтар,
Сұлайман, Ямиид, Искандар,
Ала алмас барша мулкига.—*

дейді.

Шындығында да Абай Құнанбаев Шығыс шайырларына жас шағында аз ізденіп, арзан еліктеумен барған болса, ол кейін келе-келе, кең тынысты кемел

ақын болған шағында да, оқта-текте болса да қайта соғып, оларға сын көзімен қарап, өзінше түйіндеулер, пайымдаулар, байламдар жасағандығын да байқаймыз.

Әлішер Науаи ұлы адамгершілік пен шын мәніндегі адамилықты аса жоғары бағалап “*Одамий эрсанг демагил адами, Ониким йуқ халқ ғамидин ғами*” десе, Абай Құнанбаев та “*Атаның баласы болма, адамның баласы бол*” деген тамаша идеяны алға тартады.

Сондай-ақ, Әлішер Науаи “*Одамларда одамлар бор, одамларнинг нақшидур, одамларда одамлар бор, хайвон ундан яхиидур*”— десе, Абай Құнанбаев та “*Адамның адамы бар, наданы бар*” деп, ұлы адамдықты, адалдықты барлық нәрседен биік қоя біледі.

Оның үстіне Әлішер Науаи “*Өмірді босқа өткізбе, еңбек ет*” дей келіп, “*Умрини зайъе этма, мехнат қил, Мехнатни саодатининг калиди бил*”,— дей отырып, онан соң:

*Ахли маъни ғрухта зинхор,
Ҳеч ор айлама ғадوليғдин.
Ким буларга ортиқдур,—
Аҳли суртаға подшолиғдин.*

деп, еңбектің адам өмірінде алатын орны мен мәнін аша үн қатса, Абай Құнанбаев та өз өлеңдерінің бірінде:

*Сақалын сатқан кәріден,
Ақылын сатқан бала артық.
Арын сатқан патшадан,
Еңбегін сатқан құл артық.—*

дей отырып, адал еңбектің, шынайы пешене тердің мәні мен мазмұнын аса биікке көтере түседі.

Сөйтіп, екі ақынның екеуі де адал еңбек, пешене тер адам баласын ер атандыратындығын өте әдемі жеткізумен бірге, оларды қарапайым-дылыққа, адалдыққа баули түседі.

Сондай-ақ, Әлішер Науаи өзінің “*Хайратул-аброр*” (“*Жақсы жандардың қайраттануы*”) еңбегінде өлең сөздің мазмұны мен пішініне айрықша мән бере келіп:

*Назмда ҳам анга маъни дурур,
Бўлсин анинг сурати ҳар не дурур.
Назмки маъни анга марғуб эмас,
Назмни ҳам сурат эрур хуш анга.
Заинда маъни доғи дилкуш анга,*

десе, Абай Құнанбаев та өзінің “*Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы*” атты өлеңінде, өлеңнің мазмұнын алтынға, сыртын күміске балайды.

Мәселен Абай:

*Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.*

*Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп - тегіс жұмыр келсін айналасы, –*

дейді.

Тіптен Әлішер Науаи өзінің “**Фархад – Шырын**” дастанында қыс көрінісіне жан бітіре, жандандыра суреттей келіп;

*Совурда чун шажар баргини сар-сар,
Су(в)нинг сиймобини дай қилди мар-мар.
Ҳаво доғи булутдин кийди синжоб,
Булут доғи хавога сочди сийоб.*

десе, Абай Құнанбаев та өзінің “**Қыс**” атты өлеңінде табиғат тылсымына жан бітіріп, жандандыра суреттейді. Мәселен ақын:

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық.
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдан қыс келіп, әлек салды.*

дейді.

Міне, мұндай екі ғұлама ақын өлеңдеріндегі сарындас сипаттар мен ұқсастық сырлары, үндестіктерді көптен келтіріп, одан әрі кеңірек талдаулар жасауға болады.

Тіптен, жастық шағынан бастап-ақ Шығыс шайырларына ерекше еліктеген Абай Құнанбаев өзінің 1856 жылы жазған “**Әлифби**” атты өлеңінде:

*Әлифдек ай йүзіңе гибрат еттім,
Би – Балай дәртіңа нисбат еттім.
Ти – Тілімнән шығарып түрлі әбиат,
Си – Сәнаи мәдхіңа хұрмәт еттім.
Жем – Жамалың қандай ақ рузи маған
Ха – Халлалық таппадым, жаным, сәнан.
Хи – Халайық мен емес, бәрі ынтизар,
Дәл – Дариға гишық оты бермес аман –*

деп, парсы, өзбек сөздерін араластыра, Шығыс шайырлары өлең өрнектеріндей құбылта, өлең жолдарын өрнектей түседі. Дегенмен, Абай Құнанбаевтың Шығысқа қатысы, оның ішінде Низами, Науаи, Физули, Бабыр, Беділ шығармаларынан руахани нәр алып, оларды өзіне рухани ұстаз тұтынуы, оның өмірінің соңғы кездеріне дейін кең өріс ала түскендігін ашық айтқан жөн.

Міне, бұларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, үйреніп, ғылым сарабына салу да бүгінгі таңдағы қазақ, өзбек әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Біз соның кейбір сәттеріне ғана мән беріп, кейбір қадау-қадау мәселелері төңірегінде ғана ой айту мүмкіндігіне ие болдық. Бұл өзбек, қазақ

әдебиетшілерінің алдында тұрған кезектегі мәселердің бірі ғана емес, бірегейі дей аламыз.

Ал енді, Абай Құнанбаевтың туысқан өзбек топырағына кіріп келу мәселесіне келер болсақ, онда оның *“Таңдамалы шығармалар”* жинағы, ХХ ғасырдың 20- жылдарының бас кезінде, яғни 1922 жыл Ташкентте қазақ тілінде басылып шыққандығын тілге аламыз. Онан соң ақынның 1923 *“Инқлоб”* журналында бірнеше өлеңдерінің өзбек тілінде жарық көргендігін қуанышпен атап өткен жөн.

Оның үстіне, белгілі ғалым Абдірахман Сағди 1923 жылы Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған *“Ақ жол”* газетінде алғаш рет *“Абай”* атты мақаласын жарыялайды. Онда Абай өлеңдеріне аса жоғары баға береді. Әсіресе ол, *“Жаз”* атты өлеңі жайлы тоқтала келіп: *“Ес кетерлік ұсталықпен, тіпті жеңіл һәм табиғи шығарылған”* – дейді.

Одан әрі: *“Абай барлығы 5313 жол шамасында өлең жазған. Бұлардың ішінен орысшадан тәржімалағаны 1700 шамасында. Соңғыларын шығарып тастағанда 3612 жол шамасында болады”* – деген ойды алға тартады.

Оның үстіне, 1945 жылы ақынның 100 жылдық мерейтойы Алматыда ерекше салтанатпен атап өтілгенде, бұл ұлы жиынға Өзбекстан Республикасынан Айбек, Ғафур Ғұлам, Абдурахман Сағди, Миртемир, Хади Зариф секілді өзбек жазушылары мен ғұлама ғалымдары қатысады.

Әрі, сол жылы ақынның 100 жылдығына орай *“Өлеңдер”* жинағы тұңғыш рет өзбек тілінде басылып шықса, онан соң 1961, 1970 жылдары тағы да *«Өлеңдер»* деген жинағы өзбек тілінде жарық көріп, туысқан өзбек халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналады.

Тіптен, 1995 жылы ақынның 150 жылдық мерей тойына орай *«Абай»* деген атпен, оның 20 дан астам өлеңдері, *«Мақсуд», «Ескендір»* поэмаларымен бірге, 45 қара сөзі Нәсір Фазилов аудармасында, әрі оның *«Алғысөзімен»* өзбек тілінде жарық көреді. Әрі сол жылы, *«Шолпан»* баспасының белгілі ғалымы Қалдыбек Сейдановтың *«Абай мәңгілігі»* атты зерттеу еңбегі өзбек тілінде басылып шығады.

Абай өлеңдерін өзбек тіліне аударуда Ұйғын мен Миртемир, Мақсұт Шайхзаде мен Жұманияз Жаббаров, Асқад Мұхтар, Мұхаммад Әли сияқты т.б. өзбек халқының аса талантты ақындарының аудармасына жетуінің өзі, өзбек қаламгерлерінің қазақ халқына, оның ұлы ақыны Абайға деген құрмет-илтипатының үлкен жемісі деуге болады.

Тіптен, белгілі өзбек ақыны, қазақ әдебиетінің ең жақын досы Миртемирдің ақынға арнап *“Абай – бабай”* атты өлең жазуының өзі, ұлы тұлғаға деген мейірінің сәтті жемісі десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Ақын өлеңін Абайділдәнов *“Абай ата”* деп, қазақ тіліне қан сөлін жоғалтпай сәтті аударып алған. Мәселен:

*Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.*

*Халқының ол зердесіне жағып сөнбес шырақты,
Елдің даңқын жырға бөлеп, ойлы отырған сияқты.*

*Замандардан зарлап өмір, қанишалықты көрді азап,
Туған елдің күш-қуатын бүгін ашты бұл қазақ.
Сол халықтың даналығы бойында еді Абайдың,
Ескерткіші алдында оның бас имесін қалай кім? –*

дей келе, ұлы тұлғаның бүгінгі қазақ өміріне емірене қарап, қол жеткізген табыстарына дән риза екіндігін ақын ерекше сезініп, қуана тілге алады. Онан соң ақын:

*Барған сайын терең бойлап табиғаттың сырына,
Бүгін міне, шықты қазақ - өнер, білім шыңына.
Жеті қабат көк жүзінде ғарышқа да бойлады,
Жұлдыздарға бірге жетпек ақын Абай ойлары.*

*Жазда барсаң, қыста барсаң – Абай отыр бір қалып,
Кептер барып иығына қонақтайды жыр барып.
Абай ата маңғаз отыр, төбесінде – көк аспан,
Түзде жұлдыз жыпырласып көруге оны таласқан, –*

деп, тамаша түйіндеулер жасайды.

Ақын Миртемирдің қазақ халқын, оның ұлы данышпаны Абайды аса қадір тұтқандығы соншалық, өзінің мейірін, ыстық ықыласын поэзия тілімен әдемі жеткізе алған. Әрі, Абайдың ұлылығын, данышпандығын өлең жолдарында шебер сипаттай алғандығы өлең жолдарында анық аңғарылады.

Бұл, әрине, 1995 жылдың 23-26-мамырында Қазақстан Республикасында болып өткен Өзбекстан Республикасы күндерінде де айрықша аңғарылды. Өйткені, екі елдің басшылары Бірінші Президент И. А. Каримов пен Елбасы Н.Ә.Назарбаев шын жүректен толқи сөйлеп өзбек, қазақ халықтары, ұлы Түркістан өлкесінің Ұлы перзенті екіндігін айрықша қуана тілге алды. Абайдың ұлылығын, кемеңгерлігін дәріптей түсті.

Солай екен, бүгінгі таңда ұлы ақынның 170 жылдығын үлкен салтанатпен тойлағалы отырған осы бір кезеңде, Абай тойы тек қазақ халқы арасында ғана емес, ол сонымен бірге туысқан өзбек халқының да ұлы тойына, мерейлі мерекесіне айналары даусыз.

Тіптен, осы мерейлі мерекеге орай, өзбек тілінде Әбділлә Рустемовтың «**Абай әлемі**» атты еңбегі жарық көруімен бірге, белгілі ғалым Қалдыбек Сейдановтың «**Алғы сөзімен**», әрі әзірлеуімен «**Ұлы қазақ ақыны**» деген, Абайдың «**Таңдамалы шығармалар**» жинағы да, үстіміздегі жылы өзбек тілінде жарық көрді.

Міне, мұның бәрі, туысқан өзбек халқының данышпан ақын Абай Құнанбаевқа деген сүйіспеншілігінің бірден бір жемісі десек, ол артық айтқандық емес, бірден – бір шындық.

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ДАМУ СИПАТТАРЫ

Түбі бірге туысқан қазақ, өзбек халықтарының достық қарым-қатынастары, әдеби-мәдени байланыстары, 73 жыл жасап келмеске кеткен Кеңес дәуірінде, яғни қызыл империяның тұсында жаңа үн, жаңа арналармен, жан-жақты дами түскендігін байқау оншалық қиын емес.

Өйткені, жаңа қоғам, жарқын болашақ - өз негізін қалаған алғашқы күннен бастап-ақ, достық пен бауырластыққа, өзара теңдік пен ынтымақ-бірлікке құрылғандығын аңғартқан болатын. Нәтижеде, халықтардың бір-біріне деген ыстық илтифаты, туысқандық мейірі жаңа бағыт, жаңа арнамен өзгеше, жаңа мазмұнға ие бола түсті. Әсіресе, Кеңес дәуіріндегі қарапайым еңбек адамдарының мақсат-мұрат бірлігі, арман тұтастығы, мүдде мүдделестігі өзінің шынайы шешімін таба бастады.

Бірақ, сол дәуірдің қытымыр саясаты, бірте-бірте түбі бірге туысқан халықтардың бір-бірімен тым жақын қарым-қатынас жасап, араласуын, өзара бір-біріне барды-келді жасауын, ылғида қадағалап, бақылап отырды. Ол тек, Мәскеуде отырған *“жайсаңдар”* мен *“ұлы тұлғалар”* арқылы ғана, өз шешімдерін тауып жатты.

Нәтижеде, Кремлде отырған, ат төбелінде партияның *“азуы алты қарыс”*, *“айбарлы”* басшылары, ылғида Одақтас Республикалардың ішкі-сыртқы саясатын өздері басқарып, оны өздерінше бақылап, ылғида оның бірінші басшыларының екінші хатшысы етіп, орыс халқының өкілінен дайындап отырды.

Сондықтан да, сол дәуірдегі партияның идеологтары туысқан халық басшыларының өзара, тонның ішкі бауындай болып, тым жақын араласуына, өздерінше аса жақын қарым-қатынас жасауына, түрлі тосқауылдарды ойлап тауып, қамырдан қыл суырғандай етіп, өз саясаттарын кеңінен жүргізіп отырды.

Соның нәтижесінде, түбі бірге туысқан халықтардың ел басқарған азаматтары Мәскеулік *“ақ сақалдылардың”* аузына, *“қара сақалдылардың”* қас қабағына қарап, бір өмір жалтандаумен өтті. Сөйтіп, әрбір ұлт Республикасы, оның басшылары өз тәуелсіздігін ала алмай, өз тағдырын өздері шешу мүмкіндігіне ие болмады.

Оның үстіне, қызыл империяның тұсында - әрбір халықтың, әсіресе, түркітекес халықтардың әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлеріне шектеулер қойылып, ұлт тілдерінің дамуына кедергілерді қолдан жасап, дінді *“апиын”* деп түсіндірді.

Әсіресе, қожалар мен молдаларға, төрелерге қырғидай тиіп, *“елім”*, *“жұртым”*, *“халқым”* деген біртуар азаматтарды, ел ішіндегі сауатты жандарды абақтыға жапты. Жер аударып, олардың өз бетінше жұмыс істеуіне жол бермеді.

Нәтижеде, сол дәуірдегі партияның қытымыр саясаты, кезінде “*күн көсем*” атанған И.В.Сталин, барлық халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, еркін тыныс алуына мүмкіндіктер бермеді. Сөйтіп, өздерінің үстемдігін кең өріс алдыра түсті. Соның салдарынан “*елім*”, “*жұртым*”, “*халқым*” деген асыл азаматтардың талайы атылды. Көбі торға түскен торғайдай бола жүріп, жан-жағына жалтақтай қарап, іштей тынып, ешкімге ешнәрсені ашып та батып та айта алмады.

Көп ретте олар солай бола жүрсе де, кейбір келелі кеңестермен бас қосу-жиындарда, халқымыздың ұлы тұлғалары бірін-бірі өзара қас пен қабағынан байқап, іштей өзара достық қарым-қатынастың шынайылығына мән беріп отырды.

Оны біз қазақ, өзбек халықтарының асыл азаматтары болған - Ахмет Байтұрсынов, Мұстапа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Мағжан Жұмабаев, Нәзір Төрекұлов, Сәкен Сейфуллин, Ғани Мұратбаев, Абдулла Қадири, Абдрауф Фитрат, Махмут қожа Бекбуди, Минавар қары, Акмал Икрамов, Файзулла Хожаев сияқты т.б. ұлы тұлғалардың бір-біріне деген ыстық илтифаттары мен достық қарым-қатынастарынан анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Сондай-ақ, екі халық әдебиетінің көш басарлары, дархан дарындары болған Сәкен Сейфуллин, Хамза Хакимзаде Ниязи, Хамит Әлімжан, Мұхтар Әуезов, Айбек, Ғафур Ғұлам, Сәбит Мұқанов, Әбділдә Тәжібаев, Миртемир, Мұхаметжан Қаратаев, Иззат Сұлтанов, Зұлфия, Тұрсынхан Абдірахманова секілді т.б. тарлан таланттар да бірін-бірі терең түсініп, екі халықтың достық қарым-қатынастарына, әдеби-мәдени байланыстарының дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қоса түскендігін де байқай аламыз.

Оның үстіне, Қазақстан Республикасында 40 жылдан астам басшылық қызмет атқарған, ірі мемлекет қайраткері, әрі белгілі ғалым, академик Димаш Ахмет ұлы Қонаев пен Өзбекстан Республикасының іргелі ел болуына ерен еңбек еткен, белгілі мемлекет қайраткері, аса талантты жазушы әрі ел ағасы Шараф Рашидовтың бір-бірімен болған достық қарым-қатынастарынан да байқау оншалық қиын емес.

Орайы келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, XX ғасырдың 20-30 жылдарында Ташкент - Орта Азия мен қазақ зиялыларының мәдени орталықтарының бірі болғандығын да ерекше атап өткен жөн. Әсіресе, қазақ-өзбек халықтарының достығын, ақын-жазушылардың шығармашылық байланыстарын жетілдіріп, кең өріс алдыруда, Ташкент қаласының бірден-бір нәрлі тыныс болғандығы ешкімге сыр емес.

Өйткені Ташкентте, қазақ халқының біртуар азаматтары мен көрнекті ақы-жазушылары, ерен ой иелері еселі еңбек етті. Олардың талайы Ташкентте оқып, білім бұлақтарынан рухани нәр алу мүмкіндігіне де ие болды. Көпшілігі шығармашылық жұмыспен де шұғылданды.

Нәтижеде, туысқан өзбек халқының ардақты перзенттерімен достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста бола жүріп, екі халықтың достық байланыстрын, ынтымақ-бірлігін шындай түсті. Сөйтіп олар, әдеби-мәдени байланыстардың түрлі қырларын ашып, оны жетілдіре түсуде, кең өріс алдыруда қыруар қызметтер атқарды. Бұл орайда Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Мағжан Жұмабаев, Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Құрманбек Жандарбеков, Ғани Мұратбаев, Бейсенбай Кенжебаев, Өтебай Тұрманжанов, Айтбай Ханкелдин сияқты т.б. ақын-жазушылар мен бір жөн мемлекет және қоғам қайраткерлері есімін қуанышпен тілге аламыз.

Оның үстіне, Ташкентте қазақ тілінде талай-талай газеттер мен журналдар жарық көріп, ол қазақ халқының мәдени өмірінде ерекше мәнге ие болды. Бұл ретте, 1870-1883 жылдар аралығында жарық көрген *“Туркестан уәлияті”* газеті мен *“Бірлік туы”* (1917 - 1919), *“Жаңа өріс”* (1920) газеттерін, сондай-ақ, 1920 жылдың 7-желтоқсанында өмірге келіп, жетісінде үш рет шығып тұрған *“Ақ жол”* газетімен, *“Алаш”*, *“Жас қайрат”* (1921 - 1922), *“Шолпан”* (1922 - 1924), *“Сана”* (редакторы Халил Досмұхамедов), *“Сәуле”*, *“Еңбек”* сияқты т.б. газеттер мен журналдарды тілге аламыз. Мәселен; алғашқы кездерде *“Ақ жол”* газетінде әдеби қызметкер атқарған Иса Тоқтыбаев, Хасан Әлиев, Абдулла Байтасов, Қоңыр қожа Ходжиков, Хады Ильяев, Ғали Алпаров сияқтылар тамаша қызметтер атқарса, кейінірек Иса Тоқтыбаев жауапты редакторы болады.

Оның үстіне, Сұлтанбек Қожанов та 1923 жылы *“Ақ жол”* газетінде (ЦГА Узб.рес. ф.34. оп.1. д. 2642. Л. 50,51,52) қызмет атқарса, Орта Азия мемлекеттік университеті жанынан *“Кедей айнасы”* (редакторы Зиябек Рүстемов) атты альманах та қазақ тілінде жарық көреді.

Әсіресе, 1918 жылы *“Түркістан календары”* (“Туркестанский календарь”) басылып шыққандығын ерекше қуанышпен тілге алумен бірге, сол жылы Мәскеуден Ташкентке көшіп келген, Шығыс халықтарының орталық баспасы да өз жұмысын жүйелі түрде жүргізіп отырған. Соның нәтижесінде, Ташкентте 1918 - 1924 жылдар аралығында қазақ тілінде бір жөн кітаптар мен кітапшалар да басылып шыққан. Мәселен: *“Туркестанская правда”* газетінің 1923 жылғы 15 ақпан санында жарыяланған мәліметіне қарағанда, 1920 жылы Ташкентте 622 кітап шыққан болса, оның 39,4 пайызы өзбек тілінде, 36,7 пайызы қазақ тілінде жарық көргендігін анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Ташкентте шығып тұрған газеттер мен журналдарда қазақ қаламгерлерінің шығармалары жарық көрумен бірге, олардың өмір жолы, қаламгерлік сипаты жайлы да бір жөн мақалалар жиі-жиі жарыяланып тұрған. Мәселен: *“Ақ жол”* газетінің 1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығына орай жарияланған мақала да, ақын шығармашылық жолына аса үлкен баға беріле келіп, ол жайлы: *“Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді”* - деп жазылған болатын.

Сондай-ақ, 1918 жылдың 12 қарашасында тұңғыш рет Түркістан автономиялы республикасының Наркомпрос шешімімен, Ташкентте тұңғыш рет қазақша 30 балаға арналған педагогикалық курс ашылады. Курс жұмысын қадағалап тұруды коллегия мүшелері Нәзір Қожаев пен Садық Абдусаттаровқа (ЦГА РУз. Ф. 34.оп.д.97. л.4.) тапсырады.

Оның үстіне, Өлкелік қырғыз педагогикалық курстың бастығы етіп Иса Тоқтабаев тағайындаған болса, мүшелері - Қайретин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов, Қоңыр қожа Қожиков, Фазил Құлтасов, Емберген Табынбаевтар болады.

Онда сабақ өту үшін - Қоңыр қожа Қожиков, Хиуадан Абдул-Азиз Байсейітов, Шымкенттен Сегізбай Айзұнов сияқты т.б. көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар арнайы шақырылады. Әрі онда, Садық Өтегенов, Хайрудин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов, Райхан Лапина, Емберген Табынбаев, Жағыпар Лапин, Қадияша Лапина, Сара Есова, Шамғали Сарыбаев, Тәңірберген Отарбаев секілді азаматтар сабақ өтіп (ЦГА РУз. Ф. 34. Оп.1, д.97. л. 37.), тәлім-тәрбие жұмыстарымен кеңінен шұғылдана түседі.

Аталмыш курста 1919 жылдың 20-майында Ғани Мұратбаев, Сейдгафаров, Алтыбаев, Тіленшиев, Құрманбек Жандарбеков, Айзунов, Өтегенов, Жұмадилов, Ш.Мусаев, Мадалиев, Д.Елеусизов, Е.Мыңбаев, Е.Өтегенов, О.Сармурзин сияқты т.б.(ЦГА РУз. Ф. 34. Оп.1. д. 97. Л. 172.) жастар оқып, тәлім-тәрбие алып, білімдерін одан әрі жетілдіре түседі.

Сөйтіп, сол жылдың 28-майында 27 бала бастауыш қырғыз мектептері үшін оқытушы-жетекші деген курс жолдамасын бітіріп шығады.

Соңыра бұл педагогикалық курс, 1919 жылдың бірінші маусымынан бастап Педагогикалық училищеге айланған болса, 1920 жылдың бірінші қазанынан бастап Қазақтың Өлкелік Ағарту (КАЗИНПРОС) институты болып, өз жұмысын одан әрі жандандыра түседі. Онда алғаш 224 қазақ жастары оқыған болса, сол жылдың соңына таяу, ол институтта 202 оқушы қалады.

Сондай-ақ, 1921 жылдың бас кезінде 221 бала оқыған болса, сол жылдың аяғына таяу 117 талапкер қалады. Онда оқытушылардың жалпы саны 33-ке жетеді (ЦГА РУз. Ф. 34. Оп. 1. Д. 1339. Л. 89.). Аталмыш оқу орындарында 1919 жылдың 16-қыркүйегінен бастап Шамғали Сарыбаев *“Қазақ тілі”* оқытушысы болып жұмысқа қабылданса, Халел Досмұхамедов *“Анатомия”*, *“Физиология және гигиена”*, Иса Тоқтабаев *“География”*, Болғанбаев *“Ана тілі”* пәндерінен лекциялар оқиды.

Ал Сұлтанбек Қожанов болса, сол жылдың бірінші тамызынан бастап, басқа жұмысқа ауысуына байланысты, өз өтініші бойынша 568 бұйрық пен оқытушылықтан босанады.

Сөйтіп, алғаш Ташкентте ашылған педагогикалық училище, 1920 жылдың 1-қазанынан бастап, Өлкелік Ағарту педагогикалық институтына айналған болса, сол жылдың 8-қазанынан Қазақ педагогикалық институты (ЦГА РУз.

Ф.372.оп.1. д.95. л. 3.) деп аталады. Онан соң, 1926 жылдың 15-тамызынан Қазақтың Жоғарғы педагогикалық институтына (КазПедвуз) айналады.

Міне, осы институтта алғаш рет Мұхтар Әуезовтың *“Бәйбіше - тоқал”* драмалық шығармасы, талапкерлер тарапынан сахнаға қойылып, көрермендердің ыстық ықласына бөленеді. Нәтижеде аталмыш оқу орнында Мәдина Қасимова 1921 жылдың бірінші наурызынан, 1925 жылдың 15-ақпанына дейін *«Қазақ тілінен»* сабақ өткен болса, Мағжан Жұмбаевта *«Қазақ тілі мен әдебиетінен»*, Мұхамеджан Тынышбаев *«Тарих»* пәнінен сабақ береді.

Әрі онда Халел Досмұхамедов, Сұлтанбек Қожанов, Иса Токтабаев, Қоңыр қожа Қожиков, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов сияқты т.б. қазақ халқының біртуар азаматтары да дәріс өтіп, тәлім-тәрбие жұмысымен кеңінен шұғылданады. Тіптен, аса талантты ақын Ілияс Жансүгіров те Қазақтың Ағарту институтында 1921-1922 жылдар аралығында сабақ өтіп, оқытушылық (ЦГА Руб. Фонд 34. Оп 1. Д. 3215. Л. 2) жұмыспен айналысады.

Нәтижеде, бұл жоғарғы оқу орны 1928 жылдың үшінші қарашасында Алматыға көшіріледі.

Сондай-ақ, 1924 жылдың қаңтар айында Шығыс еңбекшілерінің университетінде 30 қазақ жастары оқып, білім бұлақтарынан сусындай түседі. Олар арасында елге танымал, белгілі балалар ақыны Өтебай Тұрманжанов, ғалым Бейсенбай Кенжебаев, Ильяс Қабулов, И.Ориншиев, жазушы Айтбай Хангелдин де оқып, білімнің бал бұлақтарынан рухани нәр алады.

Міне, мұның барлығы, қазақ-өзбек халықтарының достық қарым-қатынастарын жылдар өткен сайын кең өріс алдыруда, әдеби-мәдени байланыстарын жетілдіре түсуде үлкен мәнге ие болды.

Оның үстіне, жоғарыда тілге алған баспасөз беттерінде қазақ әдебиетінің ұлы тұлғалары - Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Ильяс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Нәзір Төреқұлов, Иса Байзақов, Өтебай Тұрманжанов, Ғани Мұратбаев сияқты т.б. қазақ қаламгерлерінің өлең-әңгімелері, сын мақалалары мен публицистикалық шығармалары жиі-жиі жаряланып тұрған.

Нәтижеде, қазақ-өзбек оқырмандары бір-бірінің көркем шығармаларын өзара тел еміп, тел сусындай түскен. Мәселен: 1921 жылы *“Ақ жол”* газетінің 19-маусым санында, Абай Құнанбаевтың *“Талаптың мініп тұлпарын”* (*“Абдірахманға”*) атты өлеңі жарияланған болса, 1922 жылы өзбек тілінде шығатын *“Инқилоб”* журналының 3-санында Абайдың *“Адамның кейбір кездері”* атты өлеңі қазақ тілінде басылып шығады.

Оның үстіне, *“Абай шәкірттері кімдер?”* деген сұрауға, *“Шолпан”* журналы жауап бермек ниетімен, бір жөн мақалалар да жариялап отырған.

Сондай-ақ, Мұхтар Әуезовтың *“Шолпан”* журналының 1922 жылғы 2, 3, 5, 7-сандарында *“Қазақтың қалам қайраткерлеріне”* деген мақаласы жарық көрген болса, 1923 жылғы 2-3 және 4-5 сандарында *“Қазақ әдебиетінің қазіргі*

дәуірі“ деген мақаласы *“Қоңыр”* деген атпен, журналдың 120 - 123 беттерінде жариялайды.

Ал, *“Жас қайраттың»* 1924 жылғы 3, 4-сандарында *“Халық әдебиеті”* атты мақаласы, *“Ақ жол”* газетінде *“Кім кінәлі”* әңгімесі, *“Шолпан»* журналында *“Сөніп жану”*, *“Жас жүректер”* атты шығармалары басылып шыққандығын да қуанышпен атап өткен жөн. Тіптен, болашақ ғалым Мұхтар Әуезовтың *“Әдебиет тарихы”* атты еңбегі де, 1927 жылы Қызылорда - Ташкент баспасында жарық көреді.

Оның үстіне, Ташкентте шығып тұрған *“Шолпан”* журналы редакция алқасының шақыруымен, 1921 жылы Ташкентке келген Мұхтар Омархан ұлы Әуезов, Ташкентте болған жылдарында өнімді еңбек етеді. Келе, Ташкенттегі Қазақ орманшылығы техникумының әулісіндегі екі қабатты үйдің, екінші қабатында жасайды.

Әрі Ташкентке келгеннен соң шығармашылық жұмыспен шұғылдана жүріп, *“Арқа”*, *“Жаяу сал”*, *“Қоңыр”* деген бүркеме есімдермен, газет-жорналарда өз еңбектерін жариялаумен бірге, сол техникумда *“Қазақ тілі мен әдебиетінен”* сабақ та береді.

Сөйтіп, 1929 жылдың 1-наурызында Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына түседі де, ғылыми жұмыспен кеңірек шұғылдана бастайды.

Сондай-ақ, Ташкентте көптеген қазақ қаламгерлерінің шығармалары жеке-жеке кітап болып, не жинақ ретінде жарық көруі де, қазақ-өзбек халықтарының достығы мен әдеби-мәдени байланыстарын жетілдіре түсуде, ерекше мәнге ие болды. Бұл орайда Молла Манһидин Майликеңтінің (1868-1924) 1917 жылы Ташкентте *“Тухва жумхурият”* (“Республикаға сый”) атты еңбегі жарық көрген болса, бұған дейін де Ташкентте талай кітаптар қазақ, орыс тілдерінде басылып шыққан болатын. Бұл ретте 1883 жылы басылып шыққан Я. М. Лютштің *“Қырғыз хрестматиясы”* (“Киргизская хрестоматия”. Оған 216 өлең енген) атты еңбек пен 1889 жылы басылып шыққан Н.И.Гродековтың *“Сырдария уәлиятындағы қырғыздар мен қара қырғыздар”* (“Киргизы и кара Киргизы Сыр-Дарьинской области”), 1895 жылы басылған *“Этнографические материалы»* (Сказки, басни, пословицы, загадки, приметы, былины туземного населения Сыр - Дарьинского области), 1900 жылы басылған *“Қазақ мақалдары”*, 1906 жылы жарық көрген *“Сырдария облысындағы қырғыз әңгімелері”* (“Из киргизских сказок Сыр - Дарьинский области”) сияқты т.б. еңбекерді тілге аламыз.

Оның үстіне, Шәкәрім қажы Құдайбердиевтің 1907 жылы жазған *“Ләйлі-Мәжнүн”* дастанының 1922-1923 жылдары *“Шолпан”* журналында басылып шыққандығын ерекше сүйіспеншілікпен тілге алу лазым.

Халық арасында ауызша тарап кеткен бұл дастанның қолжазбасын Шәкәрім Құдайбердиев, 1921 жылы Мұхтар Әуезовке өз қолымен тапсырады. Содан Мұхаң «Ләйлі – Мәжнүн» дастанды 1922 жылы арнайы Ташкентке алып келіп, оны *“Шолпан”* журналында бастыру мүмкіндігіне ие болса, 1925 жылы

Жүсіпбек Аймауытовтың *“Қанания - Шарбану”, “Ел қорғаны”* атты драмалық шығармалары да Ташкентте жарық көреді.

Сондай-ақ, қаламгердің *“Әнші”* деген әңгімесі де сол жылы Ташкентте басылып шыққан *“Терме”* деген жинақтан орын алады.

Орайы келгенде ерекше тілге ала кетерлік жәйт, “Туркестанская правда” газетінің 1923 жылғы 15-ақпан санында берілген мәліметке қарағанда, 1922 жылдың өзінде Ташкентте 622 кітап жарық көреді. Оның 36,3 пайызы өзбек тілінде басылып шыққан болса, 33,7 пайызы қазақ тілінде жарық көреді.

Бұл ретте Ахмет Байтұрсыновтың *“Қырғыз әліппесі”, “Қырғыз грамматикасы”, “Ана тілінен әдістемелік жазу”,* Міржақып Дулатовтың *“Қырғыз хрестоматиясы”,* Халил Досмұхаметовтың *“Зоология”* атты кітаптарымен бірге, Әбубәкір Дибаеттің *“Қырғыз әдебиеті хрестоматиясы”,* Мағжан Жұмабаевтың *“Теория словестности киргизского языка”* деген сияқты т.б. еңбектері басылып шығады.

Оның үстіне, 1922 жылы Әбубәкір Дибает тарапынан Ташкентте жарық көрген *“Батырлар жыры”* деген жинақта *“Алпамыс батыр”* жырымен бінге, Марабай ақын жырлаған *“Қамбар батыр”, “Қобланды батыр” жыры, “Бекет батыр”, “Шора батыр”, “Мырза Едіге батыр”* сияқты батырлар жыры да өз орнын табады.

Сондай-ақ, Жүсіпбек Аймауытов “Ақ жол” газетінің 1925 жылғы 26-қаңтар санында: *“Күлкі» журналын алыңдар, оқыңдар, жазылыңдар!”* деген үндеу жариялаумен бірге, сол газетке қосымша ретінде, айында екі рет басылатын сатиралық журнал шығармақ болады. Сөйтіп, *“Шаниар”* атты сатиралық журналын шығаруда аса көп еңбек сіңірген Жүсіпбек Аймауытов, 1921-1925 жылдары Ташкентте Қазымбек Бірімжанов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Халил Досмұхамедов, Нәзір Төрекұлов, Темірбек Жүргенов, Ахмет сапа Юсупов, Құрманбек Жандарбеков, Ғани Мұратбаев секілді т.б. азаматтармен бірге болып, өздерінің азаматтық тұлғасымен қаламгерлік сипатын жан-жақты аңғарта түседі.

Сондай-ақ, 1922 жылы “Шолпан” журналының 2, 3-сандарында Сәкен Сейфуллиннің *“Қызыл сұңқарлар”* атты драмалық шығармасына арналған сын мақала жарияланады. Әрі, сол жылы “Ақ жол” газетінің 14-сәуір санында Сәкеннің *“Затқа ат іздеу, ұғынысқа сөз қыдыру”* деген сыни мақаласымен *“Маржан”* атты өлеңі де жарық көрсе, “Ақ жол” газетінің сол жылғы маусым санында Бейімбет Майлиннің *“Шал мен қыз”* атты көркем шығармасы да басылып шығады.

Аталмыш газетте Бейімбет Майлиннің ойын-сауық кештеріне арналған шағын-шағын пьесалары мен драмалық шығармалар жазу мәселесін көтерген мақаласы да 23-маусым санында басылады. Тіптен, 1922 жылы Ташкентте Абайдың *“Өлеңдер”* жинағымен 1923 жылы Мұхтар Әзевтың *“Бәйбіше - тоқал”* драмалық шығармасы жарық көрген болса, 1924 жылы Мұхтар

Әуезовтың аударуымен профессор Ю.Вагнердің *“Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер”* атты кітабы да басылып шығады.

Оның үстіне, 1924 жылы Мұрат ақынның *“Өлеңдер”* жинағы мен 1925 жылы *“Исатай-Махамбет”* пен А.Ф.Рязановтың *“Восстание Исатая Тайманова”* (“Исатай Тайманов көтерілісі”) сияқты т.б. еңбектер де жарық көреді.

Сондай - ақ, 1926 жылы Иса Байзақовтың *“Құралай сұлу”* поэмасы мен Нұрым жырау Шыршық ұлының *“Байбоз - Жанбоз”* (“Тоғыз ауыл”) дастаны мен бір топ қазақ ақындарының *“Өлеңдер жинағы”*, 1927 жылы *«Қазақ мақалдары»* (“Казахские пословицы”) да басылып шығу мүмкіндігіне ие болады.

Ал, 1925 жылы Ташкенттегі Қазақстан Мемлекеттік баспасының Күншығыс бөлімі, тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие өлеңдер мен білім, әдебиетке байланысты мақалалар енгізілген *“Терме”* (құрастырған -Шамғали Сарыбаев) атты жинақ пен Сейітбаттал Мұстафа ұлының *“Шернияз”* атты еңбегі де жарық көреді.

“Терме” жинағын көрген Сәкен Сейфуллин ол жайлы тоқтала келіп: *“Сіз құрастырған “Терме” жинағын оқып шықтым. Өте игілікті іс жасапсыз. Қолда жинағыңыз болса, тағы да осылай жариялау керек”* - дейді ерекше сүйіспеншілікпен.

Оның үстіне, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожановтың шақыруымен 1922 жылы Ташкентке келген Мағжан Жұмабаев, Ташкенттегі Қазақ-қырғыз оқу-ағарту институтына оқытушы болып орналасады да, алғаш рет Ташкентте “Алқа” атты әдеби үйірме ұйымдастырады.

Әрі, осы “Алқа” үйірмесінде өзінің *“Батыр Баян”* атты поэтикалық туындысы мен Мұхтар Әуезовтың *“Көксерек”*, Жүсіпбек Аймауытовтың *“Күнкейдің жазығы”* сияқты шығармалары талқыланып, қаламгерлер олар жайлы өз ойларын ортаға солады. Ол жайлы Мұхтар Әуезов: *“Жалаң ұраннан арылып, саф өнермен сусындауды мақсат тұтып, “Шолпан” жорналында өздерінің алға қойған мақсат-мұраттарында ашық тілге алады»* - деп тілге алады..

Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев Ташкентке келгеннен соң, Түркістандағы партия Орталық комитетінің органы болған “Ақ жол” газеті мен “Сана”, “Шолпан” жорналдарының жұмысының жандана түсуіне ат салысады. Нәтижеде, “Өлеңдер” жинағы Сұлтанбек Қожановтың “Алғы сөзімен” 1923 жылы Ташкентте жарық көрген болса, жоғарғы оқу орындарына арналған “Педагогика” атты оқулығы да Ташкентте басылып шығады.

Аса талантты ақын Мағжан Жұмабаевтың Ташкентте болған жылдары жайлы өмірлік зайыбы Зылиқа апай: *“1922 жылы Тұрар мен Сұлтанбектің шақыруы бойынша Ташкентке келдік. Олар бар мүмкіндіктерін жасап, қолдарынан келген көмектерін аямады. Сұлтанбек Мағжанның Ташкентте шыққан алғашқы өлең кітабына алғы сөз жазды. Ташкентте Мағжан*

жұмысына ерекше бір ниетпен кірісті“ - дейді де, одан әрі: “Бұл жылдар Мағжанның ең нағыз бақытты жылдары еді. Қалай ұмытайын“ (Бес арыс. Алматы “Жалын“, 1992 ж., 352 - бет.) - деп, ағынан жарыла өз ойын ортаға салады.

Сөйтіп, Мағжан Жұмабаев 1922-1924 жылдар аралығында Ташкентте болып, туысқан өзбек халқының өмірі, тірлік-тыныстарымен, бір жөн өзбек ақын-жазушыларымен танысып, тым жақын қарым-қатынаста болады.

Сол жылдары Ташкентте шығып тұрған “Шолпан“, “Сана“ жорналдарымен “Ақ жол“, “Жас қайрат“ секілді газеттерде өз шығармаларын үзбей жариялап, өзінің ақындық арынын жан-жақты таныта түседі.

Мағжан Жұмабаев Ташкентте жүрген жылдарында өзінің **“Батыр Баян“** атты поэмасы мен **“Түркістан“, “Сыр“** циклдерін жазумен бірге, 1923 жылы өзінің **“Бастауыш мектепте ана тілі“** деген оқулығында бастырып шығарады. Тіптен ол, Ташкентте болған кезінде Ақан сері, Базар жырау, Әбубәкір Дибаяев жайлы да талай-талай ойлы, аса тартымды мақалалар жазып, оны “Шолпан“, “Сана“ жорналдары мен “Ақ жол“, “Жас қайрат“ газеттерінде бастырады. Әрі, осы басылымдар да бір жөн қызметтер атқара жүріп, оларға өзінің көмек қолын да созады.

Оның үстіне Мағжан Жұмабаев, Ташкенттегі қазақ-қырғыз оқу бөлімі комиссиясының мүшесі ретінде де, қыруар қызметтер атқарып, өзінің жан-жақты жаны жайсаң, үлкен дарын иесі екендігінде кеңінен аңғарта түседі.

Тіптен, өзбек әдебиетінің аса көрнекті өкілдері болған - Абдирауф Фитрат, Шолпан, Абдулла Қадири, Хамит Әлімжан, Айбек, Ғафур Ғұлам сияқты т.б. дарын иелерімен етене араласып, тым жақын қарым-қатынаста болады.

Сондай-ақ, 1927 - 1928 жылдары тарлан талант Сәкен Сейфуллин Ташкенттегі Қазақ-қырғыз педагогикалық институтының директоры қызмет атқара жүріп, студенттерге «Қазақ әдебиеті тарихынан» лекциялар оқиды. Әрі, институт жанындағы «Әдебиет» үйірмесін ұйымдастырып, сол кездегі буржуазияшыл - ұлтшыл ағымдарға қарсы өз пікірлерін ортаға салып отырады.

Ол жайлы, сол жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің түлегі болған, кейіншелік тарих ғылымдарының докторы болып, профессор дәрежесін алған, марқұм Елтоқ Ділімұхаммедов өзінің **“Ташкент күндері“** атты естелігінде: *“Сәкен Сейфуллин “Қазақ әдебиетінің қазіргі хал-жайы“ деген тақырыпта лекция оқыды. Үйірмеміздің ағзалары түрлі милләт студент жастарынан құралған еді. Сондықтан Сәкен баяндамасының аяқ кезінде қырғыз бен қарақалпақ кеңес әдебиетінің өсу жолдарына көп көңіл бөлді“* (“Қазақ әдебиеті“ газеті, 1964 ж., 29 мамыр) - деген болатын.

Белгілі ақын Өтебай Тұрманжанов Ташкентте шығармашылық жұмыспен кең шұғылдана жүріп, Орта Азия мемлекеттік университетінің профессоры деген атақты, белгілі өзбек ғалымы Абдулла Аблонимен бірге алады. Әрі онымен бірге қызмет атқарса, 1926 жылы Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш“ атты оқулық еңбегі де Ташкентте басылып шығады.

Сондай-ақ, 1925 жылы Мұхаметжан *Тынышбаевтың «Қазақ – қырғыз тарихынан мағлұматтар»* (“Материалы истории киргиз-казакского народа”) деген еңбегі орыс тілінде жарық көрген болса, 1926 жылы Халел Досмұхамбетов тарапынан “*Аламан*” («Қазақтың ел әдебиетінен» алынған) атты еңбегі жарық көреді. Әрі сол жылы Қазақстан мемлекет баспасының Күншығыс бөлімінен “*Исатай-Махамбет*” атты еңбегі де басылып шығады.

Оның үстіне, 1926 жылдың 13-қаңтарында тұңғыш рет Қызылорда да өз негізі қаланған қазақтың тұңғыш театры, 1927 жылдың 17-қаңтарында жазушы, әрі аса талантты артист Жұмат Шанин басшылығында Ташкентке келіп, өздерінің шығармашылығымен таныстыруы, өзбек, қазақ халықтарының мәдени өмірінде елеулі оқиға болады. Ол жайлы “*Қызыл Өзбекстан*” (қазіргі “Өзбекстан овози”) газетінің сол жылғы 26-қаңтарында жазылған мақалада: “*Бұл жерге келудегі мақсат, бір жағынан Өзбекстан халқына Қазақстанның тамаша өнерін, өмірін таныстыру болса, екінші жағынан өзбектердің тұрмыс-тіршілігімен жақыннан танысу*” - деп жазылған болатын.

Шынында да бұл - өзінің тамаша жемісін береді. Нәтижеде, Иса Байзақов өңдеуімен қойылған “*Біржан - Сара*” драмалық шығармасын көрген өзбекстандықтар дән риза болады. Оның үстіне, Құрманбек Жандарбековтың ұршықтай үйіріле, билей жүріп айтқан “*Миллион толқыны*”, Елубай Өмірзақовтың “*Заулатшы-ай құрбым, заулатшы-ай*”, “*Нақ - нақ*” әндері көрермендерді айрықша серпінете түседі.

Нәтижеде, өзбек-қазақ халықтың өнер қайраткерлері XX ғасырдың 20-жылдарында-ақ, бір-бірімен тым жақын, етене араласып, бір-бірінің көркем өнері салаларында өзара рольдерде ойнап, екі халықтың достығын, мәдени-әдеби байланыстарын одан әрі жетілдіре түседі. Мәселен, кезінде халық артисткасы болған Халима Насирова: “*Мен жастық шағымнан-ақ қазақ халқы музыкасы мен аса тамаша әндерінің ғашығымын. Концерт репертуарымда әр түрлі қазақ әндерінің орын алуы, осы халықтың өнерін сүйгендігімнің нәтижесі*” (Х.Насирова. “Яшнаверсин”, “Узбекистон маданияти”, 1962 йил, 15 май) - деген болса, халық артисті Жамал Омарова: “*Мен Әлішер Науаи, Х.Х.Ниязи, А.Қадири, Айбек, Ғ.Ғұлам, Зулфия, Ұйғын шығармаларын сүйіп оқимын. Олардың көбін жат алғанмын. Өзбек достарымның әндерін айтуды өз борышым деп білемін. Бір кездері өзбек қыздарымен бірге:*

Жүгіріп тысқа шықсам ,

Тұрған екен пәрәнжі.

Алып басыма салсам,

Зындан екен пәрәнжі.

деп айтқан өлеңдерім, күні бүгінгідей есімде” (Ж.Омарова. “Узбекистон маданияти”, 1962 йил, 15 май.) - деген болатын.

Оның үстіне, Ташкентте Өзбекстан Жазушылар Одағының жанында қазақ жазушыларының бөлімі, 1929-1938 жылдар аралығына дейін өз жұмысын жүйелі түрде жүргізіп келген. Онда Өтебай Тұрманжанов, Абдезім Сейітбеков,

Қалибек Тұрғанбаев, Айтбай Хангелдин, Қалмахан Оспанов, Фарида Жантуғанова, Рахымжан Малабаев, Жолдасбек Бұғыбаев секілді т.б. қазақ ақын-жазушылары, өзбек жазушылар мен бірге достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста бола жүріп, өз шығармаларын Ташкент, Самарқан баспаларында бастырып отырған.

Сондай-ақ, XX ғасырдың 30-жылдарында-ақ, қазақ ақын-жазушыларының шығармалары өзбек тіліне аударылып, өзбек халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналған болса, өзбек қаламгерлерінің шығармалары да қазақ тіліне аударып, қазақ халқының да байлығына айнала түскен. Бұл орайда, белгілі өзбек ақыны Ұйғын басшылығында, 1935 жылы өзбек тілінде жарық көрген қазақ ақын-жазушыларының **“Қызыл дала”** атты өлеңдер мен поэмалар жинағын атай аламыз.

Онда Сәкен Сейфуллиннің **“Қызыл ат”**, Ілияс Жансүгіровтың **“Қызыл дала”**, **“Жаңа туылған”**, **“Тималай”**, Өтебай Тұрманжановтың **“Пулемет”**, Асқар Тоқмағамбетовтың **“Берлин көшесінде”**, Тайыр Жароковтың **“Күн тіл қатты”** сияқты т.б. шығармалар орын алған.

Ташкенттегі қазақ жазушыларының бөлімінде көптеген қазақ жастары ұйымдасып, өз шығармаларын қазақ тілінде Ташкент пен Самарқанда бастырып шығарып отырған. Ол туралы сол кездегі қазақ бөлімінің мүшесі, кейіншелік алматылық болған соң тарих ғылымының докторы болған, профессор Елтоқ Ділімұхаммедов 1935 жылы Ташкентте жарық көрген **“Социалды шашу”** атты кітаптың “Алғы сөзінде”: *“Бұл жинаққа еңбек сіңірген жолдастар - Өзбекстан Жазушылар одағының қазақ секциясының жанында ұйымдасып, үзбей жазып жүрген жазушылар. Бұлардың ішінде өздері ауылда тұрып, тек еңбектерін жіберіп тұратындары да бар”* (“Социалды шашу”, Ташкент, 1935 жыл, 4 - бет) - деп жазған болатын.

Нәтижеде, Ташкенттегі қазақ ақын-жазушыларының бөлімі жыл сайын әдебиетке қызығып, өздерінің ақындықтары мен қаламгерлік сипатын жан - жақты таныта түскен жастардың «Әдеби альманахтарын», жеке – жеке «Өлеңдер» жинақтарын үнемі жарылап, бастырып шығарып отырған.

Сондай - ақ, 1930 жылы Ташкентте қазақ мектептері үшін, бірінші басқыш мектеп балаларына арналған **“Білім”**, 1931 жылы **“Балдырған”** атты кітаптар да жарық көреді. Бұл екі кітапта қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы Абай Құнанбаевтің **“Күз”**, **“Шілік пен емен”**, **“Шегіртке”**, **“Жаз”**, **“Жазғытұры”**, **“Күздің суреті”** секілді т.б. өлеңдері енгізілген болса, 7 мың тиражбен **“Әліппе”**, 4 мың тиражбен **“Екі жылдық іс кітабы”** деген оқулықтар да жарық көреді.

Міне, олар да Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Өтебай Тұрманжанов, Сәрсен Аманжолов, Шамғали Сарыбаев сияқты т.б. қаламгерлердің шығармалары орын алады.

1934 жылы Ташкентте қазақ тілінде **“Еңбек”** атты газет шығады да, оның редакторы болып Өтебай Тұрманжанов тағайындалады. Оның үстіне, 1935

жылы ұлы ақын Абайға арнап Ташкентте кеш болып өтеді де, оған арнайы бір номер газет шығарып, ол жайлы өзбек тілінде шығатын **“Қызыл Өзбекстан”** (бүгінгі таңдағы “Узбекистон авози”) газетінің 6-ақпан санында арнайы хабар береді.

Сондай-ақ, 30-жылдардың орта шенінде қазақ оқырмандары Ғафур Ғұламның **“Әңгімелер”**, 1934 жылы Абдулла Қаххардың **“Қыстақ сын астында”**, **“Мастан”**, 1935 жылы Ғайратидің **“Дәуірімнің үкімі”** атты әңгімелер жинағынан, өзбек ақын-жазушыларының өлеңдерін, әңгімелерін өз ана тілдерінде оқу мүмкіндігіне ие болды.

Түбі бірге туысқан қазақ, өзбек халықтарының қаламгерлері, өзара достық қарым-қатынастарын, шығармашылық байланыстарын жылдар өткен сайын кең өріс алдырып, одан әрі жетілдіре түскен. Мәселен: Өзбек әдебиетінің ірі тұлғасы, белгілі ақын, әрі ірі қоғам қайраткері Хамит Әлімжан 1936 жылы Мәскеуде болып өткен «Қазақ әдебиеті мен көркемөнер»лерінің онкүндігіне, Өзбекстан Республикасынан арнайы барып қатынасады.

Туысқан қазақ халқының әдебиет пен өнер де қолы жеткен табыстарын өз көзімен көріп, оған туысқандық мейірмен сүйсіне назар аударады. Нәтижеде, өз еліне оралған соң, олар жайлы өз ойларын ортаға салады. Сөйтіп, Мәскеуден Өзбекстанға оралғаннан соң, туысқан қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жетістіктерін кеңінен насихаттайды. Мәселен ол: *“Шынында да, қазақ өнері кісі таңғаларлық дәрежеде өсті. Олар осынышалық үлкен табыстарға үш жыл ішінде ғана жетті”* - дей келе, одан әрі: *“Қазақтың музыкалық театры 1933 жылы өз негізін салған болатын. Театр осы үш жыл ішінде өз артистерін жеткізді және “Айман - Шолпан”, “Жалбыр”, “Қыз Жібек” сияқты музыкалық пьесаларын қойды”* (өзбек тілінен аударған - Қ.С.) - деп, ерекше сүйіспеншілікпен тілге алады.(Х.Олимжон. 3 - том.Ташкент - 1960 йил, 290 - бет).

Оның үстіне, өзбек әдебиетінің аса көрнекті өкілдері болған - Айбек, Ғафур Ғұлам, Ұйғын, Миртемир, Тұрап Тола, Әділ Якубов, Насыр Фазилов, Сұнатулла Анарбаев, Садулла Сияевтың жастық, балалық шақтарын Қазақстанда, туысқан қазақ халқының арасында өткізіп, қазақ жастарымен бірге өсіп, олармен біте қайнаса түскен. Мәселен: Өзбек әдебиетінің ірі тұлғасы, аса талантты ақын, әрі прозашы, ғалым Айбек өзінің туысқан қазақ халқына деген сүйіспеншілігін: *“Бала күнімде қазақ даласын көп аралап, халықтың әдет-ғұрпын, сән-салтанатын көрдім. Кең байтақ жұртты шын жүректен сүйдім”* - деп жазады (“Жұлдыз” журналы, № 1. 1965 жыл. 77 - бет) өз естелігінде.

Расында да, Айбек пен Ғафур Ғұлам, Хамит Әлімжан мен Ұйғын, Миртемир мен Зулфия, Әділ Якубов пен Нәсір Фазилов, Сұнатулла Анарбаев пен Садулла Сияев Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкентте жүрген шақтарында да, қазақ елінде әлденеше рет болып, туысқан қазақ халқын айрықша қадір-құрмет тұтты. Қазақ қаламгерлерімен жан-жақты араласты. Нәтижеде, **«Қазақ әдебиеті мен өнерінің»** таңдаулы туындыларын өзбек

оқырмандарына кеңінен уағыздап, аударып өз оқырмандарының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландыруда қыруар қызметтер атқарды. Мәселен: аса талантты өзбек ақыны Хамит Әлімжан 1937 жылы бір топ өзбек қаламгерлерімен бірге Алматыға барады. қазақ ақын-жазушыларымен кездесіп, кеңінен сұхбаттасып, театрлардан спектакельдер көріп, қазақ өнеріне ерекше назар аударады. Алматыда **“Ер Тарғын”** операсын алғаш рет көріп таң қалады. Нәтижеде, 1938 жылы аталмыш операны өзбек тіліне аудартып, Әлішер Науаи атындағы өзбек Академиялық опера және балет театры сахнасында қойдырады. Ол туралы Хамит Әлімжан өзінің 1938 жылы **“Ер Тарғын - бақыт іздеген халық образы”** деген мақаласында, бұл операға аса жоғары баға беріп, өзбек оқырмандарына кеңінен насихаттайды. Мәселен Хамит Әлімжан: *“Мен өткен жылдың наурыз айында Алматыда, қазақ халқының бірінші операсы болған “Ер Тарғын”ның алғашқы қойылымында болған ем. Биыл осы шығарманың өз сахнамызда бірінші рет қойылғанында көрдім. Осы екі қойылымды өзара салыстыра айтар болсам, біздің артисттер де қазақ артистеріннен қалмай ойнай алды”* - дейді де, одан әрі: *“Ер Тарғын” операсының негізгі тақырыбы - бақыт тақырыбы. Ер Тарғын дүниені кезіп, бақытты өмір мен әділет іздейді. Елме-ел жүріп, өлкеме-өлкені аралап, бақыт іздейді”* (аударма біздікі - Қ.С., Х.Әлімжан. Бесінші том. Тошкент - 1972 йил, 164 - бет) - деген ойды алға тартады.

Сонда Ақжүніс ролін қазақ сахнасында ойнаған Халық артистка Күләш Байсейітова мен өзбек сахнасында ойнаған Халық артисткасы Халима Насирова екеуінің ойнаған ролдерін өзара салыстыра пікір жүргізе келіп: *“Екі халықтың екі көзінің қарашығы болған Күләш пен Халима Ақжүніс ролін, шынында да асқан шеберлікпен ойнады”* (сол кітап, 164 - бет) - деп, екі шынайы талант иелерін аса жоғары бағалайды.

Оның үстіне Хамит Әлімжан, өзінің 1937 жылы жазған **“Гүлденген өнер”** атты мақаласында қазақ халқы арасында аты аңызға айланып кеткен Асан қайғы мен қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев жайлы жан-жақты тоқтала келіп, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін өзбек оқырмандарына кеңінен уағыздайды.

Асан қайғының ел үшін, қазақ халқы үшін бақыт іздеп, өмірінің соңғы сәттеріне дейін өз жұрты үшін *“қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған заманды”* көксеп, Жел майыға мініп алып іздегенін айтса, Жамбыл Жабаевтың поэзия алыбы екендігін, өз өлеңдерінде халықтың арман-мұратын жыр жолдарына қосқандығын ерекше сүйіспеншілікпен тілге алады.

Сондай-ақ, Алматыда Абай атындағы опера және балет театрында көрген **“Ер Тарғын”** операсымен Ғабит Мүсреповтың **“Аманкелді”** драмалық шығармасы жайлы да өз ойларын ортаға салады. Ұлы тұлғалардың шығармаларын қазақ тілінде оқып, олардан рухани сусындаған қаламгерлер аталмыш шығармаларға аса жоғары баға береді.

Сондықтан да Хамит Әлімжанды, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ерекше туысқандық сезіммен ерекше назар аударған, қазақ ақын-жазушыларымен етене араласып, тым жақын қарым-қатынаста болған, қазақ әдебиетінің бірден-бір жанашыры, шынай досы дей аламыз.

Сондай-ақ, 1938 жылдың мамыр айында қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев шығармашылығының 75 жылдығы Алматы да үлкен саланатпен атап өтілсе, 1946 жылы ақынның 100 жылдық мерейтойы ерекше салтанатпен тойланады. Оған Өзбекстан Республикасынан Хамит Әлімжан бастаған бір топ өзбек ақын жазушылары, оның ішінде Ғафур Ғұлам, Ұйғын, Мақсуд Шайх-заде, Миртемир, бақшы Фазыл Юлдаш ұлы мен бірге, белгілі фольклорист ғалым Хады Тиллаевич Зарипов арнайы барып қатынасады.

Олар осы барысында қазақ халқының өмірі, әдебиеті мен мәдениеті, өнерімен кеңінен танысады. Ақын-жазушыларымен силаса да, сырласа отырып, екі халықтың әдеби-мәдени байланыстарына ой көзін қадайды. Әрі, өзбек ақындарынан Ғафур Ғұлам *“Жамбыл”*, Хамит Әлімжан *“Жамбыл”*, Мамарасул Бабаев *“Домбыра тілімен”*, Кәрім Ахмади *“Жамбыл”*, Мақсуд Шайх-заде *“Жамбыл”* атты өлеңдерін арнап, ерекше ыстық сезіммен Жамбыл Жабаевты жыр жолдарына қосады. Мәселен Мақсуд Шайх-заде Жамбылды теңізге балап, онан кейінгі жас ақындарды аралдарға теңей отырып, ақын талантына бас иеді. Мәселен ақын өлең жолдарында:

*Жамбыл бір теңіздей шалқыған айдыны,
Жамбылсыз домбыра күйсіз де қайғылы.
Жамбыл бір теңіздей толқыны тулаған,
Ұлы жыр онсыз бір толқындап тумаған -*

десе, Хамит Әлімжан Өзбекстанға келгеннен соң *“Жамбыл және халық”* деген мақаласын жазып, ұлы ақынның кемеңгерлік тұлғасын өзбек жұртшылығына кеңінен насихаттайды.

Реті келгенде айта кетерлік жәйт, қазақ елінде жиі-жиі болып, қазақ ақын-жазушыларымен етене араласып кеткен өзбек ақын-жазушыларының бірегейі болған - Ғафур Ғұлам мен Айбекті, Ұйғын мен Миртемирді, Әділ Якубов пен Нәсір Фазиловты ерекше құрметпен тілге алу лазым.

Міне, бұлар жастық, балалық шақтарында қазақ халқы арасында әлденеше рет болып, өмірінің соңғы шақтарына дейін қазақ ақын-жазушыларымен етене араласып, достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болған кең тынысты, кемел қаламгерлерден. Олар ылғида қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары болған Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов, Әбділдә Тәжібаев, Қалижан Бекхожин, Өтебай Тұрманжанов сияқты т.б. қаламгерлермен үнемі бірге жүріп, әдебиет, мәдениет, өнер жайлы өз ойларын ортаға сала түскен жаны жайсаң жандар. Сондықтан да Ғафур Ғұлам: *“Мен Қазақстанды көптен бері жақсы білемін. Жас кезімде Шымкент облысындағы “Қапланбек” деген жерде біраз тұрғанмын. Шымкент, Сайрам, Жамбыл, Түлкібаста әлденеше рет*

болдым. Қазақстанның астанасы Алматыда оннан артық болғанмын“ (“Қазақ әдебиеті“, 1960 ж., 23 - қазан) - деген болатын.

Расында да, Ғафур Ғұламның туысқан қазақ халқы арасында жиі-жиі болуы, әсіресе жастық шағында, бүгінгі таңдағы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданына қарасты «*Ақниет*» елді мекенінде біраз уақыт жасауы, оның жазушылық еңбегіне де өзінің игі әсерін тигізеді. Өйткені ол, сол елді мекенде тұрған шағында, өзінің көрген білгендерін, көкейге түйгендерінің өзінің «*Сұм бала*» атты повестіне арналы арқау, өрісті өзек етеді.

Оның үстіне, кейінірек қазақ ақын-жазушыларымен етене жақындасып, достасып кетуіне, қазақ әдебиеті мен мәдениетін жетік меңгеруіне үлкен мүмкіндіктер жасайды.

Міне, бұлардың барлығы ақынның шабытына шабыт қосып, оның қазақ өмірі жайлы, екі халық достығы туралы қалам сілтеуіне жан-жақты жағдайлар жасайды. Әсіресе, аса көрнекті қаламгер Сәбит Мұқановпен достық құшақ ашып, шынайы сырлас, дос боп кетуінде бірден-бір нәрлі тыныс бола алды.

Сөйтіп, қазақ-өзбек әдебиетінің ірі тұлғаларының бір-бірімен, міне, осылай етене араласып, біте қайнасып, бірге сыр шертісулері, бір-бірінің таңдаулы туындыларын, ірі тарлан таланттарын өз оқырмандарына уағыздауы, жылдар өткен сайын кең өріс ала түседі.

Нәтижеде, өзбек әдебиетінде қазақ тақырыбы, екі халықтың достығы мен туысқандығы, қазақ ұл-қыздарының көркем тұлғалары кеңінен сыр шерте түссе, қазақ әдебиетінде өзбек өмірі, өзбек ұл-қыздарының тамаша бейнелері өз көрінісін табумен бірге, екі халықтың достығы, туысқандығы өзінің шынайы шешімдерін жан-жақты таба түседі.

Міне, бұлар өзбек, қазақ халықтарының достығын одан әрі жетілдіріп, кең өріс алдыра түсуде бірден-бір нәрлі тыныс болумен бірге, екі халықтың әдеби-мәдени байланыстарын кең өріс алдыруда да өзінің шынайы шешімдерін тапты.

Оның үстіне, бұлардың барлығы - қазақтар мен өзбектердің ылғида бір-біріне көмек қол созып, өзара бір-бірінің рухани байлықтарын тел еміп, олардан тел сусындап отырған, түбі бірге туысқан халық екендігін жан-жақты аңғартады. Әрі, олардың өзара бір-бірінің тағдырына, тірлік-тыныстарына немқұрайды қарамағандықтарын да анық байқата түседі.

Екі халықтың достық қарым-қатынастары, ақын-жазушыларының шығармашылық байланыстары ХХ ғасырдың 40 – 50-жылдарында кең өріс ала түскендігін байқау оншалық қиын емес. Өлім мен өмір белдескен екінші дүниежүзілік (1941 - 1945) сұрапыл соғыс жылдарында да, екі халықтың ақын-жазушылары қан майданда да бірге болып, қолды-қолға беріп, неміс фашистерінің басқыншылық іс-әрекеттеріне бірлесе отырып тойтарыс бергендігін аңғару да оншалық қиын емес.

Расында да, ақын-жазушылары да, қанды тырнақ Гитлердің басқыншылығына қарсы иінге-иін тіреп, қолды-қолға беріп, өзара достық құшақ ашып, қиын-қыстау күндерде де бірге болды. Нәтижеде, екі халықтың ақын-

жазушылары да қолдарына қару, әрі қалам алып, жау жүрегіне отты сөзі мен ұшты найзасын қатарласа қадай түсті.

Көптеген қаламгерлеріміз қанды майданда бірге болып, окоптарда бірге жатып, бастарына түскен ауыртпалықтарды, қанды майдан тауқыметін бірге тартты. Бұл ретте қан майданда бірге болған Бауыржан Момыш ұлы, Сырбай Мауленов, Шұхрат, Адхам Рахмат, Жұбан Молдағалиев, Сағынғали Сейітов, Назармат, Әділ Яқубов, Қасым Қайсенов сияқты т.б. қазақ, өзбек қаламгерлерінің есімін ерекше құрметпен атай аламыз. Мәселен: Ол жайлы белгілі ақын, әрі ғалым Сағынғали Сейітов: *“Мың тоғыз жүз қырық жетінші жылдың ақпан айында Кеңес Армиясының капитаны - мен, әскери қызмет бабымен өзбек астанасы Ташкентке келдім. Бұл менің Ташкентте екінші рет болуым еді. Сондықтан, қаланы оңшалық тосырқай қойғаным жоқ. Қайта, ертеректе табысқан бір танысыммен енді ерекше жағдайда дидактасқан сияқтандым”* - дейді де, одан әрі: *“Үлкен Ташкент, етек-жеңі кең Ташкент мені баласындай бауырына тартты”* - деп, туысқан өзбек еліне келгенде, өзін аса еркін сезініп, ерекше қуана түскендігін еске ала түседі. Онан соң тағы да: *“Бір күні қаланың айдынды алаңында келе жатып, майдандас жолдасым, қаламдас құрбым Назарматпен кездестім. Шынымды айтайын, ойда жоқта жолықтым. Екеуміз шұрқырасып қалдық. Майданда бірге болған күндер бейне бір киноленетадай көз алдымыздан өтіп жаты”* - деген ойды алға тарта түсіп, онан кейін: *“Екеуміздің әңгімеміз көп ұзамай-ақ әдебиет жайына ауысты. Соғыста жүргенде ғалаба жайындағы (“Ғалаба” - өзбекше “жеңіс” деген сөз) өлеңдерімізді бір-бірімізге оқып беруші едік. Бұл жолы олай етпедік. Мен Назарматтан өзбек жазушыларының соңғы уақытта қандай жаңа шығармалар жазғанын сұраймын. Ол өз білгенін санамалап айтып шығады”* - деп, жазған болатын ол өзінің *“Бір кітаптың екі беті”* деген мақаласында (*“Әдебиеттер достығы”, “Жазушы баспасы”, Алматы - 1965 жыл. 91 - бет*).

Шындағында да, Кеңестік дәуірде тіліміз бен дінімізге көп қиянат жасап, ұлы арыстарымызды қуғын-сүргін жасағанымен халықтардың достығы мен ынтымақ бірлігіне, әдеби-мәдени байланыстардың дами түсуіне бір жөн жағдайлар да жасалғандығы да бірден-бір шындық.

Шынында да, Кеңестік дәуірде шын мәніндегі аса талантты қаламгерлер мен өнер адамдары шынайы бағалап, оларға Мемлекеттік сыйлықтар мен *“Халық жазушысы”, «Халық ақыны»* деген атақтар да беріп, ылғида ерен таланттар көтермеленіп отырды.

Нәтижеде, Кеңес дәуірінде көркем өнер мен көркем әдебиет ерекше қарқынмен дамып, ол шыңырау шыңына шықты. Өйткені, көркем әдебиетте барлық жанрлардың түрлері жетіліп, ол кең өріс ала түсті.

Әрі, халықтар достығы мен туысқандығы күрес күндерінде, кескілескен қан майдандарда, ерен еңбек үстінде шыңдалып, сүрінбей сыннан өтіп, ол өзінің өміршендігін жан-жақты танытты. Халықтарымыз сын сағаттарда бұрынғыдан

да етене араласып, жақындаса түсті де, мәдени-әдеби, рухани өмірлердің барлық салаларында біте қайнаса бастады.

Сұрапыл соғыс жылдарында әрбір командирлік пен взвод, дивизияларда түрлі ұлт өкілдері қолды-қолға беріп, неміс фашисттерінің жауыздың іс-әрекеттеріне қарсы бірге жүріп, бірге күресті. Мәселен: Алматы қаласында ұйымдастырылған дивизия құрамында орыстар мен қазақтар, украиндар мен өзбектер, татарлар мен қырғыздар сияқты т.б. ұлт өкілдері бірге болып, оларды генерал - майор И.В.Панфилов басқарып, жауға қарсы күресті.

Сол сияқты Павлов командирлік еткен дивизия құрамында украин Глушенко, өзбек Тұрғынов, қазақ Мырзаев, грузин Момияшвили, тәжік Түрдиев сияқты т.б. түрлі ұлт өкілдерінің есімін ерекше құрметпен атасақ, Днепр үшін болған шайқастарда ерлік көрсеткен С.Қасымхожаев, П.Нұрманов, А.Рахимов, Ә.Әлімбетов, П.Трайнин сияқты түрлі ұлт өкілдерін де қуанышпен тілге аламыз.

Міне, бұл - сұрапыл соғыс жылдары, ондағы халықтарымыздың болаттай берік достығы, ұлы Отан үшін ерлік күрестері көркем әдебиетімізде де өзінің шынайы шешімін жан-жақты таба түсті. Оны біз Ғабит Мүсіреповтың **“Қазақ солдаты”** романы мен Бауыржан Момыш ұлының **“Артымызда Москва”**, Қасым Қайсеновтың партизандар өмірінен жазған прозалық шығармалары мен өзбек жазушысы Шұхраттың **“Шенелді жылдар”**, Әділ Якубовтың **“Ер басына күн туса”** сияқты т.б. өзбек-қазақ қаламгерлерінің роман-повестерінен, поэмалары мен өлең жолдарынан анық аңғарамыз.

Оның үстіне, қан майданда жауангерлеріміз, кейбір ақын-жазушыларымыз бір-біріне достық қолын созып, ынтымақ-бірлігін кең өріс алдырап жатқан шақтарда, тылдағы еңбек адамдары да, қарттар мен әйел-қыздар да, мәдениет-әдебиет өкілдері де бір-бірімен біте қайнасып, бір-бірінің тағдырына, әдебиеті мен мәдениетіне, өзара экономикалық дамуына өзара қамқорлық жасай түсті. Ыстық-суықта, ауыр еңбек майданында бірге жүріп, өзара еңбек жемістерін бірге бөлісті.

Нәтижеде, қаламгерлеріміз Отан рухын, халықтың ынтымақ-бірлігін аса жоғары дәрежеде дәріптей отырып, халықтардың достығы мен туысқандығын өз шығармаларына арналы арқау, өрісті өзек етті. Өзара көркем әдебиеттің таңдаулы туындыларын бір-бірінің тілдеріне аударып, оларды өз халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырды. Мәселен: қазақ ақын-жазушылары XX ғасырдың 40-жылдарында туысқан өзбек әдебиетінің аса талантты қаламгерлері тарапынан өмірге келген тамаша шығармаларын қазақ тіліне аударып, қазақ халқының рухани байлығына айландыру мәселесін кең жолға қоя бастады.

Бұл рете өзбек халқының белгілі ақыны Хамит Әлімжанның **“Гүлденген өрік”**, **“Біздің өзбек емес пе?”** деген өлеңдері 1940 жылы **“Әдебиет және искусство”** журналының (қазіргі “Жұлдыз”) 12-санында жарық көрген болса, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, сыйласы да сырласы болған Ғафур Ғұламның

“Қазақ елінің ұлы тойына” (1945) атты әйгілі өлеңі, 1947 жылдан бастап **“Қазақ әдебиеті”** оқулығына ендірілген болатын.

Оның үстіне, аса таланты өзбек қаламгері Айбектің **“Науаи”** атты романы 1949 жылы Әлихан Сүлейменов тарапынан қазақ тіліне аударылып, қазақ оқырмандарының қолына жеткен болатын.

Ал, 1941 жылы ұлы гуманист ақын Әлішер Науаидың 500 жылдық мерейлі мерекесіне орай, Қазақстан газеттері мен журналдарында арнайы беттер ұйымдастырылып, ол туралы талай-талай мақалалар да жарияланды. Оның лирикалық шығармалары мен дастандарынан үзінділер де аударылып, қазақ баспа сөздерінде жиі-жиі жарияланып тұрды. Мәселен: 1941 жылы кемеңгер ақынның **“Фархад - Шырын”** дастанынан **“Фархадтың тууы”** атты үзінді **“Әдебиет және искусство”** журналының 4-санында басылып шыққан болса, 5-санында оның лирикалық өлеңдерін ақын Қалижан Бекхожин мен Сағынғали Сейітов аударып, қазақ оқырмандарына табыс етеді.

Бірақ, 1941 жылдың 22-маусымында басталған екінші дүние жүзілік соғыстың салдарынан ұлы ақынның 500 жылдық мерейтойы атап өтілмей, ол 1948 жылы ғана аталу мүмкіндігіне ие болды. Нәтижеде, сол жылы қазақ халқы, қазақ жұртшылығы да Әлішер Науаиды өз ақыны ретінде танып, солай бағалып, Алматыда үлкен салтанатпен ақынның 500 жылдығын атап өту мүмкіндігіне ие болды.

Сол мерейлі мерекеге орай ұлы ақынның **“Таңдамалы өлеңдер”** жинағын қазақ тілінде бастырып шығарды. Аталмыш кітаптың редакциясын басқарып, **“Алғысөзін”** жазған Мұхтар Омархан ұлы Әуезов болды. Ол өзінің **“Казахстанская правда”** газетінде жарялаған **“Әлішер Науаи”** атты мақаласында, ХҮ ғасырда жасап өз соңына аса тамаша поэтикалық туындалар қалдырған ұлы ақынның кемеңгерлік сипаттары мен ақындық арынын жан-жақты ашып, қазақ оқырмандарына кеңінен насихаттайды. Мәселен, ғұлама ғалым кітаптың **“Алғысөзінде: “Әлішердің өз үйінен ылғи да жақсылар жиыны арылмайды, сол жиындарда айрықша әдебиет мәселесі, сындар, айтыс-тартыстар болатын. Өзі мұқтаждық көп көрген ақын әріптестеріне сыйлықтар беріп тұрған”** - деген болатын.

Бұл ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтың өзбек жазба әдебиетінің негізін салған ұлы ақын Әлішер Науаидың өмірі мен шығармашылығын жетік білгендігін аңғартумен бірге, ақын шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерінде, ол өмір сүрген заманасының келбетін де терең меңгергендігін жан-жақты байқатады.

Оның үстіне, ұлы ақынның шығармаларын Әбділдә Тәжібаев, Асқар Тоқмағамбетов, Қалижан Бекхожин, Сағынғали Сейітов сияқты т.б. ақындар аударып қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырады..

Сондай-ақ, ХХ ғасырдың 40-жылдарында қазақ әдебиетінің таңдаулы шығармалары да өзбек тіліне аударылып, туысқан өзбек халқының да рухани игілігіне, мәдени байлығына айналу мәселесі кең өріс ала бастайды. Бұл ретте

қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы Абай Құнанбаевтың “Өлеңдер” жинағы 1945 жылы өзбек тілінде жарық көрген болса, қазақ поэзиясының алыбы, жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаевтың да “Өлеңдер” жинағы 1946 жылы өзбек тілінде басылып шығады. Оның үстіне, 1945 жылы Әбділдә Тәжібаевтың “Өлеңдері” Миртемир аудармасында өзбек оқырмандарының қолына жетсе, 1949 жылы ұлы суреткер Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтың “*Татьянаның қырдағы әні*” деген әңгімесі Мирзакалон Исмаили аудармасында өзбек оқырмандарын табу мүмкіндігіне ие болады.

Сондай-ақ, XX ғасырдың 40-жылдарында Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев жайлы бір жөн мақалалар өзбек тілінде жарияланып, олардың ақындық әлемі, қазақ әдебиетінен алатын орны өзбек халқы арасына да кеңінен насихаттала түседі. Бұл ретте сол жылдары өзбек тілінде басылған профессор Абдурахман Сағди, Мақсуд Шайх-заде, Миртемир, Н.М.Маллаев сияқты т.б. өзбек қаламгерлерінің, ғалымдарының мақалаларын тілге аламыз.

Әсіресе, XX ғасырдың 60-70-жылдары қазақ-өзбек халықтарының достық қарым-қатынастары, ақын-жазушылардың шығармашылық байланыстары кең өріс ала түседі. Өйткені, бұл жылдары өзара бір-бірінің елдеріне барды-келді жасауы, өзара шығармаларын аудару мәселелері кең қанат жаяды.

Әрі аса талантты ақын әрі прозашы Сәкен Сейфуллин, дархан дарын, гұлама ғалым Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев, белгілі сыншы-ғалым, академик Мұқаметжан Қаратаев сияқты т.б. қаламгерлердің мерейлі мерекелеріне орай, академик Вахид Зохидов, профессор Иззат Атахан ұлы Сұлтанов, белгілі ғалым Юсуф Сұлтанов, профессор Хафиз Абдусаматов, ғалым Рахматулла Инағамов, журналист Якубжан Яквалхожаев сияқты т.б. өзбек зиялылары өзбек тілінде өз мақалаларын жариялайды.

Сондай-ақ, Миртемир, Асқад Мұхтар, Нәсір Фазилов секілді жазушылар тарапынан жазылған мақалалар да, екі халық достығын одан әрі шыңдауда, өзбек-қазақ әдеби байланыстарын жетілдіре түсуде ерекше мәнге ие болды.

Міне, бұлардың барлығы түбі бірге туысқан қазақ, өзбек халықтарының достығын, ынтымақ бірлігін кең өріс алдырумен бірге, екі халықтың әдеби-мәдени байланыстарын жетілдіріп, одан әрі шыңдауда бірден-бір нәрлі тыныс бола алды. Өйткені, екі халық өзара бір-бірінің көркем әдебиеттегі ірі табыстарын анық аңғарумен бірге, өзара қалам қайраткерлерінің өздеріне ғана тән даралық сипаттарын, стильдік ерекшеліктерін анық аңғару мүмкіндігіне ие болды.

Ия, бұл күнде кең пейілді, ақ жарқын, жаны жомарт қазақ халқының ағайын десе ақтарыла түсетін кең бейілін білмейтін өзбек жоқ. Тіптен, белгілі сөз зергері Ғабит Мүсрепов айтқандай: *“Үйлері бөлек болғанымен, қорасы бір екі республиканың мал-жаны аралас, төсекте басы, төскейде малы түйіскен”*-десе, машһүр өзбек шайыры Ғафур Ғұлам айтқандай: *“халқымыз бір кітаптың*

екі бетіндей“ тіршіліктің тынысында, ақын-жазушыларымыз әдебиет-мәдениет салаларында бірге жасап, біте қайнаса түсті.

Әдетте, өзбек халқы: *“Досы жоқ басым, тұзы жоқ асым“* дейді. Шынында да, дүниеде достықтан қымбат, достықтан асыл, одан бағалы ешнәрсе жоқ.

Әдетте, достық, жеке адамдар, жеке тұлғалар арасында басталып, ол күллі бір елді, бүкіл халықты жақындастыра, достастыра түседі. Күллі жұртшылықты достық пен ынтымақ-бірлікке, туыскандыққа жұмылдырады. Бұл ретте екі халықтың асыл азаматтары болған Димаш Ахмет ұлы Қонаев пен Шараф Рашидов, Мұхтар Әуезов пен Айбек, Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов, Әбділдә Тәжібаев пен Миртемир, Ұйғын мен Қалижан Бекхожин, Мұхаметжан Қаратаев пен Иззат Сұлтанов, Әділ Якубов пен Қалтай Мұхаматжанов, Зулфия мен Тұрсынхан Әбдірахманова, Мирмухсин мен Сырбай Мауленов, Жұбан Молдағалиев пен Назармат, Нәзір Сафаров пен Әбу Сәрсенбаев араларындағы достық қарым-қатынастар мен шығармашылық байланыстарды айрықша тілге аламыз. Олар арасындағы достық қарым-қатынастар мен шығармашылық байланыстар, екі халық достығы мен туыскандығының, әдеби-мәдени байланыстарының жаңа-жаңа арналарымен дамуында бірден-бір нәрлі тыныс болғандығы да шындық.

Өйткені олар бір-бірімен тым жақын қарым-қатынаста бола жүріп, бір-бірінің мәдениеті мен әдебиетіндегі озық дәстүрлерді, көркем шығармаларындағы игі табыстарын өз оқырмандарына ылғида насихаттап отырады. Сөйтіп, олар, әрбір қаламгердің аса талантты жазылған шығармаларын өз халқына уағыздап, насихаттай білді. Оны біз Мұхтар Әуезовтың 1958 жылы Мәскеуде өткен өзбек әдебиеті мен мәдениетінің апталығында, М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының конференцзалында өткен келелі кеңесте сөйлеген сөзінен анық аңғарамыз.

Әрі, екі халықтың ынтымақ-бірлігімен шынайы достығын, әдеби-мәдени байланыстардың терең сырларын - Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділдә Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Рахманқұл Бердібаев, Қалижан Нұрмаханов, Айқын Нұрқатов, Сағынғали Сейітов еңбектерінен көрсек, өзбек әдебиетінде Хамит Әлімжан, Айбек, Ғафур Ғұлам, Камил Яшен, Вахид Захидов, Иззат Сұлтанов, Юсуф Сұлтанов, Асқад Мұхтар, Миртемир, Нәсір Фазилов, Рахматулла Инағамов, Яубжан Яквалхожаев мақалаларынан байқаймыз.

Мәселен, Ғафур Ғұлам қазақ әдебиеті жайлы тоқтай келіп: *“...бұл әдебиеттің он Жамбылдың өміріндей тарихы бар. Бұл әдебиеттің мазмұны қазақ жеріндей кең. Абай жырларындай нәрлі, сезімді. Бұл әдебиет қазақ халқының қыр гүліндей әсем, ақылындай парасатты“* - дейді де, одан әрі: *“Бұл әдебиет туысқан бауырындай болған өзбек халқына жақын, сол үшін екеунің ақыны да, жазушысы да бір-біріне ортақ“* - деген (“Қазақ әдебиеті“, 1960 ж., 23-қыркүйек) болатын.

Расында да, екі халықтың аса көрнекті ақын-жазушылары бір-бірімен қоян-қолтық араласа жүріп, бір-бірінің шоқтығы аса биік шығармаларын өз ана

тілдерінде оқып, олардан рухани нәр ала түсті. Бұл әсіресе, 1960, 1971 жылдары Өзбекстанда қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің апталығына орай, 1962, 1972 жылдары Қазақстанда өзбек әдебиеті мен мәдениетінің онкүндіктерінің болып өтуіне байланысты кең өріс ала түскендігін анық аңғарамыз.

Бұл - қазақ, өзбек халықтары арасындағы дәстүрлі достық пен мызғымас бірлікті одан әрі жетілдіре түсіп, әдеби-мәдени байланыстардың жаңа-жаңа қырларын ашып, оны әбден шыңдай түсті. Өйткені, осы бір мәні ерекше терең мәдени оқиғалар қарсаңында, екі әдебиеттің көптеген таңдаулы туындылары бір-бірінің ана тілдеріне аударылып, бір-бірінің мәдени байлығына, рухани игілігіне айналды.

Оның үстіне, бір-бірінің өңірінде өткізілген апталықтар да көркем әдебиетіміз алдында тұрған келелі мәселелер (тақырып ауқымы, образдардың жасалу жолдары, аударма мәселесі, ел тағдыры, өзара ынтымақ, бірлік мәселелері) жайлы талай-талай пікірлер алысып, келелі ойлар ортаға салынды. Ол туралы белгілі өзбек жазушысы Асқад Мұхтар 1962 жылы Қазақстанда өткізілген өзбек әдебиеті мен өнерінің апталығында: *“Қазақстанда өтетін өзбек әдебиеті мен өнерінің апталығына әзірлік үстінде бауырлас қазақ әдебиеті жайлы мағлұматымыз орасан кеңейді. Мен өз басым, егер қазақ әдебиетінің өмірі мен тәжірибесін бұдан бұрын да дәл қазіргідей мол білгенімізде, біз қазіргімізден гөрі әлдеқайда қазыналырақ та, қуаттырақ та болар едік деген қортындыға келдім”* (“Қазақ әдебиеті” газеті, 1962 жыл, 8 наурыз) - деген болатын.

Әрине, бұл, түгелдей шындық. Өйткені, туысқан халықтар бір-бірінің әдебиетін, өнерін, дәстүрін қаншалық жетік білсе, оларға сын көзімен қарап, мұқият үйрене түссе, сол елдің өмірі мен дәстүрін, әдет-ғұрпын, салтын жан-жақты меңгерген болар еді. Өзара бір-бірінің қол жеткен табыстарымен, әттең-ай дегізіп, бас шайқап, бармақ тістетер тұстарын да анық аңғаруға жан-жақты жағдайлар жасайды.

Әрі бұл - оларды байытып, талғам таразысын биікке көтеруде бірден-бір нәрлі тыныс болары да анық. Оның үстіне бұл, туысқан екі халықтың, бір-бірінің биік мәдениеті мен әдебиетіне деген ыстық ықласы мен ынтықтығы артып, өзара бір-біріне деген туысқандық, достық сезімі күшейе түседі. Міне, бұлар әрине, әдебиеттер достығы мен әдеби байланыстардың жаңа-жаңа қырларын аша түспек.

Әдетте, дана халқымыз: *“Ақыл - ауыс, ырыс - жұғыс”* дейді емес пе. Араласқан жерде ауыс-түйістің, алыс-берістің болуы - заңды құбылыс. Нәтижеде, өзбек-қазақ қаламгерлері өзара бір-бірінің өлкелерінде өткен декадалар мен апталықтар кезінде, шығармашылық сапарларында үнемі қоян-қолтық араласа отырып, жан-жақты пікірлесу мүмкіндігіне ие болды. Әрі, бір-бірінің таңдаулы көркем шығармаларын өз ана тілдеріне аударып, оны өз халқының рухани игілігіне, мәдени байлықтарына айландырды.

Бүгінгі таңда қазақ жұртшылығы Әлішер Науаидың *“Ескендір қорғаны”* (1981), Хамзаның *“Таңдамалы шығармалар”* (1956), *“Бай мен жарлы”*, *“Пәрәнже сырлары”*, *“Күрес жырлары”* (1989), Ғафур Ғұламның *“Таңдамалы шығармалар”* (1957), Садриддин Айнидің *“Құлдар”*, Абдулла Қадиридің *“Өткен күндер”* (1963), Айбектің *“Науаи”* (1949), *“Киелі хан”*, *“Балалық”*, Абдулла Қаххардың *“Ауру тістер”*, *“Қыштак”*, *“Маспан”*, Шараф Рашидовтың *“Дауылдан да күшті”*, *“Кәшімір өлеңі”*, Асқад Мұхтардың *“Апалы - сіңлілі”*, Фәрда Тұрсынның *“Оқытушы”*, Әділ Яқубовтың *“Мұқаддас”*, *“Жоғалған жұлдызым”*, Миртемирдің *“Ойлар”* (1961), *“Сахра гүлі”* (1969) сияқты т.б. өзбек жазушыларының шығармаларын өз ана тілдерінде сүйіп оқыса, өзбек оқырмандары Мұхтар Әуезовтың *“Абай жолы”* (1960), *“Оқыған азамат”*, *“Кінәміл бойжеткен”*, *“Шаяндық Керімқұл шешен”*, Сәбит Мұқановтың *“Ботакөз”*, *“Менің мектептерім”*, *“Балуан Шолақ”*, Ғабит Мүсреповтың *“Қазақ солдатты”*, *“Қос шалқар”*, *“Ұлан”*, *“Кездеспей кеткен бір бейне”*, Ғабиден Мұстафиннің *“Қарағанды”* (1956), *“Шығанақ”*, Бауыржан Момыш ұлының *“Артымызда Москва”*, Қалмақан Әбдіқадировтың *“Қажымұқан”*, Әнуар Әлімжановтың *“Махамбеттің жебесі”*, Бердібек Соқпақбаевтің *“Менің атым қожас”*, Әбжәміл Нұрпейісовтың *“Қан мен тер”* романынан *“Сергелдең”* (1977) сияқты т.б. қазақ прозашыларының көркем шығармаларымен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Сондай-ақ, Әбділдә Тәжібаевтың *“Сыр өлеңдері”*, Тайыр Жароковтың *“Өлеңдер”* (1961), Дихан Әбілевтың *“Қош келіңсіз”* (1970), Сырбай Мауленовтың *“Шөл шешектері”* (1970), Жұбан Молдағалиевтың *“Мәрт ақын қыссасы”* (1962), *“Сәлем айттым”* (1970), Ғали Орманов, Ғафу Қайырбеков, Қадыр Мырзалиев секілді т.б. ақындардың өлеңдер жинағы өзбек тілінде жарық көріп, өзбек оқырмандарының сезім пернесіне нұр сеуіп, әрбір өзбек оқырмандарының үйлерінің төрінен орын алғандығын анық аңғарамыз.

Оның үстіне өзбек жұртшылығы *“Өзбек өлеңдері”* (1960), *“Қазақ әңгімелері”*, *“Қазақ ақындары”*, *“Алатау оттары”* (1970) деген жинақтардан қазақ қаламгерлерінің шығармаларын оқып, рухани нәр алған болса, қазақ оқырмандары *“Туыс жыр”*, *“Тарту”*, *“Өзбек өлеңдері”*, *“Өзбек пьесалары”*, *“Мұшайра”* (1972), *“Ақ алтын аймағы”* (1972) сияқты т.б. өзбек ақын-жазушыларының өлеңдері мен әңгімелер жинағын сүйсіне оқуда. Міне, бұлардың барлығы қазақ, өзбек халықтарының болаттай берік достығы мен рухани байланыстарының жылдар өткен сайын жетіліп, кең өріс алып, гүлдене түскендігін анық аңғартады. Әрине, мұндай қастерлі достық пен мызғымас бірлік негізінде екі халықтың әдеби-мәдени байланыстары жаңа-жаңа арналармен дамып, одан әрі кең өріс ала бермек.

Шындығында да, өзбек-қазақ халықтарының достығы мен мызғымас бірлігі жылдар өткен сайын кең өріс алып дами түсті. Нәтижеде, екі халықтың мәдени-әдеби байланыстары жаңа-жаңа арналармен байи түссе, экономикалық қарым-қатынастар да жылдар өткен сайын кең қанат жайып, жан-жақты саралана

дамып, кемелдене түскендігін де анық аңғарамыз. Өйткені, екі халық мәдени, экономикалық өмірлерінің қай саласына назар аударсақ та, онда олардан айқасқан білектер мен шүйіркелескен жүректерді, еңбек, мәдениет, әдебиет майдандарында бірге тер төге түскендіктерді анық аңғарамыз. Мәселен, кезінде Қазақстандағы игерілмей жатқан тың және тыңайған жерлерді тіршіліктің тынысына айландыруда еселі еңбек еткен орыстар мен украйындар, беларустар мен латыштар, қазақтар мен қырғыздар, тәжіктер мен өзбектер де бірге болып, еселі еңбек етті емес пе?! Ол жерде де қазақтар мен өзбектер қолды-қолға беріп, құлан жортқан кең байтақ жазираны жайқалған егістікке айландырды. Алтын дәнді алтын аймаққа айландырды. Оның үстіне, бір кездері шалқыған шалқар теңіз болып, кейіншелік сол теңіз суы тартылып, жердің бетін құнарлы топырақ басқан Мырзашөлді 1956 жылы игеруде де, түрлі ұлт өкілдерімен бірге, қазақтар мен өзбектердің еселі еңбек еткендігін жақсы білеміз. Мәселен, туысқан өзбек халқымен бірге жасап, біте қайнаса түскен Мемлекет Еңбек ерлері Қыныбек Үкібаев, Жабай Балиманов, Өзбекстан ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері Алтынбек Нұралиев, Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, гидрогеология ғылымдарының докторы, профессор Нэтай Әзімхан ұлы Кенесарин, 17 жыл Ташкенттегі Орта Азия политехникалық институтының ректоры болған, химия ғылымдарының докторы, профессор Мұхаммед Ибрагим ұлы Ниязов, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Ахмет Қошқаров, экономика ғылымдарының докторы, профессор Өнер Байымбет ұлы Жамалов, Өзбекстан Республикасы Орталық Комитетінде Малшарушылығы бөлімінің меңгерушісі болған, сондай-ақ, Қашқадария облысының бірінші хатшысы болып қызметтер атқарған Бекіш Насиров, суретшілер одағының мүшесі, Өзбекстан Халық суретшісі Орал Таңсықбаев, көп жылдар бойы Сырдария облысының үшінші хатшасы болып қызмет атқарған Мырзатай Үмбетов, Сырдария, Науаи облыстарында бірнеше жыл әкім болған Әбдіхалық Айдарқұлов, Әбдіқадыр Өркенбаев, Өзбекстан қаһарманы Ағытай Әділов сияқты т.б. қазақ азаматтарының есімдерін ерекше құрметпен тілге аламыз.

Сондай-ақ, 1958 жылы қолға алынып, күні бүгінге дейін тіршіліктің тынысына айналған Шардара су қоймасы, “Қарақұм” ГЭСі - туысқан ұлт өкілдерімен бірге, өзбектер мен қазақтардың бірден-бір еңбектерінің жемісі дей аламыз.

Тіптен, бүгінгі таңда да ТашГРЭС, Қарақұм ГЭС-і, Фархат, Ангрен сияқты т.б. ГЭС-тер Орта Азия мен Қазақстанның Оңтүстік аудандарын электр нұрына бөлеп, қазақ-өзбек халықтарының мұң-мұқтажын бірге атқарып тұр емес пе.

Оның үстіне, кезінде Магнитканың шүмегінен аққан алғашқы шойынның Ангрендегі өзбек металлургия зауытына жіберілуі екі халық достығының бірден-бір айғағы болса, Қарағандының көмірі-туысқан өзбек халқының үйін жылытып, болатын балқытқан болатын. Ал, Бұхараның газы Алматы мен

Шымкент тұрғындарының тамағын пісіріп, жүректерін жылытқандығы да ешкімге сыр емес.

Сондай-ақ, Қызылорданың маржан күрішінен өзбек ашпаздары палау пісірсе, Өзбекстанның ақ мақтасы мен жібегі қазақ халқының киіміне айналғаны қашан.

Ал, Самарқанның мейізі мен Әндіжанның алмасын, Қоқанның анары мен Ташкенттің әр түрлі жемістерін Қостанай, Өскемен, Алматы, Жамбыл қалаларынан кездестірек, Алматының апортын, Жезқазғанның жезін, Шымкенттің қорғасынын, Қостанайдың қойын Өзбекстан өңірлерінен аңғарамыз.

Ташкенттегі “Ташсельмаш” зауыты шығарған машиналарды Келестің, Сарағаштың, Жетісай, Махтаралдың мақта далаларынан көрген болсақ, “Ақтюберентген” зауытының аппараттарын Әндіжан, Хорезм, Ферғана емханаларынан аңғарғанбыз. Оның үстіне, 1930 жылдан Тәуелсіздік таңына дейін Өзбекстан Республикасына қарасты Төменгі Шыршық ауданында, Жоғарғы Шыршық ауданында, Бостандық аудандарында газеттер қазақ тілінде жарық көрген болса, 1935 жылдан күні бүгінге дейін Бұхара, Науаи облыстарына қарасты Тамды, Кенімех аудандарында қазақ тілінде бір жөн газеттер жарық көруде. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкентте «Жанубий Қозоғистон», Түркістан, Сайрам аудандарында («Сайрам саодаси!») өзбек тілінде бірнеше газеттер басылып шығып, екі халықтың әдеби-мәдени байланысына, достығы мен ынтымақ-бірлігінің дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қоса түсуде.

XX ғасырдың 60-,70- жылдарында Өзбекстан Республикасы елді мекендерінде Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Жамбыл Жабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов есімдерімен аталатын 1200-ге тарта қазақ мектептерін кездестірген болсақ, Шымкент, Сайрам, Түлкібас, Жамбыл, Түркістан елді мекендерінде Әлішер Науаи, Фурқат, Муқими, Хамза, Айбек, Ғафур Ғулам есімдерімен аталатын талай-талай өзбек мектептерін де кездестіру мүмкіндігіне ие болғанбыз.

Қорыта айтқанда, кеңестік дәуірде тіліміз бен дініміздің, салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрыптарымыздың дамуына жан-жақты кедергілер жасаған болса, әдебиет пен өнердің дамуына бір жөн жағдайлар жасалды. Нәтижеде, ақын-жазушылардың шығармашылық байланыстары тәп-тәуір кең қанат жайып, ол өзінің тамаша жемістерін берді. Өйткені, өзара бір-бірінің елінде әдебиет, мәдениет, өнер күндері өтіп, аса талантты ақын-жазушылардың мерей тойлары, өзара бір-бірінің елді мекендерінде тойланып жатты.

Міне, бұлар - Кеңес дәуірінде қазақ, өзбек халықтарының достығын, ынтымақ-бірлігін шындауда, әдеби-мәдени байланыстарының жаңа-жаңа қырларын ашуда, бірден-бір нәрлі тыныс болғандығында дау жоқ.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЖӘНЕ ХАМЗА

XX ғасыр қазақ, өзбек халықтары достығы, әдеби-мәдени байланыстары тарихында Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязи арасындағы достық қарым-қатынастар мен шығармашылық байланыстары ерекше орын иелейді. Өйткені олар Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиеті мен қазақ әдебиетінің туу, қалыптасу кезеңінде айрықша көзге түсіп, ерекше еңбек еткен ұлы тұлғалар.

Олар Қазан төңкерісін ерекше сезіммен қуана қарсы алып, оны биікке көтере жыр жолдарына қосты да, нағыз төңкерісшіл ақын дәрежесіне көтерілді. Кеңес үкіметінің болашағына аса үлкен сеніммен қарап, оны өзінің өлең жолдарында жан-жақты мадақтады. Өз шығармаларында ылғи да халықтар достығы мен ынтымақ-бірлігін дәріптей отырып, халықтар достығының бірден-бір жаршысы және күйшісіне айналды.

Сөйтіп, Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязи шын мәніндегі аса талант иелері екендігін көркем әдебиеттің барлық жанрларында жан-жақты танытып, Кеңестік дәуірдегі қазақ, өзбек әдебиетінің дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қоса білді.

Хамза Хакимзада Ниязи 1889 жылдың 7-наурызында Ферғана облысына қарасты, Қоқан қаласындағы тәуіп жанұясында дүниеге келеді. Оның жастық, балалық шақтары сол Қоқан қаласында өтеді. Ол өзінің өмірбаянында, әкесі жайлы айта келіп; *«Әкем Нияз ұлы 1836 жылы туылып, 16 жасында Бұхараға барып, ескіше халық тәуібі болып оралған»* - дейді.

Шынында да әкесі Ибн Ямин Нияз тәуіпшілік сырларын терең меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, бір жөн білімді болғандықтан, ел арасында ерекше құрметке ие болады. Әрі, 1898 жылдан бастап Хамзаның өзбекше, парсыша сауатын аша түсіп, оның тәлім-тәрбиесіне ерекше мән береді.

Хамза мектеп жасына толғаннан соң, мектепте оқып өз сауатын аша түседі де, 1899-1906 жылдары Қоқан қаласындағы ескі діни медреседе оқиды. Соңыра, 1908 жылы *«Орыс – түзем»* мектебінде оқып жүрген шағында-ақ, Лутфи, Науаи, Фузулий, Муқими, Фурқат шығармаларынан рухани нәр алып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

1910 жылы Ташкентке келіп оқуын одан әрі жалғастырумен бірге, бала оқыту жұмысымен де шұғылданады. Соңыра ол, 1911 жылы Қоқан қаласында мектеп ашып, онда қарапайым еңбек адамдарының балаларын оқыта бастайды. Әрі ол, Әндіжан, Бұхара, Қоқан, Наманган, Хорезм өңірлерінде театр труппаларын ашып, білім мен мәдениеттің, өнердің өркендеуіне ерекше үлес қоса бастайды.

Ол өзінің ең алғашқы өлеңдерін мектеп қабырғасында жүрген шағында, *«Нихоний»* деген бүркеншек есіммен *«Ғылым ізде», «Оқы», «Мектеп», «Кітап», «Тура сөзді бала», «Ғалым мен ашу туралы»* сияқты т.б, тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие өлеңдер жазады. Сөйтіп ол, 1905-1914 жылдар аралығында

жазған 200-ге жуық ғазелдер мен өлеңдерін *«Нихон жырлары»* (*«Девони Нихоний»*) деген атпен бастырып шығарады.

Соңыра оның, 1915-1917 жылдар аралығында *«Гүл»* атты өлеңдер жинағы, *«Жаңа өмір»* атты прозалық туындысымен бірге, *«Улы өмір немесе зашықтық құрбандары»* атты т.б. драмалық шығармалары да өмірге келеді.

Ол 1916-1919 жылдар аралығында 5 кітаптан тұратын *«Ұлттық әндер үшін, ұлттық өлеңдер»* жинағын, сондай-ақ *«Оқу кітабы»*, *«Жеңіл әдебиет»*, *«Қырағат»* (Дауыстап, мәнерлеп оқу) деген сияқты т.б. тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие педагогикалық еңбектерін де бастырып шығу мүмкіндігіне ие болады.

Хамза Хакимзада Ниязи өзінің отты лепке толы өлеңдерімен бірге, *«Ферузаханум»*, *«Бай мен жарлы»*, *«Ферғана қайғысы»*, *«Майсараның айласы»*, *«Жалақорлар жазасы»*, *«Пәранжы сырлары»*, *«Кім тура?»*, *«Сайлау қарсаңында»*, *«Ел құзғындары»* сияқты т.б. драмалық, сатиралық, комедиялық шығармаларымен өзбек әдебиетін биікке көтере түсті.

Сөйтіп ол, Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиетінің қабырғасын қалап, шаңырағын көтерді де, өзінің шын мәніндегі ерен талант иесі екендігін барлық жанрларда жан-жақты таныта алды. Ол – аса дарынды ақын, тамаша прозаик болумен бірге, шын мәніндегі талантты драматург, ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді.

Сондықтан да ол, 1926 жылдың өзінде-ақ Өзбекстан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің шешімімен *«Халық ақыны»* деген аса құрметті атаққа ие болды.

Міне, осындай сан қырлы талант иесі болған Хамзаны, ескі дін иелері, шала сауат қожа-молдалар аяусыз ұрып, соғып, тас боран қылып, әбден азаптап, 1929 жылы не бәрі 40 жасында өлтіреді.

Әрине, ол, өзінің кең тынысты кемел, жалында поэтикалық туындыларымен, прозалық, драмалық шығармаларымен өзбек халқының, өзбек әйел-қыздарының бас бостандығы үшін еткен ерен еңбектерімен ешқашан өлмек емес. Жылдар өткен сайын, мандайы жарқырап ылғида биіктен көріне бермек.

Егер өзбек, қазақ әдебиетінің XX ғасырдың 20-жылдарындағы өзара әдеби-мәдени байланысы, екі халық достығы мен туысқандығы, ынтымақ-бірлігі жайлы ой толғар болсақ, онда Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязи есімдерін ерекше атай аламыз.

Себебі, олардың өмір жолдары мен шығармашылығында өзара ұқсастық пен үндестік, сарындастық сипаттар аса мол екендігін көруімен бірге, екеуінің достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болғандығын да анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Мәселен, екі қаламгер Кеңестік дәуірдегі қазақ, өзбек әдебиетінің негізін салу мен бірге көркем әдебиеттің барлық жанрларында да өндірте қалам тебіrentіп, оны биікке көтерді.

Оның үстіне, Сәкен мен Хамза әдебиет майданына алғаш ақын ретінде кіріп келеді де, соңыра проза, драматургия жанрларында өндірте қалам тебіреніп, онда да өздерінің өшпес іздерін қалдырды.

Сөйтіп, екеуі де өздерінің кең тынысты, кемел суреткер екендігін барлық жанрларда жан-жақты танытты. Нәтижеде қазақ, өзбек әдебиеттерінің қабырғасын қалап, босағасын бекітті де халқымыз арасында шын мәніндегі нағыз халықшыл, Отаншыл, арынды ақын, тамаша прозашы, кемел драматург екендігімен де көз тартып, көңілге ұялай түсті.

Ылғида олар халықтар достығы мен туысқандығына, езілген еңбек адамдарының ынтымақ-бірлігіне, олардың болашағына айрықша мән бере жүріп, халықтар достығын, ынтымақ, бірлігін ерекше серпінді әуенмен тым жоғары көтеріп, өздерінің жыр жолдарына қоса білді.

Мәселен, Сәкен Сейфуллин өзінің *“Жас қазақ марсельзасы”* атты өлеңінде:

*Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстас, бірігіп тізе қос.
Ту ұстап дұшпанға барайық.
Теңдіктің ұранын салайық.
Тізесін батырған залымнан
Күн туды — біз теңдік алайық.*

деп, үн қатуы күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан емес.

Ақын барлық нәрсе ынтымақ, бірлікте, достықта екенін терең танып, оны поэзия тілімен әдемі жеткізеді.

Бұл ой Хамза Хакимзада Ниязи өлеңдерінде де өз шешімін жан-жақты әрі тамаша тапқан деуге болады. Мәселен, ақын өзінің *“Оян, Түркістан”* атты өлеңінде халықты ынтымақ-бірлікке үндей отырып;

*Қанаушылар, қанқор байлар құрысын,
Дағар сәлде, шұбар шалма шірісін!
Заман енді біздікі ғой, жолдастар,
Жұмысшы мен шаруа бірлес, жол басқар,—*

дейді ақын.

Не болмаса аса талантты ақынның *“Біз - жұмысшымыз”* атты өлеңіндегі мына бір жолдарға назар аударалық, онда қарапайым еңбек адамдарын өз бостандығы, өз тәуелсіздігі үшін күресуге шақырады. Мәселен, ақын:

*Біз жұмысшымыз, еңбекшіміз,
Біз де адам ұлымыз.
Ойлайықшы, біз неліктен,
Зұлым бойдың құлымыз?*

деген ойды алға тартады.

Міне, мұндай тамаша ой жемістерін Сәкен Сейфуллин де өз өлең жолдарында одан әрі дамытып, жарлы-жақыбайларды жігерлендіре түсіп:

Жойылсын құлшылық, кемшілік,

*Жасасын әділдік, теңшілік.
Бұрынғы қу қыспақ жол қалсын,
Өз еркін бұқара қолға алсын.*

дейді.

Екі ақын өлеңдерінде іштей үндестік сарынын анық аңғарумен бірге, дәуір сырын, заман келбетін терең түсіну жағынан да бір-бірімен іштей қабысып, жымдасып жатқандығын байқау оншалық қиын емес.

Оны біз Хамзаның *«Ей, жұмысшылар»*, *«Біз – жұмысшымыз»*, *«Оян!»*, *«Өзбек қыз-келіншектеріне»*, *«Тұрсынайдың зары»* сияқты т.б. өлеңдерімен бірге, Сәкен Сейфуллиннің *«Жас қазақ марсельазасы»*, *«Жолдастар»*, *«Кел, жігіттер»*, *«Жұмысшыларға»*, *«Марзияға»*, *«Біздің Сәуле»*, *«Келіншек арманы»*, *«Надежда, Умид, Ұмила»* сияқты т.б. өлеңдерінен де анық аңғарамыз.

Кейбір әдебиет зерттеушілері, Тәуелсіздік таңының алғашқы жылдарында Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязиды *«Қазан төңкерісін ерекше дәріптеген»*, *“Төңкеріс күйші болды”*, *“Төңкерісті әбден мақтап-марапаттаған”*, *“Күні кешегі кеңес үкіметін әбден дәріптеген”* деп, тырнақ арасынан кір қыдырып, теріс көзбен қарау жайлы ой тастай бастады.

Сөйтіп, оларды әдебиет әлемінен ығыстырып, оқулықтардан алып тастамақ та болды. Оларды сынағысы келіп, міней түскен сәттер де қылаң берген болатын.

Әрине, бұл - түгелдей орынсыз. Өйткені, әрбір қаламгер, ақын-жазушы - өз дәуірінің күйшісі, өз заманасының жыршысы екендігін, ешқашан да ұмытпағанымыз жөн ғой деп ойлаймыз.

Өйткені, Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзаде Ниязи, Кеңес үіметіне, оның болашағына аса үлкен сеніммен қарады. Қазан төңкерісі қарапайым халыққа, күллі еңбекші жұртшылыққа бостандық, теңдік, тәуелсіздік әкеледі деп түсінді.

Шындығында да Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңдерінде солай болды да. Бірақ, кейін келе-келе сол уақыттағы партияның қытымыр саясаты негізінде, күллі халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстауды басты ниет еткен, шовинистік идеялар барған сайын етек ала түсті.

Рас, Сәкен мен Хамза тұсында теңдік, еркіндік, бас бостандық идеялары кең өріс ала түсті де, ол XX ғасырдың 20 - жылдарының соңына таяу, елді ұжымдастыру кезінде, 30-жылдардың орта шенінде кілт өзгерді.

Нәтижеде, халықтың нағыз ұлы тұлғаларын, ардақты азаматтарын *“Халық жауы”* ретінде танып, оқыған азаматтарға қырғидай тиді. Елдің, халықтың қаймағы болған сауатты, зейінді де зерделі зиялылардың барлығын дерлік қуғын-сүргін жасап, азапты вагондарда ұстап, абақтыға жапты. Сібірге жер аударып, ит жеккенге айдады. Ең соңында атты. Міне, соның бірі – Сәкен Сейфуллин болатын. Оны 1938 жылы, 44 жасында атылды.

Рас, Кеңес үкіметіне айрықша адал қызмет атқарған, олардың болашағына аса үлкен сеніммен қараған Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязи үнемі қарапайым халықты, жалшы-жақыбайларды, кедейлерді достыққа, бірлікке, ынтымаққа үндеп, төңкерістік күреске шақырды. Жаңа дүние құрудың, бас бостандық алудың бірден бір жолы, қол ұстасып бірігуде, достасуда деп түсінді де, оны өз өлең жолдарында бар даусымен ашық айтты. Мұның несі айып, несі әбес?..

Кейбір тарихи деректерге қарағанда Хамза 1917-1918 жылдар аралығында Түркістанда болып, алғаш рет қазақ халқының өмірі, тірлік-тыныстарымен кеңірек танысқан болса, Сәкен Сейфуллин XX ғасырдың 20-жылдарында Ташкентте екі рет болып, туысқан өзбек елінің тұрмыс-тіршілігімен жан-жақты танысу мүмкіндігіне ие болады. Мәселен, Хамзаның өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттей түскен ғалым Гафпар Моминов өзінің *«Хамза өмірінің бір беті»* деген мақаласында: *«...Хамзаның 1917 жылдың қазан айынан бастап, 1918 жылдың наурыз айына дейін, Түркістан қаласында болған 6 айлық кезі, оның шығармашылығы кең өріс ала түскен, өмірге деген көзқарасы әбден қалыптаса бастаған, елде болып жатқан түрлі өзгерістер мен оқиғалардың терең сырларын анық аңғарған кездеріне тура келеді»* - дейді.

Ал, Сәкен Сейфуллин болса 1920 жылдың көктемінде Омбы түрмесінің құрсауынан қашып шығып, *«Дүйсенбі Әси ұлы»* деген лақап атпен, Түркістан арқылы Орынборға бет алғанда, біраз уақыт Ташкентте аялдайды.

Сонда Сәкен, туысқан өзбек халқының тарихы, тірлік-тыныстары мен алғаш рет танысып, өзбек әдебиеті мен мәдениетіне ой көзін қадай бастайды.

Ал, екінші рет ол Ташкентке 1927 жылы белгілі жазушымыз Сәбит Мұқановпен бірге келіп, Қазан мерекесін осында өткізеді. Ол туралы Сәбең өзінің *“Үлкен мәдениет қайраткері”* атты Хамза Хакимзада Ниязи жайлы өзбек тілінде жариялаған естелігінде: *“Сәкен Сейфуллин маған Қазан мерекесін Ташкент қаласында өткізуге кеңес берді. Біз үш адам — Сәкен Сейфуллин, Ахмет Баржақсин және мен Ташкентке келіп, “Ревью” қонақ үйіне орналастық»* - дейді де, онан соң: *«Орта Азия халықтарының әдебиетімен жақсы таныс Сәкен Сейфуллин өзбек әдебиеті, оның атақты жазушылары туралы маған поездда айтып берген болатын»*— дейді де, одан әрі: *«Бізді Абдулла Қадири өз үйіне қонаққа шақырды. Оның үйіндегі қонақтар арасынан бидай өнді, сирек мұртты, сөзге шешен де әзілкеш бір кісі, аса ақжарқындығымен басқалардан ерекшеленіп көрінді. Ол Хамза Хакимзада Ниязи екен. Сәкен Сейфуллин оны маған “Өзбектің бірінші төңкерісшіл ақыны»*— деп, таныстырды. *«Сол үйде сұхбатымыздың гүлі Хамза Хакимзада Ниязи болды»*— дейді.

Бұған қарағанда Сәкен Сейфуллин Хамзаны алғаш Ташкентке келген кезінде-ақ көріп, онымен таныс болған, өзара кездесіп талай-талай сұхбат құрған деп ой түюімізге мол мүмкіндіктер береді. Өйткені, оны Сәбең *“Өзбектің бірінші төңкерісшіл ақыны”* - деп таныстыруы, Сәкеннің Хамзаны

бұрыннан білетіндіктің, оның шығармаларынан хабары барлығының айғағы десек, ол артық айтқандық емес шығар деген ойдамыз. Сол отырыста Хамза дутар тартып, би билеп, өлең айтып жиылған жұртшылықты өзіне үйіре түседі.

Міне, осындай Хамзамен 20-жылдардың бас кезінде танысқан Сәкен Сейфуллин, Ташкентте болған жылдарында, Түркістан өлкесінің зиялыларына талай-талай лекциялар оқып, әуенді ой түйіндерін ортаға салып отырғандығын да түрлі фактілерден байқаймыз. Тіптен Сәкен Сейфуллин Ташкенттегі Қазақ-қырғыз педагогикалық институтында «Қазақ әдебиетінен» лекциялар да оқиды. Әрі, бір жылдай аталмыш институттың директоры болып та қызмет атқарады.

Оның үстіне, Орта Азия мемлекеттік университеті (қазіргі — ТашҰУ) жанында ұйымдастырылған «**Алқа**» атты әдеби үйірмені басқара жүріп, онда қазақ, қырғыз, қарақалпақ әдебиеттері жайлы да талай-талай ойлы, толымды сұхбаттар өткізеді.

Бұл ретті сол жылдары Ташкентте Сәкен Сейфуллинмен бірге болып, Сәкеннің әуенді де ойлы лекцияларын есіткен, Орта Азия университетінің сол кездегі түлегі, кейінгі кезде тарих ғылымының докторы, профессор болған Елтоқ Діلمұхаметовтың (марқұм) “**Ташкент күндері**” атты естелігіндегі мына бір жолдарға назар аударсақ, онда ойымыз тереңірек ашыла түспек. Мәселен ол: *“1928 жылдың күзінде Сәкен Қызылордадан қазақ-қырғыз ағарту институтының директоры болып Ташкентке келеді екен”,*— деген сөзді есіттік. *Мұны алғаш айтқан, сол кездегі мұғаліміміз Өтебай Тұрманжанов болатын. Қазақ, қырғыз және қарақалпақ тсалапкерлері Сәкеннің Ташкентке келуін асыға күтіп жүрдік. Ол көп кешікпей-ақ келді де— дейді де, одан әрі: “Бірінші сабақта Сәкен “Қазақ көркем әдебиетінің қазіргі хал-жайы” деген тақырыпта лекция оқыды. Зал толық толып отырды. Үйірмеміздің мүшелері түрлі ұлт талапкер жастарынан құралған еді. Сондықтан да Сәкен баяндамасының аяқ кезінде қырғыз бен қарақалпақ әдебиетінің өсу жолдарына да көңіл бөлді”*— дейді.

Шындығында да Сәкен Сейфуллин Ташкентте жүрген жылдарында Орта Азия халықтары әдебиетіне үлкен сүйіспеншілікпен назар аударып, өзбек, қырғыз, қарақалпақ қаламгерлерімен тығыз байланыс жасайды. Әрі, ол елдердің әдет-ғұрпына, тағдыры мен табиғатына, тіліне ерекше көңіл бөліп, шығармашылық жұмыстармен кең шұғылданады. Мәселен: Ташкент жанындағы «**Арғын**» елді мекенінде орын тепкен, қазіргі таңдағы өзбек жазушыларының «**Дөрмен**» демалыс үйінде быраз болады. Сонда біраз дем ала жүріп, өзінің “**Сұлу терек**”, “**Надежда, Умид, Умила**”, “**Домбыра**” деген сияқты өлеңдерін жазу мүмкіндігіне де ие болады.

Сондай-ақ, сол жылдары Ташкентте қазақ тілінде шығатын “**Ақ жол**” газетінің 1922 жылғы 14 сәуір күнгі санында “**Затқа ат іздеу, ұғынысқа сөз қыдыру**” атты мақаласы мен “**Маржан**” атты өлеңін жариялайды. Әрі, Ташкентте шығып тұрған “**Шолпан**” журналының 1922 жылғы, 2 және 3 -

сандарында, оның **“Қызыл сұңқарлар”** атты пьесасына арнайы сын мақалалар да жарияланады.

Сондай-ақ, Ташкент зиялылары арасында талай лекциялар оқып, әдеби айтыстарға, **«Мұшайра»ларға** қатысады. Міне, сондай Сәкен Сейфуллин қатысқан айтыс-тартыстың бірі, Орта Азия Мемлекеттік университеті жанында қазақ тілінде шығып тұрған **“Кедей айнасы”** атты альманахтың 1929 жылғы 4-санында басылып шығады.

Сәкен Сейфуллин Ташкентте жүрген жылдарында **«Қазақ әдебиеті тарихын»** зерттеу жұмысымен де кең шұғылдана жүріп, Орта Азия әдебиетінің өсу, гүлдену эволюцияларына көңіл аударады да, араб тілін үйрене бастайды.

Бұл жайлы кезінде Сәкен Сейфуллиннен Ташкентте талай-талай лекциялар тыңдаған, тарих ғылымдарының докторы, профессор Елтоқ Діلمұхамедов: *“Тағы бірде үйірме мәжілісін өткізіп болған соң, Сәкенге еріп көшеге шыққанбыз. Жолда бара жатып бір келбетті, ақсақалды өзбек қартына жолықтық. Сәкен ол кісіге иіліп сәлем беріп өтті. “Бұл кісі кім болады?” деген сұрағыма Сәкен: “Өзбектің Әкбарходжаев деген араб тілін көп білетін ғалымы. Қолым тигенде мен осы кісіге барып, араб тілінен сабақ аламын”— деді»* — деп жазады.

Әрине, бұл, Сәкен Сейфуллиннің көп тіл білуге ерекше құрмет пен қарап, ылғида үйрену, іздену үстінде жүретіндігін аңғартумен бірге, көркем әдебиет сырларын терең танып, оған еркін енуге деген құштарлығының айқын айғағы деуге болады. Әрі бұл, халықтар достығы мен ынтымақ, бірлігіне, туысқандығына жете мән беріп, оның кемелдене, өркендей түсуіне көп еңбек сіңіргендігін де аңғартады.

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жәйт, Хамза Хакимзада Ниязи де Сәкен Сейфуллинді ерекше қадір тұтып, оның шығармаларына айрықша мән беріп, ерекше көңіл бөлген қаламгерлерден десек, ол да бірден-бір шындық.

Өйткені Хамза, XX ғасырдың 20-жылдардың бас кезінде-ақ, Өзбекстан өңірінде театр труппаларын ұйымдастыра жүріп, сол труппаларында Сәкен Сейфуллиннің драмалық шығармаларын өзбек, қарақалпақ, қазақ халықтары арасында кеңінен насихаттап, спектакль етіп қойған. Мәселен, Хамза 1920 жылы **«Саяар»** драма труппасын басқарып, Қарақалпақстанға барады. Қарақалпақ елді мекендерін аралап, жер-жерлерде концерттер қояды.

Сөйтіп ол, Қоңырат елді мекеніне де келеді. Осы сапарында ол өзінің **“Бай мен батырақ”** атты спектаклімен бірге, Сәкен Сейфуллиннің 1920 жылы жазылған **“Қызыл сұңқарлар”**, Мұхтар Әуезовтың 1917 жылы өмірге келген **«Еңлік – Кебек»** драмалық шығармаларын да ала барып, оны туысқан қарақалпақ өлкесінде қойып береді. Сонда Хамзаның өзі **“Қызыл сұңқарлар”** пьесасындағы өр мінезді, ержүрек Еркебұлан ролінде ойнайды.

Бұл жайлы Хамзаның сол кездегі шәкірттерінің бірі болған, Қарақалпақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім Төлек Сарыбаев: *“Біздер интернатта оқып жүргенде, Хамза екі жігітпен мектебімізге келіп,*

мұғалімдермен сөйлесті» - дейді де, одан әрі: «Оның негізгі мақсаты мектепте драма үйірмесін құру екен. Мұғалімдер мені шақырып алып: “Міне, осы бала драма-үйірмесін басқаруға қолайлы”- деп, өзін таныстырғанын ескере келіп, одан соң Хамзаның өзімен жеке сөйлесіп, драмтруппа ұйымдастыру қажет екендігін түсіндіргендігін тілге алып: “Мен “Қызыл сұңқарлар” пьесасында Жағыпар рөлінде ойнадым”,— дейді.

Сондай-ақ, Хамза 1922-1924 жылдары Қарақалпақстанда, яғни Хожейліге келіп, сонда интернат директоры болып та қызмет атқарады. Әрі онда, қазақ, өзбек драмтруппаларын ұйымдастырып, оған өзбек, қазақ, қарақалпақ жастарын қатыстыра бастайды.

Міне, сонда Хамзамен Хорезм өлкесінде бірге болған, Қарақалпақстанға еңбегі сіңген оқытушы Сыдық Хакимбаев өз естелігінде: *“Хожейліде өзбек, қазақ драмтруппасының негізі салынды. (Труппаны Х.Х.Ниязий ұйымдастырған болатын). Бір рет “Қызыл сұңқарлар” пьесасына мен де қатыстым. Сонда Балқия қыз рөліне қыз таба алмай, менің өзім сол ролде ойнағаным әлі есімде”, — деп жазады.*

Сөйтіп, Қарақалпақстанда Хамза Хакимзада Ниязи тарапынан дүниеге келген қазақ драмтруппасына Сыдық Хакимбаев пен А. Нұржанов басшылық жасайды.

Міне бұлар - Хамзаның Сәкен Сейфуллинді аса жақсы біліп, оның шығармаларын жұртшылыққа кеңінен уағыздағандығын көрсетумен бірге, олардың шығармашылық байланыста, достық қарым-қатынаста болғанын да анық аңғарта түскендей.

Әрі, Хамзаның туысқан қазақ халқына, оның әдебиеті мен мәдениетіне сүйіспеншілікпен назар аударған, нағыз интернационалист қаламгер екендігін де анық көрсетеді.

Қорыта айтқанда, кемел де өрен қос тарлан талант Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязидің үні мен әуендері жылдар өткен сайын кең өріс ала түседі де, олар халқымыз арасында өз шоқтықтарымен жан-жақты танылып, биіктей бермек.

Әрі олар оқырман жұртшылықты ылғида өздеріне ынтықтыра үйіріп, олардың достық, туысқан мейірін, ой-жүйелерін дамыта түсуде, бірден-бір нәрлі тыныс боларында дау жоқ қой деп ойлаймыз.

ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІ

Мұхтар Әуезов - XX ғасырдағы Кеңестік дәуірдегі көп ұлтты көркем әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қоса білген, шын мәніндегі дархан дарын, ғұлама ғалым дәрежесіне көтерілген ұлы тұлға бола алды.

Рас ол, әдебиет әлеміне 20 жасында, 1917-жылы өзінің *«Еңлік – Кебек»* атты драмалық шығармасымен кіріп келеді де, көркем әдебиеттің барлық жанрларында өндірте қалам тебіреніп, оларда өшпес із қалдырады.

Ең қуаныштысы, күні кеше 73 жыл жасап, 1991-жылы келмеске кеткен Кеңестік дәуірде, өзінің төрт томдық *«Абай жолы»* роман-эпопеясымен әлем әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосумен бірге, қазақ халқын алғаш рет дүние жүзіне танытты. Бұл әрине – ұлылық, кеменгерлік.

Оның үстіне, Мұхтар Әуезовтың өмірі мен шығармашылық жолына тереңірек назар аударсақ, онда оның туысқан өзбек әдебиетінің де алуан сырларын асқан білгірлікпен меңгеріп, жан-жақты үйренгіндігін байқау да оншалық қиын емес.

Әсіресе, оның Орта Азия әдебиеті ұлы тұлғаларының жақын досы, силасы да сырласы болғандығын анық аңғарумен бірге, әсіресе, туысқан өзбек қаламгерлерінің ең жақын досы, өзбек әдебиетінің терең білгірі болғандығын да анық байқау мүмкіндігіне иеміз. Мәселен: Мұхтар Әуезов 1922-жылы Ташкент табалдырығын аттап басқан күннен-ақ, Орта Азия әдебиетіне ерекше зейін қойып, оны мұқият үйрене бастайды.

Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің (қазіргі - МҰУ) Шығыстану факультетінде еркін тыңдаушы бола жүріп, орыс әдебиетінің классикалық туындыларынан сусындап, Орта Азия әдебиетінің ірі өкілдерінің шығармаларына ерекше ыстық ықыласпен назар аударады да, оларды құмарта оқиды. Әсіресе, Шығыс классиктері Фирдауси, Науаи, Низами, Яссауи, Бабыр, Мәжилиси, Хафиз сияқты т.б. ірі тұлғалар еңбегіне айрықша көңіл көзін аударып, олардың көркем шығармаларынан рухани нәр ала түседі.

Сөйтіп, көркем әдебиет табалдырығын еркін аттай бастайды. Көркем сөз шеберлерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты үйрене, меңгере түсіп, өзі де өзгелерге ұлағатты ұстаз бола алатын аса талантты дарын дәрежесіне көтеріледі.

Оның үстіне, Абай нәр алған бал-бұлақтардың қайнар көзіне, нәрлі бұлақтарына жан-жақты үңіле отырып, оны ерекше ыждақатпен зерттеп, шынайы зейінмен зерделей отырып, кемел ой түйе бастайды. Ол жайлы, кезінде Қазақстан Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы болған Нұртас Ондасынов, 1923-жылы Ташкенттегі Орман шаруашылығы техникумында оқып жүрген шағында-ақ, сол техникумда “Қазақ тілі мен әдебиеті” пәнінен сабақ беріп жүрген Мұхтар Әуезовтен алғаш рет Абай жайлы бір жөн ой-пікірлер тыңдағандағын тілге ала келіп: *“Біз Абаймен көп жұрттан бұрынырақ және тереңірек таныстық. Абайды дұрыс түсінуімізге ұстазымыздың (Мұхтар*

Әуезовтың - Қ.С.) сабақтары тікелей сенімдігін тигізді“ - дейді, шындық бетін шынайы аша түсіп.

Шынында да, Мұхтар Әуезов Ташкенттегі Қазақ-қырғыз педагогикалық институтында және Орман шаруашылығы техникумында «Қазақ әдебиетінен» дәріс беріп жүріп, Абайдың тұңғыш рет толық *«Шығармалар»* жинағын шығару жұмысымен де шұғылдана бастайды.

Әрі, Абай сусындаған нәрлі бұлақтардың кәусарына ой көзін қадай түседі де, өзі де Шығыс шайырлары шығармаларынан нәр ала бастайды. Сондықтан да, Мұхтар Әуезов: *“Өзбек әдебиеті тарихындағы ақындарды алсақ, Қожас Ахмет Яссауиден Науаидың орны, Софи Аллаяр Мәшируптен Муқыми, Закиржан Фурқат, Хамзаның орны бөлек болып, ерекше тұрғандығы айқын”*—десе, *“Тәжік әдебиетінде сарай ақындары арасында Ахмад Даништың орны ерекше”* - дейді.

Тіптен: *“Қырғызда Қалығұл, Қатаған емес, Тоқтағұлдың орны айрықша қымбат екендігі белгілі”* - десе, тағы бір ұлағатты ой түйінінде: *“Абай Әлішер Науаиды өзіне ұстаз деп біледі және оның шығармаларынан өрнек алады”*—деп, терең түйіндеу жасайды.

Оның үстіне Мұхтар Әуезов, Садриддин Айни, Абдулла Қадирий шығармаларын өзбек тілінде оқып, оларды өзіне ұлағатты ұстаз ретінде тән алады. Айбек, Ғафур Ғұлам, Ұйғын, Миртемир, Шараф Рашидов, Асқад Мұхтар, Иззат Сұлтанов сияқты т.б. қаламгерлермен жиі-жиі қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болады. Олармен талай-талай келелі кеңестер мен жиындар да, конференциялар мен торқалы тойлар да, симпозиумдар да бірге болып, көркем әдебиеттің көк жиегіне ой көзін қадайды. Ылғида өзара, жиі-жиі пікір алысып отырады.

Сөйтіп, әдебиеттану ғылымының келелі мәселелері төңірегінде, жазушылық шеберлік жайлы, романдар тағдыры, табиғаты туралы талай рет пікірлеседі. Әрі, халықтар достығы мен туысқандығын нығайтуға белсене араласып, достық идеяларын үлкен серпіліспен өз шығармашылық жолының арналы арқауы, өрісті өзегі етеді.

Расында да, XX ғасырдың 20-жылдарының бас кезінде Мұхтар Әуезов Ташкентте оқып жүрген шағында-ақ, жазушылықпен, ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Әрі, Ташкентте қазақ тілінде шығатын *“Шолпан”* (1922-1923) журналының редколлегия мүшесі болады. Сол журнал да өзінің *“Түнгі ауыл”*, (*“Қоңыр”* деген бүркеншек атпен жариялайды), *“Қысты күнгі далада”*, *“Сыбаның молдасында”*, *“Кім кінәлі”*, *“Оқыған азамат”*, *“Кешкі дөң басында”*, *“Текиенің бауырында”*, *“Қысқы түн”*, *“Үйлену”*, *“Сөніп жану”* сияқты т.б. әңгімелері мен *“Қазақтың қалам қайраткерлеріне”*, *“Қызыл сұңқарларға сын”*, *“Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі”*, *“Асау тұлпар”* атты сын мақалаларын жариялайды.

Сондай-ақ, 1923 жылы тұңғыш рет Ташкентте өзінің *“Бәйбіше - тоқал”* атты драмалық шығармасын қазақ тілінде жариялаған болса, онан соң 1924-

жылы профессор Ю.Вагнердің *“Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелері”* деген еңбегін аударып, оны қазақ тілінде бастырып шығарады. Тіптен, қаламгердің *“Көксерек”* атты әйгілі әңгімесі де, 1928-жылы өзбек өлкесінде, яғни Ташкентте дүниеге келеді.

Әрі ол, 20-жылдары Ташкентте құрылған, сауатсыздықты жою жөніндегі *“Талап”* қоғамының төрағасы болып та қызмет атқарады. Сондықтан да осы жылдары Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған *“Ақ жол”* (1921-1924), *“Сана”*, *“Кедей айнасы”* (1926-1929), *“Темір қазық”* (1923), *“Сәуле”* (1924) секілді т.б. газет-жорналдар жұмыстарына да арласып, өзінің белсенділігін анық аңғарта түседі. Тіптен, 1930-жылы Ташкентте өзінің *“Жеткіншек”* атты оқулығын да бастырып шығару мүмкіндігіне ие болады.

Оның үстіне, болашақ ұлы суреткердің *“Қараиш-қараиш оқиғасы”*, *“Шекарада”* атты повестері мен *“Абай”* драмасының алғашқы нұсқалары да, Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы алғаш қалам сілтеуі де, осы Ташкентте жүрген дәуірлеріне тура келеді.

Сондай-ақ, 1923-жылдан бастап Абайды *“байшыл ақын, феодалдық топтан шыққан, үсем тап өкілі - сондықтан ол бізге керек емес”*- деген байбалам пікірлер кең өріс ала түседі. Сонда Мұхтар Әуезов, Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы болған *“Ақ жол”* газетінде *“Абайдың жиырма жылдығы”* деген редакция алқасы тарапынан басылған бас мақалының жарялануына мұрындық болады.

Ол мақала Мұхтар Әуезов тарапынан қолдап-қуатталғандығын да қуанышпен тілге алу لازым деп ойлаймыз. Өйткені Мұхтар Әуезов сол жылдары *“Ақ жол”* газетінің шығуына жан-жақты атсалысумен бірге, оның редколлегия мүшесінің бірі болғандығы да бірден-бір шындық.

Орайы келгенде ерекше атап өтерлік жәйт, 1928 жылы Мұхтар Әуезовтың *“Қара көз”* атты драмасы Ташкенттегі *“ОДО”* театрында, қазіргі *“Офицерлер үйінде”* қойылып, жұртшылық назарын өзіне айрықша аударады.

Бұл туралы *“Қара көз”* драмасын өз көзімен көріп, дән риза болған Өзбекстан Республикасы Ғылымдар Академиясының академигі, профессор Натай Әзімхан ұлы Кенесарин: *“Біз - бір топ қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз жастары, Мұхтар Әуезовтың “Қара көз” драмасын тұңғыш рет “ОДО” театрында көріп, үлкен әсерге бөлендік. Драмадағы шытырман оқиғалар мен күрес-тартыстар көркем әдебиетке деген ынтамды одан әрі арттыра түсті. Содан бері мен Мұхтар Әуезовтың шығармаларын үзбей оқып, оның талантына тәнті болдым”*— деген болатын, 1977-жылдың 12-қыркүйегінде, менімен белгілі ақын Аян Нысаналинге берген сұхбатында.

Расында да, Мұхтар Әуезов 1922, 1923, 1928, 1930 жылдары Ташкентте болған жылдарында, онан соң аспирантураны бітіріп, Алматыға оралғаннан кейін де Ташкент пен Ашхабадта, Бішкек пен Душанбеде өткен әр қилы жиындар да жиі-жиі болып, Орта Азия қаламгерлерімен тым жақын қарым-қатынаста болып, етене араласа бастайды.

Орта Азия халқының әдебиеті мен олардың өскелең мәдениетіне шынайы көңілмен, туысқандық мейірмен үңіле түседі. Олардың әдебиеті мен мәдениетін байыппен үйреніп, оны өз зерттеу жұмыстарына арналы арқау, өрісті өзек ете түседі.

Әрі, Абай Құнанбаев нәр алған мектептердің нәрлі бұлақтарына жан-жақты үңіліп, Шығыс әдебиетінің байырғы өкілдері болған - Әлішер Науаи, Хафиз, Низами, Фирдауси, Сағди, Омар Хаям секілді ұлы тұлғалардың шығармаларына жиі-жиі жүгінеді.

Сөйтіп, олардан өзі де рухани нәр алды. Сол үшін де Мұхар Әуезов өзінің **“Орта Азия халықтары әдебиеті”** атты мақаласында: *“...Фирдауси, Низами, Науаи - қазақтар үшін де өз классиктері саналады”* - деген болатын.

Орайы келгенде тағы бір айрықша ескерте кетерлік жәйт, Мұхтар Әуезов қырғыз халқының әйгілі **“Манас”** атты эпосын зерттеуді де, 1923-жылы Ташкентте баяндама жасаудан бастайды. Ташкентте Мұхтар Әуезов баяндамасын Тұрар Рысқұлов, Әбубәкір Дибаяев, Сұлтанбек Қожанов сияқты т.б. халқымыздың біртуар азаматтары тыңдап, өз ойларын ортаға салады да, қаламгердің болашағынан үлкен үміт күте тілге алады.

Рас, Мұхтар Әуезов 1928-жылы Ленинград университетінің **“Қоғамдық ғылымдар”** деп аталатын бөлімін бітіргеннен соң, Ташкентке сол жылдың тамыз айында қайта келіп, 1929-жылдың Наурыз айында Орта Азия Мемлекеттік университетінің (қазіргі таңдағы - ТашҰМУ) Шығыстану факультеті **“Туркология”** кафедрасының аспирантурасына түседі. Онда болашақ ғалымның жетекшісі Михаил Филиппович Гаврилов деген Шығыстанушы ғалым болады. Сонда ол, ұстазының тікелей тапсыруымен Ахмед Яссауидың **“Дивани хикмет”**, Әлішер Науаидың шығармалары мен Әбілғазы Баһадурдың **“Түрікмен шежіресі”** атты еңбектерімен кеңірек танысады.

Міне бұлар, ұлы Абай Құнанбаевтың Шығысқа қатысын зерттеп, мұқият үйренуде аса мол мүмкіндіктер жинайды. Әрі, өзінің де әлемдік деңгейге көтеріліп, дархан дарын, ғұлама ғалым дәрежесіне жетуінде де өз септігін тигізеді.

Сондықтан да ұлағатты ұстазы М. Ф. Гаврилов 1930-жылдың 20-наурызында, Шығыстану факультетінің кеңесінде: *“...Түркі тілдері мен әдебиеті жайлы жұмысында Әуезов айрықша мәселелерге қол жеткізді. Қазақ, қырғыз әдебиеті саласында өте бағалы қызметкер бола алады”* - деп, өз ойын ортаға салғандығын Абайтанушы, әрі Мұхтартанушы белгілі ғалым, ардақты ұстазым Мекемтас Мырзахметов, өзінің **“Әуезов және Абай”** (1997) атты ғылыми зерттеу еңбегінде қуанышпен тілге алады.

Мұхтар Әуезов Орта Азия халықтары әдебиетінің таңдаулы туындыларын, оның ішінде түбі бірге туысқан өзбек, қырғыз халықтарының ежелгі әдеби мұралары мен күні кешегі Кеңес дәуіріндегі қаламгерлерінің әдеби туындыларын үзбей оқып, олар жайлы да өзінің ой-пікірін жиі-жиі ортаға салып

отырған кең тынысты, кемел қаламгер, зерделі зерттеуші дәрежесіне көтеріле алды.

Бұл орайда оның 1936 жылы *“Казахстанская правда”* газетінің 28-сүіріндегі санында қырғыз халқының әлемге әйгілі *“Манас”* эпосы жөніндегі *“Қырғыз халқының батырлық поэмасы”* атты мақаласын жариялағандығын ашық айтқан жөн ғой деп ойлаймыз.

Өйткені, Мұхтар Омархан ұлы Әуезов эпикалық шығарманың ішкі мәнін терең аша келіп, жомақшы-жыршылардың талантына жан-жақты тоқталады. Әрі, *“Манас”* эпосының нағыз халық жүрегінен шыққан, шын мәніндегі нағыз халықшыл дүние екендігін де тілге тиек етеді.

“Манас” эпосын ерекше ыждахатпен зерттей түскен Мұхтар Әуезов, ол жайлы өзінің *“Қырғыздың батырлық эпосы - Манас”* атты мақаласында, *“Эпосты жырлаушылар”*, *“Дастанның мазмұны мен формасы жайында”*, *“Ғазат (Жорық) тақырыбы”*, *“Ас тақырыбы”*, *“Батырдың үйленуі жайындағы тақырып”*, *“Басқа тақырыптар”*, *“Манастың шығарылған уақыты жайында”*, *“Дастан қаһармандарының образдары туралы”*, *“Манастың сөздік поэтикалық тәсілдері”* деген сияқты тақырыптарға бөліп-бөліп зерттейді.

Біріншіден, бұл – Мұхтар Әуезовтың эпосты терең білгендігін жан-жақты аңғарта түссе, екіншіден, бұл - туысқан қырғыз халқына деген туысқандық мейірінің, ыстық ықыласының жемісі деуге болады.

Сондықтан да ғұлама ғалым: *“Мен 30-жылдардың басында “Манасты” зерттеуге кірістім де, 1935-жылға дейін өз зерттеуімнің алғашқы нұсқасын тамамдадым, ал 1937-жылы жөндеп шықтым”* - дейді де, онан соң: *«1942-1943 жылдары мұнда мен болмағанымда, біреулер үстінен қарапты»*— дей келе, бұл эпосты түбегейлі зерттеп, ғылым сарабына сала түскендігін де тілге алады.

Ғалым өзінің *“Манас”* эпосының халықтық нұсқасын жасау керек” атты, 1952 жылдың 8 маусымында Бішкек қаласында болып өткен *“Манас”* эпосын зерттеу жайындағы конференцияда сөз сөйлейді, Онда ғалым, аталмыш эпостың нағыз халықшыл туынды екендігін тілге алаумен бірге, эпосты жоққа шығара сөйлеген А.К.Боробков пікірінің орынсыз екендігін дәлелдейді.

Одан әрі *“Манас”* эпосының мәніне тереңірек үңіле түскен Ү. Жәуішев, Қуанышбек Мәліков, Аалы Тоқамбаев, Түгелбай Сыдықбеков баяндамаларына дейін талдаулар жасап, олар жайлы да өз ойларын ортаға салады.

Оның үстіне, 1944 жылы Ташкентте өткізілген Орта Азия халықтары достығы апталығына Мұхтар Әуезов арнайы Алматыдан ат басын тірейді. Әрі онда, өзінің қаламдас достары Айбек, Мырза Тұрсын - Заде, Ғафур Ғұлам, Камил Яшен, Айбек, Ұйғун, Миртемир, Иззат Сұлтанов сияқты т.б. туысқан халықтар әдебиетінің ірі өкілдерімен кездесіп, өзара сұхбаттасады.

Әрі, халықтар достығы мен туысқандығы жайлы кең пікір жүргізіп, достық пен туысқандық идеялары туралы толымды ой, терең пікірлер айтады. Туысқан

өзбек халқының қол жеткен табыстарын өз көзімен көріп, оларды жан - жақты тани отырып, “ақ алтынды” аймақ өңіріне ой көзімен қарай бастайды.

Әсіресе, қадірменді қаламдас досы Айбекпен ұзақ сыр шертісіп, жалпы әдебиет жайлы, екі халықтың дәстүрлі достығы туралы, қазақ - өзбек әдеби - мәдени байланыстары жайлы өз ойларын ортаға салады.

Расында да, Мұхтар Әуезов пен Айбек арасындағы достық қарым - қатынас пен шығармашылық байланыс - екі ел әдебиетінде ерекше мәнге ие болумен бірге, өзбек - қазақ халықтары арасындағы достық пен туысқандықты кең өріс алдыруда бірден - бір нәрлі тыныс болды десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Екі ұлы суреткер XX ғасырдың 20 — жылдарының екінші жартысында Ленинград қаласында, оқып жүрген шақтарында танысады да, оны өмірлерінің соңғы сәттеріне дейін жалғастырып, кең өріс алдыра түседі. Ылғида олар бір - бірімен достық қарым - қатынаста, шығармашылық байланыста бола жүріп, үнемі бір - бірімен көркем әдебиет жайлы, жазушылық шеберлік туралы пікір алысып, бірін - бірі ерекше қадір - құрмет тұтты.

Әрі, өзара бір - бірінің шығармаларына ерекше сүйіспеншілікпен көңіл аударып, өз бағаларын беріп отырды. Мәселен: Мұхтар Әуезов өзінің “Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы”, “Орта Азия әдебиеті”, “Орта Азия халықтарының совет жазушылары” сияқты т.б. мақалаларында, туысқан ұлт қаламгерлерінің көркем шығармаларын өзара салыстыра зерттеп, әрбірінің талант сырларын анық аңғарып, өзінің дұрыс бағасын береді.

Сондықтан да Мұхтар Әуезов өзінің “СССР Халықтар әдебиетінің өркендеуі” атты мақаласында: “Туысқан әдебиеттерді салыстыра зерттеген шақта әр халықтың ұлы - кішілігіне қарамай өзінің ерекшеліктері, рухани байлығы бар екенін есте тұту шарт” - деп, терең теориялық байлам жасайды.

Бұл орайда ұлы ғалымның Айбектің “Киелі хан” романы мен Сәбит Мұқановтың “Ботакөз” романын бір - бірімен салыстыра пікір жүргізе келіп, екі романның бір - біріне жақыннан жанасатын, ұқсас, әрі ортақ жайлары барлығын ашық тілге алғандығын ескертуге болады.

Сөйтіп, Мұхтар Әуезов әрбір қаламгердің тақырыпты көркемдік жолмен игерудегі, шеберлік шешімдерінде өзіндік ізденулері бар екендігін де тілге алады. Мәселен ол: «Айбектің романындағы әйел - герой Гүлнар бай малайының қызы бола тұра, өз құқығы үшін алыспайды» - дейді де, одан әрі: “Ал Мұқановтың герой әйел - Ботагөз батыл қайраткер»— дегенді орынды ескертеді.

Оның үстіне, Ғабиден Мұстафиннің “Миллионер” повестімен өзбек қаламгері Абдулла Қаххардың “Қос шынар оттары”, Шараф Рашидовтың “Жеңімпаздар”, қырғыз жазушысы Түгелбай Сыдықбековтың “Біздің заманның адамдары”, Пәрда Тұрсынның “Оқытушы” атты романдарын салыстыра келіп: “Баширов пен Айбектің романдарында тіл ерекшеліктері басқаша шыққан. Олар сөздің көрікті, үлгілі орамдарын фольклор мен ауызша сөзден алудан гөрі,

жазба әдебиет үлгілерін молырақ пайдаланады» - дейді де, одан соң; «Әрине, бұлардың тілі де кітап тілі емес, өз халықтары тұтынып, қолданып жүрген әдебиеттік тіл», - деген ойды алға тартады.

Мұхтар Әуезов Орта Азия әдебиетіне жан - жақты назар аударып, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түркімен және тәжік қаламгерлерімен етене жақындасып, жан - жақты араласумен бірге, туысқан ел классиктері Науаи, Бабур, Махтумқули, Молланепес, Тоқтағұл, Әжнияз, Бердақ, Құнқожа, Гулханий, Мухими, Фурқат, Аваз Отар ұлы секілді т.б. кемеңгер ой иелерінің шығармаларына дейін үлкен сүйіспеншілікпен назар аударып, олардың көркем туындыларына да өз бағасын берді.

Орта Азия ақын – жазушыларының шығармалары жайлы өзінің толымды ойын ортаға салып, татымды түйіндеулер жасайды. Мәселен, Мұхтар Әуезов Абай Құнанбаевтың Әлішер Науаи шығармаларына ерекше көңіл қойып, одан рухани нәр ала сусындағандығын: “Оған жас шағында аз ізденумен, арзан еліктеу түрінде барған болса, бертін келе, әбден қалыптасып, ұлы реалист, шебер классик, мастер болған шағында да, сирек түрде болса да, оқта - текте айналып соғып отырды” – дейді. Онан соң тағы бірде: “Артына ұшан — теңіз мол мұра қалдырған Әлішер Науаи, жалғыз өзбек әдебиетінің көлемінде қалған жоқ. Бертін келе Орта Азиядағы, Шығыстағы көп елдің әдебиетіне үлкен әсер етті” — деп, терең байламдар жасайды.

Расында да Мұхтар Әуезов, өзбек әдебиетінің өткен дәуірі мен күні кешегі Кеңес үкіметі тұсындағы, яғни XX - ғасырдың 40 — 60 жылдар аралығында қол жеткен табыстарына дейін ден қойып, өзбек ақын — жазушылары жайлы, олардың шығармашылығы туралы құнды пікірлер айта білді. Әсіресе, өзбек әдебиетінің ірі саңлағы Абдулла Қадири мен тәжік, өзбек әдебиетінің мақтанышына айналған Садриддин Айниды ерекше қадыр тұтты.

Өзінің қаламдас достары болған - Айбек, Ғафур Ғулам, Абдулла Қаххар, Шараф Рашидов, Асияд Мұхтар, Хамид Ғулам, Пәрда Тұрсын, Піріміұл Қадиров еңбектеріне де жоғары баға беріп, өзінің зейіні мен пайым, парасатын оқырмандарға айрықша паш етті. Мәселен Мұхтар: “Өзбек прозасының алғашқы кезінде Садриддин Айни еңбек ететін. 20 - жылдар да талантты прозик Абдулла Қадири келеді” - дейді де, онан соң: “Біз жас кезіміде Абдулла Қадири романдарын бас алмай оқитын едік. Біз оның адам характерін жасаудағы шеберлігіне, адам жанына құштарлығына, өз геройына деген сүйіспеншілігіне таң қалатынбыз”, — дейді де одан әрі: “Абдулла өзінің адамзаттың қас - дұшпанына деген кекшілдігімен бізді қайран қалдыратын. Ол біздің ойымызда өшпес із қалдырады”, - деген ойды алға тартады.

1945 жылы Өзбекстан Республикасының 25 жылдық торқалы тойы Ташкент қаласында үлкен алтанатпен атап өтіледі. Бұл жиынға Қазақстан Республикасынан Нұртас Оңдасынов бастап келген делегация құрамында Мұхтар Әуезов, белгілі әнші СССР Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Күләш Байсейітова, биші Шара Жиенқұлова, белгілі ғалым Ермұхан

Бекмаханов пен бірге келеді. Әрі, сол кездегі “Социалистік Қазақстан” (бүгінгі таңдағы “Егемен Қазақстан”) газетінің тілшісі, марқұм Сәуірбек Бәкбергенов те бірге болады.

Сонда, Әлішер Науаи атындағы Опера және балет театрында өткізілген салтанатқа қатысқан ұлы суреткер, туысқан өзбек елінің қол жеткен табыстарын тыңдай отырып, өзбек мәдениеті мен әдебиетіне ой жүгіртеді. Өзбек халқының еңбектегі ерлігі мен өнер адамдарының тамаша таланттарын байқап, олардың шығармашылық сырына тереңірек үңіле бастайды. Әрі, өзбек халқының қонақ жайлылығын, аса сыйпайы да, биязы мінездерін байқап, оларға деген ыстық ықыласы, әдебиеті мен мәдениетіне деген құштарлығы арта түседі.

Содан да болар, Мұхтар Әуезов Әлішер Науаи шығармаларының қазақ халық ақындарының шығармашылығына тигізген ықпалдары мен игі әсерлерін салыстыра зерттеп, оны қазақ оқырмандарының игілігіне айналдыруда да өлшеусіз еңбек еткендігін байқау оншалық қиын емес. Мәселен, 1948 жылы ұлы ақын Әлішер Науаиның 500 жылдық мерекесіне орай, оның Қазақстан Республикасында атап өтілуіне ерекше ат салысады.

Оның үстіне ұлы ақынның, “Таңдамалы шығармалар” жинағын қазақ тілінде жарық көруінде Мұхтар Әуезовтың іскерлік көрсеткендігін айрықша атап өткен жөн ғой деп ойлаймыз. Өйткені кітаптың “Алғысөзін” өзі жазады. Онда Мұқаң: “Әлішердің өз үйінен ылғи жақсылар жиыны арылмайды. Сол жиындарда, айрықша әдебиет мәжілісі, сыншылар пікір алысулары, айтыс - тартыстар болатын”— дейді де, одан соң: “Мұқтаждық көрген ақын, әртістерге мол - мол силық беріп тұрған”— дейді. Сөйте келіп ғалым, одан әрі: “ Өзбек тілінде үлкен шығармалар туғызуды қатты арман етеді. Осы бетте кім не жақсы еңбек тудырса, алғашқы жәрдемді Әлішерден алушы еді”— деген тамаша ойды алға тартады.

Міне сөйтіп, өзбек жазба әдебиетінің негізін салған ұлы тұлғаның өмірі мен ақындық жолына, терең тылсымды шығармалары сырларына өзінің шынайы бағасын береді. Әрі шайырдың “Фархад - Шырын”, “Ләйлі - Мәжнүн” сияқты т.б. ғашықтық дастандарынан Әбділдә Тәжібаев, Қалижан Бекхожин, Өтебай Тұрманжанов, Асқар Тоқмағамбетов секілді т.б. қазақ ақындарына үзінділер аудартады. Нәтижеде ұлы ақынның қазақ тілінде 1948 жылы жарық көрген “Таңдамалы шығармалар” жинағына, ақынның бір жөн лирикалық өлеңдері мен тамаша ғазелдерінен, «Фархад – Шырын» дастанынан үзінділер енгізеді.

Оның үстіне, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов “Әлішер Науаи” атты көлемді мақаласын жазып, оны “Казахстанская правда” газетінде жариялайды. Ұлы тұлғаның кемеңгерлігін, ақындық арынын, ғұламалық сипатын күллі жұртшылыққа кеңінен таныстырады.

Шынында да заңғар ақынның ірі тұлғасын, поэмаларының өздеріне ғана тән ерекшеліктерін жан - жақты аша түсіп, оның талант сырлары жайлы ақтарыла сыр шертеді.

1952 жылы Алматыда Орта Азия орта мектептерінде “Әдебиет” пәнін оқыту жөніндегі үлкен келелі кеңес өткізіледі. Оған Өзбекстан Республикасынан “Өзбек әдебиеті” оқулығының авторы, белгілі ғалым, академик Юсуф Сұлтанов та қатынасады.

Үзіліс кезінде өзбек ғалымы Юсуф Сұлтанов Мұхтар Әуезов, Есмағабет Исмаилов, Әди Шәрипов сияқты т.б. қазақ ғалымдарымен сұхбаттасады. Сонда Мұхтар Әуезов бір топ әріптестеріне өзбек әдебиеті жәйлі мол мағлұматтар беріп, жан - жақты пікір айта келіп, ақын Хамза Хаким - Зада Ниязи еңбектеріне де аса жоғары баға береді. Сонда Юсуф Сұлтанов: “Мұха, Хамза еңбектерін көп том етіп шығаруға аздық қылып жатыр”,— дейді. Оған Мұхтар Әуезов баяу ғана, биязы үнімен; “Е, пәлі, пәлі! Әңгіме шығарманың санында емес, сапасында - ғой. Оның революциялық лепке толы өлеңдері мен бір ғана “Бай мен жарлы” комедиялық шығармасының өзі қандай тамаша дүние. Соның негізінде біздің Сәбит өзінің “Батырақ” поэмасын жазады емес пе” - дегендігін ұстазым, Хамзатану ғылымының негізін салған өзбекстандық белгілі ғалым, мархум - Юсуф Сұлтанов үнемі тілге жиы - жиы алып отырушы еді.

Сондай - ақ, Мұхтар Әуезов 1952 жылы маусым айында Фрунзе (бүгінгі - Бішкек қаласы) қаласында өткен “Манас” эпосын зерттеу жайындағы конференцияға да қатынасады. Сонда қырғыз халық эпосының мәні мен мазмұны жәйлі өз түйгендерін ортаға салады. Мәселен ол өзінің “Қырғыз халқының қаһармандық эпосы” атты мақаласында: “Манасты осы тұрысында бір адам жаратқан емес. Ол бірнеше ғасырлар бойында, бір қанша жомакшылардың жырлауымен кеңейіп, дамып отырған”- деп терең түйіндеулер жасайды.

1957 жылы профессор Сәрсен Аманжоловпен бірге Ташкентке келіп, Шығысты зерттеушілердің Бүкілодақтық бірінші конференциясына да қатысады. Конференцияда баяндама жасап, онан соң Низами атындағы Ташкенттің Мемлекеттік педагогикаық институттың студенттерімен кездеседі.

Міне сонда, екі халық достығы, туықандығы жайлы тебірене сөйлеп, қазақ - өзбек әдеби - мәдени байланыстарының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Өзбек әдебиетінің қол жеткен табыстары жайлы өз ойын ортаға салады.

Сондықтан да Мұхаң: “Өзбек әдебиеті қазіргі заман әдебиетінің озық үлгі - өнегісімен молығып, байыған әдебиет” - дей келе, одан әрі: “Сонымен бірге ол образдары жарқын, күн сәулелі Өзбекстанның өзіндей дарқан әдебиет” - деген болатын, өзінің 1960 жылдың 23 қыркүйегінде “Қазақ әдебиеті” газетінде жазған мақаласында.

Ал 1958 жылы Мұхтар Әуезов Ташкентте өткізілген Азия және Африка жазушыларының конференциясына Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев, Мұхаметжан Картаева, Әбжәміл Нұрпейісов, Жұбан Молдағалиев, Әнуар Әлімжанов сияқты т.б. кең тынысты кемел қазақ жазушыларына бас болып қатынасады. Әрі конференцияда, Орта Азия және

қазақ қаламгерлері атынан баяндама жасап, туысқан халықтар әдебиетінің өсу, гүлдену кезеңдері жайлы өз ойларын ортаға салады.

“Ташкент рухы” деген атпен өтіп жатқан бұл конференцияның дүниежүзілік мәніне тоқтала келіп, бұл жиын шығармашылық адамдарына үлкен шабыт, нәрлі ой, кемел туындыларға жаңа - жаңа идея беретіндігін тілге тиек етеді. Орта Азия қаламгерлерінің үні мен әуені жан – жақты тоқталады. Кейбір қаламгерлердің Одақ көлемінен ары асып, шет елдік оқырмандар арасында да құрметпен тілге алынатындығын тілге тиек етеді. Мәселен Мұхар Әуезов өзінің қаламдас досы, өзбек жазушысы Айбек жайлы тоқтала келіп: “Қазір оның (Айбектің - Қ.С.) Одақ көлемінде кең тарғалған «Науаи» романы, Отанымыздан тыс елдерде де сүйіп оқылатын кітап болып қалды» - дейді де, одан әрі; «Мен Чехославакияда бір айлықта болған ем. Ол жерде көптеген оқырмандар өзбек халқының өткен өмірімен танысу үшін «Науаи» романын жиы - жиы оқып, талқылайды екен“ - деген ойды ортаға салады.

Шынында да Мұхтар Әуезов, аса талантты кемеңгер жазушы болумен бірге, Орта Азия әдебиетіне, оның ішінде туысқан өзбек әдебиетіне айрықша көңіл қойып, оның өзіндік ерекшеліктеріне дейін мұқият назар аударған шын мәніндегі ғұлама ғалым да блатын. Ол туысқан ұлт қаламгерлерінің көптеген жаңа туындыларына да дер кезінде жиы - жиы пікір білдіріп отыратын нағыз жанашыры бола білді.

Оның үстіне Мұхтар Әуезов, Орта Азия қаламгерлері мен қазақ суреткерлерінің шығармаларын өзара салыстыра пікір жүргізе келіп, әрбірінің көркем туындыларының өзіндік ерекшеліктерін дөп баса, ой білдіретін. Бұл орайда оның, Ғафур Ғұлам, Абдулла Қаххар, Шараф Рашидов, Миртемир, Асқад Мұхтар, Хамид Ғұлам шығармаларына дейін жан - жақты тоқталып, олардың көркем әдебиетке қосқан үлестеріне өз бағасын бергендігін тілге алу лазым. Мәселен: “Саяси лирикада Ғафур Ғұлам, Мырза Тұрсын - Заде Одақ көлемінде көрнекті орын алады“ - десе, - одан әрі: “Терең ойлы патриоттық поэзияда Самед Вургун, Мұса Жәлелдердің орны айрықша”, - деген пікірді алға тартады.

Әрине бұлар дархан дарын, ғұлама ғалым Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтың туысқан халықтар әдебиетіне, оның ішінде түбі бірге туысқан өзбек әдебиетіне ылғида туысқандық бейілмен көңіл аударып, әрбір талант иелерінің көркем шығармаларын қалтарыста қалдырмай, үнемі қадағалай оқитын қарымды қаламгер екендігін анық танытады.

Әрі, әрқандай көркем шығармалардың өзіндік ерекшеліктерін шебер тани білетін, қара қылды қақ жарған, барынша әділ, шынайы талант екендігінде аңғарта түскендей. Мәселен: 1959 жылы Мәскеуде болып өткен өзбек әдебиеті мен мәдениетінің апталығына, Алматыдан арнайы барып қатысқан Мұхтар Әуезов, М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының “Әдебиетшілер” үйінде өткен “Өзбек әдебиеті коммунизм үшін күресте” деген келелі кеңеске

қатысады. Сөйтіп онда өзбек әдебиет жайлы, оның қаламгерлері туралы сөз сөйлейді.

Үлкен жиында, сын сағатта мінбеге шыққан Мұхтар Әуезов: “Көпшілік жолдастар сияқты мен де соңғы кездердегі өзбек жазушыларының кітаптарын оқудан, театрда қойылған спектакльдерін көруден ойға оралған өз пікірімді белгілі дәрежеде қорытындылап айтуға ұрынып көремін” — дей келіп, одан әрі, Абдулла Қаххар, Хамид Ғұлям, Шараф Рашидов, Асқад Мұхтар, Пірімқұл Қадиров сияқты т.б. өзбек прозаиктерінің романдары жайлы өз пікірін ортаға салады. Соңра: “Апалы - сіңлілер” туралы өз пікірімді өткен жылы Асқад Мұхтарға айтқанмын. Жалпы “Апалы — сіңлілер” тамаша, ғажайып шығарма” — деп, аса жоғары баға береді.

Одан әрі, сол жиында, сол кездегі өзбек халқының аса жас жазушысы Пірімқұл Қадировтың студенттер өмірінен жазылған “Үш тамыр” атты романын, кейбір мәскеулік сыншылар әбден сынап, түкке тұрғысыз етіп тастайды. Әрі, Шараф Рашидовтың “Жеңімәздар” романын сын астына алынады. Сонда Мұхтар Омархан ұлы Әуезов салиқалы ой айтып, оларды тойтарып тастайды.

Студенттер өмірінен жазылған Пірімқұл Қадировтың “Үш тамыр” атты романы, өзбек әдебиеті тарихында тұңғыш рет жастар арасындағы қарым – қатынастарды өз ерекшеліктерімен сипаттайтын роман екендігімен де құнды екендігін баса тілге алады.

Әрі, Шараф Рашидовтың “Дауылдан да күшті” романы жәйлі тоқтала келіп: “... Бұл шығарма заманымызбен бірге жасайды. Сондықтан жеті жылдықтың қай жылы болса да, Әлімжан қатынасатын үшінші кітаптың пайда болуында дау жоқ” - дейді. Онан соң, Пірімқұл Қадировтың “Үш тамыр” романы жайлы да, өз пікірін белгілі бір жүйелермен талдаулар жасай отырып, романның жетістіктермен кейбір кемшіліктерін де тілге тиек етеді. Мәселен ол: “Студенттер, оқырмандар бұл романды аса құмарта оқиды. Өйткені, мұнда көптеген өмірлік ағымдар, түрлі характерлер көрсетілген. Кітапта мен үшін ең қызықты және қымбатты болған жәйт - ондағы адамдардың жігерлі, ойлы адамдар екендігі”, - деп, терең түйіндеулер жасайды.

Сөйтіп, Мұхтар Омархан ұлы Әуезов көркем әдебиет әлеміне енді ғана кіріп келе жатқан жас қаламгердің тұңғыш романы болған «Үш тамыр»ды қолдап – қуаттап, Пірімқұл Қадировтың болашағына аса үлкен сеніммен қарап, оны қолдап - қуаттайды.

Ол жәйлі бүгінгі таңдағы өзбек халқының аса талантты жазушысы санатына қосылған Пірімқұл Қадиров, өзінің “Самұрық қанатында” атты естелігінде, ұлы тұлғаның кемеңгерлерін тән ала, Мұханды өзінің ұлағатты ұстазы ретінде тілге алады. Мәселен ол: “Ұлы қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтың жас қаламгерлерге, атап айтқанда, маған көрсеткен қамқорлығын еске алсам, аңыз — әңгімелердегі Самұрық құс көз алдыма келеді» - дейді де, онан соң; «Ертеректен белгілі болғандай Самұрық өте құдіретті болады. Ол

қорғанышы жоқ жас түлектерді қиын - қыстау жерлерден алып шығады” — дейді. Соңра, одан әрі: “Мұхтар Әуезов менің тұңғыш романым “Үш тамырды” қолдап - қуаттағанда, мен өзімді осындай аңыз - әңгімелердегі Самұрықтың қанатында ұшып жүргендей, ерекше бір қуанышқа бөленіп, бақытты сезінген болатынымын”, - дейді.

Шындығында да, бұл бірден - бір - ақиқат. Кезінде, қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың “Жамила” повесін оқып шығып, оған “Ақ жол” тілегінде де, талантты дұрыс танып, оның болашағына үлкен сенім артқан да Мұхтар Әуезов болатын. Нәтижеде, бүгінгі таңда Шыңғыс Айтматов әлемдік деңгейге көтеріліп, «Әлемнің Айтматовына» айналды.

Әрине бұл - Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтың көрегендігі деген болар едік. Сол ұшында Шыңғыс Айтматов: “Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып өзімен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: Бірі - «Манас», екіншісі - Мұхтар Әуезов” - деген ойды тектен текке айтпаған болар.

Міне бұл да ұлы ғұламаның таланттарды терең тани білетін, кемеңгерлік сипатының бірден - бір жемісі десек, ол да артық айтқандық бола қоймас.

Тіптен Шыңғыс Айтматов: “Мен қазақтың ба, қырғыздың ба? Мұны білгісі келгендерге “Манас” жөнін, Мұхтар Әуезов жайын айтып беремін” — дейді де, одан әрі: “Бұл екеуі - менің қандас халықтарымның мерейі. Осы екеуіне иек артсам болғаны - жат жұрт арасында жалым күдірейіп шыға келеді” - деген ойды алға тартады.

Міне бұлар - Мұхтар Әуезовтың ұлылығы мен кемеңгерлігін, қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов пен өзбек жазушысы Пірімқұл Қадировтың терең түсінгендігінің, айрықша қадыр тұтып, қастерлей білгендігінің сәтті жемісі деуге болады.

Әрі бұл - ұлы ұстазы, бірден - бір қамқоршысы, жебеушісі бола білген - Мұхтар Әуезовқа деген адалдығының де бірден - бір көрінісі дей аламыз. Бұл - ұлылық, кемеңгерлік.

Шынында да Мұхтар Әуезов көркем әдебиет әлеміндегі, әдебиеттану ғылымындағы шын мәніндегі алып күш иесі - Самұрық еді - ғой. Ол ылғида шын мәніндегі таланттарды анық танып, оларды тәрбиелеп, биіктерге ұшырап отыратын, кемеңгер қаламгер дәрежесіне көтерілді.

Сондықтан да ол, Шыңғыс Айтматовты француздің аса зерделі - кемел қаламгері Луи Арагонға арнайы таныстырып, оның “Жамила” повестін француз оқырмандарына жеткізуді өтінуі, шын мәніндегі ұлылықтың, кемеңгерліктің белгісі десек, әбден орынды болар деген ойдамыз.

Оның үстіне Мұхтар Омархан ұлы Әуезов, өзбек қаламгерлерінен ең жақын досы Айбек, Камил Яшен, Иззат Сұлтанов, Ұйғын, Хамид Ғұлям, Миртемір, Шараф Рашидов, Асқад Мұхтар, Мирмұхсин шығармаларына дейін ерекше көңіл аударып, олар жайды да өзінің пікір - лебіздерін білдіріп отырған.

Сондықтан да, Өзбекстан Республикасы Ғалым Академиясының академигі, профессор Вахид Захидов: “Мұхтар Әуезовтың өзбек әдебиетіне тигізген ықпалы өте үлкен, аса мазмұнды” - десе, белгілі өзбек прозигі, әрі ақыны Мирмухсын: “Ұлы қазақ жазушысы Мұхтар Омархан ұлы Әуезов өзбек әдебиетінің ең жақын досы, әрі классигі деген болар ем» - дейді де, онан соң; «Мен бұл үлкен жазушыны Абдулла Қадири, Садриддин Айни, Айбек, Ғафур Ғұламдардың қатарларына қоямын» - дейді де, одан әрі; «Оны ұстазым ретінде танып, талантына бас иемін», - дейді.

Қараңызшы! Қандай шынайы сезіммен, ерекше құрмет айтылған табиғи да, орынды сөз. Шынтуайтына келгенде, Мұхтар Омархан ұлы Әуезов, түбі бірге туысқан Орта Азия қаламгерлерінің, оның ішінде өзбек жазушыларының көбіне, өзінің ұлағатты ұстаз екендігін таныта жан – жақты таныта алды.

Тіптен, Мұхтар Әуезовтың көркем шығармаларын оқыған әрбір қаламгер, оның талантына бас ие отырып, шеберлігінен үйренуге талпына түсетінді. Сол үшін де, Өзбекстан Республикасының Халық ақыны Зулфия кезінде: “Қазақ халқының, бүкіл халқымыздың асыл перзенті, әлем әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі - Мұхтар аға кіріп бармаған үй біздің елде тым аз” - дейді де, одан соң: “Мен осы кісі жасаған заманда жасағанымды мақтаныш етемін. Ұлы ағам, үлкен досымның мәңгілік тірі рухына бас иіп, тәзім етемін”, - деген болатын.

Міне қараңызшы! Қандай тауып айтылып, тамаша байлам жасалған десеңізші! Бұл да түгелдей шындық. Мұхтар Әуезовтің өзбек халқы арасында өз қаламгеріндей сіңіп кеткендігі соншалық, оның “Абай жолы” роман - эпопеясы мен бір жөн әңгіме, повестері өзбек оқырмандары тарапынан да ерекше ыстық ықыласпен күтіп алынған болатын. Тіптен, Абайдың жастық, балалық шағын сипаттайтын Шәкен Аймановтың “Абайдың балалық шағы” атты қойылымы, бірнеше жылдардан бері Өзбекстан республикасының астанасы Ташкенттегі Юлдаш Ахунбабаев атындағы жасөспірімдер театрында қойылып, туысқан өзбек көрермендерінің ыстық ықласына бөлене түсуде.

Сөйтіп, Мұхтар Әуезов шығармалары туысқан өзбек халқының да рухани игілігіне, мәдени байлығына айналды. Сондықтан да Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, аса талантты ақын Ғафур Ғұлам өз өлең жолдарында “Айбегім - Әуезовім” деп емірене үн қатқан болатын.

Шындығында да, туысқан өзбек халқының Мұхтар Омархан ұлы Әуезовке деген мейірі, ыстық ықыласы телегей теңіз десек, ол артық айтқандық емес. Бұл — шынайы шындық Мәселен: 1949 жылдың өзінде - ақ Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы” романынан “Татьянаның қырдағы әні”, - деген тарауын, Мырзакалон Исмаили аудармасында өзбек оқырмандары сүйсіне оқығаны белгілі болса, 50 - 60 жылдар аралығында қаламгердің “Абай жолы” роман - эпопеясын өзбек оқушылары Зұмрат Зияханова аудармасында өз ана тілдерінде оқу мүмкіндігіне ие болады.

Оның үстіне, 1960, 1971 жылдары Өзбекстан Республикасында қазақ әдебиеті мен мәдениетінің апталығының болып өтуіне орай, өзбек тілінде

жарық көрген “Қазақ әңгімелері“, “Алатау оттары“ сияқты т.б. қазақ жазушыларының әңгімелер жинағынан Мұхтар Әуезовтың “Бүркітші“, “Оқыған азамат“, “Қаракөз“, “Шаяндық Керімқұл шешен“ секілді т.б. шығармаларын өзбек жұртшылығы ерекше сүйіспеншілікпен қуана қарсы алды.

Сондай - ақ, 1961 жылы Өзбекстанның “Жас гвардия“ атты баспасы қаламгердің “Қараш - қараш оқиғасы“ атты повестін жеке кітап етіп бастырып шығарған болса, 1964 жылы Өзбекстан мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, кеменгер жазушының “Көксерек“ атты әңгімесін, белгілі өзбек жазушысы Сунатулла Анарбаев аудармасында бастырып, өзбек халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырды.

Реті келгенде ерекше бір. ескерте кетерлік жәйт, Мұхтар Омархан ұлы Әуезов аса таланты суреткер, ірі ғұлама ғалым, белгілі қоғам қайраткері болумен бірге, барынша қолы ашық, жаны жомарт жайсаң жан да болған көрінеді. Мәселен: Өзбек қызы Зұмырат, яғни - Хабиба Зияханова Мұханның төрт томдық “Абай жолы“ роман - эпопеясын өзбек тіліне аударғанда, баспагерлер тарапынан Мұхаң: “Қалам ақыңызды алыңыз“, - дегенде: “Жоқ. Маған қалам ақы керек емес. Осы бір қызым - Зұмырат, менің шығармама көңіл көзін қадап, көз майын тауысып, өзбек тіліне аударған екен. Оған мыңда бір рахмет. Маған берілетін қалам ақыны, түгелдей сол қызымызға берерсіздер“ - деп, қаламақысынан көк тиынын алмай, бәрін Зұмыратқа ұсынпты.

Ол жайлы Зұмыраттың өзі де: “Ұлы қазақ жазышысы Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы“ роман - эпопеясын көп қиындықтармен сүйіп аудардым. Аударуда аса көп қиналдым. Ондағы шытырман оқиғалар, терең ой, тамаша тебіреністер мен күрес - тартыстар, әбден мені қинады. Әсіресе , Абайдың сом тұлғасы, тамаша бейнесін беру, мені қатты састырды“ – дейді.

Сондай – ақ, одан әрі: “Осыларды Мұхаң сездіме, бір кездесуімде: “Қызым, менің еңбегіме мейірмен қарап, өзбек оқырмандарына жеткізу үшін, аса көп еңбек етіп, өзбек тілінде сөйлеткен екенсің. Саған, сан алғысымды айтамын. Маған берілетін қалам ақыны түгелдей өзің алда, керегіңе жарат“ – дегені, мен алғаш қатты састырды. Бірақ, қуанып кеттім“ - деген сөздерін, өзінен талай рет естіген де болатынымын.

Оның үстіне, белгілі өзбек ғаламы, Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, профессор, әрі аса талантты драматург - Иззат Атахан ұлы Сұлтановтың айтқан ойларын тілге тиек етсек, онда Мұхтар Әуезовтың қаншалық өзбек зиялылары арасында, өз қаламгерлеріндей сіңіп кеткендігін жан - жақты аңғару оншалық қиын емес.

Әлі есімде. 1977 жылдың 10 қыркүйегі болатын. Сағат үштер шамасында, ұлы суреткер Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтың 80 жылдығына орай, “Әуезов және туысқан халықтар әдебиеті“ деген (көлемі небәрі 3 баспа табақ) кітапшамды қолыма алдымда, Иззат Сұлтановтың кабинетіне кіріп бардым.

Ол кісі, Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясына қарасты, сол кездегі А.С.Пушкин атындағы «Тіл және әдебиет» ғылыми зерттеу

институтында, “Әдебиет теориясы” бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқаратын.

Ал мен болсам, сол институттың “Әдебиеттар байланысы” бөлімінде, аға ғылыми қызметкер болып, қызмет атқарамын.

Сәлем берген бойда, алдын ала ол кісіге арнап қалтаңба жазып қойғандықтан, әлігі өзбек тілінде жазылып, “Фан” баспасында жарық көрген кітапшамды ұсындым.

Мені, ерекше жылы жүзбен қарсы алған ғалым аға: “Отырыңыз” деп, орындық нұсқады да, кітапшамды барақтай бастады. Бірнеше суреттерге қызыға қарап, өзінің де Мұхтар Әуезов пен бірге түскен суретін көргеннен соң, бірден қуанғандай сыңай танытты да: “Иним! Өте жақсы жұмыс қыпсыз. Бәрекелді!! Сізге мыңда бір рахмет! Тойға тояна бопты да” - деді де, бір сәт ойлана отырып: “Қап, осы кітпшанды шығарудан бұрын, маған жолығып, бір ауыз ақылдасбапсыңда. Мұхтар жайлы айтар біраз ойларым бар еді. Біздің оқырмандар Мұхаң жайлы бұданда көбірек мағлұматтар алып, оны тағы да жан – жақты, әрі тереңірек тани түскен болар еді”, - дегенде, мен қатты қысылып кеттім. Маңдайымнан шыққан жылымшы терді сүрткілей бастадым.

Оны бірден байқаған Иззат аға: “Жарайды. Оқасы жоқ. Ондай - ондай боп тұрады. Енді, бұдан былай осы еңбегінді кеңейтіп, тереңдете түсем десең, мен бір жөн Мұхаң жайлы ойымды айтайын, сен тыңда. Жөн көрсең, осы еңбегінді қайта бастырғандай болсаң, мен айтқан ойларымды енгізерсің. Ал қаламасаң, оны өзің білерсің” - деп, езу тарта, бір жымыып күліп алды да: “Біз - Мұхаң екеуіміз Мәскеудегі МГУде 1953 - 1954 жылдары бірге қызметтес болдық.

Елуінші жылдардың бас кезі. Әбден “панисламизм”, “пантюркизм” деген берекесіз идеялардың белең алып тұрған шығы болатын. Осы бір кезеңде МГУ - дің “СССР халықтары әдебиеті” кафедрасында бірге қызметтес болдық” - деді де, сәл жымыып: “Бір қызығы, меннен жасы біраз үлкендеу болса да, ылғида маған іш тарта “Иззат ака” деп, бауырына баса сөйлейтін.

Сол жылдары Мұхаң да Қазақстаннан қудаланып, Мәскеуде жүрген шағы екен. Мен де Өзбекстаннан қудаланған кезім болатын” - деді де, бір сәт үнсіздіктен соң, ауыр күрсініп алды да: “Бәрі де, көре алмаушылықтың кесірі - ғой. Болмаса, Мұхаң аса мәдениетті, терең білімді, ірі тұлға еді ғой. Оның үстіне, аз сөйлеп көп тыңдайтын, барынша сабырлы, асқан салиқалы жан еді” - деп, өз ойын түйді де, одан әрі бір сәт ой үстінде отырып, ішке демін тартты да, күрсінгендей сыңай таытып: “Осы біз қашан халық боп қалыптасып, ұлт болып ұйиды екенбіз?...” - деп, бір сәт үнсіз отырда да, жымия: “Қызық. Сіз білесіз бе?...” деп, бір сәт ойланып отырда да, одан әрі; «Кейбір қазақтар жүз - жүзге бөлініп, ру - ру боп, бір - біріне бұра тартып жатады екен. Ал бізде – «Самаріандық», «Ташкенттік», «Ферғаналық», «Хорзмдік» деген жұтаң ойлар баршылық. Міне осындай, берекесіз бейілден арылмай, халық боп қалыптаса алмаймыз” - деді де, одан әрі: “Ал Мұхаң, шын мәніндегі халық ұлы еді. Ол тек

қазақ халқының ғана емес, күллі түркі халықтарының мақтанышы, ұлы тұлғасы еді - ғой“ - деп, ұзақ ой үстінде отырды.

Сонра, Орта Азия халықтарының әдебиеті мен мәдениетінің тарихы тым тереңде екендігін баса айта келіп: “Ең қызығы, бір күні МГУ - де сабақ өтіп тұрып, әбден эмоцияға беріліп кеткен болуым керек. Лекцияда өзбек әдебиетінің даму тарихына жан - жақты тоқтала келіп, классиктерімізді дәріптеп, артықтау сөйлеп жіберіппін. Оны, кейбіреулер кафедра меңгерушімізге, өңін айландыра жеткізген болу керек. Содан менің лекциямды кафедрада талқыламақ болды. Бірақ, кафедраның барлық мүшелері (оқытушылары) Мұханды қатты құрмет тұтатын. Оның әрбір сөйлеген сөздеріне ерекше мән беріп, ден қоя тыңайтынды“, - деді де, онан соң: “Кафедра жиналысында мені Мәскеудегі көп “орыс достарым“ әбден сынап: “Иззат Атаханович Сұлтанов бойында ұлтшылдықтың нышаны бар. Орыс халқын, оның өскелең әдебиеті мен мәдениетін менсінбейтін сыңай байқалады“ - деп, тіптен жұмыстан шығаруға дейін барды.

Сонда Мұхаң орнынан жәй ғана сабырмен тұрып, ең соңынан сөз алды да, өз ойларын ортаға сала келіп: “Құрметті достар! Шыны керек, өзбек әдебиетінің тарихы, бастау бұлақтары тым тереңде. Ол аса бай әдебиет. Өзбек өңірінде өмірге келген - Әлішер Науаи, Беруни, Мырза Бедил, Ұлықбек, Бабыр, Мұқыми, Фурқат, Хамза сияқты т.б. ұлы тұлғалар, ол елдің жарқын жұлдыздары. Қалай дегенде де, Иззат Сұлтанов олар жайлы тереңірек, кеңірек ой айтса, оның несі айып?... Өздерің де, бір сәт ойланыңдаршы! Қайта, студенттердің өзбек әдебиетін тереңірек ұғынуына аса мол мүмкіндіктер жасапты. Менімше бұл, дұрыс, өте орынды болған. Оның ешқандай сөкеттігі жоқ. Бұл - педагогикалық тұрғыдан орынды. Кәне енді, біз де өзбек әдебиетін Иззат акадай терең біліп, жан - жақты меңгерсек, өзімізді бақытты сезінген болар едік. Әдебиеттің терең сырларын студенттерге жан - жақты игерту, олардың ойына қозғау салу - әрбір педагогтің бірден - бір міндеті емес пе?“ - деп, түйіндеу жасағанда ғана, Мәскеулік әдебиетшілер сабасына түсті.

Сөйтіп, Мұханның бір ауыз сөзімен МГУ - дан айдалып кетпей, аман қалғаным күні бүгінге дейін есімде. Сол үшін, Мұхаңнан бір өмір қарыздармын“ - деп, өз ойын түйіндей түсті.

Біраз үнсіздіктен соң, маған тағы да бар денесімен бұрыла қарап, сәл жымыып алды да: “Мен саған бір қызық әңгіме айтайын. Мүмкін, естіген де боларсың. Мұхаң 40 - жылдардың соңы ма, әлде 50 - жылдардың бас кезіме, әйтеуір дәл қазір есімде жоқ. Мүмкін, Сіз білерсіз. Мұхаң қашан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынылып еді?“ - деп қалды.

Мен де білмейтіндігімді ашық айтсам да, ұялып қалдым. Иззат ака одан әрі сөзін сабақтай түсіп: “Менің де дәл қазір есімде жоқ. Әйтеуір депутаттыққа Қазақстанның Оңтүстік өңірінен ұсынылған көрінеді. Сонда, Созақ елді мекенінде ме, әлде Ордабасы, не Түркістан ауданында ма, әйтеуір сайлаушылармен болған бір кездесуде, Президумда отырған Мұханның өзіне

ғана бір кісі тарапынан: “Ардақты Мұха! Кездесуден соң мен сізді есік алдында күтем! Бір сәт уақыт бөлуіңізді өтінемін?!”, --делінген хат беріліпті.

Жиыннан соң Мұхаң әлігі кісімен кездесіпті. Сөйтсе ол кісі, сол елді мекендегі бір ауылдың молдасы ма, жоқ әлде қадірлі ақсақалы ма, әйтеуір (дәл қазір есімде жоі) үйіне шақырып, нан ауыз тиіп, дәм татып кетуін өтініпті.

Амал жоқ. Қиыла, өтініп тұрған соң, өзінен егделеу кісінің өтінішін орындап, оның өзі ғана әлігі ақсақалдың үйіне бірге барыпты. Бөгде ешкім болмапты. Барса, дастархан жасалған. Кемеңгердей келісті бір әйел, ас қамын әзірлеп бәйек бола түсіпті. Үйде, бойжетіп отырған бір қыздың кіріп - шығып жүргеніне де көзі түсіпті. Аса сұлу, келісті қыз екен.

Ас - су ішіп, дәм татылғаннан соң әлігі кісі:”Мұха! Менің бір өтінішім бар. Тек, жоқ демейсіз. Жоқ демесеңіз ғана айтам”, - деп қадала сұраған соң Мұхаң: “Жарайды. Ой пәллі. Жарайды, айтыңыз!”, - депті. Сонда ол кісі: ”Мынау кіріп - шығып жүрген қыз, менің қызым! Бойжеткен. Осыны Сізге, некесін қиып, қоспақпын! Тағы да қайталап айтам, Сіз жоқ деменіз. Осы өңірге келген сәттеріңізде, ат басын тіреген шақтарыңызда, Сіздің бір аялдайтын, ат басын бұратын үйіңіз болып қалар деген ойдамын”, - депті.

Сонда Мұхаң ары-бері бұлқынып: ”Қалай болар екен?” - деп, ынғайсыздық танытса да, әлгі кісі қояр да қоймай, сол қызды Мұхаңа некесін қиып, сол күні қосыпты. Міне, содан перзент бар ма, жоқ па? Сен соны білесің бе?” – деп, қадала сұрақ қойғаны.

Мен, аң – таң болып, не айтарымды білмей, бір сәт кібіртектеп қалдым да; «Иззат Атаханович, бұл жайлы ешнәрсе білмеймін» - деп, білмейтіндігімді ашық айттым.

Онан соң ғалам аға; «Ұзын сөздің қысқасы Мұхаң: ”Ақсақал шежірелі кісі екен. Содан шығармаларыма материалдар аламын”, - деп, сол үйде үш – төрт күн болып, аунап - қунап кері қайтқан екен. Кейінде, оқта - текте барып тұрған көрінеді”, - деді маған бұрыла қарап, не дер екен дегендей сыңай танытып.

Соңра, Иззат Атаханұлы Сұлтанов тағы да қайрыла қарап: “Інім! Бұл оқиғаны маған Мұхаң, Мәскеуде болған бір кездесуінде сыр ғып айтып берген еді. Болмаса, осыны Алматыға барар болсаң, кейбір қаламгерлерден сұрастырып білші. Мүмкін, басқалар білер” – деп, өтінгендей сыңай танытты.

Біраз үнсіздіктен соң, ойлана отырды да, іле: “Ұлылық деген, кемеңгерлік деген кез - келген ғалымның бойынан табыла бермейтін тамаша қасиет. Ал Мұхаң, шын мәнінде асқан ұлы адам, кемел де кемеңгер, ғұлама ғалым еді ғой - деді де, одан әрі: “Отыз жетінші жылдары “халық жауы” болып, атылып кеткен, біздің Абдулла Қадиридің де ақталып, қатарымызға қосылуында Мұхтар Әуезовтің ойлары, шығармаларына берген бағасы үлкен роль атқарды ғой” - деп, ойын түйді де, ұзақ ой үстінде қалды.

Мен, белгілі ғалымның сөзін есіткен сайын жаным жадырап, одан әрі тағы да Мұхаң жайлы не айтар екен деп, оны - мұны сұрап, мол мағлұматтарға кенеле, ынтыға түстім.

Арадан 10 күн өткеннен соң ұлы ғалымның 80 жылдығына бір топ өзбек зияларымен бірге барудің да сәтті түсті. Нәтижеде, 1977 жылдың 22 қыркүйегінде академик Вахид Захидов, Әділ Якубов, Матякуб Қосжанов, Лазиз Қаюмов сияқты т.б. өзбек жазушы ғұлама ғалымдарымен бірге, Ташкент - Алматы “Ту-154” самолетмен ұшып келеміз. Менің ойымда Иззат Атахан ұлы Сұлтанов айтқан қым - қуыт ойлар легі талай саққа жүгіртіп, маза бермей, тебірендіре түсуде.

Амал не?... Арадан бір сағат отыз минут өтер өтпесте, “Ту - 154” самалиетіміз Алматы аэропортына ат басын бұра түскен сәтте, ойымды стуардесса қыздың: “Құрметті жолаушылар! Алматыға келдік. Самалиет төмендей бастады. Ремендеріңізді тағыңыздар!” - деген сөздері ғана бөліп жіберді.

Орайы келгенде тағы бір айрықша айта кетерлік жәйт, Алла бұйырып 20 жылдан соң - 1997 жылы Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтың 100 жылдық мерей тойына барудың тағы бір сәті түскені.

Ерекше қуаныштымын. Аталмыш мерей тойға аттанудан 10 күн бұрын, қыркүйектің 12 күні, Өзбекстан Халық жазушысы, әрі қазақ әдебиетінің ең жақын досы, аса талантты прозаик Әділ Якубов үйіне барып, арнайы жолықтым. Ондағы бірден - бір мақсатым: Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов жайлы ой - пікірін біліп, сұхбатын алу.

Өйткені менің, 1993 жылдың 9 ақпанында қазақ тілінде дүниеге келген, Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен Өзбекстан Республикасы Уәзірлер мекемесінің “Нұрлы жол” атты газетіне Бас редактор болып, қызмет атқарып жүргеніме де 5 жыл толған болатын. Тәп - тәуір журналист болып, төселіп қалған шағым. Әрі, аталмыш газетте “Әуезов және Орта Азия әдебиеті” деген мақаламды жариялап, көңілденіңкіреп жүрген кезім.

Дегенмен де, Мұханның 100 жылдығына орай “Нұрлы жолда” екі бет беруді жоспарлап, онда туысқан өзбек қаламгерлерімен болған достық қарым - қатынасын, силастық пен сырластық сырларын, шығармашылық байланысарын жариялауды басты мақсат еткен болатынмын.

Барғаныма, бірден қуана түскен Әділ аға Якубов: “Кел, кел балам! Жоғары шық. Қайдан адасып жүрсің?” - деген бойда: “Қалқам! Сен де Әуезов тойына барысың ба?... Союзда, сенің де фамилияңды көріп қалдым. Барлық жұмысты жиыстыр, бірге барып қайтайық. Ұлы тұлғалардың тойына бару - кез келген адамға бұйыра бермейді” - деді, ағынан жарыла.

Онсыз да ұшарға қанатым болмай жүрген мені, Әдекеңнің әлігі сөзі одан бетер қанаттандырып жіберді. Содан, мен де бар қуанышымды жасырмай: “Әдеке, әрине барам” - деп, асыға - масыға үн қаттым.

Сонда Әдекең: “Әрине, барғаның дұрыс қарағым! Осы сен, Әуезовтың 80 жылдығына да барған емес пе ең?” - деді, бір сәт ойлы пішінмен маған бұрыла қарап. Мен де іле: “Ия, барғам. Сіз, Қарақалпақстанның халық ақыны Ибрайым Юсупов бәріміз бірге жүрдік - қой” - дедім.

Онан соң Әдекең: “Ә, солай - ма! Әй, қарттығы құрысын. Есімнен шығып кетіпті. Жарайды, оқасы жоқ. Ондай - ондай бола береді. Анау - Нәсір, Төлек те бармақшы” - деді аз үнсіздіктен соң.

Әдекеңнің “Нәсір” деп отырғаны, белгілі аудармашы, Сәбит Мұқанов сөзімен айтқанда “Сары бала” - Нәсір Фазилов болса, «Төлек» дегені – Қарақалпақстан мен Өзбекстан Республикасының халық жазушысы, бүгінгі таңда Халық қаһарманы болған - Төлепберген Қайыпбергенов.

Соңра мен Әдекең: “Мұхаң жайлы не айтар едіңіз? Ол кісімен жолығып, сұхбаттас болғансыз ба?” - дегенімде, бір сәт ойланып отырды да, онан соң: “Мені өзің білесің, Түркістан өңіріндегі Кентау қаласына жақындау жердегі «Атабай» деген елді мекенде өсіп, ер жеткен адаммын. Жастық, балалық шағым сонда, қазақтар арасында өткен.

Сонда қазақ жастарымен араласа жүріп, олармен асық ойнап өстім. Мектеп қабырғасында оқып жүрген шағымда Абай, Жамбыл, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов шығармаларын қазақ тілінде оқып, олардан рухани нәр алдым.

Солардың көркем шығармалары негізінде, көркем әдебиетке деген ынтықтығым, құмарлығым арта түскендігі де шындық. Кейін келе, Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы” роман - эпопеясы біз үшін шеберлік мектебі болды емес пе?

Сондықтан да, “Ұлықбек қазынасы” романымды жазуға итермелеген де, сол Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы” роман – эпопеясы мен Айбектің “Науаи” романы болды” - деді де, одан әрі: “Сен жаңа, Әуезовты көріп, сұхбаттас болдыңыз ба? дедің - ғой! Ия, сұхбаттас болғаным бар.

1958 жылы Ташкентте “Ташкент рухы” деген атпен Азия және Африка жазушыларының конференциясы өтетін болды. Оны өткізу комитетінің төрағасы, сол кездегі Өзбекстан Республикасы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Шараф Рашидов болды да, мен оның көмекші, іс жүргізушісі болдым.

Сонда, қазақстандық қонақтарды күтіп алу, оларды қонақ үйге орналастыру мәселесі маған тапсырылды” - деп, ойын түйді де, одан соң: “Дәл қазір, қай бөлме екені есімде жоқ. Бірақ Мұханды, «Ташкент» қонақ үйіндегі ең мықты “Люкс” бөлмесіне орналастырғаным әлі есімде.

Мұхаң, кең кеуделі, қарасұрлау, толық келген, аса келісті - тым сұлу адам екен. Аз сөйлеп, көп тыңдайтындығы да бірден аңғарылды. Бұрын да талай рет Мәскеуде, Ашхабад, Дүйшанбе, Бішкек сияқты т.б. қалаларда өткен келелі кеңестер мен әр түрлі жиындар да көріп жүрсек те, өзіміз жастау болғандықтан ба, жанына барып, жақындасуға батына алмайтынбыз” - деп, ойын нықтай түсті.

Онан соң тағы да: “Меніңше Мұхтар Әуезов, қазақ әдебиетінің классигі ғана емес, ол жалпы Орта Азия әдебиетінің ірі тұлғасы, кемеңгер көсемі, тамаша білгірі еді – ғой» - деді де, одан әрі: «Оны мен, сол конференцияда сөйлеген сөзінен анық аңғардым. Әуезов пен қалай мақтансақ арзиды” - деді де, іле: “Ей қалқам, оның несін айтасың. Ол бір тұғыры биік тұлға еді - ғой. Оны өз

басым - ұлағатты ұстазым ретінде танымын. Оның талантына бас ием“ - деді, сөзін одан әрі сабақтай түсіп.

Мен дән риза болып, белгілі сөз зергерінің сөзін есіткен сайын, жаным жадырап, одан әрі оны - мұны сұрап, Мұхаң жайлы мол мағлұматтарға кенеле түстім. Оның дарындылығы мен даралық сипатын аша келіп: “Мұхаң - шын мәніндегі аса талантты жазушы ғана емес, ол үлкен білімге ие болған ғұлама ғалым да еді - ғой. Оның ғұлама ғалымдығы мен жазушылығы астасып, үлкен әренаға алып шықты. Ол бір өмір мұхият ғылым жолына түсті де, оны өзінің жазушылық шеберлігімен жымдастыра білді. Мұндай дарабоз талант - күні бүгінге дейін Орта Азия қаламгерлері арасынан бой көрсеткен жоқ. Ол - шын мәніндегі ұлы тұлға ғой“ - деді де, ұзақ ойға шомып кетті.

Міне осындай ұлы тұлға, кемеңгер қаламгердің тамаша сипаттары, ғұламалық қадыр - қасиеттері жылдар өткен сайын кең өріс алып, ол туысқан халықтар арасында да айрықша қастерленіп, ылғида құрметпен тілге алынып, Мұхаң арамызда мәңгі жасай бермек.

Өйткені, 1961 жылдың шілде айының соңында, бұл пәниден 64 жасқа аяқ басқан шағында көз жұмып, арғы дүниеге аттанғанда, белгілі өзбек ақыны, қазақ әдебиетінің ең жақын досы Миртемир егітіле жылап, өзінің “Мұхтар аға қазасына“ атты өлеңін жазған болатын. Онда ақын:

Өзі дағы ер еді ғой, ер қазақтың баласы,
Көз жұмды ол, құлазыған төңерекке қарашы!
Ағарсаңшы қайтадан сен, қырау басқан самайым,
Данасынан айрылды - ғой, біздің қазақ ағайын....
Ондай аға, енді қайдан табайын?...

деп ақын, күйзеле, сөгіле сөйлейді.

Одан әрі ақын өзін де, өзгелерді де жұбата түсіп, туысқан қазақ халқына тоқтау айтады. Күйзеле көңіл білдіреді. Табиғаттың, тағдырдың ісіне амал жоқ екендігін мойындай келе, жұртшылықты жұбата түседі. Мәселен ақын:

Өксі қазақ!...
Жоқ! Жоқ! Жасың тый.
Күйзелтпесін бұл қайғы.

деп, тоқтау айта келіп, одан әрі;

Болашағы - жастары бар, қайсар халық шыдайды!
Сол жастарға үйрете бер, үйрете бер ұдайы,
Дүние даңқын, ғасыр даңқын қалай ашқан,
Дана тілдің құдайы!

деп, Мұхтар Әуезовтың даналығы мен даралығын, ұлылығын тән алып, ұлы қаламгердің күйзелген халқына жұбаныш білдіре тіл қатады.

Міне мұның бәрі - туысқан өзбек қаламгерлерінің ұлы дарын, кемеңгер суреткер, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовке деген ыстық ықласымен, ерен құрметінің, ыстық илтифаттарының бірден - бір жемісі деуге болады.

Қорыта айтқанда, оның ұллылығы мен кемеңгерлігі, биік тұлғасы жылдар өткен сайын даралана түсіп, туысқан халықтар арасында, оның ішінде түбі бірге туысқан өзбек халқы арасында да, өз шоқтығымен жан – жақты танылып, үнемі биіктей бермек. Ол әманда қастерлене түспек.

АЙБЕК - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕҢ ЖАҚЫН ДОСЫ

XX ғасыр өзбек әдебиетінің даму тарихына аса мол сүбелі үлес қосқан, дархан дарындардың бірі – Айбек Ташмұхаммед ұлы. Ол қазақ әдебиетінің ең жақын досы, қазақ қаламгерлерінің, оның ішінде Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Әбділдә Тәжібаев, Өтебай Тұрманжанов, Қалижан Бекхожин сияқты кең тынысты, кемеңгер қазақ ақын – жазушылардың бірден – бір силасы да, сырласы болатын.

Айбек жастық – балалық шақтарында қазақ халқы арасында жиы – жиы болып, ол елдің тұрмыс – тіршілігімен, әдет – ғұрпымен кеңірек танысады. Қазақ ақындары мен жырауларының хисса – дастандар есітіп, той – жиындарына қатынасады.

Қазақ жігіт – қыздарының әр түрлі ойын – сауық кештеріне қатысып, жүзік салды ойындарын өз көзімен көреді. Алты бақан тепкен қыз – жігіттердің өлең - әндерін есітіп, құйқылжыта күй тартқан күйшілердің күйін тыңдап, көркем өнерге деген ыстық ықласы ерте ояна бастайды.

Оны біз қаламгердің 1963 жызған «Балалық» атты повестіндегі «Қазақ арасында» деген бөлімінен анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Нәтижеде Айбек, өзбек әдебиетінде тұңғыш рет қазақ тақырыбына батыл барып, 1933 жылы алғаш рет өзінің «Бақтыгігүл мен Сағындық» атты дастанын жазып, онда қазақ ұл – қыздарының тамаша бейнелерін, сом тұлғаларын сипаттайды. Өзбек, қазақ халықтарының достығын, ынтымақ – бірлігін биікке көтере кеңінен жырлап, барынша дәріптей түседі.

Реті келгенде ерекше ескерте кетерлік жәйт, қазақ халқы да, оның кемеңгер суреткерлері де Айбекті айрықша қадірлеп, ардақ тұтады да, оның шығармаларын сүйіп оқып, ол жөнінде сүйсіне пікір айтады.

Әсіресе, заманамыздың заңғар жазушысы, белгілі ғұлама ғалым, академик Мұхтар Омархан ұлы Әуезов, онымен шынайы дос, қадірменді силас та сырлас бола білді. Олар XX ғасырдың 20 – жылдарының соңына таяу, Петербург қаласында оқып жүрген – студенттік шақтарында танысып, бір – біріне достық құшақ ашады да, оны өмірлерінің соңғы сағаттарына дейін кең өріс алдырып, айрықша дамытады.

Шыны керек Айбек, қазақ халқы арасында да өз қаламгерлеріндей, қадыр – құрметке де ие болады. Сондықтан да, белгілі майталман ақын Өтебай Тұрманжанов; «Айбек өзбек халқына қандай сүйікті жазушы болса, қазақ халқына да сондай сүйікті жазушы» - деп, тектен – текке айта салмаған. Ол - терең ойдың, шынайы бейілдің бірден – бір жемісі десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Орайы келгенде айрықша ұқтыра кетерлік жәйт, Айбек өзбек, қазақ халықтарының аса тамаша асыл қасиеттерін өз бойына кең дарытқан, сөйтіп екі енені тел еміп, екі ел әдебиетінің бал бұлақтарынан тел сусындаған, кемеңгер қаламгер дәрежесіне көтерілді.

Айбек – жазушының күллі жұртшылық арасына кеңінен тарап кеткен лақап есімі. Оның шын аты – Мұса. Ол 1905 жылдың 10 – қаңтарында Ташкент қаласындағы тігінші жанұясында дүниеге келеді.

Еңбек сүйгіштігі соншалық, жас кезінен – ақ әкесіне қолғабыс тигізе жүріп, Ташкенттегі ескі мұсылман мектебінде оқып, сауатын ашады. Әрі, атасы Ташмұхаммед пен бірге, жастық – балалық шағында Қазығұрт маңайын мекендеген қазақ аулына жиы – жиы барып, олардың өмірін, тірлік тыныстарын өз көзімен көреді.

Сөйтіп, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Қазығұрт бөктеріндегі елді мекендерде еңбек етіп жүрген қазақтар арасында бірнеше рет болған Айбек, қазақ ақындарынан ән, хисса – дастандар есітіп, күйшілердің күйін де тыңдайды. Көненің көзі болған қәриялардан аңыз - әңгімелер, ертектер мен мақал – мәтелдер есітеді.

Міне бұлардың барлығы бала Мұсаның көңліне нұр болып құйылып, оның көркем әдебиетке деген ықласын ерте оята бастайды. Бұл жайлы қаламгердің өзі де; «Балалық шағымда қазақ даласын көп араладым. Халқының әдет – ғұрпын, тұрмысын көрдім. Қонақ жай қазақ елін шын жүрегімнен сүйдім» - деген болатын, ол өзінің 1965 жылы жазған «Ел қызметінде» атты естелік мақаласында.

Міне мұны Айбек жылдар өткен сайын кең өріс алдырып, өмірінің соңғы сәттеріне дейін айрықша дамыта түседі. Өйткені ол тамаша ақын, кең тынысты кемел прозаик, тамаша аудармашы, зерделі зерттеуші болған кездерінде де, қазақ өлкесінен қол үзбей, ол елде әлде неше рет болды.

Бұл орайды оның 1938 жылы Жамбыл Жабаев ақындығының 75 жылдығымен, 1945 жылы болып өткен Қазақстан Республикасының 25 жылдық торқалы тойына, сондай – ақ, сол жылы болып өткен Абайдың 100 жылдық мерей тойына қатысқандарын тілге тиек ету мүмкіндігіне ие боламыз.

Нәтижеде ол, қазақ қаламгерлері арасынан Мұхтар Әуезовтай дархан дарын, Сәбит Мұқановтай кемеңгер жазушы, Ғабит Мүсіреповтай өткір тілді, уытты суреткерді, Ғабиден Мұстафиндей кемел қаламгерді, Әбділдә Тәжібаев секілді дарынды ақын, әрі ғалым, драматургті, Қалижан Бекхожиндай адуын

ақынды тауып, олармен достық қарым – қатынаста, шығармашылық байланыста болды.

Бұл орайда кемеңгер жазушымыз Сәбит Мұқановтың өмірлік зайыбы – Мариям апайдың «Қазақ әдебиеті» газетінің 1975 жылғы 25 көкек санында жарыланған «Халықтың қалаулы қаламгері» деген естелік мақаласына көңіл көзін қадасақ, онда ойымыз одан әрі айқындала түспек, Мәселен Мариям апай; «Айбек Сәбитті көрсе болды, қуана түсіп, күбірлей бастайтын» - дейді де, одан әрі; «Ол кісі өмірінің соңғы күндерінде тіл мен құлақтан көп кемшілік көрді ғой» - дей келе, онан соң; «Сәбитке, «Сенің «Өмір мектебің» секілді шығарма жазудамын» - дейтін» - деген ойды алға тартқан болатын.

Соңра Мариям апай тағыда; «Ол өзін қазақ елінің өзбегімін дейтін» - дейді де, онан соң Айбектің; «Қаратаудың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған» - деп, өлеңдететін» - деген ойды да сабақтай түседі.

Әрине бұл түгелдей шындық! Оның қазақ халқын жанындай жақсы көруі де, қаламгерлерімен силас та сырлас болуы, қазақ өлең – жырларын, хисса – дастандарын жетік білуі де орынды.

Рас Айбек, өмірінің кейінгі кезеңдеріне, яғный XX ғасырдың 50 – 60 жылдарында, тоталитарлық қоғамның кейбір берекесіз адамдардың ұсқынсыз іс - әрекеттері салдарынан быраз қиыншылықтар көрген де болатын. Быраз жыл азап шегіп, тілсіз де қалды.

Дегенмен, жаны жомарт, дархан мінезді, үлкен жүрек иесі, бір жөн жүнжіп, жоқ болып кетпеді. Ылғида ақылға жүгініп, өндірте қалам тебіrentіп, көркем әдебиеттің көк жиегінен бекем орын алды да, кемеңгер қаламгер дәрежесіне көтерілі түсті.

Қазақстан өңірінде әлденеше рет болып, өзінің сүйікті достары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділді Тәжібаев, Қалижан Бекхожин сияқты т.б. қаламгерлерімен болған достық қарым – қатынасын, шығармашылық байланыстарын кең өріс алдырып, оны өмірінің соңғы сәттеріне дейін жан – жақты дамыта түседі.

Тіптен оның Мұхтар Әуезов пен болған достық байланысы, силастығы мен сырластығы өзбек, қазақ әдебиеттерінің даму тарихында аса үлкен әріптермен жазылатын тым мазмұнды да мәнді, соны беттер бола алды.

Сондықтан да Өзбекстан халық ақыны, академик Ғафур Ғұлам; «Айбегім - Әуезовым» деп, емірене үн қатса, қазақ халқының абыз ақыны Дихан Әбілев, Мұхтар Әуезов пен Айбекті; «Бір таудың екі шыңы» - деп, тебірене тілге алған болатын.

Шынында да, екі ұлы суреткер, әрі ғұлама ғалымның достық қарым – қатынастары, шығармашылық байланыстарын ғылыми тұрғыдан зерттеу – бүгінгі таңдағы қазақ, өзбек әдебиеттану ғылымы алдында тұрған өзекті де, аса ділгір мәселелердің бірі десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Өйткені, Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиетіне, XX ғасырдың 20 – жалдарының орта шенінде кіріп келген Айбек, поэзия, проза және әдебиеттану

ғылымы жайлы өндірте қалам тебіреніп жүріп, өзбек әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан кең тынысты кемел қаламгер бола алды. Әрі, аударма жұмысымен де кеңінен шұғылданған шын мәніндегі кең тынысты, суреткерлерден болды.

Өйткені, өзбек оқырмандары ардагер ақынның аударуымен А.С.Пушкиннің «Евгений – Онегин» М.Ю.Лермонтовтың «Маскарадын», Гетенің «Фаустын» сияқты т.б. қаламгерлердің шығармаларын өз ана тілінде оқу мүмкіндігіне ие болды.

Міне олар, бүгінгі таңда да туысқан өзбек халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналды. Оның үстіне Айбектің ғұлама ғалымдық, кемеңгерлік қасиеттерінің өзі де, арнайы сөз боларлық ұлы тұлға ретінде де анық аңғарылады. Мәселен; өзбек әдебиетінің терең сырларын, оның арғысы мен бергісін, кейбір ақын – жазушыларының шығармалары туралы ой айтып, баға берулерімен бірге, ХУ ғасырда жасап, өз соңына тамаша құнды көркем шығармалар қалдырған Әлішер Науаи жөніндегі ой – пікірлері өз алдына бір төбе.

Сөйтіп, өз шығармашылық жолын поэзиядан бастаған Айбек, ең алғашқы өлеңдер жинағын «Сезімдер» деген атпен, 1926 жылы бастырып шығарады. Нәтижеде, өзбек әдебиетінің даму тарихында, одан әрі проза, аударма жұмысымен де кеңінен шұғылданады. Әр, әдеби зерттеумен жұмысымен де айналысып, шын мәніндегі кең тынысты, кемеңгер қаламгер болып жетіледі.

Әрине бұл, ұлы суреткердің талант тұғырының тым биіктігін анық аңғарта түседі. Сондықтан да оның бір асына орныққан төрт бірдей асыл қасиеттер, өмірінің соңғы сәттеріне дейін титтей де толасымай, ол кең өріс ала түстіп, өз жалғасын табады.

Өйткені, Айбектің 1926 жылы тұңғыш рет жарық көрген «Сезімдер» атты жыр жинағынан бастап, атын әлемге танытқан «Ділбәр – дәуір қызы», «Теміршы Жора», «Бақтыгүл мен Сағындық», «Хамза» сияқты т.б. поэмаларымен бірге, «Науаи», «Киелі хан», «Пакистан естеліктері», «Нұр іздеушілер», «Алтын атыраптан ескен жел», «Күн қараймайды», «Ұлы жол», «Балалық» секілді т.б. прозалық кесек туындылары, тек өзбек өлкесінде ғана емес, тіптен олар шет ел оқырмандары арасында да кеңінен танылған кемел туындылары қатарынан орын алады.

Нәтижеде ол, өзінің «Науаи» атты романы үшін Мемлекеттік сыйлықтың иегері болған болса, өзбек – қазақ халықтары достығын ерекше сүйіспеншілікпен сипаттайтын «Балалық» атты мемуарлық шығармасы үшін, Хамза атындағы Өзбекстан Республикасы Мамлекеттік сыйлықтың лаураты да бола алды.

Ал қаламгер, өзінің ғылыми зерттеу еңбектері үшін Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі дәрежесіне көтерілді.

Айбектің туысқан қазақ халқының өміріне ерекше мейірмен қарап, оны құмарта жырлап сипаттауы, оның ол елді шын жүректен сүйіп, қазақ халқын айрықша ардақ тұтқандығынан десек, ол ағат айтылғандық бола қоймаса керек.

Ол жәйлі белгілі балалар әдебиетінің ірі тұлғасы, ақын Өтебай Тұрманжановтың мына бір жолдардағы ойларына көңіл аударсақ, онда ойымыз одан әрі жан – жақты ашыла түспек. Мәселен ол; «Мен жас шағымда Ташкенде, өзбек арасында өстім. Ташкентте оқыдым. Орыстың, өзбектің жас әдебиетшілерінің әдебиетке, мәдениетке арналған жиындары, ойын – сауық кештерінде кездесе беретінбіз» - дейді де, онан соң; «Осы жиындарда жүз таныс болып сәлемдесіп, Айбекпен кездесім жүрсем де тілдесіп жөн сұрасуға реті келе бермейтін» - дейді де, одан әрі; «Ұмытпасам әлдеқалай, 1925 – 1926 жылдың жазында, орталық Сквердегі скамейкада екі өзбек жігіті, екі қазақ жігіті отыр екен. Біреуі –Айбек. Өтіп бара жатып Айбекке бас изеп амандастым. Айбектің қолында Жүсіпбек Шайхысламовтың Ташкентте арапша басылған «Қыз жібегі» бар» - деп, түйіндеу жасай келе, Айбектің шақырып алып, жанына отырғызғандығын еске алады.

Соңра, Быраз әңгіме – дүкен құрғаннан соң Айбектің, оған бұрыла қарап; «Сен, мынау өзбек баласы «Қыз жібекті» нағып қолына ұстап отыр деп, таңырқап отырған шығарсың. Міне, оқып берейін» - деп, кез келген бір бетін ашты да, зуылдатып оқи бастады. Байқаймын, бір қазақтан кем оқымайды» - деп, өз естелігінде сүйсіне пікір білдірген болатын.

Міне бұл Айбектің, болашақ қаламгердің қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, хисса – дастандарына, туысқан қазақ халқына деген сүйіспеншілігі мен ыстық ықласының сәтті жемісі деуге болады. Нәтижеде бұл оның, қазақ тілін жақсы меңгергендігін байқатумен бірге, қазақ халқының да әдет – ғұрпын, тірлік – тыныстарын терең меңгеруге, жастайынан – ақ ерекше көңіл бөлгендігін де анық аңғартады.

Сондықтан да Айбек, қазақ өміріне терең барып, 1933 жылы «Бақтыгүл мен Сағындық» атты дастанын жазса, 1963 жылы бастырып шығарған «Балалық» атты ғұмырнамалық повестін жазу мүмкіндігіне ие болды.

Оның үстіне ол, «Құттықтау», «Достығымыз мәңгілік» сияқты т.б. өлеңдерімен бірге, Абай, Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов секілді дархан дарындар жайлы да талай рет ерекше сүйіспеншілікпен татымды ой, тамаша пікірлер де айтқан болатын.

Олар да өзбек, қазақ хылықтарының достығы, ынтымақ – бірлігі өзінің шынайы шешімін табумен бірге, қазақ өміріне батыл барып, қазақ адамдарының әсем бейнелерін, шынайы өмірін ерекше шалқар шабытпен тамаша суреттегендігін аңғарамыз.

Ақын өзінің «Бақтыгүл мен Сағындық» атты дастанында түбі бірге туысқан екі халықтың, 73 жыл жасап, келмеске кеткен Кеңестік дәуірге дейінгі ауыр да аянышты өмірін жын – жақты сипаттай келіп, озбыр да азулы үстем тап иелерінің, қарапайым еңбек адамдарына көрсеткен зорлық – зомбылықтарын

арналы арқау, өрісті өзек еткен, Міне ол, аса азулы қазақ байы Атабай бейнесі арқылы кеңінен көрініс таба түскен.

Атабай шығарманың өн бойында барынша жауыздығымен де, аса қомақай – аш көздігімен де көңіл айнытады да, оқырман жұртшылықты өз - өзінен жиркендіре түседі. Оны ақын былайша сипаттайды.

Олмовут отда Отабай мағрур,
Барзанги қомат, йўғон калладор.
Намат қалпоғи остидан сузур
Қийиқ кузлари мудроқ ва айер.
Тўнкадай оғир (ҳа, отга жабр!)
Пихиллар, мудрар, чайқалар вазмин.

деп, қазақ байы Атабайдың кескін келбетін жан – жақты тамаша аша түседі.

Әрине бұл ақынның тапқырлығымен тереңдігі. Қазақ байларының өмірін жетік білгендігі десе де, ол артық айтқандық бола қоймас. Тіптен оның ашқарақтығын да тауып айтып, тамаша байламдар жасайды. Мәселен ақын;

Отабой машхур иштахада ҳам;
Семиз кўзидан қалдирмос қулоқ.
Қорни қимизга мешдай сўркўлам,
Кекиради у, ошаб бешбармоқ.

деп, Атабайдың тірлік – тыныстарына дейін өте орынды жеткізеді.

Байдың үскансыз іс - әрекеттерінен әрбір оқырман одан жирене түседі. Оның оспадарлығы, көрқаулығы, ешнәрсеге мән де, көңіл де бөле бермейтін топастығы да анық аңғарылады.

Одан әрі ақын, байдың сыртқы пішінін, болмыс – бітімін;

Қўпол ва пишиқ кийим – буюми,
Наматдан қалпоқ, қозоқи қамчин.

деп сипаттайды.

Атабай бейнесін Айбек өте тамаша етіп сомдағаны соншалық, оны оқып отырып талай бай адамдар арасынан дереу – ақ, ажырата алу мүмкіндігіне ие боламыз.

Әсіресе, екі жас Бақтыгүл мен Сағындықтың қосылуына қанды шеңгел болған Атабай, оларға өзінің зәбір – зұлымдығын өткізіп, көптеген қорлықтар, зорлықтар жасайды. Бақтыгүлді өзіне тоқалдыққа алмақ болып, көп қиғылықты істер жасайды.

Бірақ, бірін – бірі жанындай жақсы көрген екі жас, алдарында қандай ауыртпалықтар, қиындықтар кездессе де, одан титтей де мойымай, қайта жігерлене, ол қиындықтармен қарсы күресе түседі.

Дегенмен, айлакер бой өз уысына түсіру мақсатында, Бақтыгүлді сүйген жігітінен тасада ұстау үшін, өзінің Ташкенттегі саудегер досы, өзбек бегінің үйіне жібереді.

Ол бекте қазақ қызы – Бақтыгүлді аяусыз жұмсап, күні – түні езіп жұмыс істетеді. Оны ақын өз дастанында, былайша сипаттайды.

Тун – кун Бақтигүл қамокда қолди,
Бойидан ўзга киролмас ҳеч ким.
Эркин қанотлар тош бойлаб олди
Рух кишан қийди, янгар юрак жим.
На элдан хабар, на қуеш, на ой?
Қани қирларнинг майин шамоли?
Қани селларга етоқ булган сой?
Қани нашъли овул оқшоми?
Ўтовда хар вақт елғиз бағри хун.
Мўралай олмас еруғга бир он,
Кундузлари ҳам унга мисоли тун.

деп, Бақтыгүлдің Ташкенттегі бек үйінде көрген қиындықтарын, ауыр азаптарын да жеріне жеткізе, барынша ашып көрсетеді. Оқып отырып қыз тағдырына қатты ашынып, нали түсесің.

Аса айлакер Атабайдың көр шеңгеліне, торына түскен Бақтыгүлдің халін ақын, ерекше шынайы сезіммен, ауыр күндерін аса тартымды етіп суреттей алған. Өлең жолдарын оқи отырып қызға жаның аши түссе, Атабайға деген ыза – кегің асып, оның бейпарасат қорқаулығына іштей нали түсесің.

Оның үстіне, Ташкент бегінің есігінде жүрген Бақтыгүлдің аянышты халы, өз оқырмандарын еріксіз емірендіре түседі. Ылғида ауыр жұмыс үстінде еңсесі қатқан Бақтыгүл, тек қорлық пен зорлықтың құрбанына айнала бастайды. Сондықтан да ақын оның аянышты жағдайын;

*Бекага боқар Бақтигул жўшиб,
Қадайдиги ерга кўзларини жим.
Шу кундан бека пармалар уни,
Хизматкорларнинг баридан у хор.
Бошида таеқ синар ҳар кун.
Унинг учун хар чоҳ минг юмуш тайер.
Қўллари косов, сочлари супурги,
Тунда чўзилар ғора катакда.
Кўрпа ва тушак – на мат чериги,
Жулдир кўйлакнинг енги биллакда.*

деп, қыздың ауыр тағдырын, аянышты халін барынша анық сипаттайды.

Ақын поэмасын оқи отырып, үстем тап иелеріне, оның ішінде Атабайға жирене қарасақ, аса сұлу, ақыл – есі бүтін, пайым – парасаты мол Бақтыгүл тағдырына ашына түсеміз.

Қазақ өмірін, болмыс – бітімін, тірлік – тынысын шынайы сезіммен орынды жеткізе білген Айбек, өз поэмасында әйел – қыздардың тағдырын, үстем тап иелерінің озбырлығын шебер жеткізе алған. Дастанда Бақтыгүлдің қиыншылықтарына шошына отырып, Атабайдың зорлық – зомбылығына нәлет айтқың келеді.

Сөйтіп дастанда, қазақ қызы Бақтыгүлдің тағдыры, басынан өткен ауыртпалықтары кім – кімді болса да, налытпай қоймайды.

Орайы келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, ақын бұл дастанды жастық шағында, қазақ аулына барып жүрген шағында, қазақ ақындарнан есіткен жыр – дастандар негізінде жазғандығы анық аңғарылады.

Сондықтан да Айбекті, өзбек қаламгерлері арасында қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен жан – жақты рухани нәр алған, қазақ халқының әдет – ғұрпын, тірлік тыныстарын, салт – дәстүрін, тілін жетік игерген қаламгерлер сапына қосуға әбден болады,

Өйткені ол, жастық шағынан бастап, өмірінің соңғы сәттеріне дейін қазақ елді мекендерінде жиы – жиы болып, қазақ халқының ұлы тұлғалары болған Абай, Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов секілді ұлы тұлғалар жайлы да сөз сөйлеп, ылғида достық, туысқандық бейіл білдіріп отырған. Мәселен; 1938 жылы Жамбыл Жабаев ақындығының 75 жылдығына орай, Алматыға барып слтанатта сөз сөйлеп, өз ойын білдірген болса, 1945 жылы ұлы ақын Абайдың 100 жылдығында да Ғафур Ғұлам, Миртемир, Хади Зариф сияқты т.б. қаламгерлермен бірге барады.

Сондай – ақ, 1957 жылы өзінің қаламдас досы, силасы да сырласы Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтың, Алматы қаласында болып өткен 60 жылдық мерей тойына да қатысады. Оған арнап өзінің «Құттықтау» атты өлеңін жазған болса, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Әдебиет мерекесі» атты мақаласын да жарялайды.

Оны ұлы суреткер Мұхтар Әуезов талантына дән риза болып, «Абай жолы» роман – эпопеясының өзбек қаламгерлері үшін де, оның бірден – бір шеберлік мектебі болғандығын қуанышпен тілге алады.

Оның үстіне, 1962 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасында болып өткен өзбек әдебиеті мен өнерінің он күндігіне, бір топ өзбек ақын – жазушыларымен бірге, Айбек те арнайы барып қатысады. Сонда, Қазақстанның Көкшетау, Балхаш, Қарағанды, Жезқазған сияқты т.б. елді мекендерінде болып, онда өзінің «Достығымыз мәңгілік» атты өлеңін де жазады.

Расында да, өз шығармашылығында халықтар достығы мен ынтымақ – бірлігіне айрыша мән берген Айбек, өзінің XX ғасырдың 30 – жылдарында жазған «Киелі хан» атты кең тынысты, кемел романында қырғыз жігіті Ораз

бейнесін аса тартымды сипаттаған болса, ол өзінің 1963 жылы жарялаған «Балалық» атты ғұмырнамалық певестінде қазақ өміріне батыл барып, екі халық достығын жеріне жеткізе биікке көтеріп, дәріптей түседі.

Аталмыш көркем шығармасында қазақ аулында болған өзінің жастық, балалық шақтарының тамаша көріністерін өте орынды бере біледі. Орыс, өзбек тілінде жарық көрген бұл шығарманы, марқұм Көбей Сейдеханов қазақ тіліне аударып, қазақ халқының рухани игілігіне айландырды.

Абйбек өзінің «Балалық» атты мемуарлық туындысында, Орта Азия халықтарының, оның ішінде сан ғасырлардан бері аралас – құралас жасап, үнемі жарты бидайды жарып, бір бидайды бөліп жеп жүрген өзбек, қазақ халықтарының достық байланысына ерекше мән береді.

Әсіресе шығармада қазақ, өзбек халықтарының ылғида бірге жасап, біте қайнаса түскен халық екендігін түрлі штрихтармен өте шебер жеткізе алған.

Ең қызығы, повесте түбі бірге туысқан екі халықтың бір – бірінің тағдырына айрықша сүйіспеншілікпен қарайтындығы, өзара бір – біріне деген ыстық илтифаттары аса сенімді, әрі тым орынды шынайы шешімін тапқан.

Қаламгер әбден толысқан, жазушы ретінде әбден қалыптасқан шағында жазған бұл көркем шығармасында, өзінің балалық – жастық, албырттық шақтарын тілге тиек ете отырып, Қазығұрт бөктерін мекендеген қазақ ауылының әсем көріністерін шебер сипаттайды. Әрі, қазақ халқының әдет – ғұрпы, салт – дәстүрі де берік сақталумен бірге, ондағы өнер адамдарына деген сүйіспеншілігімен ыстық ықласы өте әдемі көрініс тапқан.

Бірақ, шығарманың бас кейіпкері жазушы – бала Мұсаның өзі ғана емес, оның әке – шешесі, атасы Ташмұхаммед, туған – туысқандары, дос жарандары. Әрі, қоңсылары мен таныс білістері. Яғный, жалпы қалың бұқара халық.

Ол атасы Ташмұхаммед пен бірге, Қаратау маңын мекендеген Қазығұрт айналасындағы, Жаңабазар маңындағы қазақ аулының өмірімен танысады. Әр барған сапарында ауыл көрінісіне қызыға да, балалық бейілмен қылғына да қарайды. Ол елде болған әр түрлі той – жиындарға, шілдеханаларды көріп, қазақ адамдарының жомарттығына, мәрттігіне, қонақ жайлылығына дән риза болады. Ешкімді де жатырқай қоймайтын ақ жарқын мінездеріне тәнті қалады.

Әсіресе атасы Ташмұхаммедтің қазақ қарттары, адамдары арасында өзін еркін ұстауы, өзара қақтығыс түсетін әзіл – қалжыңдары, бала Мұсаны еріксіз ойландыра түседі. Қазақ қарттарын өзіне санап, олардан көлігіне емін – еркін жем, шөп сұраулары да, жас баланы айрықша тандандырады. Бала Мұса өзінше; «Атам да қызық. Бір нәрсе өткізіп қойғандай, көлікке жем – шөптерің барма?» - деп, өктем үн қатады. Мұнысы қалай?» - деп, аң – таң бола бастайды.

Атасы мен бірге қазақ үйлерінде болап, ас – су ішкенде де, атасының еркін сезінуі, дастарханға төгілген бадана бас бауырсақтар да, ас мәзірлері де бала Мұсаның сезімін қытықтап, оны ерекше серпілте түседі. Барлық нәрсені ұмыттырып, ұшқыр қиялын көкке көтере түседі. Мәселен қаламгер қазақ

аулындағы тойда, дастархан басында домбыра тартып, ән шырқай бастаған ақын бейнесін; «Жауырынды. Орта бойлы, қара сақалды бір кісі домбыраны алып тарта бастады. Құлаққа жағымды күй әуені бойынды балқытып барады, ұйып тыңдап қалыппын» - деді де, одан әрі; «Қазан ошақтың басында жүрген әйелдер де үйдің іргесіне жиналып қалды. Олардың құлағы да күй сазында. Аршынды күй асқақтап барып аял тапты» - деп, күйге еліте түскен сәтін әдеми сипаттай келіп, онан соң тағы да; «Енді домбыраны баяу ғана шертіске басып, қоңыр дауыспен термеге көшті. Оның арты дастанға ұласты. Арасында өткір әзіл сөздер де қосып, жұртты ду – ду күлдіріп те қояды» - деп, аса үлкен серпіліспен тыңдап, ерекше ынтыға түскендігін тілге алады.

Міне осындай ұлы суреткердің, кемеңгер тұлғаның «Науай» атты кемел романын 1949 жылы Әлихан Сүлейменов қазақ тіліне аударған болса, 1963 жылы оның «Киелі хан» романын, қазақ оқырмандары аса талантты қаламгер Қалтай Мұхаметжанов аудармасында оқу мүмкіндігіне ие болды.

Дегенмен оның, өзбек – қазақ халықтары достығын, ынтымақ – бірлігін жырлайтын, 1933 жылы жазылған «Бақтыгүл мен Сағындық» атты дастанының күні бүгінге дейін қазақ тіліне аударылып, қазақ жұртшылығының қолына тимеуі, әрине өкінішті – ақ!

Бірақ, ақынның бір жөн өлеңдері қазақ оқырмандарына Айтбай Хангелдин, Қалижан Бекхожин, Жүмекен Нәжімидинов, Әбіраш Жәмішев, Қайрат Жұмағилиев сияқты т.б. ақындар аудармасында жетіп, қазақ халқының мәдени байлығына, рухани игілігіне айнала түскендігінің өзі, қуанарлық та құптарлық құбылыс деуге болады.

Оның үстіне, Айбектің ғұлама ғалым Мұхтар Омархан ұлы Әуезов пен болған достық қарым – қатынастары, шығармашылық байланыстары да, арнайы зерттеуді керек ететін, екі ел әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселердің бірі.

Міне осындай, қазақ халқының да сүйікті жазушысы болған, қазақ ақын – жазушыларының шынай досы Айбек, бұл пәниден 1968 жылы 63 жасында бақилыққа аттанды. Бірақ, оның қаламынан өмірге келген поэтикалық туындылары мен көркем прозалық шығармалары, аудармалары, сыни – зерттеу еңбектері арқылы ол мәңгі бақи өлмек емес. Ол күні бүгінге дейін, ылғида Сіздермен, біздермен силасып та, сырласып та тұрғандай.

Қорыта айтқанда, Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиетінің ұлы тұлғасы – Айбек, қазақ халқының да сүйіп оқитын, сүйсіне тілге алатын сүйікті қаламгерлерінің бірі. Әрі, қазақ әдебиетінің ең жақын досы. Мұхтар Әуезовтай сұңғыла суреткердің бірден – бір силасы да, сырласы бола алды.

Сондықтан да Айбек, өзбек – қазақ халықтарының достығын, ынтымақ – бірлігін ылғида серпінді әуенмен биікке көтерді де, екі халықтың әдеби – мәдени байланыстарының даму тарихына сүбелі үлес қосқан, кең тынысты кемеңгер суреткер дәрежесіне көтеріле алды.

СӘБИТ МҰҚАНОВ - ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІНІҢ ШЫНАЙЫ СЫРЛАСЫ

Кең тынысты, кемел, аса қарымды қаламгер Сәбит Мұқанов, XX ғасырдың 20 жылдарының екінші жартысында - ақ, туысқан өзбек халқына, олардың биік мәдениеті мен әдебиетіне ерекше сүйіспеншілікпен назар аударды. Әрі оны, өмірінің соңғы сағаттарына дейін ерекше дамытып, өзбек әдебиетінің ең жақын досына, өзбек жазушыларының силасы мен сырласы айналды.

Сәбең үнемі өзбек қаламгерлеріне достық құшақ ашып, ылғида оларға шынайы бейіл білдіріп, бір өмір олар арасынан шын мәніндегі дос, сырлас та силас қаламгерлер таба алу мүмкіндігіне ие болған, аса талантты қарымды қаламгер бола алды.

Әрине бұл - Сәбит Мұқановтың кемел де кемеңгер қаламгерлігі мен бірге, кең бейілді, жомарт жүректі, дарқан жандылығының, шынайы сезім иесі екендігінің де сәтті жемісі деуге болады.

Өйткені Сәбең, ылғида туысқан өзбек халқына туыскандық бейілмен көңіл аударып, өзбек жазушылары арасынан өзімен деңгейлес келетін, шын мәніндегі дарындарын таба білді. Сөйтіп оларға, үнемі достық құшақ ашты да, оларды айрықша қастерлеп, достық байланысын жылдар өткен сайын кең өріс алдырып, оны жан - жақты дамытты. Әрі, достық қатынасын кең өріс алдыра түсіп, оны жылдар өткен сайын жандандырумен бірге, оған жаңа мән, жаңа мазмұн бере бастады.

Оның үстіне, өзбек қаламгерлерінің шығармаларына сын көзбен назар аудара жүріп, олар жәйлі өзінің ойын, ыстық ықыластарын да жиы - жиы білдіріп отырды. Нәтижеде, түбі бірге туысқан өзбек, қазақ халықтарын өзара біте қайнастыра түсті де, өзара бір - біріне достық құшақ ашып, туыскандық мейірмен, барды – келді жасауын жандандыру жолында қыруар қызметтер атқарды.

Өйткені Сәбит Мұқанов, туысқан өзбек халқы арасында XX ғасырдың 20 – жылдарының екінші жартысында алғаш рет болған болса, оны өмірінің соңғы сәттеріне дейін кең өріс алдыра түсті.

Сөйтіп, туысқан өзбек елінде әлденеше рет болып, бұл өлкеде өткізілген әр түрлі халықаралық симпозиумдар мен конференцияларға, торқылы тойлар мен ірі - ірі әдеби жиындарға қатысты.

Сондай - ақ, өзбек жазушыларының пленумдары мен съездеріне, қаламгерлерінің юбилейлеріне қатысып, өзінің жүрек жарды сөзін айтып, достың шынайы бейілін білдірді. Сөйтіп, талай рет қазақ, өзбек халықтары достығы жайлы, әдеби байланыстары туралы сөз сөйлеп, баяндамалар жасап, туысқан өзбек халқының да жанын жадырата түскен болатын.

Егер, тарихи деректерге назар аударар болсақ, Сәбит Мұқанов туысқан өзбек еліне, Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкентке алғаш рет, 1927

жылы Сәкен Сейфуллин, Ахмет Баржақсинмен бірге келу мүмкіндігіне ие болады.

Осы келісінде Сәбен, өзбек халқының аса дарынды суреткері Абдулла Қадиридін (Жұлқынбайдың) үйінде қонақта болып, өзбек қаламгерлерінің үлкен құрметі мен ыстық ілтипатына бөленеді.

Жасыратыны жоқ, сол үйде тұңғыш рет өзбек әдебиетінің ірі тұлғасы, революционер ақын, драматург, әрі композитор Хамза Хакимзада Ниязиген алғаш рет танысып, өзара сұхбаттас болады.

Сөйтіп, Абдулла Қадиридін үйінде Хамзамен бірге болып, оны өз көзімен көріп, оның сұхбатынан ерекше нәр алған Сәбит Мұқанов, ол жәйлі: “Бидай өнді, сирек мұртты, сөзге шешен де әзілкеш Хамза, сол үйде кеңесіміздің гүлі болды” — деп, ерекше құрметпен тілге алады, ол өзінің Хамза Хакимзада Ниязи жайлы жазған “Үлкен мәдениет қайраткері” атты мақаласында.

Міне осылай 20 жылдардың екінші жартысында - ақ өзбек жазушыларымен етене араласып, тығыз байланыста болған Сәбит Мұқанов, оны өмірінің соңғы кезеңіне дейін дамытып, кең өріс алдырды.

Әсіресе, өзбек халқының арынды ақыны Ғафур Ғұламмен ең жақын қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болып, бір өмір силасып та, сырласып өтті. Ең жақын досы бола білді.

Сондай - ақ, өзбек әдебиетінің ірі тұлғалары болған Айбек, Ұйғын, Миртемир, Әділ Якубов, Мирмухсин, Шукрулла, Нәсір Фазилов сияқты т.б. қаламгерлермен де етене араласып, әрқилы жиындар да кездесіп, олармен силасты, сырласты.

Сөйтіп Сәбит Мұқанов, өзбек әдебиетінің ең жақын досына, өзбек оқырмандарының сүйіп оқитын қаламгерлеріне айналды да, өзбек жазушыларының ыстық ықласына, айрықша құрметіне бөленді. Тіптен, Ғафур Ғұламмен жан - жақты достық құшақ ашып, шын мәніндегі ең жақын досына айналды. Бірден бір силасына, жан жайсаң сырласы бола алды.

Әрі, қос тарлан талант - Сәбит Мұқанов пен Ғафур Ғұлам шығармашылық байланыстарын жылдар өткен сайын жан - жақты дамыта түсіп, өзара бәсекелес те бола білді. Бұл жайлы Ғафур Ғұлам 1945 жылы Қазақстанның 25 жылдығына арнап жазған өлең жолдарында былай деген болатын. Мәселен ақын:

Мақтанбаймын, шын айтқанда,
Бір шамалап қараймын.
Айтысуға тартысуға,
Сәбитпенен жараймын.

Өзбектің мен зор
Мынадай ақынымын.
Жан қазақ ақындарының
Досымын, жақынымын.

— деп шынайы сезімін әдемі білдіріп, шын достың сөзін, шынай сырластықтың сырын терең аша түскен болатын.

Өлеңде қазақ ақыны - Сәбит Мұқановқа деген құрмет пен ыстық ілтипат әдемі сезілумен бірге, Сәбеңнің ақындық арынына үлкен баға беру нышаны да анық аңғарылады.

1966 жылы Ғафур Ғұлам бұл фәниді тәрк етіп, 63 жасында арғы дүниеге аттанғанда, сонау Алматыдан арнайы келген Сәбит Мұқанов, шынайы досының қабыры басында тұрып, өксігін баса алмай: “...Мен Ғафурмен 35 жыл дос болдым. Екеуміз қадірменді қаламгер едік” - деп, емірене жылағанда, Ғафур Ғұламды жерлеуге жиылғандардың бәрі де көздеріне жас алып: “Міне, дос болса осындай болсын. Бұл - өзбек халқының есінен мәңгі шықпайды. Сәбе, сізге мың да бір рахмет! Досыңыздың иманын саламат қылсын! Уақыты келгенде бәріміздің де баратын жеріміз осы. Көп өксіп, езіле бермеңіз. Қайтеміз, тағдырдың ісін тән алмауға болмайды. Бізге де оңай емес!.. Тек, алдынан жарылқасын!” — деген, жұбату сөздерді өз құлағымызбен естіп, ерекше серпінген болатынбыз.

Расында да көркем әдебиеттің дамуына аса мол үлес қосқан қос тарлан қаламгерлердің шынайы достық қатынастары, шығармашылық байланыстары өзбек, қазақ әдебиеттерінің өзар байланыстарының дамуына да өзінің бір жөн септігін тигізді. Өйткені, олардың әрбір кездесулері, келелі сұхбаттары, достық құшақтары қазақ, өзбек халықтарының достық байланыстарының дамуында өшпес із қалдырып, оның соңы үлкен бір тойға, келелі кеңеске айналатын - ды.

Шынында да Сәбит Мұқанов пен Ғафур Ғұламның өзара достық құшағы, силастығы мен сырластығы олардың шығармашылығында ғана емес, қазақ, өзбек әдебиетінің даму тарихында өшпес із қалдырды деуге әбден болады.

Өйткені олар, екі халық әдебиетінде бірінші болып, бір - бірінің өміріне тереңірек үңіліп, көп нәрселерді көңліне түйіп, ерекше бір серпіліп өзбек, қазақ халықтары достығын өздерінің жыр жолдарына қосты. Бір - бірінің әдебиеті туралы, қаламгерлерінің шығармалары жәйлы жан - жақты ой айтып, тебірене достың лебіздерін білдірді. Сөйтіп, екі халық достығының дамуына, ақын - жазушыларының қарым - қатынастарының кең өріс алуына өздерінің сүбелі үлестерін қосты.

Әсіресе, Сәбит Мұқанов өзбек халқының қонақ жайлылығына тәнті қалып, өзбек қыз - келіншектерінің ибалылығына, биазылығына дән риза болады. Содан да болар, Сәбең бұрыннан жазбақ боп жүрген романына өзбек қыз - келіншектерінің образын сипаттауды нысаналы ниет етеді. Сөйтіп, 1946 жылы өзінің “Сырдария” атты романын жазып, онда тұңғыш рет өзбек әйелі Шаадат пен өзбек қызы Гүлнардың образын, көркем бейнесін сипаттау мүмкіндігіне ие болды.

Әрі, өзбек елінің тірлік тынысынан бір жөн елестер бере отырып, өзбек әйелдеріне тән биязылық пен нәзіктік сырларын Шаадат бейнесі арқылы беруге ұмтылады.

Бұл қазақ әдебиеті тарихында алғаш сыр шерткен өзбек қызының әсем бейнесі десек, артық айтқандық бола қоймас. Бірақ, қаламгердің өзбек қызын 40 жылдарда - ақ, орыс адамы Анатолиге тұрмысқа шығаруы, өмір шындығына оншалық тура келе бермейді. Одан Гүлнар есімді қызды да өмірге келтіреді.

Өйткені, ол кезеңдерде өзбек қыздарының орысқа тұрмысқа шығуы, екі талай нәрсе. Ол кездер де өзбек қыз - келіншектері енді - енді ғана пәрәнжілерін тастап, кейбіреулері енді ғана қызметтерге араласа бастаған кезі болатын.

Міне осындай бір сәттерде, өзбек қызының орыс адамына тұрмысқа шығуы, ешкімді де сендіре қоймасы анық. Тек, өзбек қыздары XX ғасырдың 60 - 70 жылдардан бастап, онда да болса, бірлі - жарымы ғана орысқа тұрмысқа шыға бастады.

Сондықтан да Сәбит Мұқановтың “Сырдария” романында сыр шерткен өзбек қызы Шаадат бейнесі, оқырмандар есінде ұзақ сақтала бермейтін образ ретінде, оншалық көкейге қона бермейтін бейне ретінде көрініс тапқандығын ашық айтқанды жөн деп білеміз.

Дегенменде, Шаадаттың биязылығы, үй шаруасына деген ұқыптылығы, мінезіндегі әдептілігі мен нәзіктігі, сезімінің шынайылығы, барынша ұстамдылығы — бәрі - бәрі өзбек қыздарына тән болмыс бітімдер. Оның бәрі өзбек қыздарына тән, өзінің бір жөн шынайы шешімін тапқан.

Орайы келгенде ерекше бір айта кетерлік жәйт, 1948 жылы өзбек әдебиетінің ұлы тұлғасы, кемеңгер ақын Әлішер Науаиының 500 жыдығын өзбек жұртшылығы ерекше серпінмен атап өткен болатын. Міне сонда, бұл мерекенің Қазақстан Республикасында үлкен салтанатпен атап өтілуінде, Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың еңбектері, қосқан үлестері айрықша болады.

Мерекенің аса мәнді де мазмұнды өтуіне ат салысқан Сәбең, өзінің “Сәлем Өзбекстан” атты мақаласын жазып, “Казахстанская правда” газетінде жариялайды. Онда ұлы гуманист ақынның лирикалық өлеңдері мен поэма - дастандарының өзіндік ерекшеліктеріне, сонылық сипаттарына тоқталып, өз пікірлерін жан - жақты білдіреді. Әсіресе, қазақ ақындарына, оның ішінде “Кітәби” ақындарға тигізген игі ықпалдарына ой көзін қадап, өзінің қадау - қадау ойларын ортаға салады.

Расында да Сәбит Мұқанов қазақ, өзбек халықтарының дәстүрлі достығы мен туысқандығына айрықша мән бере қарап, бір жөн ойлы, аса тартымды мақалалар да жазады. Бұл орайда оның “Туысқандығымыз жайлы бірер сөз”, “Үлкен мәдениет қайраткері”, “Әдебиетіміздің достық жаршысы” , “Жас жігіттей гүлденсін” сияқты т.б. мақалаларын атауға болады.

Олар да қазақ, өзбек халықтарының достығы мен туықандығы, әдеби — мәдени байланыстарының өзіндік ерекшеліктері жан - жақты сөз болумен бірге,

өзбек әдебиеті мен тарихын жетік білетіндігінде аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.. Мәселен Сәбең, қазақ, өзбек халықтарының дәстүрлі достығы мен туысқандығы жайлы тоқтала келіп: “Өзбек — өз ағам” деген сөз қазақ — қазақ болғалы айтылып келе жатқан сөз. Бұлай деудің тарихи мәні бар. Өзбек пен қазақ белгісіз замандардан бері “Төскейде малы, төсекте басы” қосылған, аралас — құралас жасап жатқан ел” — десе, тағы бір ұлағатты ой түйінінде: “Науаи заманынан басталған әдеби байланыс, кейінгі дәуірлерде әлдеқайда өркендеді” — деп, үлкен бір салиқалы байлам жасайды.

Бұл түгелдей шындық. Расында да, екі халық ортасындағы әдеби — мәдени байланыстар ХІХ ғасырдың екінші жартысымен ХХ ғасырдың 60 - 70 жылдарында айрықша дамып, оның кең өріс алғандығын байқау оншалық қиын емес. Мәселен: ХІХ ғасырдың екінші жартысымен ХХ ғасырдың бас кезінде жасаған Сыр сүлейлерімен Жетісу, Оңтүстік өңірінде жасаған қазақ ақындары Шығыс әдебиетінің, оның ішінде Әлішер Науаидың көркем дастан - поэмалары негізінде шығармалар жазып, немесе олардың шығармаларын халық арасында кеңінен жырлаған.

Ал, ХХ ғасырдың 20 - 30 жылдарында қазақ ақын - жазушыларымен көптеген қазақ интелегенциясы Ташкентте болып, қырауар қызыметтер атқарды. Оның үстіне, 1960, 1971 жылдары Өзбекстан республикасында қазақ әдебиеті мен мәдениетінің апталығы ерекше серпінмен атап өтілген болса, 1962, 1972 жылдары Қазақстанда өзбек әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігі айрықша салтанатпен атап өтілуі, екі халық әдеби — мәдени өмірлерінде үлкен мәнге ие болды.

Сондай - ақ, 1958 жылы “Ташкент рухы” деген атпен Ташкентте өткізілген Азия - Африка елдері жазушыларының бірінші конференциясына қатысқан Сәбит Мұқанов, 1960 жылы болып өткен қазақ әдебиеті апталығына да қатысып, туысқан өзбек елінің өмірімен тағы бір рет танысады. Өзбек әріптестерімен жанба - жан отырып, әдебиетіміз жайлы, жеке қаламгерлердің шығармашылығы туралы өзара пікір алысады.

Бұл өзбек жазушыларының көркем дүниелеріне деген ынтықтығын арттырумен бірге, өзбек ақын - жазушылары арасынан жаңа - жаңа дос, силас та сырлас табу мүмкіндігін алға тартады. Нәтижеде, Ғафур Ғұламмен болған достық байланысы бұрынғыданда кең өріс алып, Ұйғын, Камил Яшин, Миртемир, Әділ Якубов, Шараф Рашидов, Мирмухсин, Шукрулла, Сабыр Абдулла, Нәсір Фазилов секілді т.б. өзбек қаламгерлерінен достар табу мүмкіндігін туындатады.

Оның үстіне Сәбит Мұқанов, 1965 жылы болған Әлішер Науаиының 525 жылдың тойына, сондай-ақ, қадірменді достары Ғафур мен Айбектің 60 жылдың торқалы тойларына қатысып, өзінің жүрекжарды сөздерін айтады.

Сөйтіп Сәбит Мұқанов өзбек халқы жайлы, олардың биік мәдениеті мен әдебиеті туралы қазақ, өзбек халықтар достығы жөнінде кеңінен ой қозғайды. Әрі, достық пен туысқандық сырларын аша түсетін мақалалар жазып, келелі

ойлар айтты. Нәтижеде, өзбек - қазақ әдеби - мәдени байланыстарының жаңа - жаңа қырларын аша түскендігін ерекше тілге алған жөн ғой деп ойлаймыз.

Міне осындай Сәбит Мұқанов өзбек қаламгерлерімен етене араласу нәтижесінде, ол ел өміріне кемел жазушылық көңілмен назар аударды. Үнемі достық мейірмен үніле қарап, олар жайлы, екі халық достығы туралы бір жөн поэтикалық, прозалық шығармалар жазумен бірге, талай - талай мақалалар, очерктер де жазды. Бұл ретте қаламгердің “Ашпаз”, сияқты т.б. очерк, әңгімелерімен бірге “Туысқандарыма”, “Достық белгісі”, “Ғафур Ғұлам”, “Самарқан” секілді т.б. өлеңдерін атай аламыз.

Оларда туысқан өзбек халқына деген құрмет пен ыстық ықыластың лебі анық сезілумен бірге, айрықша қадірлей білетін, достық нышандары анық аңғарылады.

1971 жылы өзбек жазушыларының Пленумына соңғы рет қатысқан Сәбит Мұқанов, осы келісінде өз - өзінен құлазығандай сыңай танытты. Өзінің аса қадірменді достары Айбек пен Ғафур Ғұламды қайта - қайта тілге алып, олардың өмірден ертерек озғанына іштей налып, өкіне, өксі түскендігін де анық аңғару мүмкіндігіне ие болдық.

Дегенменде, осы келісінде ең жақын досы, шынайы сырласы болған Ғафур Ғұлам қабырының басына барып, гүл шоқтарын қояды. Досының үй мүзейінде болып, онда тебірене түсіп достың сөзін, туысқандықтың бейілін білдіреді.

Соңра, туысқан өзбек елінің Ташкент, Самарқан уәлаяттарында болып, «Ақ алтыннан» мол өнім алып жатқан еңбек адамдарының өмірімен танысуы, Сәбеңді ерекше серпінге түседі. Әрі, Камил Яшин, Әділ Якубов, Шукрулла, Мирмухсын, Нәсір Фазилов сияқты қаламгерлерімен сырласып, сұхбаттасады.

Нәтижеде Сәбең, “Самарқан” атты өлеңін жазып, онда көне тарих куәсі болған Самарқанның әсем келбетін, халқының тірлік — тыныстарын емірене жырлайды. Мәселен: ақын өзінің “Самарқан” атты өлеңінде:

Ордасы бүкіл Орта Азияның,
Қордасы нелер қымбат қазынаның,
Тоттанбас саф — алтындай Самарқанды,
Жеткізді осы күннің жазына кім?

дей келіп, одан әрі:

Өзбегім, өз бауырым, туған ағам,
Бар қайғы қуанышың ортақ маған.
Жыласа, яки күлсе бірге болған,
Бойына сан ғасырлар ата — бабам.

деп, тарих беттерін орынды аша келіп, туыстық, бауырластық сипаттарын ерекше мейірмен жыр жолына қосады да, одан әрі:

Ортақ боп бас жеңістерде бар үлеске,
Қалсын деп ұрпаитарға мәңгі есте,
Шар — дарды Самарқанға салып кеткен,
Менің бір қазақ атам Жалаңтөс те.

деп, шындық бетін шынайы аша түседі. Онан соң ақын тағы да:

Бірге өсіп, қайнап сонан бері,
Арамыз айрылған жоқ екі елі.
Майданда қан, еңбекте төгіп келді,
Біздің ата — бабалар бірге терді.

дейді.

Ақын ойына толық қосылумен бірге, шынайы сезіміне дән риза боламыз. Тарих бетін әдемі ашып, дұрыс қорыта білген.

Сөйте келе ақын туысқан өзбек ерендерінің бүгінгі сипатына ой тастай келе, одан әрі:

Көбейіп Ибн — Сина, Ұлықбектер,
Әр ұлттан талай қыздар, сан жігіттер,
Ғажайып жетістікке ие болды,
Бәрі — дағы білімді, бәрі өжеттер. —

деп, тамаша түйіндеулер жасайды.

Өлеңде туысқан өзбек халқына, еліне деген құрмет пен ыстық ілтипаттың лебі анық есіп - ақ тұр.

Туысқан өзбек халқына ерекше мейірмен қарап, екі халық достығының өміршеңдігіне айрықша мән береді. Мәселен: Сәбит Мұқанов өз шығармаларында өзбек халқының өміріне, олардың тұрмыс тынысына батыл барып, оны ерекше еміріне жырлаумен бірге, ол ел әдебиеті мен мәдениеті жайлы да, қаламгерлерінің шығармалары туралы да талай - талай лебіздер білдіріп, терең ой түйіп, жан - жақты пікірлер айтқан болатын.

Бұл ретте оның Әлішер Науаи, Хамза Хакимзада Ниязи, Абдулла Қадири, Ғафур Ғұлам, Айбек, Ұйғын, Шараф Рашидов, Миртемир, Зулфия жайлы айтқан ұлағатты ойлары мен ыстық ықыласты лебіздерін, шынайы жазылған бір жөн мақалаларын атай аламыз.

Міне осындай өзбек әдебиетінің ең жақын досы, өзбек жазушыларының қадірменді силасы да сырласы болған Сәбит Мұқановты, туысқан өзбек халқы да, оның қаламгерлері де айрықша қадір тұтып, өздерінің Ғафур Ғұламы мен Айбегіндей көретін. Ылғида қадір тұтып, ауыздарынан тастамай “Біздің Сәбит

аға” деп құрметпен тілге алады да, оның шығармаларын өз ана тілдерінде сүйіп оқып, ол жайлы сүйсіне пікір айтады. Сөйтіп, ерекше қадірлеп, ардақ тұта білді.

Солай екен, бүгінгі күнде өзбек оқырмандары Сәбит Мұқановтың “Ботакөз”, “Өмір мекебі”, “Балуан Шолақ” атты т.б. кең тынысты, кемел прозалы шығармалары мен бірнеше әңгімелерін, өлеңдерін өз ана тілдерінде оқып, олардың рухани нәр алуда.

Оның шығармаларын өзбек тіліне аударып, туысқан өзбек халқының мәдени байлығына, рухани игілігіне айналдыруда Нәсір Фазилов пен Құдайберген Сейдахметов, Хабиба Зияханова секілді т.б. өзбек жазушыларының еңбегі ерекше.

Тіптен, белгілі өзбек қаламгері Нәсір Фазилов екі ел әдебиетінің кемел жазушылары болған Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқановтың достық байланыстары туралы өзінің “Қос шынар” атты повестін жазса, ақын Музаффар Ахмад 1997 жылы өзінің “Екі дос” эссе - дастанын жазып, өзбек оқырмандарына ұсынды.

Міне мұндай өзбек қаламгерінің, Сәбит Мұқанов пен Ғафур Ғұламның көркем әдебиеттегі тамаша бейнесін жасауы, достық байланыстарының шынайы шешімін жасауы, өзбек жазушыларының оларға деген ыстық ықылас пен шынайы құрметінің жемісі деуге болады.

Сәбит Мұқановтың туысқан өзбек өлінде, өзбек жазушыларының арасына өз жазушыларындай сіңіп, интернационалдық сипат алғандығы соншалық, оның 60, 70, 80, 90, тіптен 100 жылдық мерей тойлары да өзбек елінде ерекше серпінмен атап өтілді. Мәселен: Сәбеңнің 60 жылдығында Өзбекстан Жазушылар одағы арнайы шақырып, мерей тойын өзбек өңірінде өткізу мүмкіндігіне ие болды. Шапан жауып, айрықша құрмет, ысты ілтипаттарын білдіргенді.

Нәтижеде, өзбек әдебиетінде Сәбит Мұқанов жайлы талай - талай өлеңдер мен мақалалар жазылып, оның кемеңгерлік сипаты биіктей түсті. Бұл орайда Ұйғынның “Өлеңнің көгіндегі қырандайсың”, Миртемирдің “Қазағым”, “Сәбит аға”, Жұманияз Жаббаровтың “Қазақ ақындарын оқығанда” секілді т.б. өзбек ақындарының өлеңдерімен Әділ Якубов, Мирмухсин, Абдулла Арипов, Еркін Вахидов, Насыр Фазилов ой түйіндерін тілге аламыз.

Мәселен, Өзбекстан халық ақыны, Еңбек ері Ұйғын өзінің “Өлеңнің көгіндегі қырандайсың” деген өлеңінде, Сәбеңді айрықша қадыр тұтақандығын анық аңғарта түскен. Ақын өз өлеңінде;

Жырларың замананың айғағындай,
Жүрегің махаббаттың қайнарындай.
Ойларың даналардың ойларындай,
Сөздерің өткір алмас айбарындай.

Еліңе дүррі гауһар жыр арнайсың,
Өлеңнің көгіндегі қырандайсың.
Мойымай болат топшаң шығандайсың,

Өрлейсің, озған сайын бір армайсың.

деп, жыр дүлдүлі ретінде тілге ала отырып, ақынды қыран құсқа теңейді. Оның еңбекқорлығын, талантын аса жоғары бағалай келіп, туысқан өзбек халқының ерекше қадір тұтатындығын да өлең өрнектеріне қосады. Мәселен ақын:

Халқымыз құшақ жайып тұрар саған,
Ал бізден қалауыңды шын аңсаған.
Тілесен, айды алқа ғып таға салам,
Емеспін дос дегенге сірә сараң. —

дейді ақын.

Рас, Ұйғын ақынның Сәбит Мұқановқа деген ыстық сезімі, биязы лебізі өте орынды. Дейтұрғанмен де ақынның, “Тілесен, айды алқа ғып таға салам” деуі, көкейге қона бермейді. Шындыққа сиымсыздау. Ақын Ұйғын шабыттың шалқаларында шалқи отырып, жеңіл — желпі айта салған. Бірақ оның:

Сөз бе екен алпыс деген ер кісіге,
Өзіндей жаны жомарт кең кісіге,
Жүзге жет, жігерің мен сен күшінде!
Бұл жырды сол тілектің белгісі де, —

деуі орынды. Тауып айтып, дұрыс байлам жасай алған.

Міне, мұндай тамаша ойды, өзбек халқының аса талантты ақыны, қазақ әдебиетінің ең жақын достарының бірі Міртемір өзінің “Сәбит ағаға” атты өлеңінде шебер жеткізеді.

Сәбит Мұқанов 60 жасқа толған шағында, Өзбекстан Жазушылар одағының арнайы шақырумен Ташкентке келгенде, үстіне шабан жауып, ала тақиясын кигізеді. Әрі, аса талантты ақын Миртемир айтқан осы бір өлең жолдарында, Сәбеңе дығын ыстық былай сипаттайды. Мәселен ол 1961 жылы жазған өлеңінде:

Собит оға, бу гал хам
эриб кетсаң бұлмасми,
Бузларингиздан бир бўлак,
бериб кетсанң бұлмасми,
Қуноқлиқ давронини
сураб кетсаң бұлмасми,
Хорезм ва Сурханда
юриб кетсаң бұлмасми,
Фарғона боғларни,
Кўриб кетсаң бұлмасми! —

деп, өзінің шын бейілін, ақ көңілін білдіреді. Одан әрі ақын

Тошкентами, Тўйтепа —
Сенга улкан уй қилсақ,
Ҳар йилингни бир китоб
е хикматли куй қилсақ
Юз йилга тўлганингда
Самарқанда туй қилсақ, —

деп, шын жүрегінен өзінің шынайы сезімін ерекше серпінмен әдемі - ақ білдіреді.

Тіптен ақын:

Жаҳонга татугулик
Шарафинг бўй - бўй қилсақ.
Узумзорлар шарбатин
Сўриб кетсанг бўлмасми?—

деген ойларын әзілдескендей әдемі жеткізеді.

Шынында да ақын өз ойын әдемі жеткізе отырып, Сәбеңді айрықша ардақ тұтатындығын анық айтады. Өлең соңында ақын:

Ҳазилим хам чиним шу;
жиянлик ҳаддим бор - да,
Майли, кетсанг - омон бўл,
келгин қиш, ё баҳорда,
Сени кутиб олгаймиз.
гулзар ё Олмазарда,
гудактай чўмилгайсанг
Чирчикта е Анҳорда,
Собит оға, бир оз кун
юриб кетсанг бўлмасми?—

деп, өзінің құрметін, ыстық илтипатын, шынайы сезімін сәтті жеткізеді.

Тіптен, Сәбит Мұқановтың өзбек халқы арасында өз қаламгерлеріндей сіңісіп кеткендігі соншалық, оның торқалы тойларына орай, Өзбекстанның газет-журналдарында, ол жайлы талай - талай мақалалар да жиі - жиі жарияланып тұрды. Бұл орайда, белгілі өзбек ғалымдарынан Матяқуб Қосжанов, Хафиз Абдусаматов, Рахматулла Инағамов есімдерін қуана тілге аламыз.

Сондай — ақ, осы жолдар иесінің “Қазақ елінің атақты қаламгері”, “Сәбит Мұқанов және өзбек әдебиеті”, “Өзбек оқырмандарының сырласы”, “Достық жаршысы”, «Тамаша қаламгер» секілді т.б. мақалаларын еске алу да артытық етпес деп ойлаймыз.

Оның үстіне, 1973 жылы Сәбит Мұқанов өмірден озғанда, Өзбекстаннан белгілі қаламгер Нәзір Сафаров, Миртемир, Нәсір Фазилов арнайы барып, жерлеуіне қатысады. Ол жайлы, ылғида “Сары балам” деп құрметпен қарайтын, Сәбит ағаның шығармаларын өзбек тіліне аударушылардың бірі — Нәсір Фазилов: “Опасыз дүние!... Ағаммен қайырласу... Соңғы сапарға аттандыру. ... Сәбит Мұқановтай азамат адамды, халық ардақтаған жазушыны өледі деп ойлаған емеспін!”— деп ерекше өкіне отырып, онан соң: “Қанша нан — тұз татқанбыз, таң атқанша пікір алысқанбыз, неше кітаптарын, неше романдарын, қиссаларын өзбек тіліне аударғанмын”— дейді, шындық бетін шынайы аша түсіп.

Ең ұзығы да, тапқырлығы үшеуі де Ғафур Ғұлам қабірі басына арнай барып, одан бір уыс топырақ алады. Оны Алматыға арнайы Ташкенттен ала барады да, Сәбит Мұқановтың қабырына бірге салып, бірге көмеді.

Әрине бұл өзбек жазушыларының; «Тірісінде, Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов бір – бірімен бір өмір дос болып еді. Енді енді арғы дүниеде олардың рухы ылғида бірге болсын» - деп, ерен оймен көмгендігін тілге алады.

Шынында да бұл, екі ақынның өмірдегі достығы, о дүниеде дами түссін. Бір — біріне деген ыстық ілтифаты о дүниеде де өз шешімін таба берсін деген ойдан туындаған, шынайы ықыластың тамаша жемісі деуге болады.

Міне бұл — кең тынысты, кемел қаламгер Сәбит Мұқановтың өз ана топырағынан ары асып, туысқан өзбек халқының арасында да өз қаламгерлеріндей танылып, Ғафур Ғұламындай әбден сіңіп кеткендігін көрсетумен бірге, оның шоқтығы жылдар өткен сайын биіктей түсетіндігін де анық аңғартады. Әрі, туысқан өзбек халқы арасында да даралана жарқырап, өз үні, өз әуенімен асқақтай көрініп, ол жылдар өткен сайын ылғида кең өріс алып, дами түсетіндігін де анық аңғарта түскендей.

ҒАФУР ҒҰЛАМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ

XX ғасыр өзбек әдебиетінің дамуына мол үлес ұосқан, аса дарында ақын Ғафур Ғұлам, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, қазақ қаламгерлерінің силасы да, шын мәніндегі сырласы болатын.

Ол негізінен өзбек әдебиетінің ірі тұлғасы болумен бірге, жастайынан – ақ, қазақ елді мекендерінде болып, ол елмен, ақын - жазушыларымен өмірінің соңғы сәттеріне жиы – жиы араласқан қаламгер ретінде, қазақ халқына жақсы таныс, ерен ойдың жүйрігі.

Сондықтан Ғафур Ғұламның өзі де; «Мен Қазақстанды көп уақыттан бері жақсы білемін. Жас кезімде Шымкент облысындағы «Қапланбек» совхозында бырыз тұрғаным бар» - дей келе, одан әрі; «Шымкент, Сайрам, Жамбыл, Түлкібаста әлденеше рет болдым. Қазақстанның астанасы Алматы қаласына оннан аса рет келіп кеттім» - деп, ерекше сүйіспеншілікпен тілге алған болатын.

Міне осындай қазақ халқымен, оның ақын – жазушыларымен қоян – қолтық араласқан Ғафур Ғұламды, қазақ халқы да, оның ұлы тұлғалары болған Сәбит Мұқанов пен Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев пен Қалижан Бекхожин сияқты қаламгерлер де ерекше қадыр тұтып, айрықша силайтын.

Өзбек әдебиеті майданына XX ғасырдың 20 – жылдарының 2 – жартысында кіріп келген Ғафур Ғұлам, алғаш поэзия әлемінде өнімді қалам тебіреніп, жылдар өткен сайын жарық жұлдыздай жарқырап, өзінің ақындық дарынын ерекше таныта түседі.

Ол 1903 жылдың 10 мамырында Ташкент қаласы Шайхантауір елді мекені – індегі Қорғантегі мақалласында, кедей жанұяда өмірге келеді. Оның әкесі Ғұлам Арипов деген кісі, үнемі егін егу жұмысымен кеңінен шұғылданған, қарапайым еңбек адамдарының бірі болған.

Бірақ, көзі ашық, көкірегі ояу жан болғандықтан Әлішер Науаи және Хафиз шығармаларын өз бетінше оқып, ылғида жатқа айтып жүреді екен. Әрі, оның үйіне Мұқыми, Фурқат сияқты ағарташылық – демократиялық бағыттағы ақындар да жиы – жиы келіп, өзара сұхбаттасып тұрғандықтан ол, ғылым мен білімнің адам өмірінен алатын орнын дұрыс түсінеді. Нәтижеде баласы Ғафурды алғаш Ташкенттегі ескі діни мектепке оқуға береді.

Жастайынан – ақ өмірге алғыр ойлы, зейінді болып келген Ғафур, лезде – ақ сауаттанып, жазу, оқу істерін тез меңгеріп кетеді. Бірақ, 1912 жылы Ғафур Ғұлам енді ғана 9 жасқа шыққан шағында әкесі қайтыс болады да, бес бірдей бала ана тәрбиесінде қалады.

Ғафурдің оқуға тым зеректігін байқаған ағасы, оны 1916 жылы Ташкенттегі Оқшы елді мекеніндегі Орыс – түзем училищесіне оқуға береді. Ол жерде ол Әлішер Науаи, Мұқыми, Фурқат сияқты ақындардың өлеңдерімен кеңірек танысумен бірге, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой шығармаларымен де жете таныса бастайды. Онан соң 8 айлық мұғалімдер дайындайтын курсты бітіреді.

Сөйтіп ол, 1919 жылдың наурыз айынан бастап, бастауыш мектепте мұғалімдік қызмет атқара жүріп, шағын – шағын өлеңдер жазып, әдебиет әлеміне алғаш ақын ретінде кіріп келеді. Оны біз болашақ ақынның жетім балалар тағдыры жайлы жазған «Феликс балалары» деген өлеңінен анық аңғарамыз.

Онан соң оның «Сұлулық неде?» деген өлеңі, «Ағартушы және оқытушы» («Мориф ва уқитувчи») деген журналда жарық көріп, өзінің ақындық арынын жан – жақты таныта бастайды.

Ақынның ең алғашқы тырнақ алды, тұнық ойы болған өлеңдер жинағы, XX ғасырдың 30 – жылдарының бас кезінде «Динама» (1931), «Тірі өлеңдер» (1932! атты екі өлеңдер жинағы жарық көрген болса, 1931 – 1932 жылдары «Күлкілі әңгімелер», «Жорабоза», «Әңгімелер» атты үш бірдей прозалық шығармалары

да басылып шығып, оқырман жұртшылықтың шексіз сүйіспеншілігіне бөлене түседі.

Әсіресе оның асқақ әуенді «Сен, жетім емессің», «Түркісіб жолдарында», «Көкен» сияқты т.б. поэтикалық туындыларымен бірге, «Қайтейін», «Тірілген Мүрде», «Жәдігер», «Сұм бала» секілді т.б. прозалық шығармалары, Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиетінің даму тарихында аса үлкен орын иелейді.

Содан жылдар өткен сайын оның ақындық арыны, жазушылық шеберлігі кең өріс ала түсіп, ол Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиетінің ірі тұлғасына, кемеңгер көсеміне айнала бастайды. Сөйтіп ол, өзбек халқының нағыз талантты ақынына, тамаша прозаигі болумен бірге, қазақ әдебиетінің ең жақын досына, қазақ ақын – жазушыларының бірден – бір силасына да, сырласына да айналады.

Ойткені Ғафур Ғұлам қазақ ақын – жазушылары мен тым жақын қарым – қатынаста бола жүріп, ылғида достың сөзін, туысқандықтың бейілін ерекше шынайы сезіммен білдіре түсті. Тіптен, өзінің поэтикалық шығармаларында өзбек, қазақ достығын биікке көтере жырлап, достықтың бірден бір жаршысы, күйшісі ретінде жан – жақты таныла түсті.

Егер ақынның шығармашылығына тереңірек үңіліп, ой көзін жан – жақты қадай түссек, онда оның өзбек әдебиеті төңірегіндегі ірі құбылыс қана емес, Кеңес дәуіріндегі бүкіл Одақтық әдебиеттің ұлы тұлғаларының бірі болғандығын анық аңғарамыз. Тіптен, оның есімі Одақ көлемінен де ары асып, әлемге танымал болған, жаны жайсаң, ірі дарын иесі дәрежесіне көтерілді.

Ғафур Ғұлам өз елінің тұрмыс – тіршілігін, бұрынғысы мен бүгінгісін тебірене жырлаумен бірге, халықтар достығы, ынтымақ – бірлігі жайлы да өнімді қалам тебіrentіп, қазақ - өзбек достығын биікке көтере жыр жолдарына қосты.

Жалпы өзбек әдебиетінде самғай еркін қанат қағып, өзбек поэзиясын әлемге танытқан поэзияның жарқын жұлдызы дәрежесіне көтерілді. Сондықтан да Ғафур Ғұламның 60 жасқа толған мерейлі мерекесінде, Қазақстан Жазушылар одағы өз Құттықтауында; «Сіздің өлеңдеріңізде Гүлстан өлкесінің абат бақтарының сыбдыры, Зеравшан толқынының самалды лептері, Орта Азия Феруза аспанының торғын бұлттарының көшкіні сезіліп тұрады» - деп, бүкіл оқырман жұртшы – лығының ойын ашық айтқан болатын.

Жасыратыны жоқ Ғафур Ғұлам, жастайынан – ақ қазақ өңірінде жиы – жиы болып, қазақ халқы жайлы жүрек жарды өлеңдер жазып, өзі де Абай, Жамбыл Жабаев өлеңдерін сүйсіне оқып, ылғида ерекше серпіле түседі.

Тіптен ол, бүгінгі таңдағы Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Сарағаш ауданындағы «Ақниет» елді мекенінде өзінің балалық шағын өткізеді. Нәтижеде, қазақ елін, қазақ жерін жанындай жақсы көріп, ылғида оларды ардақ тұта білді. Ол жыр боп құйылып, жылдар өткен сайын кең өріс ала түсті. Мәселен, 1930 жылы, XX ғасырдың бірінші бес жылдығының ерен табысы болып саналған «Түркісіб – Сібір» темір жолы салынып бітеді. Сонда, сол

жолдың ашылуына орай, Қазақстан Республикасының Айнабұлақ станциясында өткізілген мереке – жиынға Ғафур Ғұлам, сол жылдары Өзбекстандағы Республикалық банктың бастығы болған, қазақ азаматы Камал Әлиевпен бірге, арнайы барып қатысады.

Онда Құттықтау сөзін сөйлеген ақын, өзінің «Түрксиб жолында» атты ұзақ толғау өлеңінен үзінділер оқып, жиылған жұртшылықты ерекше серпілте түседі. Өйткені онда, қазақ өңірін қақ жарып өтетін «Түркісіб – Сібір» темір жолының әлемдік мәнін жан – жақты аша түсіп, оның жаңа өмірдің күре тамыры болатынды - ғын емірене жыр жолдарына қосады.

Әрине бұл ақынның қазақ өміріне алғаш барып, алғаш қазақ тақырыбын жырлауы десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Себебі онда ақын Ғафур Ғұлам, тұңғыш рет «Бұл қай жол?» деген ойды аға тарта отырып, бұл тарихи жолда енді қандай – қандай ойлар, телегей теңіз байлықтар жүретінін тілге алады. Сөйтіп бұл жолдың бүкіл халқымыздың күре тамырына айналатындығын тереңінен, кеңінен толғайды. Мәселен ақын;

Тіпті ескі,
Тіпті ескі,
Заман – заманғы
Бұл жал.

дей келе, ождан әрі;

Жаһангер Іскедір,
Қанішер Шыңғыс,
Қайсар Жошы,
Қатал Бати,
Қан ағызған
Бұл жол.

деп, тарих беттерін өте орынды тілге ала келіп, енді бұл жолман қандай игі істер, терең ойлар, керемет байлықтар жүретіндігін;

Енді бұл жолмен,
Жаңарған жолман
Ағылып алып поездар.
Артынып астық, ағашты,
Тиіп ап темір қазына,
Ұлы өмірге жарасты,
Күндіз – түні тынымсыз,
Бас бәйгеге таласты.

дей отырып, ендігі бұл жолдың өмірлік мәнін жан – жақты аша түседі.

Тіптен ақын, Қазақстан өңірін жарып өткен бұл жолдың өзіндік, өмірлік мәнін жан – жақты аша түсіп, қазақ елінің құлан жортпас қу даласының

көріністерін де поэзия тілімен өте әдемі жаткізеді. Өлеңде ақынның қазақ еліне, жеріне деген ыстық ықласы, ерен сезімі өзінің шынайы шешімін таба түскен. Мәселен;

Шағыл – шағыл құмдармен,
Құба – құба жондармен,
Қия – қия жолдармен,
Күмбірлетіп қонрауын,
Құрмет айтып құмдарға
Керуенін жүргізген,
Құрбан – құрбан,
Құрбан деп,
Нақ осы
Нақ осы жерлермен
Уәде етіп ұжмақты,
Ия, жазамен тым қатты
Оттай зулап ол өткен.

терең түйіндеулер жасайды.

Оның үстіне ақын қазақ даласының аса тамаша көріністерін ақындық жүреппен сезіне отырып, оны былайша өрбіте түседі. Мәселен ол;

Ал тағы
Керіліп жатқан кең дала,
Көлбеп жатқан көкшіл көл
Бетінде ұйықтап жел ғана
Шөккен нардай үнсіз шөл.
Жайылып жатқан мал ғана.

деп, халықтың тірлік – тыныстарынан хабарлар бере отырып, одан әрі ақын енді бұл жолмен жаңа өмір, жарқын болашақ үшін ерен қызмет ететіндігін айта келе, онан соң;

Зырласын поезд зырласын!
Жаңа өмірді жырласын!
Жау жығылсын, тұрмасын!
Жағдайсыздық болмасын!
Көңлімнің гүлі солмасын!
Қан иісі қалмасын!
Қайратым менің талмасын!
Ескіліктің шірігін
Қара жер жұтып жалмасын!

дей келе, бұл өмірде қисықтық пен қырсықтық болмауын тілей келе, өмірдің терең сырларын ұғынған сайын ақын шабыттана түседі. Нәтижеде, отты да өрелі өлең жолдарын барынша өрнектей түсіп, ылғида жаңалықтың жаршысына айналады. Мәселен ақын;

Қырсықтың қыйлы тамырын
Қыйсын өткір алмасым!
Айдарымнан жел ессін!
Ашық жүзді айбарым
Ай менен күн теңессін!
Желкілдесін жастығым,
Жетілмедім демеспін.
Әлде қалай бір кезде,
Әжем айтқан ертектей
Қаөарлы «кеше» тек сөзде,
Домбыраның тілінде,
Екпіні болсын елестің!...

(Аударған - Өтебай Тұрманжанов)

деп, аса терең түйіндеулер жасайды.

Сондықтан да, ғұлама ғалым, академик Мұхтар Омархан ұлы Әуезов, 1959 жылы, бүгінгі таңдағы Әл – Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университет студенттерімен кездесі өткізеді. Сонда болып өткен «Поэзия» кешінде, өзбек ақыны Ғафур Ғұламның ақындық әлеміне аса жоғары баға береді. Әрі, ақынның «Түркісіб жолдарында» атты өлеңі төңірегінде өз ойын сабақты келіп; «Өздеріңе белгілі, осы Турксиб жолы салынғанда, бір ақындар өз өлеңдерінде, теңеулерінде «қара айғыр» деп, «отараба» деп алғанда, сонда бір өлең жазылды «Бұл қай жол?» - деген» - деп, Ғафур Ғұлам ақындығына айрықша тоқталады. Соңра, аталмыш өлеңнің мәнін жан – жақты аша түсіп; «Өткен жылдарда көздің жасы төгіліп, тұтқан жүрген, өмір зары сан кезген Жетісу жолы деген жол. Қытай мен Еуропаның сауда қатынас жолы. Сол жолмен адамзат көрмеген қастықтар жүрген, бір кездегі Шыңғыстың қанқұйлы жолы, қазір Турксиб жолы түсумен қандай жол болады» деп, бұрынғы қанды балақ жауыздар жүрген жол, енді жаңа Отанның күре тамыры болады. Сол темір жол арқылы жаңа ойлар, жаңа тамырлар мен жаңа қандар жүреді деп, Ғафур Ғұлам жазған» - («Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеті, 1960 жыл. 28 желтоқсан) деп Мұханды, ақынның «Турксиб жолдарында» атты өлеңіндегі тапқырлығына тәнті қалып, оған аса жоғары баға береді.

Оның үстіне Ғафур Ғұлам, 1930 жылы «Турксиб – Сібір» темір жолының салынып бітуіне орай, өзінің «Түркісібті біз құрдық және құра алдық», «Қазақ даласының бір түп айдарлы кекілі» деген сияқты публицистикалық мақалалар да жасып, ол жолдың тарихи мәні мен маңызын жан – жақты аша түскен де болатын.

Расында да, Ғафур Ғұламның қайсы бір өлеңіне, поэмаларына назар аударсақ, оның шын мәніндегі аса талантты ақын екендігін жан – жақты аңғара түсеміз. Оның өлеңдері барынша ойлы да отты, аса тартымды да ауқымды болумен бірге, барынша асқақ, әуенді болып келеді.

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жәйт, ақын өлеңдерін қазақ тіліне аударған, белгілі ақын Өтебай Тұрманжанов, өлеңнің қан – сөлін жоғалтпай, негізгі мәні мен мазмұнын өте орынды жеткізе алған. Ақын ойын, терең тебіреністерін анық аңғарып, бәрін – бәрін өз орнына қойып, қазақ тіліне сәтті жеткізе білген. Дұрыс, орынды аудара алған.

Ылғида, қазақ өмірін, қазақ халқының табиғатын, тірлік – тынысын, ақ жарқын мінездерін, бауырмал да қонақ жайлылығын анық аңғара білген Ғафур Ғұлам, оны өзінің өлең жолдаында да ылғида көсіле жырлап, тамаша байламдар жасаған ірі тұлға дәрежесіне көтеріле алды.

Шынында да Ғафур Ғұлам, өзбек әдебиеті тарихында қазақ тақырыбына алғаш батыл барумен бірге, қазақ елі өмірінің өзіндік ерекшеліктерін терең түсініп, тіптен, жан – жақты тұшынып, тамаша байламдар жасаған жыр дүлдүлдерінің бір егейі десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Бұл ретте оның «Қазақ халқына», «Қазақ туысқандар – ыма», «Қазақ елінің ұлы тойына», «Сәлем, туысқандарым» сияқты т.б. өлеңдері – мен бірге, Абай, Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов секілді алып тұлғалар жайлы айтқан ой – пікірлері, өз алдына бір төбе.

Тіптен ақын, өз өлең жолдарында жезтаңдай әнші Күлаш Байсейтова мен қазақ халқын әлемеге танытқан Қажымұқан Мұңайтпасов, Аманкелды Иманов есімдеріне дейін ерен ыстық ықласпен тілге алады.

Міне бұлар ақынның қазақ халқына, оның ұлы тұлғаларына деген ыстық ықласы мен ерен құрметінің, достық бейілінің, туысқандық сезімінің игі жемісі деуге әбден болады.

Ең қызығы – ақын туысқан қазақ ел – жұртының қол жеткен табыстарын, тамаша қуаныштарын өз табысы, өз қуанышындай көріп, олар жайлы емірене, қуана үн қатуы, кім – кімді болса да ерекше серпінтпей қоймайды. Мәселе ақын, 1938 жылы жыр алыбы Жамбыл Жабаев ақындығының 75 жылдығына, Өзбекстаннан арнайы барып, ұлы ақынның сақалынан сүйіп, тебірене «Құттықтау» сөзін сөйлеген болса, 1945 жылы Қазақстан Республикасының 25 жылдық торқалы тойына да қатысады. Сонда ол өзінің «Қазақ елінің ұлы тойы» атты ұзақ толғау өлеңін арнайы жазып, ала барады. Әрі «Құттықтау» сөзін айтып, арнау өлеңінен үзінділер оқиды.

Онда ақын қазақ елінің ұлы табысын, ұлы мерекесін айрықша шабыт, ерекше сезіммен жырлай отырып, өзбек – қазақ халықтарының тарихи тамырластығын;

Мың жылдарға шылау бермес,
Туысқандық тарихымыз.

Екі басқа бір маңдайдай,
Сәулелі жарығымыз.

дейді де, одан әрі екі елдің тұтастығын, ынтымақ бірлігін емірене жыр жолдарына қоса келіп;

Бір кітаптың екі беті,
Тұтас жатқан жеріміз.
Бір – біріне күндей раушан –
Сыры бірге еліміз.
Қарындасым, туысқаным,
Үлкен қазақ өзің.
Өзбекпенен бірге туған
Таңғы шолпан жұлдызың.

деп, шындық бетін шынайы аша келіп, қазақ - өзбек хылықтарының тарихи тамырластығы мен дәстүрлі достығының бетін, поэзия тілімен шебер сипаттай түседі. Мәселен ақын;

Бір тамырмыз, бір шаруамыз,
Бір қазанбыз, бір алау.
Ортамызда зейнет толған
Дастархандай кең жайлау.

«Өзбек - өз ағам» - деп,
Өтірік сөйлемес қазақ.
Жәкем десем жаны бірге,
Інім десем жақынырақ.

дейді.

Өлеңде екі халықтың ортасындағы тарихи байланыстар, бір – біріне деген ыстық мейірмен құрмет, илтифаттар анық аңғарыла түседі.

Ақын өлең жолдарында айтылған ойларға толық қосылумен бірге, оның ақындық арынына, тапқырлығына тәнті қалмау да мүмкін емес. Өйткені ақын, тарих беттерін сәтті барақтай отырып, тамаша байламдар жасай алған.

Достық пен туысқандықтың мәнін жете түсініп, оқырмандарды ынтымақ, бірлікке, туысқандыққа баули түскен. Ақынның ұлылығы да, тамаша тауып айта білген кереметтілігі де, дәл осында болса керек.

Оның үстіне, ақынның «Қазақ елінің ұлы тойы» атты отты өлең жолдарында, оның қазақ халқына деген ыстық ықласы мен ерекше ыстық лебі есіп тұрғандығын байқау да оншалық қиын емес. Тіптен ақын, өзінің қазақ қаламгерлерімен болған достық қарым – қатынастарын ашық айта отырып, олар мен жыр жарысына, жыр сайысына түсетіндігінде жасырмай, әрі батыл айтады. Мәселен;

Тойына үлкен қуанамын,
Жолбарыстай жараймын.
Қара байыр жібек жалын
Бәйгелерде тараймын.

дейді ақын ағынан жарыла.

Ақын Ғафур Ғұлам өзінің қаламдас досы, силасы да сырласы болған Сәбит Мұқановты айрықша қадыр тұтып, ерекше қастерлейтіндігін өлең жолдарында анық аңғартады.

Қазақ халқын ерекше қадыр тұтқан ақын, өз өлең жолдарында қазақ қыз – келіншектерінің тамаша келбетін, әсем тұлғасы мен бейнесін, шынайы көріністерін былайша сипаттайды. Мәселен ақын;

Алматының алмасындай,
Алқызыл нұр жүздерің.
Кәнібадам, бадамындай,
Қарақаттай көздерің.
Алтай бөркін қыңыр киген,
Қастары құндыздарың.
Мандайларын сәуле сүйген,
Қаз омыраулы қыздарың!

деп, қазақ қыздарының ерен сұлулығын образды сөздермен жеткізе келіп, оларға деген өзінің ыстық ықласын, шынайы сүйіспеншілігін өте әдемі жеткізеді. Өлеңді оқи отырып, ақын суреттеп отырған қыздарға деген ынтықтығың еріксіз арта түседі.

Онан соң ақын, қазақ халқын да жанындай жақсы көретіндігінде жасырмай, ашықтан – ашық тілге алады. Әрі, қазақ халқының жылдар өткен сайын мандайы жарқырап, ылғида биіктен көріне беруіне тілектестік бейілде білдіреді. Мәселен ол;

Айнабұлақ суларындай
Болсын бағың жарқырақ.
Жеңгем десем, алыс болмас,
Сіңлім десем – жақынырақ.

дейді де, одан әрі қазақ халқының қолға енгізген табыстарына қуана түседі. Сондықтан да ақын;

Кешегі шөл, бүгін көл боп,
Бау – бақшасы майысты.
Бетпақ дала, жазира шөл,

Байлық толып қайысты.

аса сәтті байламдар жасай келіп, қазақ өмірін, гүл жазира даласының байлығын жетік білгендіктен, қазақ жерінің қойнауына ой көзін қадай түсіп, ондағы бар байлықты өте орынды тілге алады. Мәселен ақын;

Алтын, мұнай, көмір, темір,
Барлық байлық сенде бар.
Менделеев тізімінің
Барлығы да, кенде бар.
Қазақ жасы ен білімнің
Дариясына бойлады.
Шексіз сахра, алтын қазына,
Салтанатын тойлады.

дей отырып, одан әрі қазақ халқының қол жеткен игі табыстарына дейін қуана тілге алып, оларды өз табысы ретінде бағалай түседі. Мәселен;

Миллион тонна арпа, бидай,
Қамбалары толған анық.
Ер басына күн туғанда
Ерлігі мол батыр халық.
Тұлпар мініп ту алғанда
Бірі мыңға татыр халық.
Қарындасым, туысқаным,
Үлкен қазақ аман бол!
Тыныштықта аспан бол да,
Тыныштықта жаһан бол!

деп, еміріне үн қатып, аса сәтті де орынды байлам жасайды.

Ғаур Ғұлам өлеңдерінен дархандық пен кеңдік, асқан әуезділік пен шынайылық, биіктік пен бауырмалдық лебі, ылғида есіп тұрады. Мәселен ол, 1958 жылы Ташкентте болып өткен Азия және Африка жазушыларның конференциясы кезінде, «Достық таңы» атты өлеңін жазған болатын. Онда ақын достықты, ынтымақ – бірлікті дәріптей келіп;

Күн бүгін, туысқандық тойлайтұғын,
Достықты, тыныштықты ойлайтұғын.
Қаншама халық көрем туған жерде,
Көңілдің мейрамына тоймайтұғын.

Қарасам көздеріне әр адамның,

Көшкендей қасірет, әм тараған мұң.
Күн көрем маңдайында жарқыраған,
Дос көрем бәрін ыстық қарағанның.

дей келе, одан әрі достықтың шынайы мән – мағанасын жан – жақты аша
түсіп, терең тебіреніспен;

Достарым, күн келеді арайлаған,
Біріне бірі дос боп қарайды адам.
Азия, Африкадан келген қонақ,
Дегені; «Ғафур достым, қандай!» - маған.
(Аударған – Ғафу Қайырбеков) деп, өте орынды

байлам жасайды.

Оның үстіне, 1962 жылдың мамыр айында өзбек әдебиеті мен өнерінің
онкүндігі, Қазақстан Республикасында ерекше салтанатпен өтеді. Сонда арынды
ақын қазақ елін, ел – жұртын аралай жүріп, қазақ халқына деген ыстық сезімін
туысқандық мейірінде жыр ғып ағызады. Оны біз ақынның «Қазақ халқына»
деген өлеңінен анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Мәселен ол;

Соц иалистік керуеннің бақыт жүгін өңгеріп,
Біз келеміз еліне, туыс қазақ халқына.
Аға – інілік дәстүріміз тұрғандай – ау, өң беріп,
Алтын таңға, аспанға, жер мен ұлы заманға.

дейде де, онан соң ерекше шынай сезіммен толғана түсіп;

Арай таңға дегенім – екі халық ниеті,
Аспанға деген сөзімнің – мәні биік болашақ.
Жер дегенім – халқымыз – еңбегінің тиегі.
Заман ол – бейбітшілік, көрінген биік қарасы.

дейде де, туысқан қазақ еліне не үшін баражатқандығын да жасырмай, ашықтан
– ашық өлең жолдарына қосып, оны былайша өрнектей түседі. Мәселен ақын
ерекше шабытты үнменен;

Біздер кетіп барамыз, туыс қазақ халқына,
Көркем өзбек сөзінің жеткізбекке өнерін.
Жақындық көп өнерде, тілі ұқсас, салты да,
Өр ісіміз ортақ іс, сен де менің өз елім!

қазақ халқын жатсынбай туысқан халық екендігін жошыла жырлаумен бірге,
тіптен қазақ елін, жазақ жерін өзімдікі деген тамаша ойды алға тарта түседі.

Бұл ақынның бауырлас, түбі бірге туысқан қазақ халқына деген ыстық ықласы - мен шынайы бейілінің, ерен құрметінің бірден – бір жемісі.

Реті келгенде ерекше тілге ала кетерлік жәйт, екі ел әдебиетінің мақтанышына айналған, қос тарлан талант – Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов, бір – бірімен ең жақын дос, шын мәніндегі силас та сырлас қаламгерлерден болатын.

Олардың достық байланыстары, өзара шығармашылық қатынастары, қазақ - өзбек әдебиетінің даму тарихында елеулі оқиға болды. Екі ерен таланттыр, кемеңгер ұлы тұлғалар, бір – бірімен XX ғасырдың 20 – жылдарының соңына таяу танысады да, өзара достық қарым – қатынастарын өмірлерінің соңғы сағаттарына дейін кең өріс алдыра түседі.

Олар үнемі бір – біріне достық құшақ ашып, ылғида бірін – бірі ерекше қадыр, құрмет тұтты. Сөйтіп, өзбек – қазақ әдеби – мәдени байланыстар тарихында өшпес із қалдырумен бірге, екі халық достығын кең өріс алдыру жолында бірден – бір нәрлі тыныс бола алды. Бұл орайда, белгілі сөз зергері, академик Ғабит Мүсірепов; «Ғафурдың Қазақстанға таныстығы соншалық, оны таныстырып жатудың өзі де, онша орынды бола бермесе керек. Мен, Қазақстан кітап оқушыларының арасында Ғафур Ғұламды жете білмеген адам, Сәбитті білмегенмен бірдей дер едім» - деген пікірі, шындық бетін шынайы аша түскен, терең ойдың тамаша жемісі деуге болады.

Әрине бұл, түгелдей рас. Өйткені, екі халық достығы, ынтымақ – бірлігі, екі ел әдеби – мәдени байланыстары жайлы ой толғар болсақ, онда ең алғаш осы екі тарлант таланттардың алып тұлғалары, көз алдымызға киліге береді.

Оның үстіне, Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқановтың өмір жолдарына, кемел шығармаларына ой көзін қадаған сайын, олардық достық қарым – қатынастары, шығармашылық байланыстары, екі ел әдебиетінде үлкен орын иелейтіндігін анық аңғарамыз. Өйткені, екі халық әдебиетінің мақтанышына айналған қос тарлан, үнемі бір – біріне достық құшақ аша жүріп, бір – бірінің әдебиетіне, мәдениетіне мейірмен үңіліп, олардың өзіндік ерекшеліктерін терең тани білді. Сөйтіп, өз оқырмандарына кеңінен насихаттап, әдеби – мәдени байланыстардың жаңа – жаңа қырларын ашты. Шын мәніндегі, шынай дос болды.

Сондықтан да, Сәбит Мұқановтың өмір жолдасы Мариям апай; «Ғафур екуінің достығы ерекше болды. Ол кісі Ташкенттен түн ішінде телефон соғып, жарты сағаттай айтысатын» - дейді де, одан әрі; «Сәбит оған; «Ой Құдай сені бар қылғар, басыңды жазамын десең, осында ұшып кел» - деп, ылғида әзілдесе түсетіндігін тілге алады, өзінің 1975 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 25 көкек санында жарялаған «Қазақтың қалаулы қаламгері» атты естелік мақаласында.

Міне бұдан біз – Сәбит Мұқанов пен Ғафур Ғұламның шынайы достықтары – ның шын сырын анық аңғарумен бірге, олардың өзара әзілдесе білетін, кейбір тапқырлағанда байқау мүмкіндігіне ие боламыз.

Оның үстіне олар өзара бір – бірінің шықармаларынан да рухани нәр алып, бірін – бірі айрықша қастерлеумен бірге, екі халық достығын биікке көтере түсті де, қазақ - өзбек халықтары достығын өз өлең жолдарына тебірене қоса түсті..

Ылғида, тым жақын қарым – қатынаста, достық байланыста болған олар, бір – бірімен хат арқылы да жиы – жиы қатынаста болған. Сол ұшында Мариям апай; «Ғафурдің Сәбитке жазған өлеңдері, хаттары әлі беті ашылмаған папкесінде кезек тосып жатыр» - дейді де, онан соң; «Ал, Сәбиттің Ғафур туралы айтқан хикаялары қаншама» - деп, шындық бетін шынайы аша түседі.

Міне бұларға ерекше мән беріп, екі қаламгердің өзара достық байланысын ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеп, олардың екі халық достығының дамуына, ынтымақ – бірлігіне қосқан үлестерін үйрену, бүгінгі күннің ділгір мәселерінің бірі.

Әрі, бір – бірінің өмірінен жазылған көркем дүниелерін де мұқият үйреніп, ғылым сарабына салу да, екі ел әдебиет зерттеушілерінің алдында тұрған өзекті міселелердің бірі десек, ол да артық айтқандық бола қоймас. Өйткені олар, өзбек – қазақ халықтары достығының кең өріс алуына өз септіктерін тигізе жүріп, екі ел әдебиетінің байланыстарына өздерінің аса мол сүбелі үлестерін қоса алды. Мәселен Ғафур Ғұлам қазақ әдебиеті жайлы тоқтала келіп; «Бұл әдебиеттің мазмұны қазақ жеріндегі кең, Абай жырларындай нұрлы, сезімді» - дейді де, одан әрі; «Бұл әдебиет қазақ халқының қыр гүліндей әсем, ақылындай парасатты» - деп, терең байлам жасайды.

Расында да, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ерекше мән беріп, оған ылғида сүйіспеншілікпен назар аударған Ғафур Ғұлам, ол әдебиеттің белгілі тарландары болған Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев, Өтебай Тұрманжанов, Қалижан Бекхожин сияқты қаламгерлер – мен тығыз байланыс жасай жүріп, қазақ халқы, қазақ елі жайлы өзінің жүрек жарды сөзін айтты. Ылғида шынайы достың лебізін білдірді.

Қазақ халқының, ақын – жазушыларының торқалы тойларында түйісіп, екі халықтың достығы, туысқандығы, ынтымақ – бірлігі туралы ой толғап, шын жүрегінен Құттықтау сөздерін айтып, өлеңдерін оқыды.

Соның нәтижесінде қазақ халқының арасында да қадірменді ақынына, жаны жайсаң тым жақынына айналды. Сондықтан да қазақ халқы оны «Біздің Ғафур» деп, айрықша құрмет тұтып, жиы - жиы тілге алды. Ақын – жазушылар ерекше ардақ тұтты. Мәселен белгілі ақын, әрі драматург, ғалым Әбділдә Тәжібаев, 1963 жылы Ғафур Ғұламның 60 жылдығына орай жазған «Ақын аға» деген мақаласында; «Ғафур аға, сен біздің бақытты қазақ халқының да машһүр ұлысың, сүйікті досысың» - дей келіп, онан соң, ойын одан әрі өрбіте түсіп; «Біздің республиканың бірде бір қуанышы, халқымыз қызықтаған той – мерекесі Сізсіз өткен емес» - дейді де, соңра; «Жүз жасаған Жамбылдың сақалын сүйдің, өзіңмен үзеңгілес даңқты жазушыларымыз Мұхтар, Сәбиттердің тойларында да туыстың, достың жалынды сөздерін айттыңыз» - деген болатын, шындық бетін шынайы аша түсіп.

Шынында да, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, қазақ қаламгерлерінің силасы, әрі сырласы болған Ғафур Ғұлам, қазақ әдебиеті мен мәдениетін шын жүректен сүйіп, оны ел – жұртына кеңінен насихаттаған, қазақ ақын – жазушыларын қадір – қасиет тұтқан, кең тынысты қаламгерлерден десек, ол барынша орынды болған болар еді.

Оның қазақ халқына, оның биік мідениеті мен әдебиетіне деген ыстық ықласы өмірінің соңғы сәттеріне дейін бірде – бір толасыған емес. Ол - өмір бойы кең өріс ала түсті. Амал не?... Сұм ажал оны 1966 жылдың шілдесінде, арамыздан оны 63 жасында ертелеу алып кетті. Бірақ оның көркем поэтикалық, прозалық шығарма – лары, азаматтық болмыс бітімі, адамилық ұлы тұлғасы, қазақ халқы арасында да, күні бүгінге дейін бір елі де төмендеген емес.

Орайы келгенде айрықша айта кетерлік жәйт, Ғафур Ғұлам өмірден өткенде, оның ең жақын досы, бірден – бір силасы да сырласы Сәбит Мұқанов, сонау Алматыдан арнайы келіп, жерлеуіне қатысты. Қабыры басында, қабырғасы қайыса сөз сөйлеп, көзіне жас алып; «Ардақты, қаламдас қадірлі достарым! Мен, 35 жыл дос болдым. Екеуміз аса қадірлі кісіптес ек. Амал не?... Арамыздан ертелеу кетті. Тек, торпағы торқа, жаны жанната болсын!» - деп, өксіп - өксіп жылағаны күні бүгінге дейін есімізде.

Расында да, Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов арасындағы достық қарым – қатынастар, олар өмірінде бірде – бір босаңсыған емес. Екі тарлан талант, екі елдің ірі мақтанышы болған достыр, өмірлерінің ақырғы сәттеріне дейін бірге болып, бір – біріне достық құшақ ашып өтті. Ол жайлы Сәбит Мұқановтың өмірлік зайыбы Мариям апай, ерекше тебірене түсіп; «Сол Ғафурды біз Ғабдолла Тоқайдың тойында соңғы рет көрдік. Ғафур сырқат секілді көріне берді. Ол әсіресе, Ташкент қаласында болған жер сілкінуді көтера алмады» - дейді де, онан соң; «Күндіз – түні радио тыңдаумен, елеңдеумен, әлде неге алаңдаумен жүрді» - деп, Қазан қаласында болып өткен Ғабдолла Тоқайдың 100 жылдық мерей тойындағы Ғафур Ғұламның қобалжып жүрген сәттерін тілге алады.

Оның үстіне Мариям апай одан әрі; «Кетерде ол бізбен кәдімгідей құшақтаса көрісіп, қоштасты. Сәбит оған ұрысып; «Бұл немене, қайдағыны шығарып! Халқы – мыз аман, ел тыныш. Ташкент ертең – ақ, сәулеттеніп шыға келеді. Қой, жасыма!» - дегені есімде» - деп, екі достың соңғы сәттердегі қайырласу кездерін еске алады.

Соңра Мариям апай тағы да ойын сабақтай түсіп; «Біз сол жолы Москвада біаз болып, елге оралғанбыз» - дейді де, онан соң; «Арада бірнеше тәулік өткеннен соң Сәбит, Ғафурды өз қолымен жер анаға тапсырып келді ғой. Үйге келгеннен соң, бірнеше күн басыла алмай; «Ия, өзбекте Ғафурдан да күштірек ақын туар, бірақ Ғафур бола алмас» - деп, талай – талай қамыға еске алғандығын тілге алады.

Ия, бұл – бірден – бір шынайы шындық болатын. Екі хас таланттың талай рет Ташкентте кездесіп, құшақтаса көріскен сәттерін көріп, біз іштей

қуанатынбыз. Әрі, екеуінің достық байланыстарына қызыға қарайтынбыз. Тек, сырттай ғана қарап, жандарына баруға батына алмайтынбыз.

Енді бүгін ойлап қарасақ, Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов екі ел әдебиетінің ірі тұлғалары ғана емес, екі халықтың достығын, ынтымақ – бірлігін дамытып, оны кең өріс алдырушысы, бірден – бір ұйтқысы да бола білген кең тынысты, кемеңгер суреткерлерден екен.

Қане енді, бүгінгі таңдағы екі халықтың ақын – жазушылары да, Сәбит Мұқанов пен Ғафур Ғұламдай достық қарым – қатынаста, шығармашылық байланыста бола жүріп, қазақ - өзбек әдеби – мәдени байланыстарының жаңа – жаңа қырларын аша түссе, нұр үстіне нұр болмақ.

Міне осындай кең тынысты, кемел таран талан Ғафур Ғұламға деген қазақ халқының, қазақ оқырмандарының сүйіспеншілігі жылдар өткен сайын кең өріс алып, ол барған сайын дами түскен болатын. Өйткені оның өлеңдер жинағы, «Таңдамалы шығармалары» 1957 жылы, белгілі ақын Өтебай Тұрманжанов аудармасында қазақ тілінде жарық көрген болса, 1963 жылы оның «Өлеңдер» жинағы аса талантты ақын Қалижан Бекхожин аудармасында қазақ халқының мәдени байлығына, рухани игілігіне де айналды.

Сондай – ақ, 1960 жылы жаряланған «Өзбек өлеңдері» атты жинақ пен 1972 «Жазушы» баспасында жарық көрген «Мүшайра» атты өлеңдер жинағы мен «Достық жырлары» сияқты т.б. ТМД елдері ақындарының өлеңдер жинағынан да Ғафур Ғұлам өлеңдері қазақ оқырмандары ыстық ықласпен оқу мүмкіндігіне ие болды.

Қорыта айтқанда, өзбек әдебиетінің ірі тұлғасы, Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиетінің көш бастаушыларының бірі, аса талантты ақын, әрі ірі прозаик Ғафур Ғұламның өшпес бейнесі, асқақ үні жылдар өткен сайын қазақ халқы арасында да кең өріс алып, жүрек төрлерінен бекем орын ала бермек.

Оның өзбек, қазақ халықтары достығының дамуына қосқан үлестері мен екі халық әдеби – мәдени байланыстарының кең өріс алуына қосқан шынайы сырлары барған сайын жан – жақты ашыла түсіп, ол жаңа мән жаңа мазмұн ала түспек.

ЗУЛФИЯ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҒАШЫҒЫ

Өзбек поэзиясына XX ғасырдың 30 – жылдарының бас кезінде, өзінің балауса жырларымен кіріп келген Зұлфия, бүгінгі таңда кең тынысты кемеңгер ақын ретінде, қазақ халқы арасында да кеңінен танымал болған сөз зергерлерінің бірі. Ол өзінің ең алғашқы тырнақ алды туындысын, 1932 жылы «Өмір өткелдері» деген атпен жарялап, оқырман жұртшылықтың ыстық ықласына бөлене түскен болатын.

Зұлфия өз өлең жолдарында Өзбекстанның әсем келбетін, өзбек адамдарының тірлік тыныстарын, өмір жолдарын, асқақ арман – мұраттарын,

«ақ алтыннан» мол өнім алу жолындағы ерлік еңбектерін кеңінен жырлаумен бірге, өзбек әйел – қаздарының жарқын бейнелерін, асқан шеберлікпен өрнектеген, шынайы талант иесі дәрежесіне көтеріле алды.

Оның өлеңдерінде асқақ пафос пен терең философиялық ой астаса түсумен бірге, барынша өмір сырлары шынайы шешім тауып, ол өз көрінісін жан – жақты таба түсеті. Бұл ретте ақынның «Қолхоз қызы», «Пахта», «Оны Фарқад дейді», «Ана», «Өрік гүлдегенде», «Қалқам, болмайды соғыс», «Алтын күз», «Пәрәнжі тастаған әйел», «Өзбек қызының үні» сияқты т.б. өлеңдерінен анық аңғарамыз.

БІлгі да үйрену, тынбай ізденуде жүретін Зүлфия, өз ақындық шеберлігін жетілдіруде, өлеңдерінің идеялық – көркемдік дәрежесін ерекше арттыру жолында, мейлінше аса көп ізденетіндігін, жалықпай еңбектенетіндігін әр өлең жинақтарын – да жан – жақты аңғартанды. Өйткені ақынның XX ғасырдың 60 – 90 жылдары аралығында бастырып шығарған 40 тан астам жыр жинақтарына байыппен назар аударсақ, онда ақынның жинақтан – жинаққа өсіп, кемелденіп, биіктей түскен – ақындық өсу эволюциясын анық байқау мүмкіндігіне ие боламыз.

Сондықтан да, қазіргі таңдағы талғамы мол, таразысы әділ әрбір жыр сүйер қауым, Зүлфия өлеңдерін сүйіп оқып, одан сүйсіне рухани нәр ала түсуде. Тіптен, ақынның әрбір жыр жинақтарын жыр сүйер қауым, асқан іңкәрлікпен іздеп оқитын болды.

Ақын өмірінің соңғы сәттеріне дейін 60 тан астам жыр жинақтарын шығарып, онда өзбек халқының өмірін, тамаша тірлік тыныстарын, әсем табиғатын кеңінен жырлаумен бірге, халықтар достығы, ынтымақ – бірлігіне де ерекше мән берді. Онда тамаша түйіндеулер, әсем байламдар жасап, халықтар достығының жыршы – сына, әрі жаршысына айлану мүмкіндігіне ие болды.

Әсіресе ақынның, Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында жазған отты өлең жырларын, әрбір жауангер жат алып, оны өздерінің рухани азығына, күрес үшін оқты қаруына айналдырған да болатын.

Оның үстіне ақын Зүлфия, халықтар достығы, оның ішінде өзбек халқының қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен сияқты т.б. түбі бірге туысқан халықтарымен болған достық, туысқандық қарым – қатынасын, тарихи тамырластығын шалқар шабытпен өзінің жыр жолдарында тебірене жырлай білді. Міне бұл ақынның «Чоржау – Қоңрат», «Тәжікстан естеліктері», «Досыма», «Сәлем сізге, еркін елдер», «Қазақстан өлеңдері», «Бұлт ойыны», «Қармақ», «Балқаш түні», «Көкшетау» сияқты т.б. өлеңдерінде жан - жақты өз көрінісін, сәтті шешімдерін тапқан.

Олар да бейбіт өмір сырлары кең көрініс табумен бірге, халықтар арасындығы достық пен туысқандық, шынайы бірлік идеялары, терең сырлы сезімдері өзіндік ерекшеліктері кеңінен, әрі шебер сипатталған.

Кемел де кемеңгер ақын Зүлфия, өзінің Қазақстан жайлы жазған бір топ цикл өлеңдерінде, қазақ еліне, жеріне, халқына, тамаша сырлы табиғатына деген

іңкәр көңілін, тамаша туысқандық сезіміне өте әдемі жеткізе білген. Мәселен ақын;

Көз – құлақ боп кезе берсем болмас па?
Жатыпты алда жолаушымыз жол басқа.
Сахара сөзін, дос отауын, тас сырын,
Жаным ұғып, көзім көріп қалмас па?

Білместікпен енді өмірім ақпасын,
Сапар оңнан, жолдан басым тартпасын!
Ал төгілді Алатаудан асыл жыр,
Аштым саған көкірегім қақпасын!

дейді ақын барынша ағынан жарыла.

Қалайша қуанбасқа, қалайша мадақтамасқа. Ақын қазақ елін, қазақ жерін ерекше қадыр тұтып, Алатауды ардақтағаны, қастерлей жырлағаны соншалық, оны іңкәрлік сезіммен емірене жыр жолдарына қоса алған.

Шындық бетін шынайы аша түсіп, туысқан қазақ халқына деген өзінің туысқандық бейілін білдіре, шын көңілмен тебірене үн қатады. Мәселен ақын, 1962 жылы Қазақстанда өткен өзбек әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігіне арнайы барып қатысқан Зүлфия Исраилова, өзінің «Биші бұлттар» атты ыстық сезімге құрылған өлеңінде, қазақ елінің Есік көлінде, оның аспан әлемінде кең көрініс тапқан бұлт ойындары жайлы жан – жақты тоқтала келіп;

Сүймеуші ем бұлтты тегінде,
Жаратқан деуші ем қор ғып кім?
Қазақтың Есік көлінде
Ғажабын көрдім сол бұлттың.

Қолымен бұлтты уыстап,
Өмірде сірә, кім көрген?
Ал енді қазір тыныстап,
Бұлттармен тұрмын бірге мен.

Орамал етіп, бір орап,
Иықтан асып тастадым.
Жел қойныма ұялап,
Аласа тартты аспаның.

дей келе, одан әрі ақын емірене түсіп;

Күннің нұрын қанғанша,
Сүйе берсем еркімде.

Шұғыладан камзолша,
Кие берсем еркімде.

Алайда бұлт тақаппар,
Кезеді көкті құр босқа.
Жел билеген ол бір сал,
Мекен басқа, жөн басқа.

Деп, табиғатты әсем көріністерін барынша іңкәр сезіммен жеріне жеткізе, өта тамаша жеткізе алған. Өлеңде образдылық пен табиғаттың тамаша тылысым сырлары мен әсем көріністері өз ерекшеліктерімен шебер шешімін таба алған.

Зүлфия өзінің Қытай мен Индияға, Югославия мен Цейлонға барған сапарлар - ында да, достық пен ынтымақ – бірлікке, бейбітшілікке айрықша мән беріп, оларды өзінің жыр жолдарында асқан шебірлікпен сипаттай түседі.

Ақын қай елде, қайсы бір халық арасында болмасын, онда халықтардың ынтымақ – бірлігін, достығын дәріптеп, ту ғып ұстайды да, оны өз өлеңдеріне арналы арқау, өрісті өзек етеді. Мәселен; 1962 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасында өзбек әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігіне, Өзбекстан Респуб – ликасынан Айбек, Ғафур Ғұлам, Камил Яшен, Миртемир, Хамид Ғулям, Насыр Фазилов сияқты т.б. ақын жазушылар, Вахид Абдуллаев, Лазиз Қажумов секілді ғалымдармен бірге, Зүлфия ханумда қазақ елінде бірге болып, гүлденген Қазақстан - ның әсем келбетімен, әсем табиғатының сырлы көріністерімен кеңірек танысады.

Қазақ әдебиетінің ірі тарландары – Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Жұбан Молдағалиев, Ғали Орманов, Тұрсынхан Әбдірахманова сияқты т.б. қаламгерлерімен кездесіп, қазақ ілінің тірлік тынысымен, әдет – ғұрпымен, өмірімен жан – жақты танысып, Қазақ – станның тамаша табиғаттарын өз көзімен көреді.

Өзінің қаламдас құрбысы, досы, силасы да сырласы болған, ақын, әрі ғалым Тұрсынхан Әбдірахмановамен жүздесіп, бірге тым жақын қарым – қатынаста болып, Қазақстанның елді мекендерін бірге аралайды. Сөйтіп, олардың достық қарым – қатынасы, шығармашылық байланыстары өмірлерінің соңғы сәттеріне дейін кең өріс алады. Әрі олар, ылғида бір – бірімен кездескен сәттерінде, үнемі шүйіркелесе сөйлесіп, екі ел әдеби – мәдени байланыстары, өзбек, қазақ халықтарының достық қатынастары туралы толымды ойлар, тамаша пікірлер қозғайды.

Міне мұның бәрі ақын Зүлфия жүрегіне жыр болып құйылып, ол қағаз бетіне түсе бастайды. Сонда Алматы, Көкшетау, Қарағанды, Балқаш өңірлерінде болып, Жезқазғанды да өз көзімен көреді. Әсіресе, қазақ халқының ақ жарқындығы мен қонақ жайлылығын байқап, дән риза бола түседі.

Әсіресе ақынды Көкшетаудың әсем көріністері еріксіз еліттіріп, емірендіре түсіп, шабыттандыра бастайды. Нәтижеде ақын «Көкшетау» атты өлеңін жазып, онда Көкшенің тамаша көрінісі туралы;

Білгенде Көкшетауды қазақ білсін,
Көзімнің жауын алды – ау ғажап мүсін.
Деді ме жаратқанда бай табиғат -
Жан біткен жаутең қағып қарап тұрсын.

деп, таңдай қағып, тамсанып қана қоймай, әсем табиғаттың тылысым сырларына терең шомып, ақындық жүрекпен еркін енеді. Аса үлкен серпіліспен тамаша байламдар жасайды. Мәселен;

Дедім мен – киік болып шыңға аттайын,
Тас болып Айна көлге шым батайын.
Жоғалып «биші қайың» арасына,
Шашымды ақ самалға құрғатайын!

дейді, тебірене түсіп.

Ақынның Қазақстан жайлы жазған цикл өлеңдерінің қай – қайсысын алсақ та, онда оның туысқан қазақ халқына деген ыстық сезімімен, қазақ еліне, жеріне, тамаша табиғатына деген шексіз сүйіспеншілігін анық аңғара түсеміз. Мәселен ақын;

Тауларың неткен ғажап аңыздай!
Жамылған жасыл желең бала қыздай.
Көз кеңіп, көңіл кеңіп кете барды,
Көк жиек қымыз құйған шараңыздай.

Әр соқпақ жыр жолындай жатыр сайрап,
Сол жолмен кете барсаң, тау айғайлап.
Өзіне шақырғандай жас аршалар,
Саусағын нұрға созған баладай нақ!

деп, табиғаттың әсем көріністеріне еріксіз елжірей түседі.

Тіптен ақын «киік болып» шыңға аттағысы келсе, енді бірде, Ақ қайыңдар арасына жасырынып, шашын «ақ самалға» құрғатқысы да келеді. Жасыл желеңді «бала қазға» баласа, көк жиекті «қымыз құйған шараға» теңейді.

Ақын өлеңдерін оқыған сайын, өн бойың шымырлап, қалай тауып айтып, тамаша байлам жасаған дегің келеді. Одан әрі ақын тағы да емірене түсіп;

Бұл жерде көңіл жүйрік арғымақтай,
Шыңдай зор, мөлдіреген бал бұлақтай.
Ыстық ол жанар таудай жалын атқан,

Аяулы алғашқы асыл махаббаттай.

Қымызы дәт шыдатпас ішпесіңе,
Рахат мың бір көктем түсті есіме.
Маңдайдан өмір салған із жоғалды,
Сабалап дос алақан, түс кешімде.

дей келе, одан әрі;

Ақ отау – қазақтың мол мұрасы,
Анамдай әлдилейді домбырасы.
Ғажап қой сері дүрмек, серкелі топ,
Толатын кешке жақын дөңнің басы.

деп, Көкшетау елді мекендерінен алған әсерлерін, ерен шабытпен тамсана жыр жолдарына қосады.

Ақын өлеңдері өзінің асқан ойлылығымен де, тамаша образдылық теңеулері -мен де, әсерлі сипаттауымен де, өз жетегіне үйіріп, оқырмандардың сезімін селт еткізе түседі.

Өлеңде туысқан қазақ халқына, ел – жұртына деген ыстық ықласпен ерен си - құрметтің лебі, шынайы илтифаттың нышаны анық аңғарылады. Онан соң ақын тағы да, елжірей түсіп;

Қап, әттең! Асықтырды үлкен ақын,
Қазақтар ол сөз айтса тоқталатын!
Ауылда бір мұшайра күтіп отыр! –
Амал не, жырға әкімдік жоқ болатын!

Аттандық көңіл алып, көңіл тастап,
Тау Көкше бір қарады төніп асқақ.
Жүректе алуан сезім араласып,
Әкетті асыл арман мені бастап.

деп, қазақ елін, жерін, әсем Көкшетау өңірін қимай кетіп баражатқан сәттерін де, аса тапқырлықпен тым әдемі жеткізеді.

Ал ақынның «үлкен ақын» деп, тілге алып отырғаны, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, әсіресе кемеңгер жазушымыз Сәбит Мұқановтың жан силасы да сырласы, өзбек халқының абыз ақыны – Ғафур Ғұлам. Оның айтқан сөзін, ешкім кері қайтара алмайтын, аса дарынды ақын болатын.

Оның үстіне Зүлфия ақынның Қазақстан жайлы жазған өлеңдерінде шынайылық аса басым. Оны ақынның «Үкілі камшат», «Балқаш түні», «Қармақ», «Көк жиек», «Бұлт ойыны» сияқты т.б. өлеңдерінен де анық аңғаруға болады.

Ақынның туысқан қазақ халқы өмірінен жазған қай өлеңдерін алсаң да, оларда ыстық ықласпен шынайылық анық аңғарылумен бірге, тамаша үйлесім,

терең тебіреністер анық көз алдына киліге түседі. Көкшенім тамаша көріністері мен Жезқазғанның жезі, Қарағандының көмірі, Балқаштың балығы – бәрі көз алдында көлбедеп, елестей түседі де, еріксіз емірендіреді. Әсіресе, Көкшетаудың сырлы көріністері ынтықтыра түсіп, дәл солай сапарға аттанғың да келеді.

Міне бұл – ақын құдреті, ақын тапқырлығы. Яғный, өз оқырмандарын өз жетегіне үйіріп, оларды ойландырып, толғандырады.

Реті келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, ақынның Қазақстан жайлы жазған бір топ цикл өлеңдерін, аса талантты ақын Ғафу Қайырбеков қазақ тіліне аударып, қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырған.

Аудармада ақын өлеңдері қан – сөлін жоғалтпай, асқан шеберлікпен өте тартымды аударылған. Бұл – ақын Ғафу Қайырбековтың аса талантты аудармашы екендігін де жан – жақты таныта түскен.

Шыны керек! Ақын Зүлфия ханумның қазақ халқына, Қазақстанның әсем табиғаты мен әдебиет, өнер иелеріне деген ыстық ықласы мен шынайы сезімдері, жылдар өткен сайын кең өріс алып, дами түскен болатын. Өйткені ақын, 1972 жылы Қазақстан Республикасында өзбек әдебиеті мен өнерінің он күндігі кезінде аса үлкен серпіліс, терең тебіреніспен; **«Қазақстандық бауырларым! Мен бүгін Сіздер жайлы ойлағанымда туысқандық сезімдер көкірегімде шамшырақтай жалын тудырады. Ол шамның нұры менің жүрегіме ата – анамнан дарыған»** - дей келе, одан әрі; **«Қанға жан беріп, денемді рахатқа бөлеп жүретін ол – Сіздердің махаббатыңыз. Ол Сіздерге деген достық, туысқандық сезімім»** - «аударған біз – Қ.С.) деген болатын.

Расында да, туысқан қазақ халқына, оың ел – жұртына аса үлкен құрметпен қарап, оларды айрықша қадыр тұтқан Зүлфия, қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары – Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановты, Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафинді, Әбділдә Тәжібаев пен Мұхаметжан Қаратаевты, Тұрсынхан Әбдірахманованы үнемі құрметпен тілге алып, оларды өзінің ұлағатты ұстазы, досы ретінде танып, оларға ерекше сүйіспеншілікпен назар аударатын.

Үнемі қазақ әдебиеті мен мәдениетіне аса үлкен ықласпен көңіл бөліп, оны ылғида өзбек жұртшылығына, өзбек оқырмандарына кеңінен насихаттап отыратынды. Оны біз ақынның Абай, Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сияқты т.б. тамаша таланттар жайлы айтқан ой – пікірлерінен анық аңғарамыз. Мәселен ол, заманамыздың заңғар жазушысы, ғұлама ғалым, академик Мұхтар Омархан ұлы Әуезов жайлы толғана келіп; **«Қазақ халқының, бүкіл Кеңес елінің ұлы, дүниежүзі әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі – Мұхтар аға кіріп бармаған үй біздің елде жоқ шығар»** - дейді де, онан соң; **«Мен осы кісі жасаған заманада жасағанымға мақтанамын. Үнемі ұлы ағам, үлкен досымның мәңгілік рухы алдында бас иемін»** - (аударған біз – Қ.С.) дейді, емірене тілге алып.

Әрине бұл, кездейсоқ құбылыс емес, соны талпыныстың, ерекше құрмет пен ыстық илтифаттың бірден – бір сәтті жемісі десек, ол артық айтқандық емес, бұлтартпас шындық.

Міне осындай, халықтар достығының тамаша жаршысы және күйшісі, ерен талант иесі, Еңбек ері Зүлфияның 100 жылдық мерей тойы, тек Өзбекстан өңірінде ғана емес, ол бүкіл түркі халықтары арасында, оның үшінде түбі бірге туысқан қазақ елінде де, үлкен салтанатпен атап өтілетігінде дау жоқ. Өйткені оны қазақ қаламгерлері «Біздің Зүлфия» деп, ерекше ыстық ықласпен тілге алса, қазақ оқыр – мандары да оның поэзиясынан рухани нәр алып, оны ылғида ерекше құрметпен қадір тұтып, ардақтайтындығы де бірден – бір шындық.

ДОСТЫҚ — ЖЫР АРҚАУЫ

Егер тарих беттеріне тереңірек үңілер болсақ, қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ халықтары арасындағы достық қарым — қатынастар мен әдеби — мәдени байланыстарының түп — төркіні тым тереңде, тарихы әріден басталатындығын көру оншалық қиын емес. Сондықтан да, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, қазақ қаламгерлерінің сырласы, белгілі өзбек ақыны Ғафур Ғұлам екі халық ортасындағы дәстүрлі достықты, тарихи тамырластықты өзінің 1945 жылы Қазақстан Республикасының 25 жылдық торқалы тойына арнайы жазған “Қазақ елінің ұлы тойына” атты өлеңінде былай сипаттайды. Мәселен ол;

Бір тамырмыз, бір шаруамыз,

Бір қазанбыз, бір алау.

Ортамызда тағам толған

Дастархандай кең жайлау, —

десе, аса дарынды қырғыз ақыны Аалы Тоқамбаев өзінің “Қазақ халқына” атты өлеңінде қазақ, қырғыз халқының достық ынтымағын;

О, қазағым, тілің күннен нұр алған,

Біздің тілдей өлең үшін жаралған.

Омыртқалас тауларымыз туасы,

Суларымыз тағы соның куәсі.

Бірде құда, бірде саған бажамын,

Табақтасым,

Сабақтасым,

Қазағым! —

деп, шындық бетін шынайы аша жырлайды.

Ақын ойларына толық қосылумен бірге, оларды әбден қолдап - қуаттаймыз. Өйткені олар, бір - біріне деген ыстық сезімін, өзара құрмет ілтипаттарын әдемі жеткізе алған. Шынайы достықты өз өлең жолдарында өте орында өрнектей түсіп, өзара достық қарым - қатынастарын биікке көтере жыр шумақтарында, ерекше серпіле сәтті жырлайды. Тіптен ақын: “Омыртқалас

тауларымыз туасы” дей отырып, аралас - құралас жасаған екі халықтың туыстық сырын әдемі аша білген.

Ал, абыз ақын Диқан Әбілев болса өзінің “Арнау” аты өлеңінде қазақ, өзбек халықтарының шынайы достығын тым тереңдете, асқақтата сипаттап, шебер байламдар жасайды.

Мәселен ақын:

*Төскейде мал, төсекте бас түйіскен,
Дос елдерміз шын жүректен сүйіскен.
Әзіліміз, қалжыңымыз бір думан,
Кезек жеңіп, кезек жығып күліскен.*

десе, қарақалпақ және өзбек халқының халық ақыны Тілеуберген Жұмамұратов “Қазақ досыма” атты өлеңінде қазақ, қарақалпақ халықтарының дәстүрлі достығын, шынайы ынтымақ, бірлігін әдемі аша келіп;

*Есінде ме, ей бауырым қазағым,
Көкіректі кернегенде ыза - мұң.
Ата — баба жел айдаған қаңбақтай,
Ескіліктің бірге тартты азабын.*

деп, тарихи оқиғаларды, әлеуметтік теңсіздіктер мен келеңсіздіктердің бетін орынды ашып, тамаша байламдар жасайды. Ақын ойы орынды, әрі оралымды ұйқаспен ұтымды сыр шерткен. Оның үстіне ақын:

*Қазақ досым, келсең біздің ауылға,
Құлағың сал, ақырына қара да.
Түсінбейміз қарақалпақ тілін деп,
Байқаусызда бізден тілмәш сұрама.*

деп, екі халықтың шынайы жақындығын, туысқандық, бауырмалдық сезімдерін өлең өрнегімен әдемі жеткізе келе;

*Бір ағаштың бұтағындай ұрпақыз,
Қайғыға да, шаттыққа да ортақыз.
“Кең даланың жырышысы” деп біздерді,
Уәлиханов айтқан қарақалпақыз.*

деген тамаша ойды, шынайы шындықты әдемі өрнектейді.

Орайы келгенде ерекше ескерте кетерлік мәселе, әр ақынның айтайын деген ойларында, идея бірлігі мен ой тұтастығы біркелкі болғанымен, оны ақындық арынмен жырлауы, тақырыпты шеберлікпен игерулері басқа - басқа.

Әрбір ақынның өлең өрнегінде, жырлау тәсілдерінде әрқилылығы анық аңғарылады. Оларда өзіндік үн, өзіндік әуен бар. Өзара бір-біріне деген құрмет пен ыстық ілтипат жемістері еркін еседі.

Оның үстіне, өздері жырлағалы отырған тақырып ауқымына өздерінше барып, әрқилы байламдар, түйіндеулер жасап, үлкен бір симфониялық бір тұтас туындылар тудырған.

Міне, мұндай тауып айтып, тамаша байламдар жасау Берді аға Кербабаевтің “Түлденген Қазақстан”, Айбектің “Достығымыз мәңгілік”, Сәбит Мұқановтың “Достық белгісі”, Ғафур Ғұламның «Қазақ халқына», «Достық таңы», Ұйғунның “Қазақ досыма”, Әбділдә Тәжібаевтің “Жолдас Науаи”, Миртемирдің “Қазағым”, “Абай ата”, Сабыр Абдулланың “Қазақстан дәптері”, Сауранбай Жүсеевтің “Алматының қысы”, “Бір ананың егізі”, Ғайратидің “Түркімен жерінде”, Мақсуд Шайхзадениң “Мақтұмқұлы”, Ибрайым Юсуповтың “Сұлу екен Алматының қыздары” секілді т.б. қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ ақындарының жыр жолдарынан анық аңғара аламыз. Мәселен, қазақ ақыны Әбіраш Жәмішев өзінің 1971 жылы жазған “Сүйегіміз, қанымыз бір бауырмыз” атты өлеңінде;

*О, бауырым, өзбек ағам, армысың!
Інің келді, төсіңе бас, ал құшып.
Біз туғалы бірге көріп жүрміз ғой,
Бұл өмірдің қуанышын, қайғысын.
Тарихқа мен көз саламын бүгін де,
Бөлек дерлік жоқ қой белгі түрімде.
Бауырлармыз — бір атамыз, анамыз,
Ежелден - ақ ортақ шаңырақ — үйімде.*

деп өз ойын ақындық әдемі сезіммен, шынайы жеткізумен бірге, туысқан өзбек халқына деген ыстық ықыласын, құрмет ілтипатын, бауырмалдық бейілін дұрыс жеткізеді. Одан әрі ақын:

*Екеуміз де ен далада туғанбыз,
Сыр суына кіндік қанын жуғанбыз.
Ауыл, қыстақ қатар көшіп қонғанда,
Тал бесікке бір бөленіп сизанбыз.*

деп, түбі бірге туысқан өзбек, қазақ халықтарының егіздің сыңарындай, бір туғандығын өлең өрнектерімен тамаша сипаттайды.

Міне, бұл ойды Өзбекстан халық ақыны Абдулла Арипов та өзінің 1972 жылы жазған “Қазақтар” атты өлеңінде;

*Бастаулар бар гүл көмкерген өңірін,
Бастаулар бар аты шыққан ғаламға.
О, қазағым, бірақ сенің көңілің,
Мәлдір екен, тұнық екен одан да!*

*Өнеріңнің гүлін таудан терейін,
Жұрт назары Алатаудан ауған ба?
О, қазағым, бірақ сенің мерейің,
Асқақ екен, биік екен таудан да!
Сұлулығың досқа деген мерейің,
Жомарттығың, тарқамайтын берекең,*

*О, қазағым, сенің дарқан пейілің,
Шетсіз, шексіз даладан да кең екен.*

деп ақын өзінің туысқан қазақ халқына деген қалтқысыз ойын, шынайы сезімін аса орынды, әрі поэзия тілімен тамаша жеткізеді. Оның үстіне ақын:

*Тағдырымыз ұқсас біздің, гажжап бұл,
Ұқсас тағы жырышыл көңіл сұңқары.
Науаи жыры — аяулысы қазақтың,
Абай жыры — бар өзбектің іңкәрі.*

(Аударған Мұхтар Шаханов).

деп, терең байлам жасайды.

Міне, мұндай терең тылсымды ойлар, туысқан өзбек халқына деген ыстық ықылас пен шынайы сезімдер Қазақстан халық ақыны Қадыр Мырза Әлидің бір топ цикл өлеңдерінде де өзінің тамаша шешімдерін тапқан. Ақынның 1977 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген “Алақан, немесе Орта Азия отаулары” атты жыр жинағында “Қырғыз құшағында”, “Тәжік топырағында”, “Түркімен төрінде”, “Өзбек өңірінде” деген төрт бөлімінде, аталмыш халықтардың ынтымақ - бірліктерін, елі мен жерін, туысқандық бейілдерін тамаша өлең жолдарында сәтті сипаттау мүмкіндігіне ие болған. Мәселен ақын;

*Тарайды арғы атамыз алты арыстан,
Бірінен біреуіне салты ауысқан...
Өзбек боп,
Қазақ болып бөлінгенмен,
Біз барып қосыламыз Алпамыстан.*

десе, қазақ - қырғыз халықтары достығын өзінің “Үйлесім” атты өлеңінде былай тәптіштейді. Мәселен ақын;

*Қырғыз - қазақ бір шаңырақ ортақ сүйеуі - тіреуі.
Біреуі оның күле алмайды жылағанда біреуі.*

*Қырғыз айтса, әр уақытта қазақ досы құптайды
Қазақтарды түсінбеген - қырғыздарды ұқпайды.*

*Қырғыздарға қызын берген - қазақтардың құдасы.
Қазақ қосса бәйгеге атын - қырғыз үшін о да сын.*

*Қазақ жырын іздеп оқыр қырғыз сүйгендер.
Қырғыз үшін өртенеді қазақ үшін күйгендер.*

*Қырғыз кім деп сұрамайды қазақтарды білгендер.
Біреуінен сөз естиді біреуіне күлгендер...*

деген шынайы ойын шебер жеткізеді.

Бірақ, бұл арада тағы бір ескерте кетерлік жәйт, ақындарымыз бір - бірінің өмірлеріне ой көзін қадап, өзара дәстүрлі достығы мен туысқандық бейілдерін жырлаулары, тек бір - бірінің елінде болған сәттерде ғана, өзара бір - бірінің елдерінде өткен әдебиет, мәдениет күндерінде ғана болмауға тиіс.

Біздіңше, бір - бірінің өміріне ыстық ықыласпен назар аударып, іол жеткен табыстарын жырлау, өзара достық қарам-қатынастары мен дәстүрлі достығы жайлы сыр шерту, ылғида ақын - жазушыларымыздың өзекті тақырыбына айналып, ол жылдар өткен сайын кең өріс алып отыруы қажет - ақ. Өйткені, туысқан өзбек халқында “Досы жоқ басым, тұзы жоқ асым” деген қанатты сөз бар.

Солай екен, өмірде достықтан артық, достықтан қымбат, достықтан бағалы еш нәрсе жоқ десек, ол артық айтқандық бола қоймас деп ойлаймыз. Сондықтан да, достық тақырыбы өміршең, ауқымы кең тақырып. Мұны ақындарымыз қанша жырласа да, қанша дәріптесе де аздық қылады. Сол үшін де ақындарымыз халықтар достығы тақырыбына жиі - жиі үңіліп, оны ыстық ықыласпен тебірене жырлай берсе, нұр үстіне нұр болмақ.

Мәселен, 1960, 1971 жылдары Өзбекстанда қазақ әдебиеті мен өнерінің апталығы болып өткен болса, 1962, 1972 жылдары Қазақстанда өзбек әдебиеті мен өнерінің он күндігі ерекше серпінмен атап өтілген болатын. Міне, осындай мәні мен мазмұны аса зор бас қосуларда, екі халық ақындарының шығармашылығында қаншадан - қанша бір - бірінің өмірін жырлайтын, өзара достық қарым- қатынастарын дәріптейтін шығармалар мол өмірге келді.

Бұл оқырмандардың бір-біріне деген ыстық ықыласын арттырып, өзара туысқандық сезімдерін кең өріс алдыра түсті. Міне, осы тұста іазаі ақыны Ғафу Қайырбеков “Өзбек өнерпаздарына” атты өлеңін жазған болса, Әбіраш Жәмішев те “Сүйегіміз, қанымыз бір бауырымыз” өлеңін жазу мүмкіндігіне ие болды. Екі өлеңде де, өзбек, қазақ халықтарының достығын, ынтымақ - бірлігін дәріптеу, мадақтау жағы басым.

Мәселен, 1972 жылы бір топ өзбек жазушылары Қазақстанға барып, он күндікке қатысады. Сонда, Көкше жеріне ат басын тіреген өзбек ақындарына қарата көкшетаулық ақын Еркеш Ибрахим өзінің “Қош келіпсің, Көкшетауға, өзбегім!” цикл өлеңінде;

*Қош келіпсің, Көкшетауға, өзбегім!
Ақ жалыннан ыстық маған өз демің.
Бауырымды елжіреткен шіркін - ау,
Аққу ма едің,
Қиқулаған қаз ба едің?!*

*Ала тақияң бұлыттай мұнартып,
Жеттің бе екен Көкшетауға құмартып.
Науаның жырларынан әлде сен,*

Өрік емес, әкелдің бе жыр артып.

*Нұр үстіне нұр бол, онда өзбегім,
Өстіп мені серпілтерің сезгенмін.
Қандай сәнді сенің ала шапаның,
Қандай ыстық сенің қоңыр көздерің.*

деп мейірлене үн қатып, ерекше ілтипат білдіреді.

Ақынның төрт жырдан тұратын аталмыш цикл өлеңдерінің қай - қайсысына көңіл көзін қадасақ, оның бәрінде де, туысқан өзбек халқына деген ыстық құрметтің тамаша шешімдерін анық аңғарғандай боламыз. Мәселен, ақынның “Екінші жырындағы” мына бір өлең жолдарына көңіл бөлелік.

*Мен тұрайын жүзіміңдей мөлдіреп,
Сен тұр менің жүрегімдей елжіреп.
Тебіренсін, сексен көлім солқылдап,
“Өзбек баурым құшағыма келді”.—*

дейді ақын.

Расында да, жасыратыны жоқ, өлең жолдары барынша шынайы. Ойлы. Ыстық ыбылас мейірі тамылжи түскен. Немесе, “Үшінші жыр” жолдарындағы мына бір шумаққа көңіл бөлейік:

*Қалсын көңіл ақ мақтадай үлбіреп,
Қалсын бейіл ақ бұлақтай мөлдіреп.
Ән тұрсыншы, ән тұрсыншы желбіреп,
Көк жұлдызы қалғаниша селдіреп.*

дейді.

Дұрыс, ақын ойы арқылы оның шынайы сезімі тамылжи түскен. Дегенмен де, ақынның “Ән тұрсыншы желбіреп” деген ойына қосылу қиын. Ән шырқалады, тамылжиды, қалықтайды. Бірақ, ән ешқашан “желбіремейді”. Ақын эмоцияға беріліп, ойланбай айта салған. Желбіреу - тек туға ғана айтылса, орынды болған болар еді.

Ақын Еркеш Ибрахим шабыттың шәрбатында шалқи отырып, тым серпілу салдырынан әнді қалықтату орнына “желбіретіп” жіберіпті. Ақын ойына қосылу мүмкін емес.

Жалпы, ақынның аталмыш өлеңдерін оқи отырып, оның асқақ үндері мен шынайы сезімдерін, туысқан өзбек халқына деген ыстық ықыластары мен құрмет, ілтипатының нәтижесін анық аңғарғандай боламыз.

Міне осылай, халықтар достығы мен тарихи тамырластығына барлаулар жасап, бір - бірінің өмірі мен тұрмыс - тіршілігіне, тағдырына, бай табиғатына талғаммен үңіліп, сәтті байламдар жасаған Өтебай Тұрманжанов, Сапарғали

Бегалин, Қасым Тоқұзақов, Қуанды Шыңғытбаев, Сырбай Мауленов сияқты т.б. қазақ ақындарымен бірге Тұрап Тұла, Миртемир, Асқад Мұхтар, Шұхрат, Шукурулла, Назармат, Жұманияз Жаббаров, Абдулла Арипов, Еркін Вахидов секілді т.б. өзбек шайырларын, Ибраһим Юсупов, Асан Бегимов, Марям Қасимова, Т. Есенова, Н. Әлімқұлова, Қ. Сейтәлиев, А. Атажанов, Н. Байрам, Ж. Бөкенбаев сияқты т.б. қырғыз, қарақалпақ, түркімен ақындарының өзара достықты ерекше серпінді әуенмен дәріптеген өлең - жырларын атауға болады.

Міне олар достық пен тауысқандықтың қыры мен сырына тереңірек үңіліп, өзара бір - бірінің өмірін емірене жырлайды. Достық бейілін білдіріп, туысқандықтың сырларын терең аша түседі. Яғни, тіршілік тынысында біте қайнасып, еселі еңбек етіп жүрген өзбек, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түркімен халықтарының айқасқан бірліктері мен іштей ұғысқан жүректерінің сыбдырын жан - жақты аша, тебірене жыр жолдарына қосады. Әрі олар өзара қол жеткен бір - бірінің табысына қуана қарап, оны өз елінің табысындай сезініп, барынша мадақтай түседі. Мәселен, Өзбекстан халық ақыны Ұйғын 1971 жылы Өзбекстанда қазақ әдебиеті мен өнерінің апталығы өтуіне орай жазған “Қош келіпсіз” атты өлеңінде қазақ бауырларын, қаламдас достарын;

Қош келіпсіз! Көңіліміз қалды өсіп,
Біз қуандық қадамыңыз оң десіп.
Осы емес пе, бауыр деген, дос деген,
Сен дегенде көңіл бар ма өспеген.

деп, қазақ халқына деген ыстық ықыласын, айындық жүрекпен тебірене жеткізеді.

Соңыра ақын өз ойын одан әрі сабақтай келіп;

Құтты мейман, ел арала үйге жүр,
Төрім саған, қол қусырып, қош алам!

Әм досың да, қандасың да жүдә біз,
Қыз алысып, қыз беріскен құдамыз.

Біз біргеміз меһнатта да, раһатта,
Келер күнге, біз барамыз бір сапта.

деп ақын шебер байлам, ойлы түйіндеулер жасайды.

Міне, ақынның “Келер күнге, біз барамыз бір сапта” деуі, бүгінгі таңдағы Егеменді ел, Тәуелсіз мемлекет болу жолында бірге баратындығын да алдын ала болжай түскендей. Қандай тауып айтып, тамаша байлам жасағандығына еріксіз тәнті қаласыз. Ақынның өміршеңдігі де осында болса керек.

Әрқашанда тауып айтып, тамаша байлам жасау, сөйтіп, бір - бірінің өміріне еркін ену, Ғали Ормановтың “Орта Азия қақпасы”, “Зарафшан”, “Гүлстан жерінде”, “Мақтұмқұлы мекені”, Өтебай Тұрманжановтың “Самарқан, сұлу Самарқан”, “Ұлықбек”, Миртемирдің “Алматының қысы”, “Қырғыз халқына”, “Қырғызстан”, Зулфияның “Көкшетау”, “Балқаш түні”, “Қармақ”, Хамит Ерғалиевтің “Самарқан деп сайрасам”, “Зарафшан бойында”, Сырбай Мәуленовтың “Өзбек сұлуы”, “Феруза хикаясы”, “Мырзашөл”, Барат Байқабыловтың “Түркімен кілемі”, Абдулла Ариповтың “Қазақтар” сияқты т.б. қазақ, өзбек ақындарының өзара бір - бірінің өмірін, тұрмыс - тіршілігін жырлаған өлеңдерінен анық аңғаруға болады. Мәселен, белгілі ақын Дихан Әбілев өзінің 1972 жылы өзбек ақын - жазушыларына, өнер адамдарына арнап жазған “Ыстық құшақ” атты өлеңінде;

Қош кепсіздер, ағайыным, өзбегім,
Ән мен жырың салтанатың, өз жырың.
Ала тақия, ала шапан, белбауың,
Көзге ыстық, аумаған тап өздерің.

Қош кепсіздер! Міне төрім, құшағым!
Төсіңе төс, айқастыра құшамын.
Жүрегімнің егізіндей ағайын,
Босағамнан Ай көргенге ұқсадым!

Орманымның, тауларымның бұлбұлы,
Саған арнап сайрап жатыр бұл күні.
Артектегі пионердей достықпен,
Қауышпақшы өзбек, қазақ ән - жыры!

дейді де, одан әрі ақын;

Қош келіпсіз, іргелесім, бауырым!
Міне төрім, міне қалам, ауылым.
Ән мен жырың баршамыздың мейманы,
Олар менің ортақ мақтан сауығым!

Сары арқадан самал ескен тауларым,
Ақ жаныңа арнаған бір саумалым!
Ақша бұлттан орамалдар әзірлеп,
Гүл орнына алтын дәндер баулады.

деп, шынайы достық, бауырмал туыстың тамаша ойын өз өлең жолдарында ағыта түседі.

Міне мұндай салиқалы ой, терең тебіреністерді қазақ халқының халық ақыны Қаныбек Мейірбековтың “Бауырларым өнерлері”, Хасенхан Талғаровтың “Достар”, Серік Тұрғынбековтың “Кел ағайын, кел бауыр”, Күләш Ахметованың өзбек шайырасы Зулфияға арнап жазған “Сөз зергері”, Қуандық Шаңғытбаевтың “Ағайын”, Ғафур Қайырбековтың “Өзбекстан өнерпаздарына”, Рахметолда Нүрпейісовтың “Ақ көңілмен аялап” сияқты т.б. қазақ ақындарының өлең-жырларынан да анық аңғара аламыз. Мәселен, Қуандық Шаңғытбаев өз өлеңінде:

Сақи досым, абзал бауырым, сал елім,
Сандуғаштың самал бағы сән елім.
Ала шапан омырауын аш, қабыл ал,
Қазағымның сансыз дұғай сәлемін.

Сағындырып самалды ақ, боз белің,
Көріскенше мен сендермен төзбедім.
Арма мәңгі, адал жанды ағайын,
Армандасым, жан жолдасым өзбегім!—

дейді де, одан әрі:

Өзбек елі, өз бауырым, дарханым,
Алатаудың, Атырау, Алтай, Арқаның -
Ақ бейілін алдыға әкеп тартамын.

Егіз елміз, сәндіміз де әлдіміз,
Арай жарық, күндей биік алдымыз.
Қос жүректің қайнар, адал достығын,
Сіз бен бізге бағыттадық мәңгі біз.

Жүз халыққа мекен болған әр өлке,
Аспаныңды шалмасын шаң, көлеңке.
Гүлің сәнді, салқын болсын сері өлке,
Күнің мәңгі, жарқын болсын тел өлке,—

деп, ағынан жарыла, ағытыла өзбек елін, бауырларын жыр жолдарына ерекше шабыттана қосады.

Немесе, аса талантты ақын Ғафу Қайырбековтың “Өзбекстан өнерпаздарына” атты өлеңіне назар аударалы. Онда да айынның шынайы сезімін, өзбек халқына деген ыстық ықыласын байқау, оншалық қиын емес. Мәселен ақын:

Қош келіпсіздер! Келу керек осылай!
Біз отырмыз тосып күн мен тосып ай.
Айрылмайтын сыңарындай егіздің,
Жазылмайтын ақ құшағы досым - ай!

Өзбекстан! Көзден ұшқан нұрдайсың,
Бізді көрсең еркелемей тұрмайсың.
Сә-ар таңда Сахараға бір қарап,
Саған қашан барамын деп жырлайсың, —

деп, шындық бетін шынайы аша түседі.

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жәйт, ақынның ұлылығы да, құдіреті де сонда, ол алған аялы тақырыбының іші - бауырына шынайы еніп, оны шебер жырлай білуінде. Солай екен, әр ел ақыны халықтар достығы, ынтымақ - бірлігін жырлағанда, оны жадағай ғана жырлап қоймай, кәрі тарих қойнауына барлаулар жасай отырып, тамаша түйіндеулер, шебер байламдар жасайды. Мәселен, ақын қызымыз Күләш Ахметова өзінің 1972 жылы ақын Зулфияға арнап жазған “Сөз зергері” атты өлеңінде;

Сізді білем, ал мені танымайсыз мүлдем сіз,
Алғаш рет көргенде райхан теріп жүргенсіз.
Таңғы гүлден тап - таза інжу - шықтар үз
Түскен кезде мен Сізге қарап тұрғам қызығып.

Хош иіске қосылып гүл бетінде нұр ұйып,
Күн сәулесін шашқанда тұрдыңыз ғой жымыып.
Сұлулығын сүйсініп, сезім майдай еріген,
Кезеңінде бақытты көзіңізді көріп ем.

Екінші рет мен Сізді көріп едім сәскеде,
Жүзіңізді сол сәтте жуып кеткен жас неге?
Алдыңызда ақ дәптер жаңбыр күткен егіндей,
Ақындықтың азабы - осы болар тегінде.

деп, өзбек халқының аса талантты ақын қызы Зулфияға деген ойын шебер жеткізеді.

Рас біз, бұл еңбегімізде тарихи тамырластық пен дәстүлі достықты жырлаған кейбір ақындардың ғана өлең - жырларына назар аудару мүмкіндігіне ие болдық. Онда да, ол ақындардың қаламынан өмірге келген кейбір өлеңдеріне ғана көңіл көзін қадай алдық.

Жалпы, бұл тақырыпты ғылыми тұрғыдан зерттеп, ғылым сарабына салу - әдебиеттану ғылымының алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі деуге

болады. Өйткені, бақыт — достықта, ырыс — ынтымақта. Міне мұны қай ақын қай қырынан қалай жырлап жатыр?.. Ол халқымыздың достығын, ынтымақ - бірлігін дамытуда, қандай қызметтер атқарып жүр? Мұның барлығы келелі әңгіме етерлік соны құбылыс.

Рас, халықтар достығы мен туысқандығы жайлы жазылған өлең - жырлардың негізгі сырларына тереңірек үңіліп, ой көзін барлай қарасақ, онда кей ақындардың асығыстық салдарынан, дәстүрлі достықтың мәнін жан - жақты ашпай, жалаңдау жырлағандықтарын байқаймыз. Кейде ақындарымыз бірін - бірі қайталап, қарадүрсінділікке бой ұрып, жалаң ұйқас пен жадағай шешім де жасап жатқандығында анық аңғарамыз. Сөйтіп, өмірдің жанды шырайынан гөрі, жасандылыққа бой ұрып, жалаң ұйқасқа беріле түскендіктерінде байқау, оншалық қиын емес.

Қорыта айтар болсақ, Орта Азия мен Қазақстан ақындары өзара бір - бірінің өмірін, ел - жұртының әсем табиғатын, дәстүрлі достығы мен туысқандығын, әсем қалалары мен далаларын жырлауы оқырмандар үшін аса қажет - ақ. Өйткені олар, туысқан халық өмірін, тірлік тыныстарын, өзара достық қарым - қатынастарын, туысқан елдің әсем табиғаттарын оқу арқылы, сол елге деген ыстық ықыласы артады да туысқандық мейірі кең өріс алады.

Әрине бұл - оқырман жұртшылықтың сезім пернесіне достықтың нәрін егіп, олар бойында туысқан халықтарға деген ерекше мейір арта түсіп, ол халықтар достығы мен ынтымақ бірлігін дамытуда бірден - бір нәрлі тыныс, соны серпіліс болмақ.

ДОСТЫҚТЫҢ КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ КӨРІНІСІ

XX - ғасыр қазақ әдебиеті мен өзбек әдебиетінің даму тарихына назар аударсақ, онда оның сүбелі жанрларының бірі саналған - көркем проза, Кеңестік таңда өзінің кең тынысты кемелдігімен көз тарытып, көңілге ұялай түседі. Әрі ол, тақырыптық аясының кеңдігімен де, кейбір суреткерлеріміздің құлашын кең жайып, бүкіл әлемдік әренаға шыққандығын жер жүзіне дәлелдеген болатын. Бұл орайды Мұхтар Әуезов, Айбек, Берді аға Кербәбаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов, Шыңғыс Айтматов сияқты т.б. кең тынысты кемел таланттар есімін ерекше қуанышпен атай аламыз.

Расында да, Кеңестік дәуірдегі өзбек прозасы мен қазақ прозасы өмірлік құбылыстарды, тарихи тақырыптарды, қоғамдық мәні бар елеулі оқиғаларды, ірі - ірі өзгерістерді жан - жақты толық қамтыған өміршендігіме оқырмандарды өз жетегіне үйіре түскен болатын.

Әрі, өздерінің идеялық нәрінің құнарлығымен де, биік мұрат, аса жоғары көркемдік нәрі - әрімен де, оқырман жұртшылықтың назарын өзіне еріксіз аударған - ды. Сөйтіп, күллі оқырман жұртшылықты зор ықлас пен ерекше

илтифатқа бөлеумен бірге, олардың идеялық, эстетикалық рухани қазынасын жан - жақты байытқан да болатын.

Жасыратыны жоқ, XX - ғасыр қазақ, өзбек әдебиетінің даму тарихына тереңірек үңілер болсақ, онда өзбек, қазақ прозасының әбден есейген, кемелдегендігін көрсететін кесек - кесек туындыларды екі ел әдебиетінен анық аңғу мүмкіндігіне ие боламыз. Өйткені, өзбек, қазақ жазушыларының ең таңдаулы көркем шығармалары тек осы екі ұлт өкілдері тарапынан ғана сүйіп оқылып, сүйсіне пікір айтылатын туындылар болып ғана қалмады. Олар бүкіл Одақ оқырмандарының да, тіптен шет елдік оқырман жұртшылықтың да сүйіп оқитын, ерекше қадір тұтатын, рухани игілігіне де айланды.

Бүгінгі - Тәуелсіздік таңында да өзбек, қазақ прозасының есейген, кемелденгендігін көрсететін кесек туындыларды екі ұлт әдебиетінен де көптеп аңғаруға болады. Қазақ, өзбек жазушыларының ең таңдаулы көркем шығармаларында әр дәуірдің, әрбір кезеңнің өзекті оқиғалары көтерілді.

Оларда негізгі мәселе халқымыздың басып өткен өмір жолдары, бастан кешкен ауыр да азапты күндері барынша асқақ та әсерлі, ең бастысы шыншылықпен шебер суреттелуінде.

Оның үстіне, ел игілігіне айналған елеулі көркем шығармалардың көбіне тән тағы бір негізгі қасиет - халықтардың достығы мен туысқандығын ту қылып көтеріп, оны өз шығармаларының арналы арқауы, өрісті өзегі етуінде жатыр.

Орайы келенде ерекше айта кетелік жәйт, екі халықтың кемел суреткерлері бір - бірінің өміріне ылғида тереңірек үңіліп, достық пен туысқандықты өздерінің көркем прозаларына негізгі тақырып етіп алып, оны кеңінен сипаттаған болатын. Нәтижеде, екі ел суреткерлері, Кеңес дәуірінде достық тақырыбының барлық бағдар - бағытын жете игерумен бірге, оның қоғамдық мәніне, атқаратын негізгі роліне жіті үңіліп, жан - жақты сипаттауға айрықша мән бере түсті. Сөйтіп, көркем әдебиеттің халықтық, қоғамдық маңызының өзекті бір бағыты болған - халықтар достығын өзіндік ерекшеліктерімен шынайы суреттеуге айрықша мән берді. Оны өз шығармаларының негізгі кредосына айландырды.

Өзбек, қазақ жазушылары да өзге ұлт қаламгерлері сияқты өз елінің тұрмыс - тіршілігін, тағдырын, еңбек адамдарының, тарихи тұлғаларының әсерлі бейнелерін тым тартымды, жан - жақты сипаттады. Әрі, туысқан халық өміріне де баса назар аударды. Сөйтіп, олардың тұрмыс - тіршілігімен дәстүрін, өмірін суреттейтін, достық туын аса жоғары дәріптейтін шығармалар жазып, көркем әдебиетке өздерінің сүбелі үлестерін қоса түскендіктерін де анық аңғарамыз.

Сондықтан да қазақ, өзбек қаламгерлері екі халық арасындағы достық пен туысқандықты, мызғымас бірлікті өздерінің көркем шығармаларына арналы арқау, өрісті өзек етті. Нәтижеде, адамдардың Отанға, елге, жерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімін, еңбектегі ерлігі мен мақсат - мұрат тұтастығын жан - жақты сипаттаған көркем шығармалар кең өріс ала түсті.

Рас, кезінде Кеңес халықтарының достығы мен туысқандығы Кеңес қаламгерлерінің ең қадірлі де, аса жауапты, қастерлі, тым қызық, әрі ең күрделі тақырыптарының бірі болатын. Сондықтан да әрбір суреткер халықтар достығы тақырыбына ерекше жауапкершілікпен қарап, әрі байыппен терең үңіліп, оның алуан сырлары мен тамаша қырларына ой көзін жан - жақты қадайтынды. Өздерінше салмақтай ой қорытып, достықтың ішкі - сыртқы мәні мен мағанасыны ерекше жауапкершілікпен қарайтын.

Сөйтіп, халықтар достығы тақырыбының терең сырларына жан - жақты еніп, онан соң ғана қағаз бетіне түсіретін - ді.

Кеңес дәуірінде - ақ үлкен әдебиетке айналған қазақ, өзбек әдебиетінің ауқымды жанры санатына қосылған көркем проза да, түбі бірге туысқан екі халықтың дәстүрлі достығы мен туысқандығы терең көрініс тапты. Әрі, бір - бірінің өмірі мен өзара қол жеткен табыстарын, ұл - қыздарының сом тұлғаларын кеңінен сипаттауға айрықша мән берген болатын. Сондықтан да екі халық достығы, ынтымақ - бірлігі екі ел әдебиетінде саралана сыр шертуі, жылдар өткен сайын кең өріс ала түскендігін жан - жақты байқау мүмкіндігіне ие боламыз..

Дегенмен, бар мәселе - өзбек, қазақ жазушыларының екі халық достығы мен туысқандығының қай қырына қалай және қаншалық жан - жақты үңіліп, бір - бірінің тұрмыс - тіршілігін қай дәрежеде, қалай игеріп, оны көркемдік шешіммен қалай сипаттап жатқандығында.

Егер өскелең екі әдебиеттің басып өтен жолына, даму тарихына жан - жақты, тереңірек үңілер болсақ, онда қазақ прозасында өзбек өмірі, өзбек ұл - қыздарының әсем бейнелері, екі халықтың дәстүрлі достығы мен туысқандығы, ал өзбек прозасында қазақ халқының тұрмыс - тіршілігі, өмірі, қазақ ұл - қыздарының сом тұлғалары XX - ғасырдың 30 - жылдарында - ақ көрініс таба бастағандығын байқау оншалық қиын емес.

Бұл әрине орынды құбылыс. Дегенмен, солай бола тұрса да, кейбір көркем шығармалар да екі халық достығы мен туысқандығының қыр - сыры оншалық тереңірек ашылмай, бір - бірінің өмірі жалаң, жадағай сипатталғандығын да анық аңғара түсеміз.

Бірақ олар да, екі халық достығын дәріптейінші, өмірін өз шығармама арналы арқау, өрісті өзек етейінші деген игі ниет пен ізгі мақсат бар. Сондықтан да, ол алғашқы адым болғандықтан оларға кешіріммен қарау да жөн секілді. Мәселен: XX - ғасырдың 30 жылдарында, яғни, Өзбекстан Жазушылар ұйымы жанында 1929 - 1938 жылдар аралығында қазақ жазушыларының бөлімі болған. Онда бір топ қазақ қаламгерлері, атап айтар болсаі - Өтебай Тұрманжанов, Рахымжан Отарбаев, Әбдәзім Сейітбеков, Пәрида Жантуғанова, Қалмахан Оспанов, Жолдасбек Бұғыбаев сияқты т. б. ақын - жазушылар бір жөн еселі еңбек еткен.

Міне олар өз шығармаларында Өзбекстанның әсем келбетін, тамаша табиғатын кеңрек сипаттаумен бірге, өзбек ұл - қыздарының бейнесін, қазақ -

өзбек халықтарының достығын, ынтымақ - бірлігін, туысқандығын жан - жақты суреттеуге мән берген. Бұл ретте Өтебай Тұрманжановтың “Тілші” атты публицистикалық шығармасы мен “Күміс қылыш” атты әңгімелер жинағын атай аламыз.

Сондай - ақ, 1935 жылы Ташкентте Қазақстан Республикасының 15 жылдық торқалы тойына тарту ретінде шығарылған “Социалды шашу” атты кітапқа енген қазақ ақын - жазушыларының өлеңдері мен әңгімелер жинағын атай аламыз.

Олар да әлі де пісіп жетілмегендік жан - жақты аңғарылумен бірге, достық тақырыбының шынайы сипаттары да терең, әрі барынша ауқымды өз шешімін шебер таба алмағандықтары да анық байқалады.

Олар да екі халықтың достық қарым - қатынасы мен туысқандық сезімдері, өзбек өмірінің сәтті көрінісінтері өз шешімін орында тапқан дей алмаймыз. Оның үстіне, олар да әлі де болса көркемдік көрініс, шынайы шешім сипаттары үстірт, тым жадағайлау екендігі де толық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Сондай - ақ, өзбек прозасында XX ғасырдың бірінші бес жылдығының ірі табысы саналған Түркістан - Сібір темір жолының 1930 жылы салынып бітуіне байланысты, өзбек әдебиетінің ірі тұлғасы Ғафур Ғұлам өзінің “Түркісібті біз құрдық және құра алдық”, “Қазақ даласының екі өрім айдарлы кекілі”, “Бұл қай жол?” деген сияқты т.б. очерк, әңгімелерін жазу мүмкіндігіне ие болды.

Сондай - ақ, аса талантты өзбек қаламгерлерінен Айбектің, Абдулла Қаххардың, Хамит Әлімжанның, Ғайратидің қазақ халқы, олардың өмірі, тірлік тыныстары жазылған ой түйіндерін де тілге аламыз.

Сөйтіп, екі ел прозасында бір - бірінің өмірін, тұрмыс - тіршілігін, әдет - ғұрпын жазу, өзара ұл - қыздарының бейнелерін суреттеу, сөйте отырып өзбек, қазақ халықтарының достығы мен туысқандығын дәріптеу, XX - ғасырдың 30 - жылдарында бастау алған болса, ол 60 - 70 - жылдары бір жөн кең өріс ала түскендігін байқаймыз.

Сөйтіп, қазақ, өзбек қаламгерлері бір - бірінің өмірі мен достық қарым - қатынастарын, ұл - қыздарының әсем тұлғаларын сипаттайтын туындылар жазып, екі халық достығын кеңінен дәріптей түсті. Ол көркем проза да айрықша кең көрініс тауып, ерекше серпінмен дами түскендігін айрықша аңғара түсеміз.

Оның үстіне, сол достық тақырыбына қалам тартқан қаламгерлеріміз оны жалаң ғана алып қоймай, оларды еңбек, күрес майдандарында қолды - қолға беріп, бірлесе күресе түскен - ынтымақ, бірлік негізінде сипаттағандығын да анық аңғарамыз. Мәселен: өзбек прозасында қазақ өмірі, қазақ ұл - қыздарының тамаша бейнелері, өзбек, қазақ халықтарының достығы мен туысқандығы Айбектің “Балалық”, Ғафур Ғұламның “Сұм бала” сияқты повестері мен Әділ Якубовтың “Ер басына күн туса”, Сүнатулла Анарбаевтің “Ақсай” романдарында шынайы шешімін тапқандығын байқаймыз.

Сондай - ақ, Әділ Якубовтың “Тау қызы”, “Жоғалған жұлдызым”, Нәсір Фазиловтың “Ағым”, “Құс канатымен”, Камил Икрамовтың “Керуен өтер із

іалар...“ секілді т.б. повестермен бірге, Сайд Ахмат, Хаким Назир, Сұнатулла Анарбаев, Ұшқын Назаров, Садулла Сияев сияқты т.б. өзбек прозаиктерінің очерк, әңгімелерінде жан - жақты сыр шерткен.

Ал, қазақ прозасында Сәбит Мұқановтың “Сырдария“, Ғабит Мүсреповтың “Қазақ солдаты“, Әбдхаміл Нұрпейісовтың “Күткен күн“, Зейін Шашкиннің “Тоқаш Бокин“, Асқар Тоқмағамбеовтың “Әке мен бала“ атты романдары мен Ғабиден Мұстафиннің “Көз көрген“ мемуарлық шығармасында, Ілияс Есенберлиннің “Қаһар“ атты тарихи романында, Жүсіпбек Арыстановтың “Жалынды жүрек“ повестінде жан - жақты көрініс тапқан.

Сондай - ақ, Өтебай Тұрманжанов, Ғабдол Сланов, Қалмахан Оспанов, Әбдіқадилов, Әнуар Әлімжанов сияқты т.б. қазақ жазушыларының көркем шығармаларында туысқан өзбек халқының тұрмыс - тіршілігі, өмірі, өзбек ұл - қыздарының сом бейнелері, қазақ, өзбек халықтарының дәстүрлі достығы мен туысқандығын арнайы тақырып етіп алмаса да, олардың мызғамас бірлігі өз көріністерін таба түскен.

Өзбек әдебиетінің аса көрнекті өкілі, қазақ қаламгерлерінің ең жақын досы Айбек өзінің 1963 жылы жарялаған “Балалық“ атты мемуарлық повестінде, 73 жыл жасап келмесе кеткен Кеңес өкіметіне дейінгі Орта Азия халықтарының, оның ішінде түбі бірге туысқан өзбек, қазақ халықтарының тұрмыс - тіршілігін кеңінен сипаттай отырып, туысқан қазақ халқы өміріне батыл барады. Екі халықтың өз бас бостандығы, өз азаттығы жолында бірлесе отырып күрескен еңбектегі ерлігі мен бірлігін арналы өзек етеді.

Аса таланты жазушы, әрі кең тынысты кемел ақын Айбек бұл повестінде өзінің балалық, жастық, албырттық шақтарын тілге тиек ете отырып, Қазығұрт маңындағы қазақ ауылын сөз етеді. Әсіресе, ауылдың әсем көріністері мен қазақ халқының тамаша дәстүрі, әдет - ғұрпы, той - жиындары аса қызықты, әрі кең, тым нанымды суреттеледі.

Рас, шығарманың бас кейіпкері тек жазушының өзі ғана емес, оның әке - шешесі, туған - туысқандары мен дос - жарандары, қоңсылары мен таныс білістері. Бір сөзбен айтқанда, бұқара халық. Ол жан - жақты көрініс табумен бірге, қазақ, өзбек халықтарының аралас - құралас жасап, ылғида бір - бірінен алыс - беріс жасап жатқан халық екендігін түрлі эпизодтарды өте орынды жеткізеді.

Шығармада Қаратау өңірін, Қазығұрт айналасын мекендеген қазақ бауырларының өмірін, тірлік тыныстарын кеңірек, мәндірек етіп сипаттауға айрықша көңіл бөлген.

Балаң жас бала Мұса, қазақ аулында болып жатқан той - жиындарға балалық көңілмен қызыға қарайды. Ақындар айтысын көріп, қыз - жігіттердің өзара әзіл - оспақтарын байқап, бәріне қызыға да, қылғына да қарайды.

Сондықтан да Айбектің бұл шығармасы - тек болашақ жазушының балалық, жастық шақтары ғана емес, ол Орта Азия халықтарының, оның ішінде

туысқан өзбек, қазақ халықтарының Қазан төңкерісі қарасаңындағы тұрмыс - тіршіліктері, азаттық, бас бостандық үшін күрестері жан – жақты ашыла түседі.

Өз повестінде қаламгер қазақ, өзбек халықтары достығының тарихи тамырларына ой көзін жан - жақты қадай отырып, ежелден - ақ іргелес, қоңсылас, тіптен, аралас - құралас отырған өзбек, қазақ халықтарының Қазан төңкерісіне дейінгі достығы мен туысқандығына ерекше мән берген. Бірақ, осы екі халықтың еркін араласуына, кейбір үстем тап иелерінің кей тұстарда мүмкіндік бермегендігін де, тарихи тұрғыдан аса нанымды етіп сипаттаған.

Сөйтіп, ұлы суреткер екі халықтың өткен өмірін, өздерінің бас бостандық алу жолындағы бірлесе отырып күресе білген ынтымақ - бірлігін арналы арқау ете білген. Өзбек, қазақ халықтарының достығы мен туысқандығының өміршеңдігіне ерекше мән берген. Ол - қазақ, өзбек қарттарының арасындағы достық қатынастарды сипаттау арқылы өте орынды аша білген.

Көркем повестің өн бойына арналы арқау, өрісті өзек болған: қаламгердің өзі - бала Мұса, апасы Карамат, достары - Әзам, Тұрғын, Ахмет, Хажы - бәрі өзіндік үні, өзіндік ерекшеліктерімен кең көрініс табады. Әрі, болашақ жазушының бабасы - Атақозы, атасы - Ташмұхамет сияқты т.б. лар қашаннан - ақ қазақ арасында жиы - жиы болып, олармен өз туыстарындай етене араласып кеткен жандар ретінде тілге алынады.

Бұл қаламгердің - өзбек, қазақ халықтары сан ғасырлардан бері аралас - құралас жасаған, негізінен олар - түбі бірге туысқан халық деген идеяны көрсету мақсатында аса сенімді сипаттаған тұстары деуге болады.

Повесттің екінші бөлімінде бала Мұса, апасы Караматтан ақын Машрап пен Физули ғазелдерін есітіп, көркем әдебиетке деген ынтықтығы, ықласы күн өткен сайын кең өріс ала түседі.

Міне бұлар - оның оқуға деген құмарлығын арттыра бастайды. Шығармада бала Мұса әр түрлі кәсіп иелерімен кездесу мүмкіндігіне ие болады. Бәріне де зейінді де зерделі Мұса қызыға, құмарта қарайды. Халық өкілдері оған игі әсер етіп, сезім пернесіне нұр себе түседі. Бала Мұса қайда болмасын, кіммен сұхбаттаспасын бәріне де балалық мейірмен, албырттық, жастық көңілмен құмарлана, тамылжи, тамсана қарайды. Бәрін оғи отырып, иланасың. Бала мінезіне елітіп, еріксіз еміренеміз. Балаша қуанып, тамсана түсеміз.

Оның үстіне бала Мұса, Қазығұрт маңындағы Жаңабазар елді мекенінде қазақтармен бірге жасап, біте қайнаса түскен атасы Ташмұхаметтің үйіне барып, ондағы қазақ ауылының әсем көріністерін көріп, құмарта қарауы шығармада әдемі шешімін тапқан. Ондағы қазақ адамдарының кең пейілділігі, қонақжайлылығы бала Мұсаға қатты ұнайды. Ақжарқын қазақ халқының ашық мінезі, дастарханда төгіліп жатқан бадана бас бауырсақтар, қымыз, қымыран, өзара қыз - жігіттердің әзіл - оспақтары, қақтығыстары - бала Мұсаны еріксіз еліттіре түседі. Нәтижеде, оның туысқан қазақ халқына деген құрметі мен ыстық илтифаты кең өріс ала бастайды.

Сөйтіп бала Мұса, Қазығұрт маңындағы қазақ ауылында болып, алғаш рет қазақ ауылының өмірімен жан - жақты танысады. Той - жиындарын өз көзімен көріп, жыршыларының толғау өлеңдерін естиді. Қыз - жігіттердің “Жүзік салды”, «Алты бақан» ойындарын көріп, ән - күйлерін есітіп, ақындар айтысын тыңдайды. Құйқылжыта тартылған күйлерді есітіп, ерекше серпіледі.

Әрі, қазақ жұртындағы байлар мен кедейлер арасындағы теңсіздікті, әділетсіздікті де аңарып, бай - манаптардың озбырлығына, зәбір - зұлымдығына іштей болса да налиды. Жарлы - жақыбайлардың халін аңғарып, оларға ашына назар аударады. Үстем тап иелерінің озбырлығына жиркене қарайды.

Суректер әр топ өкілдерін суреттеуде қазақ өмірін өз көзімен көріп, оны жақсы білгендіктен, тіптен үстеріне киген киімдеріне дейін, жүріс - тұрыстарына шейін, іс - әрекеттеріне дейін аса нанымды сипаттайды. Қазақ адамдарының бейнесін сипаттауда олардың ұлттық ерекшеліктеріне дейін айрықша мән береді.

Шығармада Қазығұрт бөктерін мекендеген қазақ ауылына атасы Ташмұхаметпен талай рет бірге барған бала Мұса, қазақ халқының тұрмыс - тіршілігімен, әдет - ғұрпымен кеңірек танысқандықтан, оны өзінің “Балалық” повестінде өте орынды, әрі сенімді етіп көрсете алған.

Туысқан қазақ халқының меймандостығына тәнті қалып, өзара қалжың - қақтығыстарына дән риза болады. Өзінің ең жақын досы Ағзаммен бірге жүріп, қазақ ауылында бірге болып, олардың той - жиындарын өз көздерімен көреді. Қазақтар оларды өз балаларындай құшақ жая қарсы алады. Ерекше ыстый ылас, үлкен бейіл білдіреді.

Сөйтіп, досы Ағзам мен бала Мұса қазақ адамдарының жас болса да, үлкен си - құрметтеріне бөленеді. Қымыз ішіп, талай қызықтарына батады. Ойын - сауық кештерін көріп, әнші, күйшілерін тыңдап, ақындарының жыр шумақтарын есітіп ерекше серпіледі.

Одан әрі көркем шығармада қазақ халқының көкпары, қыздар мен жігіттердің өзара қақтығыстары мен айтыстары, әр түрлі ойын - сауық кештері өз ерекшеліктерімен жан - жақты, әрі аса тартымды сыр шертеді.

Міне олардың бәріне екі жас бала Мұса мен Ағзам құмарта да, қызыға да қарайды. Олар мен бірге ән айтқысы да кеп кетеді. Сөйтіп, туысқан қазақ халқының барлық қызық - шыжығына жіті көңіл көзін қадай түседі.

Нәтижеде, жазушы Айбек қазақ халқының тұрмыс - тіршілігін, әдет - ғұрпын өздеріне тән өзіндік ерекшеліктерімен “Балалық” повестінде барынша тартымды, әрі сәтті жеткізе алады.

Онан соң повесте бала Мұса Ақмешіттегі бабасы Атақозының үйіне барып, ол жердегі қазақ халқының тұрмыс - тіршілігімен де танысады. Әсіресе олардың тағам тартулары, қазақ ақындарының тамаша әндері мен жыршы - жырауларының орындау махамдары - бала Мұсаны айрықша еліктіре тіседі. Оның сезім пернесін қытықтап, сауықшыл, думаншыл халықтың тамаша ойын кештері еліттіреді.

Оның үстіне, ол елдің әйел - қыздарының ер азаматтармен бірге, қатарласа отырып өзара қалжыңдасулары, ән - күй, терме тыңдаулары бала Мұсаға ерекше әсер етеді. Өйтені, өзбек халқында мұндай әдет Қазан төңкерісіне дейін болмаған жәйт. Бұған бала Мұса аң - таң болады.

Аса талантты суреткер өзінің “Балалық” атты мемуарлық повестінде жоғарыдағы штрихтарды сипаттау арқылы қазақ, өзбек халықтарының қашаннан - ақ бір - бірімен араласа өмір кешіп, той - жиындарда ылғида бас түйістіріп отырғандығын аңғартады. Әрі олардың бір - бірінің рухани байлықтарын тел еміп, тел сусындап отырған халық деген идеяны алға тартады.

Оның үстіне, бала Мұса қазақ шопандары арасында да болады. Олардың тұрмысымен де танысады. Олардан талай - талай қызықты аңыз - әңгімелер естиді. Міне олардың бәріне балалық, албырттық бейілмен емірене, елти тыңдайды.

Қорыта айтқанда, кең тынысты кемел суреткер Айбек, өзінің “Балалық” атты көркем повестінде өзбек, қазақ халықтарының достығы мен туысқандығын, тарихи тамырластығы мен өзара бір - біріне деген қадір құрметін әдемі жеткізе білген. Тіптен, өзара бір - біріне ыстық илтифаттары мен аралас - құралас жасаған түбі бірге туысқан халық екендігінің де мәні әдемі ашылған. Әрі олардың мүдде бірлігі мен мақсат - мұрат тұтастығы да өзінің шынайы шешімін таба түскен.

Рас, Айбек өзінің бұл повестін қаламгер ретінде әбден жетілген кезінде жазу мүмкіндігіне ие болды. Балалық, жастық шақтарында қазақ арасында болып, олардан көрген - білгендерін, көкейге түйгендерін сұрыптап, ең қажетті дегендерін ғана сұрыптап қағаз бетіне түсірген.

Бұл әрине, оның қазақ еліне жиы - жиы барып, олардың ірі жазушыларымен достық қарым - қатынаста болуы, әсіресе, Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтай ұлы тұлға мен шынайы дос болуы, оның қазақ тақырыбына батыл барып, оны шынайы сипаттауына аса мол мүмкіндіктер берген деуге болады.

Оның үстіне, қазақ халқының сөз саптауын, қыздар мен жігіттердің өзара қалжың, әзіл - оспақтарын, сөйлеу ерекшеліктерін де өз шығармасында дөп басып, әдемі жеткізе білген.

Шығарманың уақиғасы аса қызық, тілі тартымды. Салған жерден - ақ өз жетегіне үйіре тартып, барған сайын ынтықтыра түседі. Әрі, қазақ ауыз әдебиеті үлгілері, қыз - жігіттер қалжыңдары, қақтығыстары, ақындар айтысы мен әнші, термешілер орындауы, адамдардың сыртты тұлғалары мен келбеті, тірлік - тыныстары - бәрі өз жетегіне үйіре түседі. Әрі, ауыл көріністері, ауыл адамдарының тұрмыс - тіршіліктері, әсем табиғаттың сырлы дүниелері шығармада тым тартымды көрініс тапқан.

Сондай - ақ, аса талантты қазақ қаламгері Асқар Тоқмағамбетов өзінің 1961 жылы бастырып шығарған “Әке мен бала” атты романын негізінен 1916 жылғы ұлт - азаттық көтерілісі кезінен бастайды.

Сөйтіп онда Қазан төңкерісі мен Азамат сағысы жылдарындағы қазақ, өзбек халықтарының бір - біріне деген достық, туысқандық қарым - қатынастарын арналы арқау, өрісті өзек етеді.

Романның өн бойына арналы арқау, өрісті өзек болған жәйт - бір жанұяның тағдыр, тауқыметі. Көрген ауыр да аянышты тағдырлары. Олардың күрес жолдары. Қазан төңкерісі мен Азамат соғысы жылдарындағы трагедиялық тағдырлары.

Рас, қазақ әдебиеті тарихында ірі ақын, аса тамаша сатрик ретінде танылған Асқар Тоқмағамбетов, өзінің “Әке мен бала” романымен шын мәніндегі аса талантты прозаик екендігін де жан - жақты аңғарта түсті.

Бұл шығармасында қаламгер, 73 жыл жасап, кемеске кеткен Кеңес өкіметін орнату жолындағы еңбек адамдарының ерлігі мен күрес жолдары өз шешімін тапқан.

Романда қазақ, өзбек адамдарының бір - біріне деген қамқорлығы мен өзара достығы, туысқандық сезімдері жан - жақты көрініс таққан. Өйткені шығармада орыс, қазақ, өзбек адамдары, т.б. ұлт өкілдері Кеңес өкіметін орнату жолында қолды - қолға беріп, ынтымақ, бірлік негізінде еселі еңбек еткен сырлары өзінің шынайы шешімін таба түскен.

Орта Азияны басмашылар мен бай - манаптардан азат ету жолындағы, қарапайым еңбек адамдарының достық қарым - қатынасы, ынтымақ, бірлігі шығармада аса кең, әрі нанымды көрініс тапқан.

Романда өзбек, қазақ, орыс ұлт өкілдерінің бір ту астында топтасып, достық пен туысқандық туын тым биікке кетергендігін жан - жақты аша түскен. Оның үстіне, шығармада ескі заманның ұсқынсыз, жиркенішті іс - әрекеттері мен байлардың озбырлығы, діндер - тақуалардың алаяқтық істері ерекше шеберлікпен аса нанымды, көкейге қонымды суреттелген.

Ескі заман тепкісінде, Жайымбай сияқты озбыр байдың есігінде жүрген Аманжол, романның соңында күрес үстінде ұлғайып, есейіп, саналы қайраткер дәрежесіне көтеріледі. Ол романда бірте - бірте дамып, күрес үстінде қалыптасып, азамат ретінде танылады. Жазушы оны өсу, есею, ілгерілеу процесінде алып, қоғам қайраткері дәрежесіне көтереді.

Жастайынан - ақ қатыгез бай Жайымбайдың есігінде жүріп, оның зорлық - зомбылығын, озбырлығын көп көреді. Байдың азабына шыдамаған Аманжол, әйелі Қадияшаны ертіп, баласы Меңдіқараны арқалып түн ауа жолға қашып шығады. Бай есігінде көп азап шегіп, аузына титтей де ақ тимеген Аманжол, ылғида байдың ұрып - соғуы, жеку, нықыртудан құтылу мақсатында, ол басының ауған жағына бармақшы болып, бай үйінен қашып шығады. Бар мақсаты - бай тепкісінен, ауыр азабынан құтылу.

Амал не, түн ауа ышқына соққан долы жел, оларды барынша діңкелете түседі. Қапқара қара түнек. Біреуді - біреу көріп болмайды. Долой желдің екпіні Қадияшаны домалатып, бір шұңқырға жасырып та үлгереді. Түн, ай қараңғы,

әбден сарсыла іздеп, таба алмайды. Шарасыздан баласы Меңдіқараны арқалаған бойы Шәуілдір станциясына таң қылаң бере әрең жетеді.

Әбден арып ашқан, қалжыраған Аманжол Шәуілдір станциясында рахымшыл орыс командирі - Андрейді кездестіреді. Соның көмегімен поездға мініп, Ташкент қаласына қарай бет түзеді. Андрей оған қайрыла қарап: “Сен бір мүсәпір жігіт екенсің. Оның үстіне балаң бар екен. Әсіресе, балаңа рахымым келіп тұр. Мен сені алып кетейін. Ташкентке жеткізейін” - дейді де, Аманжол баласы Меңдіқараның маңдайынан сипап: “Ей, малай, сенің де күнің туып келе жатыр” - деп, нанды ұсынады”, - деген ойды алға тартады.

Міне бұл штрихтан біз, кейбір қайырымды орыс адамдарының азаматтық тұлғасын анық аңғарумен бірге, енді ғана оянып келе жатқан жаңа дүниенің, жарқын болшақтың тамаша лебін анық аңғара түскендей боламыз.

Рас, күні кешегі Кеңестік дәуірде көркем әдебиетімізде көрініс табатын орыс адамдарының бейнесі ылғида жақсы жақтарымен сипатталумен бірге, олар үнемі ақылшы, қамқоршы болып сыр шертетін - ді. Міне бұдан қаламгер Асқар Тоқмағамбетовта сырт қала алмаған. Бұл - дәуірдің, замананың лебі болатын.

Жазушы жас шағында Ташкентте быраз оқып, осында болғандықтан өзбек халқы өмірін, тірлік - тыныстарын жақсы білгендіктен, оны өзінің “Әке мен бала” романында өнімді пайдалана алған. Нәтижеде, өзбек адамдарының тыныс - тіршілігін, әсем байнелерін де барынша айқын, әрі сенімді сипаттаған. Мәселен қаламгер Ташкент қаласындағы “Ескі жуа” көрінісін: “Таңертең шыққан ол күн батардың алдында ескі қалаға әрең жетті. Әсіресе, бір үй аулындағы Сикымбайдың үйінен айнымайды. Сикымбайдың үйінен жаңбыр суы тамшылап, шеті жырымданып, жабуы ауған түйедей қамысы бір жағына салбырап, терезенің түбінен жарылған болатын. Мынау үй де айнымаған сол. Егер Ташкентте болмай жақынрақ жерде болса “көшіріп әкеп қондыра саған ба?” деуге де болар еді. Осы сықылды мыжырайған үй Аманжолға өз аулының үйлеріндей “кішіпейілді” меймандос көрінді (50 - бет), - деп сипаттау арқылы, қазақ, өзбек халқының жарлы - жақыбайларының тірлік - тыныстары бір - бірімен үндес, сарындас екендігінің сырларын әдемі аша түскен.

Әрі, онда ілгеріден - ақ іргелесе, кей ретте араласа отырған қазақ, өзбек халықтарының тағдырлары да бір - біріне тым жақын екендігін аңғартумен бірге, қарапайым еңбек адамдарының Қазан төңкерісіне дейінгі аянышты халдерінен де хабар бере түскендей.

Міне сөйтіп, әрең Ташкентке жеткен Аманжол, өз баласы Меңдіқарасын көтерген бойда, әйтеуір сандалып жүріп, бір ишанның үйіне тап болады. Аш, жалаңаш поездан түскен Аманжол, ешкімнен рұхсат сұрамастан - ақ ишан үйіне кіре бергенде әйелі оны жолатпайды. Ишанның өзі де оны жақтырмаған бейілмен асасын ала ұмтылады.

Міне осы көріністер арқылы суреткер өзбек дін иелерінің де бет пердесін тым әдемі аша білген. Одан әрі Аманжол әбден қалжырап, бесін төмен түсе өзбек шайханасына арып - ашып әрең жетеді. Жазушы шайханашының кескін -

келбетін: “Құтты тұтқасы жоқ құмандай, басы сопайған біреу жалақтап жетіп келді.

- Ака, сізга нима керак?, - деп бәйек болды да қалды. “Құйып іш керек болса“ дегеннен басқа есітпеген Аманжол қапалақтап сасып қалды.

- Битта, шай берайин ми?, - деп шақшия қалып еді, Аманжол:

- Берсең бер.... Ой бәрекелді, сөйте ғой, - дегенше - ақ, шайханашы Аманжолға... бір. шайнек шай, екі күлше, бір түйір қантты қосарына алып, әлігі жігіт жетіп келді“ (51 - бет), - деп суреттейді.

Жазушы Асқар Тоқмағамбетов өзбек өмірін жетік білгендіктен сауда - саттықпен шұғылданған шайханашының сыртқы пішін тұлғасы мен іс - әрекеттерін өте әдемі бере алған. Оқып отырып еріксіз езу тартасыз. Тіптен қаламгер туысқан өзбек халқының өмірін, тұрмыс - тіршілігін, әдет - ғұрпын өз романында өнімді пайдалана білген. Мәселен: Шайханада отыран өзбек адамдарының келбетін: “Омыраулары ашық, жадағай жағалы, ала шапанды кісілер бір патынос пен бір шәйнек шайды ортасына алып, бір кесемен айландыра қыдыртып шай ішіп отыр. Кесе айналып келгенше, басқасының нағып шыдап отырғанына Аманжол таң қалып отырса, бір кесе ішкенше Аманжол екі шайнек тауысіанына таң қалып отыр“ - дей келіп, одан әрі: “Жастау бір жігіт мойны құлаш дутарын шала бастаса, ала шапанды жібек шалған шаршы орамалды беліне байлаған бір жас жігіт қосыла әшула айтады. Бәрі мәз болып қолын шапалақтап, сауық құрады“ - деп, шайханада отырған өзбек адамдарының келбетін, тыныс - тіршіліктерін орынды аша түседі.

Міне бұлардың барлығына дала перзенті Аманжол таңырқап та таңданып қарайды. Өзбек шайханашысының құрметіне бөленіп, одан дән риза бола бастайды. Тамаіа әбден тойнып, аздап көңілі жайланғаннан соң енді тынығатын жер, жататын үйді ойластыра бастайды.

Аздап дем алып, тынығып алғаннан соң, тысқа шығады да бір қанша молда, ишан, саудагерлердің есігін қағады. Бірақ, олардың бірде - бірінен сәт таппайды. Оның ешқайсысы Аманжолдың маңдайын сылай қоймайды.

Бұл арқылы жазушы, жалпы үстем тап иелерімен діндарлардан, саудагерлерден рахым күту мүмкін емес деген идеяны алға тартады.

Ақыры әбден шаршап, қалжыраған Аманжол баласы Меңдіқарасын арқалап, бір жарлы өзбек шал - кемпірдің үйіне барып, сондан ғана баспана табады. Олар да қырма кедей, әбден күйзелген, үй тұрмысы жұбыны жандар болады.

Ол үйде бес - алты күн болып, быраз тынығып алған соң Аманжол, енді өзіне қолайлы жұмыс іздестіре бастайды. Нәтижеде, бау - бақшасы бар үлкен бір өзбек байы Жорабайдың қолына барып жұмысқа кіреді.

Жорабай барынша әккі, алаяқ, сұм бай болады. Ол ойдан, қырдан келген жарлы - жақыбайларды жұмыс істетіп, ісі бітер қарсаңында олардың қылған жұмыстарын жақтырмаған болып, олардың бірде - біріне ақы төлемейтін озбыр бай болады.

Қаламгер ол байдың бейнесін: “Жорабай бір қарына желең шапанын көлденең алып, көк салылаған шолақ ауыз кебісін қолына алып, жалаң аяқ жүріп келеді. Балағын тізесіне дейін түріп алған. Ол аяғының шөп жырып қанағанына көп қиналмайды, киімінің бір жері жыртылғанына әкесі өлгендей қайғыратын. Ол басындағы ала тақияны кигелі бес жылдан асса да әлі тоздырмаған. Тек айналасы кірмен батасып, сиып алып тұр. Онан басқа қыры да сынған жоқ. Оның кебісін кигенінен қолына ұстап жүруі көп болды. Өңірі ашық ақ көйлектің киілгеніне де аз жыл болмаған сияқты. Көкірегінің жүні бұйраланып, көкшолаң тартып, тамағының астымен барып, сақалына ұштасқан. Беліндегі кестелі орамалдың түйген жері ғана көрінген. Оның ақша салатын қалтасы осы орамалдың ұшы. Сол түйіншекті мықтап ұстап, ыңылдап әшула айтады“ (58 - бет) деп, шық бермес Шығайбай сияқты дүние қоңыз өзбек байының келбетін өте шабер жеткізе алған.

Оқып отырып жазушы Асқар Тоқмағамбетовтың шебер суреткерлігіне дән риза боламыз. Өзбек байының қимыл - іс - әрекеттерін әдемі жеткізе білген. Байдың сараңдығы мен дүниеіоңыздығына әбден иланамыз. Әрі ол барынша қатал, дүниеден басқа ойланары жоқ, барынша пасық бай ретіндесипатталған.

Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Шәуілдірден келген Аманжол, бұрын - соңды мақта шаруашылығын көрмеген. Байдың мақталы егістік жерін шауып, оның отын шабудың орнына, мақтасы қайсы, арам шөбі қайсы екенін ажырата алмай, бәрін шауып тастайды. Байдан сөз есітіп, таяқ та жейді. Бұрын кетпен шаппаған аңқау Аманжол, мақтаның арам шөбін ажырата алмағандықтан бір шетінен арам шөбін де, мақтасын да шаба түсіп, егістік жердің берекесін алады. Бұл да шындық.

“Әке мен бала“ романын оқи отырып, еріксіз езу тартамыз. Күні бойы сарсыла еңбек етіп, әбден шаршап жұмыс істеген Аманжолға Жорабай, оның еңбек ақысын бермейды. Қайта, «жұмыстың көзін білмейсің. Мақтаны құрттың» - деп, көп азап береді.

Романда Шәуілдір станциясына жете алмай, қапқара алай - түлей соққан дауылдың салдарынан адасып қалған Қадияша да өз ауылына қайта барып, бір байдың отынан кіріп, күлінен шығады. Сонда да оның маңдайынан сылайтын бір жан табылмайды. Тек, Қазан төңкерісі орнаған соң ғана, нұрлы да арайлы таң атып, жарлы - жақыбайларға бостандық туы желбірей бастайды.

Сөйтіп, кедей кепшіктердің күні туып, жаңа өмір, жарқын болашақ кең өріс ала түседі. Содан Аманжол да Қазан төңкерісіне белсене қатысып, жас Кеңес өкіметін құруға ат салысады. Баласы Меңдіқарасын Ташкенттегі балалар үйіне тапсырады да, қызыл армия қатаында болып, Кеңес өкіметін орнату жұмысымен шұғылданады.

Сөйтіп, Қазан төңкерісінің нұрлы таңы атқан соң, оның сәулетті шапағаты кедей - кепшік, жарлы - жақыбайларға бостандық туын көтеріп, өз соңына ілестіріп, оларды тікелей күреске шарлай бастайды.

Нәтижеде, Аманжол Кеңес өкіметін орнатуға тікелей атсалысып, қызыл әскерлер сафында болып, баспашылармен күреседі. Баласы Мендіқара ержетіп, әбден есейіп облыс әкімі болады. Адасып қалған әйелі Қадиша да Шәуілдірдегі ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы болады.

Қорыта айтқанда, Асқар Тоқмағамбетов өзінің “Әке мен бала” атты романында қарапайым еңбек адамдарының, бұртана халықтың ежелден - ақ мақсат - мұраты, асқақ армандары бір екендігін әдемі аңғартады. Әрі олардың бір - бірімен достасуына адамгершілік қасиет - сезімдерімен қоса, тарихи жағдай, қоғамдық - әлеуметтік мәселелер де басты себеп болатындығында анық аңғартқандай.

Көркем шығарма соңында түрлі ұлт өкілдері, оның ішінде өзбектер мен қазақтар бірлесе тізе қоса отырып, өздерінің бас бостандықтарын алып, азаттық айқасына шығып, түпкілікті жеңіске жетеді. Ол жеңіс - тек бірлік пен ынтымақтың, бауырластықтың нәтижесінде ғана іске асады.

Сондай - ақ, белгілі өзбек қаламгері Камил Икрамов өзінің “Керуен өтер із қалар” повестінде, өзбек халқының ардагер азаматы Миркамил Миршариповтың Қазан төңкерісі жылдарындағы ерлік күрестерін сипаттайды. Әрі онда басмашылармен болған қақтығыстары орыс, өзбек, қазақ, түрікмен секілді түрлі ұлт өкілдерінің бірлесе отырып күресуі нәтижесінде жеңіске жетеді.

Сөйтіп, Орта Азия өңірін басмашылардан тазарту мүмкіндігіне ие болады. Онда өзбек, қазақ, орыс халықтарының Қазан төңкерісі жалдарындағы ынтымақ - бірлігі, достық қарым - қатынастары өзінің шынайы шешімін таба түседі.

Әрі қазақ жазушысы Жүсіпбек Арыстановтың 1961 жылы жарық көрген “Жалынды жүрек” атты повестінде жарық жұлдыздай жарқ еткен ұлы тұлға - Ғани Мұратбаевтің ерлік күрестерін арналы арқау, өрісті өзек еткен. Оның өмірі мен қоғамдық - әлеуметтік қызметтерін негізге ала отырып, Ташкентте болған кездерін, өзбек бауырларымен бірге болған сәттерін сипаттай отырып, оның Кеңес өкіметін құру жолындағы ерлік істерін арналы арқау етеді.

Сырттай қарағанда Камил Икрамовтың “Керуен өтер із қалар” повесті мен Жүсіпбек Арыстановтың “Жалынды жүрек” повесті бір - бірімен тақырыптық жағынан сарындас, үндес болып келгенімен, оны көркемдік жолмен шешулері басқа - басқа. Бірақ, екеуінде сыр шерткен оқиғалар да бір келкі, жас Кеңес үкіметін құрудағы Орта Азия мен қазақ жастарының біріге отырып күрескен күрес жолдары өздерінің сәтті шешімдерін тапқан.

Әрі, екі шығарманың да бас кейіпкерлері, бірі - қазақ, ал екіншісі - өзбек болып келеді де, Қазан төңкерісі жылдарында олар түрлі ұлт өкілдерінің басын қосып, азаттық, теңдек үшін күреседі. Жас Кеңес елін құру жолында жанаямай қызмет етеді. Түрлі ұлт өкілдерін бір ту астына біріктіріп, Кеңес өкіметінің қас дұшпандарына, бай - манаптарға, басмашыларға қарсы күреседі. Олардың бар маисат - мұраты - Кеңес өкіметін орнату. Халыққа теңдік, бас бостандық алып беру.

Сөйтіп, бұл екі шығарманың көтерген негізгі мәселесі бір, айтайын деген ойы сарындас, негізгі идеясы біргелік болғанымен, тақырыпты игеру, оны шешу, образдарды сомдау, характерлерін ашу мәселелері әр қилы. Көркемдік тәсілдері де түрліше.

Әрі, олар да өмірдің әр түрлі қыры мен сырына үңілу процестері, күрес - тартыстарды сипаттау әдістері, түрлі қақтығыстарды сипаттау жолдары түрліше. Тақырыпты қаламгерлік шеберлікпен игеру жайы да өзгеше. Әрбірінде өзіндік ізденіс, өзіндік тәсіл, оқиға құру шеберліктері басқа - басқа екендігін анық аңғарамыз.

Мәселен: қазақ қаламгері Жүсіпбек Арыстановтың “Жалынды жүрек” повесі негізінен үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде бас қаһарман Ғани Мұратбаевтің жастық, албырттық, балалық шақтарын негізге ала отырып, оның Ташкентке келіп комсомол ұйымында атқалған қызметтері сөз болады. Ал екінші бөлімінде оны Орта Азия мен Қазақстан комсомолдарының басшысы, аса көрнекті қолбасшысы ретінде танимиз да, үлкен бір күрескерлік дәрежесін анық аңғарамыз.

Сондай - ақ, повестің үшінші бөлімінде, Кеңес үкіметі тұсындағы бүкіл Шығыс жастарының көсемі ретінде көреміз. Ол күрес, тартыс барысында өсіп, ұлғайып отырады. Жазушы Ғани Мұратбаевті бұлай өсу, есею эволюциясымен ілгері дамыта отырып, оның жас Кеңес үкіметін құру жолындағы басмашылар мен болған күрестерін әдемі жеткізеді. Қаламгердің ойы оралымды, оқиға желісі тым қызық, әрі олар көкейге қонымды сипатталады. Ылғида Ғани Мұратбаевті өсу, ұлғаю, есейу үстінде көреміз.

Повестегі көз тартып, көңілге ұялай түсетін тағы бір ерекшелік, сонау Қызылордадан Ташкентке келген Ғани Мұратбаев шығармада жеке - дара алынбай, ол ылғида Орта Азия жастарымен бірге, күрес үстінде көрінеді. Өзбек, тәжік, қырғыз, қазақ жастарының басшысы, бірден - бір ұйтқысы ретінде көрініс табады. Сөйтіп, Оратөбедегі басмашылармен болған күрес майдандарында ерекше көзге түседі.

Әрі шығармада Орта Азия жастарының ынтымақ - бірлігі, достығы, комсомолдық қызметтері де жалаң баяндалмай, ол сол жылдардағы тарихи оқиғалармен, дәуір шындығымен астастырыла, тағыз байланыста алынады. Орта Азия жастарының басшысы ретінде Ғани Мұратбаев түрлі жиындар мен күрес тартыстарға қатынасып, өзінің барынша алғыр ойлы, тым зерек - зейінділігімен көзге түседі. Ел қамын, халық мүддесін көздейтін, нағыз асыл ойлы азаматтық тұлғасы көз алдымызға киліге түседі.

Аса сезімтал да алғыр ойлы, тым зейінді, аса зерделі Ғани Мұратбаевті 1916 жылғы ұлт - азаттық қозғалысы, 1917 жылғы Қазан төңкерісі тез оятып, санасын сан жақа жүгіртеді. Жаңа да жас Кеңес өкіметін құру, оны тіктеу жолдарында жасаған ерлік күрестері өте сенімді көрініс тапқан.

Тіптен, ескілік пен жаңалық арасындағы қайшылықтарды тез аңғара түседі де, тап теңсіздігін жан - жақты түсіне бастайды. Нәтижеде ол, темір жолшы

Иван мен Зарқұмға қосылып, олардың Қазан төңкерісіндегі әрекеттеріне, күрестеріне бірге қатынасады. Тіптен, Қызылорда өңіріндегі Қазалыда да Кеңес өкіметін орнату ісіне де ат салысады.

Оның үстіне, ескі дүние өкілдері, дүниепарас Ақпанбай болыстың баласы Мақанмен, Ғани бай көпестің баласы Нығматулламен, Сүтемген байдың “болмай кеткен мырза” баласы Сыздықпен бетпе - бет келіп, жаңа да жас Кеңес өкіметін құру жолында күреседі.

Міне, осы бір эпизодтар көркем шығармада ерекше құлпыра көрініс табумен бірге, ол оқырман жұртшылықты өз жетегіне үйіре түседі. Яғнай, білімін көтеру мақсатымен Ташкентке келген Ғани Мұратбаев, рухани дүниесін нәрлендірумен бірге, Орта Азия мен Қазақстан жастарының басын қосып, өзінің азаматтық болмыс - бітімін, кең тынысты кемел азаматтығын әдемі танытады. Сөйтіп, Түркістан өңірінде Кеңес өкіметін орнату жолында ерен еңбек етеді.

Ғани Мұратбаев алғаш Ташкентке келген беттен - ақ білімін жетілдіре түсіп, сана - сезімі ояна бастайды. Азамат ретінде іалыптаса бастайды. Қазан төңкерісінің негізгі сырларын жан - жақты түсіне бастайды да, Кеңес өкіметіне адал беріліп, комсомолды қызметін барынша адал атқарды. Оның Әбдікәрім Ақбаев, Садықбек Сапарбеков, Камал Алимов, Николай Фикин, Сәуле Ақылбаева, Мария Кулакова сияқты т.б. қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен сияқты т.б. ұлт жастарымен бірге қызметтес болуы, оны ерекше серпілтеді.

Қаламгер Ғани Мұратбаевтің ең жақын досы, бірден - бір сырласы ретінде өзбек жігіті - Камал Алимовты алады. Олардың достық қарым - қатынасында - мүдде бірлігі, мақсат - мқрат тұтастығы анық аңғарылады. Бұл екі жастың достық байланысын сипаттау арқылы жазушы қазақ, өзбек халықтары достығымен туысқандығының өміршендігін аңғартады.

Повесте А.Першин, В.Войтенцев сияқты азаматтар Ғани Мұратбаев басталан жастарға ақыл айтушы, кеңес берушы, жол - жорық көрсетуші ретінде сипатталады. Кезінде, Кеңес дәуірінде ылғида орыс адамдары түрлі ұлт өкілдеріне ақылшы, қамқоршы ретінде көрініс тбатынды. Міне бұл дәстүр Жүсіпбек Арыстановтың “Жалынды жүрек” повестінде өзінің солай шешімін тапқан. Сөйтіп шығармада орыс адамдарының ағалық қамқорлығы, басшылық ролы, туысқан халық өкілдеріне деген ыстық илтифаты жан - жақты саралана сыр шерткен.

Міне осындай халықтардың достығы, ынтымаі - бірлігі негізінде, ұлы достықтың арқасында Ғани Мұратбаев жастаған жастар “Осипов бүлігін” жоюға, Кеңес өкіметін орнатуға ат салысады. Шымкент түбінде болған қақтығыстарға қатысып, жеңістерге жетеді. Әрі олар, халық арасынан азық - түлік жинау ісіне де араласып, өздерінің қажырлы - қайраттылығын да жан - жақты аңғартады.

Әсіресе, Кеңес өкіметі кезінде алғаш шақырылған жастардың бірінші Құрылтайы аяқталысымен - ақ, Түркістан өлкесінің жастары Николай, Ғани Мұратбаев, Камал Алимов, Садықбек Сапарбеков, Сәуле Ақылбаева сияқты т.б.

кеуделерінде жаңа өмірге, жарқын болашаққа деген сезім нұрлары қайнағандықтан, өз істеріне барынша адал беріліп, Кеңес өкіметін тіктей түсу ісіне адал қызмет атқарады.

Сөйтіп олар, ауыл мен қалалар да, қыстақтар мен селолар да жастар ұйымын құрып, олардың бөлімдерін ашады. Әрі олар, кейбір дін иелерінің арамзалық іс - әрекеттерімен пәрәнжіге, қалың малға қарсы тұра бастайды. Жас қыздардың бас бостандығына ерекше мән беріп, бай - манаптардың зорлық - зомбылығына тікелей қарсы шығады. Оларға үлкен тойтарыс бере бастайды.

Әрине олар, бұл іс - әрекеттерін жүзеге асыруда көптеген қиыншылықтарға да тап болады. Бірақ одан олар титтей де налымайды. Кейде, қалжырап әбден қиналады да. Міне бұлар шығармады орынды көрініс табумен бірге, оқырман жұртшылығы өз жетегіне үйіре түседі.

Шығарманың оқиғасы тым қызық, салған жертен - ақ оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі. Тілі де тартымды, аса жеңіл оқылады.

Сөйтіп шығармада пәрәнжі мен қалың малды жоюда, кейбір дін иелерінің келеңсіздіктеріне қарсы шығып, басмашылармен шайқасуда Ғани мен Камалдың, Әбдікәрім мен Абдуллажан Янгибоевтің, Садақбек Сапарбаевтің еселі еңбектері мен қажырлы күрестері аса тартымды, әрі барынша ауқымды сипатталған. Мәселен: повесте бірінші болып өзбек жігіті - Абдуллажан Янгибоев өзінің сүйген қызы - Гүлназдың пәрәнжісін алдыру мүмкіндігіне ие болады.

Оның үстіне повестің бас қаһарманы - Ғани Мұратбаев қайда жүрсе де, қандай күрес - тартыстарға қатсса да өзінің барынша адал да алғырлығымен даралана көзге түсіп, өз достары арасында оі бойы озық екендігінде анық аңғартады. Ол өзінің іс - әрекетімен де, адамдармен болған қарым - қатынасымен де өзінің азаматтық, кісілік келбетін әдемі танытады. Ол үнемі достық туын биік ұстап, өзінің өзбек, орыс, тәжік, түрікмен жастары арасында даралана көзге түсіп, өз шоқтығын биіктен көрсетеді. Әсіресе оларды ынтымақ, бірлікке үндеп, достық пен туысқандықтың бірден - бір жанашырына айналыды.

Тіптен ол, Орта Азия жастарын Кеңес өкіметін орнату ісіне үндеп, жаңа дүниенің, жарқын болашақтың жаршысы болуына үнемі бағыт - бағдарлар, жол сілтеп отырады. Оларға тікелей басшылыи жасап, өзінің кемелділік тұлғасын жан - жақты байқатады. Сөйтіп, түрлі ұлт өкілдерінің басын қосып, оларды Казан төңкерісіне жұмылдырады.

Сондықтан да, Ғани Мұратбаевті өз маңындағы өзбек, тәжік, қырғыз, ұйғыр, түрікмен жастары ерекше қадір тұтып, құрметтейді.

Расында да, Жүсіпбек Арыстановтың “Жалынды жүрек” повестінің өн бойына арналы өзек, бірден - бір ауымды тыныс болған халықтар достығы идеясы, пролетарлық интернационализм тынысымен астасып, ол аса тартымды тілмен тамаша өрнектеле түскен.

Оқиғаларының шынайылығы мен шыншылдығы барған сайын қоюлана дамып, кең өріс ала бастайды. Көркем шығармадағы орыс, қазақ, өзбек, қырғыз,

тәжік сияқты түрлі ұлт жастары бір - біріне адал берілген, ыстық - суықты бірге бөліскен, бір - біріне аса қамқор жастар ретінде сыр шертеді. Әсіресе, олардың бір - біріне берілген шынайы достығы мен туысқандығы, Кеңес өкіметін орнату жолындағы бірлесе күрескен жолдарынан анық аңғарылады.

Жүсіпбек Арыстанов XX - ғасырдың 20 - жылдарында өзбек өңірінде болғандықтан өз шығармасында туысқан өзбек халқының өмірін, тұрыс - тіршілігін, қалалары мен селоларын өзіндік ерекшеліктерімен сәтті сипаттай алған. Тіптен, Абдуллажан, Камал, Абдукарим сияқты т.б. өзбек жастарының бейнесін де аса тартымды, ерекше сүйіспеншілікпен көрсете алған. Өзбек халқының тұрмысын, әдет - ғұрпын, өзбек адамдарының бейнелерін орынды көрсеткен.

Орайы келгенде ерекше тілге ала кетерлік жәйт, қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары - Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты т.б. қазақ қаламгерлерінің шығармаларын өзбек тіліне аударып, оларды туысқан өзбек халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырып жүрген өзбек қаламгерлерінің бірі - Нәсір Фазилов.

Ол өзінің 1962 жылы бастырып шығарған “Ағым” атты повестінде өзбек, қазақ халықтарының достық қарым - қатынасын, өзара тусқандық сезімдерін, бір - біріне деген қамқорлығын арналы арқау еткен. Онда, XX - ғасырдың 30 - жылдарындағы қолхоздастыру кезеңін негізе ала отырып, қазақ, өзбек халықтарының достығын жан - жақты, әрі аса ауқымды сипаттаған.

Шығармада Түркістан өлкесін қолхоздастыру кезіндегі көрініс берген көп қиыншылықтар мен қарапайым еңбек адамдарының бірлігі мен тіршілік тыныстарындағы достығы, өзара өзбек, қазақ халықтарының бір - біріне деген туысқандық сезімдері шынайы сипат алумен бірге, оларға тікелей қарсы болған бай - манаптардың, үстем тап иелері - жонжарлардың зұлымдық іс - әрекеттері өзінің шынайы шешімін тапқан.

Повесте күн өткен сайын күні бітіп, алды буалдыр тарта бастаған Хайдар бай мен Самандар шатақ, қазақ байлары болған Балтақожа мен Жарылқап, алаяқ Кәрім мен арамза Жауланбектер қолхоз құрылысына қаншалық тосқауыл жасап, өз үстемдіктерін жүргізбек болғанымен одан ешнәрсе де шығара алмайды. Шығарма барысында олар жаңалық жаршысы болған жаңа - еңбек адамдары алдында амалсыз тәсілім болады. Оларға жарлы - жақыбайлар тікелей қарсы шығып тойтарыс береді.

Шығармада өзбек байы Жарылқаптың тепкісінен әбден қалжыраған Сүйім іарт, балалары Зиябек пен Кенжені ертіп алып, ауылдан басы ауған жаққа жан сағалып шығып кетеді. Міне бұл - қазақ қаламгері Асқар Тоқмағамбетовтың “Әке мен бала” атты романындағы Аманжолдың Меңдіқарасын арқалап, әйелі Қадишаны ертіп алып, Жайымбай тепкісінен қашып шыққан штрихтарды еске түсіреді.

Рас, екі шығарманың екеуі де бір мезгілде жазылып, жарық көруі - оларды бірін - бірі оып, онан соң негізгі тақырыпты хатқа түсірген деуімізге мүмкіндік

бермейді. Бірақ, айтайын деген тақырып, негізгі оқиғалар бірін - бірі қайталап жатқанымен, оны көркемдік жолмен игеруі, оқиғаның өрбуі, шешілуі әр іилы. Тек олар да ой тұтастығы ғана бар. Мәселен: Аса көп қиындықтардан соң Сүйім қарт, екі баласын жетектеген бойда егістік жерлерін іос өгізбен жыртып жүрген өзбек адамарына кезігеді. Олар қарт Сүйімді туысқандық мейірмен күтіп алады да, енді ғана колхоз болып ұйымдаса бастаған Яккатұт елдімекеніне қарай жол сілтейді. Сүйін қарт ол жерде аса бауырмал, алғыр ойлы өзбек азаматы - Асқарға кездеседі. Ол жылы шырай, ыстық ықласпен қарсы алып, өзінің туысқандық бейілін білдіреді.

Жазушы Нәсір Фазилов өзінің “Ағым” атты повестінде бұл штрихтарды суреттеу арқылы қазақ, өзбек халықтарының қашаннан - ақ ауыр күндер де, ылғида бір - біріне көмек іолдарын созып, бір - біріне сүйеніш болғандығын өте орынды жеткізе аған. Оның үстіне, өзбек әйелі Мәлика апайдың Сүйім қартың Кенже баласына деген аналық мейірін төгіп, айрыша қамқорлық көрсетуі, оқырман жұртшылықты ерекше елттіріп, өз жетегіне үйіре түседі. Мәликаның аналық ықласы аса орынды көрініс тапқандықтан ол, барынша көңілге ұялай түседі.

Оның үстіне Сүйім қарт болса, өзбек байы Хайдардың жылқышысы болған Мырзарайым қартпен танысып, байлардан зәбір - зұлымдықты көп көргендіктен екеуі де, бір - бірімен тез тіл табысып, өзара достасып кетеді. Нәтижеде қаламгер, Мырзарайым, Сүйім, Асқар араларындығы достық қарым - қатынас, туысқандық сезім сырларын сипаттау арқылы, екі халық арасындағы достықтың, туысқандықтың тамыра тым тереңде жатқандығын аңғартады.

Әрі, ол достықтың өміршең екендігін - жастар арасындығы достық байланыстар арқылы береді. Бұл - қаламгердің тамаша табысы, орынды ойы деуге болады. Мәселен: Зиябек, Кенже, Мұса секілді т.б. өзбек, қазақ жастары арасындағы достық байланыстарды сипаттау арқылы, екі халық достығы, туысқандығы күн өткен сайын жаңарып, жасарып, кең өріс алып бара жатқандығын аңғарта түскендей.

Повесте ерекше көз тартып, сезімді селт еткізе айрықша әсер тететін тағы бір штрих - қазақ қарты Сүйімнің Әлішер Науаи ғазелдері мен афоризмдерінен жақсы хабардар болуы. Оларды ылғида жатіа айтып жүретіндігі. Халық арасында уағыздай түсетіндігі. Бұл арқылы да қаламгер екі халықтың өзара рухани байлықтарын тел еміп, олардан тел сусындайтындығында жан - жақты аңғарта түскен. Бұл да - шынайы шындық.

Міне одан біз - Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ақындарының көп ретте Шығыс шайырларынан, оның ішінде Әлішер Науаи шығармаларынан рухани нәр алып, оның көркем шығармаларын ылғида сүйіп оіып, сүйсіне пікір айтып жүретіндіктерін де аныі аңғарғандай боламыз.

Әрине бұл - түгелдей шындыі. Тіптен, көптеген Сыр сүлейлері Шығыс ақындарының шығармаларын жат алып, оны қазақ халқы арасында кеңінен

насихаттаған. Ал, кейбіреулері солардың шығармалары негізінде өздері де көркем шығармалар жазған, оларды ерекше құмретпен жыр жолдарына қосқан.

Міне мұны қаламгер өз шығармасында өте орынды көрсете алған. Өйткені, ұлы тұлғалардың көркем дүниелері - бүкіл халықтың рухани игілігі, ол мәдени байлығы болып саналатындығы да шындық.

Қорыта айтқанда Нәсір Фазилов өзінің “Ағым“, “Құс қанатымен“, “Тәшбіш“ сияқты т.б. көркем поестерінде ежелден - ақ аралас - құралас жасап, ылғида жарты бидайды жарып, бір биды бөліп жеп жүрген өзбек, қазақ халықтарының достығын, ынтымақ - бірлігін арналы арқау еткен.

Өзі көрген, білген тарихи оқиғаларды ерекше бір сезіммен, үлкен бір сүйіспеншілікпен қағаз бетіне түіріп, оқырман жұртшылықтың сезім пернесіне нұр сепкен. Бұл - жазушының үлкен табысы деуге болады.

Сондықтан да ылғида екі енені тел еміп, тел сусындап жүрген Нәсір аға Фазилов, өзбек, қазақ халықтары достығының жаршысы ретінде, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев силығының, Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық “Алаш“, сондай - ақ “Бейімбет Майлин“ силықтарының лауреаттары.

Реті келгенде ерекше ескерте кетерлік жәйт, XX - ғасырдың 40 - жылдарынан соң, екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, аса талантты суреткерлеріміз Ұлы Отан соғысы тақырыбына түбегейлі орала бастайды. Олар өлім мен өмір белдескен сұрапыл соғыс жылдарындағы халықтырымыздың достығы мен мызғымас бірлігін, Отанға деген патриоттық сезімдерін сипаттайтын шығармалар кең өріс ала түсті.

Сондықтан да бұл - көп ұлтты, алуан сырлы Кеңес әдебиетінің негізгі тақырып - тарының біріне айналды. Бұл ретте Ғабит Мүсреповтың “Қазаі солдаты“, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың “Күткен күн“, Бауыржан Момыш ұлының “Офицердің күнделігі“, “Артымызда Москва“, Тахауи Ахтановтың “Қаһарлы күндер“ сияқты т.б. көркем туындылар мен Әди Шарипов, Қасым Қайсенов, Жұмағали Сайин, Жекен Жұмаханов секілді т.б. қазақ қаламгерлерінің көркем шығармаларын тілге аламыз.

Сондай - ақ, өзбек әдебиетінде Айбектің “Күн қараймас“, Шүхраттың “Шенелді жылдар“, Хамит Гулямның “Ташкенттіктер“, Ибрахим Рахимнің “Шын махаббат“, Мұнтаз Мұхаммедовтың “Батыр ізімен“, Әділ Якубовтың “Ер басына күн туса“ секілді т.б. өзбек қаламгерлерінің романдары мен Рахмат Фаизи, Мирмухсин, Шукурулла, Сайд Ахмад, Адхам Рахмат сияқты т.б. суреткерлердің көркем шығармаларын атауға болады.

Соғыс тақырыбына жазылған көркем шығармалардың ішінде өзіндік үні, өзіндік ерекшеліктерімен жан - жақты танылған, тілінің аса тартымдылығымен оқырмандарды өз жетегіне үйіре түскен шығармалардың бірі, белгілі сөз зергері - Ғабит Мүсреповтың “Қазақ солдаты“ романы.

Бұл шығарма алғаш рет 1945 жылы “Қазақ батыры” деген атпен повест ретінде жарық көрген болса, 1950 жылы көптеген оқырмандардың өтініші бойынша қайта өңделіп “Қазақ солдатты” деген атпен роман болып жарық көрді.

Жазушы өзінің бұл романында Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, Кеңес Одағының батыры Қайырғали Смағұловтың өмірі мен күрес жолдарын, қаһрамандық ерлік күрестерін арналы өзек ете отырып, оны үнемі өсу, күресу эволюциясымен сомдап, даралап сипаттайды.

Романда халықтар достығы идеясы мен Кеңес халықтарының Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктері барынша әуенді, әрі әрлі де нәрлі шыраймен ерекше суреттелген. Өйткені, бір жанұяның перзенттеріндей аса тату тұратын Кеңес жауангерлерінің тамаша келбеті, өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері, қиын - қыстау езеңдерде бір - біріне берген көмек қолдары ерекше шынайылықпен сыр ерткен.

Сұрапыл соғыс жылдарында Қайрош, өзбек жігіті Самед Абдуллаев, Николай, Рябкин, Мирошник сияқты т.б. достық сезіммен бірін - бірі аялап, айрықша қастерлейді. Бәрі де - қарулас достар.

Оның үстіне олардың бәрі де дарлана көзге дүскен Кеңес жауангерлері. Өз Отанына адал берілген жандар. Міне солардың қолдап - қуаттауымен Қайрош Сарталиев аса қырағы жауангер болып, Кеңес батыры дәрежесіне көтеріледі.

Әсіресе оның жауангерлік шеберлігінің арта түсуінде, ерлік істері мен батыл күрестерінде әр түрлі ұлт өкілдерінің медет, демеу болуы үлкен мәнге ие болады.

Сөйтіп романда, халықтар достығы мен ынтымақ - бірлігі нәтижесінде неміс фашистерін тізе бүктіргендігі, Кеңес жауангерлерінің бір - біріне адал берілген өзара достық қарым - қатынасы негізінде жеңіс туы желбірегендігі өзінің әдемі шешімін табады. Мәселен: романда айрықша көзге түсетін өзбек жігіті Самед Абдуллаев, өзінің барынша әзілкеш алғырлығымен де, ақ жарқын аса қызықты мінездерімен де оқырмандар есінде ұзақ саиталатын тамаша кейіпкердің бірі.

Дегенмен ол романда жиы - жиы кездесе бермесе де, кездескен сәттерінің өзінде - ақ, өзінің мінез - құлқымен аса тапқыр, әзілкештігімен өз жетегіне үйіре түседі. Табан астында тауып айтып, Қожа Нәреддиннің кейпіне ене түседі де, жауангерлерді қақтығысқа түсер алдында ерекше серпінет түседі. Ауыр шайқас кезінде де жауангерлердің көңілін көтеріп, әзіл - оспақ айтып, көңілдерін көтере түседі. Ылғида жауангерлерді серпілтіп, күлдіріп, бойларына қуат беріп отырады.

Бұл арқылы жазушы өзбек халқының өздеріне ғана тән ұлттық мінезін, Самед Абдуллаев бойына жинақтап, сәтті жеткізе алған деуге болады. Табан астында тауып айтып, ауыр кезеңдерде де ұтып кететін тапқырлығымен еңбек сүйгіштігін де аңғартады. Мәселен: Туысқан өзбек халқының әдетінше ылғида бірнеше жігіттер шайханаға барып, келелі кеңес құрады. Жандарынан бірдей ақша шығарып, “Аш” іамын жасап, тағам дайындайды. Сол шайханада дәм

татып отырып, өзара бір - бірімен әзіл - оспақ айтып, бір - бірімен қалжыңдасады.

Әрі олар, сол шайханада бас қосып отырып - аі, өмірдің өзекті, ділгір мәселелері төңірегінде де ой бөлісіп, белгілі бір пікірге де келеді. Шайхана олардың кеңесетін, демала отырып, көптеген көкейтесті мәселерін шешетін ерекше орны. Бірін - бірі әзілмен ілмелей отырып, сөз ойынын жасайды да, өздерінің тапқырлығын, сөзге шешендігін аңғартады.

Сөйтіп олар өздерінің көңілдерін өзара көтеріп, дем алады. Бірақ олардың өзара қалжыңдары, сөз жарыс қақтығыстары - астарлы болып келгенімен барынша зілсіз болады.

Міне осындай сәттерді терең аңғарған қаламгер өзбек халқының өзіне тән ұлттық ерекшеліктерінің өзіндік сипатын Самед Абдуллаев бойына жинақтап, әдемі жеткізе білген. Оның жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөздері мен қимыл іс - әрекеттерінен өзбек халқына тән ерекшеліктерді әдемі аңғарамыз.

Әрине бұл – жазушының өзбек өмірін жетік білгендігін жан – жақты аңғарту – мен бірге, әрі оның бірден - бір тапқырлығы, әрі көрегендігі дей аламыз.

Оның үстіне романда Саме Абдуллаевтің, Отанға деген шексіз махаббаты мен достігі деген адал, пәктігі, әрі ойнақы мінездері мен күлдіргі сөздері, барынша ойлы, тиянақты болумен бірге, нақты сипатталуымен оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі. Оның қуақы сөздеріне ерікіз езу тартасыз.

Әсіресе ол, Сталинград пен Кавказды азат ету майданында, ондағы әрбір құрылыс пен әрбір тасын батыл қорау үстінде ерекше көзге түседі. Қан майданда да, жауангерлердің демалыс сәттерінде де, олардың көңілін көтеріп, үнемі күреске құлшындыра түседі. Әзіл - оспақ, қалжың сөздр айтып, лезде - ақ Хожа Насредин болады да қалады. Оны жазушы: “Хожа Насредин жайында Самедтің аузы қыбыр етіп қалса, бәріміз оны қоршап ала іоямыз“, - дейді де, одан әрі: “Айтқысы келсе, Самед орнығып отырып алады да, қайғылы бір әңгіме бастайтындай түсін суытып, тартып отырған темекісіне дейін тастайды. Содан соң шұбырып әңгіме кетеді. Өзі айтып, өзі күлмей, еріксіз жұртты күлдіреді. Оның айтқанының көбі Хожа Насрединнің әңгімелері емес, өз әңгімелері екенін анда - санда бірақ ұғып қаласың.

Хожа Насредин Ұлы Отан соғысының барлық майдандарына барып, солдаттарға фашизмді түсіндіріп жүреді. Тегеран конференциясына қатынасып, Черчилге екінші майдан шу жайында құйтұрқы сұраулар береді“ - деп қаламгер, Самед Абдуллаевтің сыр - сипатын әдемі аша түседі.

Алғашында Қайрош оны мұғалім, не агроном немесе еспешіме деп жүрді. Кейіншелік, Сталинград түбінде болған үлкен шайқастан соң, онымен кеңірек танысып, сөйлесіп жақыннан танысды. Сонда ғана Қайрош оның киномеханик екендігін жақсы біледі.

Сөйтіп Қайрош, өзбек жігіті Самед Абдуллаевтің әзілқой мінезімен, табан астында тауып кететін қулығын да аңғара бастайды. Оның тапқырлығына таң

қалады. Онымен ең жақын дос болып, қатты араласып кетеді. Оны қаламгер: “Жақсы жауангердің артығы болмайды десіп, бәріміз Самедтің қолын қысып, мойнынан құшақтап алдық”, - дегізеді Қайрош аузынан.

Қорыта айтқанда, ұлы суреткер Ғабит Мүсрепов өзінің “Қазақ солдаты” романында Кеңес жауангерлерінің Отанға деген шексіз сүйіспеншілігімен, неміс фашисттерінің басқыншылық іс - әрекеттеріне деген ерлік күрестерін, халықтардың ынтымақ - бірлігімен достық байланыстарының шынайылығын тамаша сипаттаған, соғыс тақырыбының көркем шежіресі.

Сондай - ақ, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Кеңес адамдарының ерлігі мен бірлігін, неміс фашистеріне деген өшпенділігін жан - жақты сипаттаған. Сөйтіп Кеңес дәуіріндегі халықтар достығының болаттай беріктігін көрсететін шығармалар қатарына Әбдіжәмил Нұрпейісовтың “Күткен күн” атты романы мен Тахауи Ахтановтың “Қаһарлы күндер”, Бауыржан Момыш ұлының “Артымызда Москва” секілді т.б. қазақ қаламгерлерінің кесек туындыларын тілге аламыз.

Әрі, тылдағы еңбек адамдарының, еңбектегі ерлігімен бірлігін, достығын дәріптейтін Сәбит Мұқановтың “Сырдария”, өзбек жазушыларынан Әділ Якубовтың “Ер басына күн туса”, Сұнатулла Анарбаевтің “Ақсай”, Шукурулланың “Шенелді жылдар” романдарымен Нәсір Фазиловтың “Құс қанатымен” атты повесін тауға болады.

Кең тынысты кемел суреткеріміз Сәбит Мұқанов өзінің “Сырдария” атты романында Қызылорда облысында су бөгетін салып, Сырдария өзенінің суын халық игілігіне айландыру мәселесі сөз болады.

Сол негізде құлазып жатқан шөл даланы суландырып, күрштен аса мол өнім алу жолындығы еңбек адамдарының еңбектегі ерлігі мен бірлігін, еңбек майдандар - ындағы достығын, қарым - қатынастарын сипаттау мәселесі көтеріледі.

Бұл көркем шығармада өзбек тұрмысы мен өзбек әйелдерінің әсем көріністері де сыр шерте түскен. Мәселен: Романда көрініс тапқан орыс қарты Полевойдың әйелі - Шаадат өзбек қызы екендігін анық аңғарамыз. Одан туған қыз - Гүлнар қазақ жігіті, инженер - Байжанға тұрмысқа шығады.

Жазушы бұл штрихтарды беру арқылы орыс, өзбек, қазақ халықтарының үнемі араласа отырып, бір - бірінен алыс - беріс жасаған халық екендігін аңғартпақ болған, жақсы ниеттерден туындаған ойлар.

Романда Полевой, Сырбай қарт, өзбек әйелі - Шаадат, оның қызы Гүлнар, Бай - жан бейнелерін сипаттау арқылы, олар арасындығы достық қарым - қатынастар мен махаббат сырларын көрсетіледі. Онда орыс, қазақ, өзбек халықтырының еңбек майдандарындағы достығы мен туысқандығын, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігі - ң арналы арқау етеді. Олар ылғида араласа өмір кешіп, үнемі жарты бидайды жарып, бір бидайды бөліп жеп жүрген халық деген ойды алға тартады.

Сөйтіп оларды бір - бірінің ауыртпалығын екінші бірі көтере білетін, шынайы дос халықтар ретінде тілге алады. Әрине бұл - өте орынды. Әсіресе, жазушының Сырбай қарт пен Полевой арасындағы достық қарым - қатынасты жастық, балалық шақтарынан болғандығын тәтпіштеу арқылы қазақ пен орыс халықтары арасында - ғы достық байланыстарының тарихы тым әріден бастау алатындығын көрсетпек болады. Әрі бұл, сол достықтың түп - тамыры тым тереңде жатқандығын аңғарту ниетінен туқан орынды ойлар.

Сыр бойын суландырудағы Полевой қарттың еселі еңбегі мен ағалық қамқорлы - ғын сипаттау арқылы, орыс халқының қазақ даласын гүлдендірудегі ерлік еңбектерін аңғартса, Сырбай қарттың Полевойға деген ыстық ықласы арқылы қазақ халқының орыс халқына деген сүйіспеншілігін аңғарта түскендей.

Дегенмен, XX - ғасырдың 40 - жылдардағы туындысы болған “Сырдария” романында орыстың қарт инженері Полевойға өзбек қызы Шаадатты тұрмысқа шығаруы оншалық шындыққа жанаса бермейді. Өйткені, Ол кезде өзбек қыздары орыс жігіттеріне тұрмысқа шығу былай тұрсын, әлі де өздерінің пәрәнжілерін бастарынан ала қоймаған болатын. Тек, қаламгер Кеңес кезеңі дәуіріндегі халықтар достығын көрсету үшін, өзбек қызы Шаадатты орыс адамы Полевойға жәйдан - жәй шығара салған. Бұл - шындыққа титтейде жанаса бермейді. Бұл оқырмандарды сендірмейді де.

Ал белгілі өзбек жазушысы Әділ Якубов өзінің 1966 жылы бастырып шығарған “Ер басына күн туса...” атты романында екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Кеңес адамдарының, оның ішінде тылдағы еңбек адамдарының еңбектегі ерлігі мен бірлігін, достығын сипаттауға айрықша мән берген.

Күллі жұртшылық Отанын қорғау үшін сұрапыл соғысқа кеткен. Тек ауылда қартар мен жас балалар қалған. Ауыр азыпты еңбек. Оның үстіне жоқшылық, әбден қажыта түскен шақ. Майданға кеткен өрімдей жастардың орнын басатындар - олардың аталары, ағаларының орнын басқан інлері мен әйелдері, қартаң - құртаңдар - ауыр еңбек үстінде көрініс табады.

Романның өн бойында Машрап, Мұясар, Қошіар, Акмал, Гүлшехра, Лариса сияқты т.б. жастар легі мол өнім алу жолында тылда тынбай еңбек етіп, күні - түні тер төгеді. Еңбек ете жүріп, бір - бірінен көмек қолдарын аямайды. Сөйтіп, достықтың, ынтымақ - бірліктің туын тым жоғары көтереді.

Көркем шығармада сол жастардың достығы мен туысқандығы жеке бастың қарым - қатынастары негізінде емес, ол ұлтаралық бауырластық дәрежесінде көрініс тапқан. Онда өзбек, қазақ, орыс жастары арасындағы достық пен туысқандық, бір - біріне адал берілген қамқорлық ерекше сүйіспеншілік пен сыр шерткен.

Олар тылдағы еңбек майдандарында бірге тер төгіп, бір - бірінің тағдырына бей - жай қарамайды. Өзара бір - біріне туысқандық мейірмен назар аударады. Мәселен: Ленинградтықтар сұрапыл соғыс салдарынан көп қиындықтар көріп, Өзбекстан өңіріне келіп, өзбек халқының ыстық ықласына бөленеді. Оларды туысқан өзбек халқы құшақ жая қарсы алады.

Оның үстіне романда өзбек, қазақ халықтарының достығы, ынтымақ - бірлігі де аса ауымды, әрі кең сыр шерткен. Бұл - шығарманың екінші бөлімінің үшінше тарауында өте әдемі шешімін тапқан. Түбі бірге туысқан екі халықтың достығы мен туысқандығы, еңбектегі жастардың ерлігі мен бірлігі даралана сипатталған.

Ауыр да аянышты, сұрапыл соғыс жылдарындағы, тылдағы еңбек адамдары - әскерге кеткендердің әкелері мен шешелері, әжелері мен әйелдері, інілері мен қарындастары, балалары.

Олар ауылдағы еңбек майдандарында, мол өнім алу жолында тер төгіп, еселі еңбек ете түсуде. Ауыл адамдары тек еңбек пен ғана тыныстап, ылғида саналы талпыныс үстінде көрініс табады. Мәселен: Өзбек жастары егістікке күздік, тұқымдық бидайлары жетіспегендіктен, көршілес отырған қазақ аулына аттанады.

Бәрінің мінген көліктері - тек, есек қана. Өз қыстақтарынан түн ауа жолға шыққан есек керуен жастар, Қазғұрт тауы етегіне орналасқан қазақ аулына таңертең әрең жетеді. Керуен басы - Құрбан ақсақал. Ол - Әкмал, Машрап, Қошқар секілді т.б. өзбек жастарына бас болып, ұрықтық бидай алуға қазақ ауылына барады.

Жазушы жастайынан - ақ қазақ ауылында жиы - жиы болып, қазақ жастарымен бірге терезесі тең ойнап - күліп өскедіктен де болар, қазақ халқының өмірін, әдет - Іұрпын, дәстүрін жақсы білгендіктен, оны өз шығармасында өте орынды, әрі аса сәтті пайдалана білген. Әсіресе Машрап, Әкмал, Қошқар бастаған өзбек жастар легін ауыл балалары, қыз - келіншектер өзара әзіл - оспақ айтып, ерекше ықласпен күтіп алады. Шаршап, арып - ашып келген оларға құрт, сусын, айран беріп өздерінің туысқандық сезімдерімен құрмет илтифаттарын білдіріп жатады.

Құрбан қатта қазақ ауылының ақсақалдарымен бұрыннан - ақ таныс, көбімен алыс - беріс жасап жүрген, үлкендермен сырлас жан ретінде көрініс табады. Жазушы бұл штрихтарды сипаттау арқылы қазақ, өзбек халықтарының сан ғасырлардан бері аралас - құралас жасап, үнемі бір - біріне қамқор халық болғандығын аңғарта түскендей.

Олардың бір - бірінің тағдырына немқұрайды қарамайтын, түбі бірге туысқан халық екендігін аңғарта түссе, екіншіден, Құрбан қартты қазақ қарттарының бұрыннан - ақ білетін етіп сипаттауының негізгі сыры - екі халықтың достығы ұзақ тарихқа ие, оның тамыры тым тереңде деген идеяны жан - жақты байқатады.

Оның үстіне романда Қазақстанның әсем де сырлы табиғаты, көркем гүлге оранған тамаша қыр - адырлары, тау тастары, тамаша көріністері Қошқар мен Машрапты, Әкмал мен Гүлшехра секілді өзбек қыз - жігіттерін өзіне еліктіре тартып, көңілдерін ерекше серпілте түседі.

Олар қазақ табиғатының әрбір көріністеріне тамсана тандай қағып, құмарта қарайды. Қазақ жастарының қонақ жайлылығын, қайырымдылығын

байқап, дән риза бола түседі. Қазақтардың өзім дегенге өзегін суырып беретін халық екендігіне тәнтті қалады. Сол күні Құрбан қарт бастаған өзбек жастары қазқ ауылында қонақ болып, түнеп қалады.

Рас, романның басында Қошқар аса парасатты, ұстамды, ерекше ойлы жігіт ретінде танылады. Солай бола тұрса да, ол келген беттен - ақ қазақ келіншегі Гүлжамалға сөз салып, қылжақтай бастайды. Бұрыннан таныс - біліс болмай тұрып, бірден бейбастыққа бет алуы, оншалық көкейге қона бермейді. Қайта, оның ақыл - парасатын төмендетіп, ұшқалақ жан ретінде байқатады.

Сөйтіп романда өзбек жастары қазақ ауылында бірнеше күн болады. Бір күні қыр басында асыр салып ойнап, күресіп жүрген жастар арасына әнші, өлеңші, әрі күйші өазақ жігіті Қалибек келеді. Өзбек жастарымен әзіл - оспақ айтып, быраз қалжыңдасады. Дегенмен ол қалжың, әзілі тым зілсіз, шынайы достық пен туысқандық сезімдер ғана. Сол күні кешкілік Қалибек өзбек жастарын ертіп алып, қазақ жастарының ойын - сауық кештеріне алып барады.

Міне осы тұста да жазуы қазақ халқының әдет - ғұрпын, салт - дәстүрін жақсы білгендіктен, оны өз романында өте өнімді, әрі орынды пйдаланады. Қазақ қыздары мен келіншектерінің өздеріне ғана тән кие білген киім - кешектеріне шейін, олардың өзара бір - бірімен әзіл - оспақтарына дейін романда орынды, әрі нақты суреттеледі.

Кеште олар өлең айтып, ән шырқап, ойын - сауық құрады. Қалибек домбырамен күмбірлете күй тартып, “Қараторғай” әнін шырқайды. Екі жақ болып, қыз - жігіттер айтысып, өнер сайыстарын бастайды. Әсіресе, қыздар арасынан ерекше көзге түскен Сұлушаш, өзінің көркімен де, аса ибалы ұстамдылығымен де, асқан әншілігімен де өзбек жігіттерін ерекше емірендіріп, өзіне ынтықтыра түседі.

Оның үстіне, оның әсем келбеті, жігіттерге төңкере қараған ойлы - бота көздері, оны өзгелерден оқ бойы озыұ етіп көрсетеді. Жігіттердің бәрін де өз жетегіне үйіріп, еріксіз емірендіре бастайды.

Шығармада ерекше көзге түсетін тағы бір ерекшелік, туысқан қазақ ауылына барған Машрап пен Әкмал, Қошқар мен Гулшехра сияқты т.б. өзбек жастары барын - ша ездерін еркін ұстайды. Өз елінде, өз қыстағында жүргендей өздерін ерекше еркін сезінеді. Қазақ жастары мен тез тіл табысып, достасып кетеді. Оларға қазақ ауылы - өздерінің қыстағындай, қазақ адамдары өздеріне бұрыннан таныс - бауырларындай болып кетеді.

Міне бұл штрихтарды беру арқылы жазушы Әділ Якубов, қазақ, өзбек халықтарының қашаннан - ақ бір - бірімен қоян - қолтық араласып кеткен, бір - бірінен үнемі алыс - беріс жасап жүрген халық болғандығын анық аңғартқандай.

Әрі, күн өткен сайын кемелдене түскен достық қарым - қатынастарының жаңа үн, жаңа арнамен ілгері дами түскендігін де көрсетпек болады.

Оның үстіне, аса талантты қаламгер іазаі өмірін, тыныс - тіршілігін, әдет - ғұрпын жақсы білгендіктен, ұазақ қыз - келіншектерінің ашық - жарқын

мінездерін, әзіл - оспаққа шеберлігін, өздерін ер жігіттер алдында еркін ұстай білетін өткірлігін де өз шығармасында орынды сияттай алған.

Сондықтан да, Әділ Якубовтың “Ер басына күн туса” романы жайлы, белгілі өзбек әдебиет зерттеуші - сыншы ғалымдарынан Хамил Якубов, Матяқуб Қошжанов, Салахидин Мамжанов, Озат Шарапудинов, Сабыржан Мирвалиев сияқты т.б. өзбек ғалымдары орында бағасын бере келіп, қаламгердің қазақ тұрмысына батыл барып, тамаша байламдар жасағандығын тілге алған болатын.

Роман өзбек прозасында өз шоқтығымен танылған, көркем дүние екендігі айрықша айтылып, халықтар достығы мен туысқандығын дәріптеуде, өз ерекше - лігімен жан - жақты аңғарылатын сүбелі де тым құнарлы туынды екендігі айрықша ұқтырылғанды.

Шынында да, романда кең қамтылған өмір құбылыстары, онда сыр шерткен өзбек, қазақ, орыс адамдары арасындағы достық қарым - қатынастар мен туысқандық сезімдер, өздерінің шынайылығымен де көзге түсіп, көңіл көтере бастайды.

Оның үстіне, романның тілі тартымды, оқиғасы тым қызық. Салған жерден - ақ, өз жетегіне үйіре түсіп, ылғида еліктіріп отырады. Түбі бірге туысқан өзбек, қазақ халықтырының аулы аралас, қойы қоралас халық екендігін жан - жақты аңғарта отырып, олардың еңбек өнімдерін арттыру жолдарындағы қажырлылық - тары мен қайсарлылықтары әдемі ашыла түскен. Әрі, түбі бірге туысқан екі халықтың бір - біріне деген шынайы достығы, адал да ашық бейілдері орынды қамтылып, шынайы суреттермен әдемі өрнектеле түскен.

Сондықтан да, аса көрнекті қаламгер Әділ Якубовтың “Ер басына күн туса” атты қазақ, өзбек халықтары достығы туын тым биікке көтерген бұл романын қазақ тіліне аударып, қазақ оқырмандарының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырса, әрине ол нұр үстіне нұр болған болар еді. Тек, күні бүгінге дейін бұл романның қазақ тіліне аударылып, қазақ оқырмандарының қолына жетпеуі, әрине өкінішті - ақ.

Сондай - ақ, Түркістан өңіріндегі Иқан елді мекенінде туылып, туысқан қазақ халқы арасында бірге жасап, әбден біте қайнаса түскен, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, аса талантты аудармашы Нәсір Фазилов.

Ол өзінің 1966 жылы бастырып шығарған “Құс қанатымен” атты повесінде өзбек, қазақ халықтарының екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы, түбі бірге туысқан екі халықтың достық қарым - қатынастарын арналы өзек еткен.

Шығармада Түркістан мен Қарқаралы өңірін мекендеген екі халықтың бір - біріне деген ыстық ықласы мен туысқандық сезім сырлары өзіндік ерекшеліктері – мен өте орынды көрініс тапқан деуге болады. Мәселен: қаламгер қазақ қарты Сопабекті көбінше ақылгөй, аса әңгімеші қарт ретінде тілге алып, оны оқырман жұршылыққа жақсы қырларымен танытады.

Білғида аралас - құралас жасап, үнемі ауыс - түйіс жасап жүрген өзбектер мен қазақтардың өзара туыстық сезімдері түрлі эпизодтарда өзінің тым тартымды, әрі сәтті шешімін табады.

Шығармада өзбек жігіті Әкмалға озбырлық жасап, оны абақтыға қаматпақ болған Ізәтулланың іс әрекеттері сын астына алынады. Оған қазақ қарты Сопабек тікелей қарсы шығып, оның жалған жаласынан ажыратып алады.

Ауыл малын бағып, бақташыықпен күн кешіп жүрсе де Сопабек қарт, үнемі әділ - оспақ айтып, ауылдың ақылғөй кәриясы ретінде жан – жақты танылады. Оның баласы Маржанбек те атасымен бірге ауыл малын бағады. Үлкен баласы Жұмабек болса, өзбек адамдарымен бірге колхоз жұмысында еселі еңбек етіп, олармен қоян - қолтық араласады.

Әрі ол, өзбек, қазақ жастарына басшылық жасап, колхоз өнімін арттыру жолында қарқынды еңбек етеді. Онымен бірге өзбек жастары - Сарвар, Әкмал бірге қызмет атқарып, туысқан жандарша бір - бірімен жақсы қарым - қатынаста болады.

Повесте Сопабек қарт бейнесі әр қырынан анық көзге түсіп, ол өзінің барынша ақыл – есі бүтін, адал жан, ақ жарқын адамгершілік іасиеттерімен даралана сомдалып, аса сәтті шыққан бейнелерден.

Ол повесте - көпті көрген, аса ойлы, зейінді қарт ретінде көзге түседі. Өмірден көргені де, көкейге түйгені де аса мол ақылғөй кәрия. Ол өзінің көрген білгендерін жастарға уағыздап айтып отырушы, ақылшы ретінде тілге алынады.

Оның үстіне, сөзді кесіп айта білетін барынша әділ болумен бірге, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, мақал - мәтелдерді аса көп білетін, әр сөзінде оны орнына қоя біле сөйлейтін адам ретінде аңғарылады. Ол - досқа адал, дұшпанға қатал қарт. Әр сөзін тауып айтып, дұрыс шешім шығара білетін жан ретінде көрініс табады.

Нәсір Фазилов қазақ өмірін, тыныс - тіршіліктерін, әдет - ғұрпын жақсы білгендіктен оны өз шығармасында өнімді пайдалана білген. Мәселен: шығармадағы қыз - жігіттердің қақтығыстары мен айтыстары, қазақ аулының той көріністері, қыз ұзату мүселесі - бәрі - бәрі өз жетегіне үйіріп, оқырмандар ойын он сайа жүгіртеді. Тойдағы қыз - жігіттердің жар - жар айтулары, бет ашар жиындары аса қызықты, мәнді де мағаналы сипатталған.

Орайы келгенде айрықша атап өтерлөк жәйт, жазушы Нәсір Фазилов өзбек, қазақ халықтары ордастындағы дәстүрлі достық пен туысқандықты ерекше бір сүйіспеншілікпен шабыттана сипатай алған.

Сондықтан да повесте екі халықтың бір - біріне деген ыстық ықластары мен туысқандық бейілдері жүйелі түрде дамып, ол барған сайын белгілі бір желімен шиыршықатып ширай түседі.

Әрине бұдан, қаламгер Нәсір Фазиловтың “Құс қанатымен” атты повестінде ешқандай мін жоқ, салған жерден - ақ бірден өз жетегіне үйіре түседі деген пікірден түгелдей аулақпыз. Шығарманың кей тұстарында “әтең - ай” дегізіп, бас шайқап бармақ тістететін тұстары да баршылық. Оны біз

шығармадағы мына бір төмендегі штрихтардан анық аңғарғандай боламыз. Мәселен: алғаш еңбек түзету үйінен келген Әкмалды аса көп күнге дейін ауыл адамдары елемей, оны ауыл моншасының жанына қараусыз қалдырып қояды. Екіншісі оған ауыл балалары күн сайын мектептен қайтып келе жатып, кесек атып қинаулары да көкейге қона бермейді.

Оның өзі енді ғана абақтыдан арып - ашып келген болса, оған ауыл адамдары - ның бірде - бірі титтей де мән бермеуі, шындыққа жанаса бермейтін секілді. Өйткені, “Сонша ауыл адамдары арасынан бірде - бір рахымшыл, халықшыл адам шықпағаны ма?” - деп, еріксіз налимиз.

Оның үстіне шығармада, ауыл адамдары өзара сөйлескенде, кейде әңгіме - дүкен қрғанда, өзара қалжыңдасқанда, кілең сөз арасында “Сопабек былай деген“, “Сопабек олай деген“ деп, қазақ қартын қайта - қайта тілге ала беруі де, ақылшы ауыл қартын сайқымазақ еткендей болып көрінеді.

Бұл да - шығарманың өн бойына оншалық жарасып та, үйлесіп те тұрған жоқ сияқты. Бұдан ақылшы қарт Сопабектің бағасы артып тұрған жоқ, қайта төмендеген сияқты.

Сондай - ақ, жазушы өзінің “Ағым“ атты повестінде айтқан кейбір ой түйіндерін “Құс қанатымен“ атты повестінде де қайталаған сияқты. Мәселен: Ол өзінің “Ағым“ повестінде Сүйім қарттың қызын “терлеме“ кеселден өлген етіп тәптіштесе, “Құс қанатымен“ повестінде де Әкмалды да сол “терлеме“ кеселіне кіріптар етеді.

Оның үстіне, “Ағым“ повесті мен “Құс қанатымен“ повестінде сипатталған қазақ қарттарының сырт - пішіні, кескін келбеті, тұлғасы, тіптен аттарына дейін тым жақындық байқалады. Кейде оларды бір - бірінен ажыратып алу да қиынға соғады. Мәселен: “Ағым“ повестінде Сүйім қарт пен оның балалары Зиябек пен Кенже сыр шертсе, “Құс қанатымен“ шығармасында Сопабек қартпен оның балалары - Жұмабек пен Маржанбек көрініс табады.

Міне бұлар, сырттай қарағанда бір – бірімен жақыннан жанасып, тіптен бір - біріне ұқасып кетеді. Рас, шығармада көтерілген негізгі оқиғалар мен сюжеттік желілері, көтерген негізгі мәселелері әрқилы.

Дегенменде олар да үндестік сарындар байқалады. Бірі - Түркістан өлкесіндегі колхоздастру дәуіріндегі қазақ, өзбек халықтарының достығы, ынтымақ - бірлігі сыр шертсе, екіншісінде екінші дүние жүзілік соғыстан кейігі жылдардағы екі халықтың достық қарым - қатынастары, туысқандық сезім түйсіктері, еңбек майдандарындағы ынтымақ - бірліктері сөз болады.

Әрине, бұл атап өтілген кейбір кемшіліктер, екі шығарманың көркемдік ерекшеліктеріне, болмыс - бітіміне айтарлықтай нұқсан келтіріп, тым әлсіретіп тұрған жоқ.

Дегенмен, бір шығармадағы сюжеттік желіні, белгілі бір. оқиғаларды екінші бір шығармада қайталау, немесе елестету - жазушының өмірлік оқиғаларды жан - жақты сұрыптай алмағандығын аңғартса керек. Өмірді жүйелі

түрде зерттеп, биік талғаммен оның ең қажеттісін ғана сұрыптай алып, қағаз бетіне түсірсе, ол оқырман жұртшылықты өз жетегіне үйіре түспек.

Шынында да қазақ, өзбек халықтарының достық қарым - қатынасы, туысқандық сыр сипаты Ғабиден Мұстафиннің “Көз көрген” мемуарлық шығармасымен Ілияс Есенберлиннің “Қаһар” атты тарихи романында, Сәбит Мұқановтың “Аспаз” әңгімесінде, Өтебай Тұрманжановтың “Ақ алтын”, “Күміс қылыш”, Ғабдол Слановтың “Сырдан сәулет”, Қалмахан Әбдіқадиоровтың “Мақташы қыз”, “Тәтті қауын” сияқты т.б. қазақ қаламгерлерінің әңгіме - очерктерінде жан - жақты көрініс табады. Әрі ол өзбек әдебиетінде Ғафур Ғұламның “Түркісібті біз құрдық және құра алдық”, “Қазақ даласының бір тал шөл шешектері” сияқты т.б. очерк - әңгімелерімен бірге, Әділ Якубовтың “Тау қызы”, “Жоғалған жұлдызым”, Хаким Назирдің “Жаңбырдан соң”, Сайд Ахматтің “Шөл бүркіттері”, Ұшқын Назаровтың “Адамдар” сияқты т.б. өзбек қаламгерлерінің шығармаларында өзінің сәтті шешімдерін тапқан.

Қорыта айтқанда, Кеңестік дәуірде қазақ халқының өмірі, тұрмыс - тіршіліктері, әдет - ғұрпы, ұл - қыздарының әсем бейнелері өзбек әдебиетінде жылдар өткен сайын кең өріс ала түседі. Нәтижеде, өзбек тақырыбы, өзбек халқының әдет - ғұрпы, өскелең өмірі, ұлдары мен қыздарының тамаша бейнелері, қазақ әдебиетінде сипатталуы барған сайын кең етек жайып, ол әбден кемелдене түскендігін аңғартады.

Рас, бүгінгі таңда Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алып, өз тағдырларын өздері шешіп жатқанына 24 жылға аяқ басып барады. Не шара?... Осы бір Тәуелсіздік таңы атқан кезеңдегі екі халықтың достық қарым – қатынастары, эканомикалық байланыстары, өзара бір – біріне деген туысқандық сезімдері, екі елдің көркем әдебиетінде шынайы шешімен өз көрініс таппай - ақ жатыр.

Міне мұны, екі халық қаламгерлері, ақын – жазушылар жан – жақты ойланып, тереңірек толғанып, екі халықтың дәстүрлі достығын, ынтымақ – бірлігін, өзара туысқандық қарым – қатынастарын, көркем шығармаларына арналы арқау, өрісті өзек ету мәселесіне айрықша мән беру керектігін, өмірдің өзі алға тарта түсуде.

Солай екен, екі халық арасындағы достық қарым - қатынасты кең өріс алдырып, барды келдіні, өз ара бір – бірінің елінде әдебиет, мәдениет, өнер күндерін өткізуді жолға қоймайынша, ол өзінің шынайы шешімін таппақ емес. Бұған айрықша мән беру, бүгінгі күннің өзекті де, ділгір мәселерінің бірі.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Қазақ – өзбек әдеби байланыстары.....	4
Қазақ-өзбек әдеби байланыстарының тарихи тамырлары.....	10
Науаи және қазақ әдебиеті.....	33
Науаи және Абай.....	41
Кеңес дәуіріндегі әдеби байланыстардың даму сипаттары.....	51
Сәкен Сейфуллин және Хамза.....	75
Әуезов және өзбек әдебиеті.....	83
Айбек – қазақ әдебиетінің ең жақын досы.....	103
Сәбит Мұқанов өзбек әдебиетінің шынайы сырласы.....	113
Ғафур Ғұлам және қазақ әдебиеті.....	123
Зулфия – қазақ елінің ғашығы.....	137
Достық – жыр арқауы.....	144
Әдеби байланыстардың көркем прозадағы көрінісі.....	154

Қ. СЕЙДАНОВ, Д. Т. АЙТБАЕВ, Б. Т. УРАЗОВ

ЎЗБЕК-ҚАЗАҚ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Оқу құралы

Nashriyot muharriri: Mohira Yuldasheva

Tehnik muharrir: Bahtiyor Yakubov

Sahifalovchi dizayner: Shohida Muqumova

Nashriyot litsenziyasi №880921, 14.08.2023y.

Nashriyotga topshirildi 16.11.2023 yil.

Chop etishga ruhsat berildi 22.11.2023 yil.

Bichimi 108x84/16. Shartli bosma tabog'i 11,5.

Adadi 100 nusxa. Buyurtma №.549

120100 Guliston sh, O'zbekiston ko'chasi, 8-uy.

Tel: (0367) 227-63-09

“Sirdaryo Print” MCHJ bosmahonasida chop etildi.

Sirdaryo shahri, O'zbekiston ko'chasi, 92-uy.